

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

ӘОЖ 81'373.46

Қолжазба құқығында

**ҚҰРМАНАЕВА АҚМАРАЛ ЖҰМАДІЛЛАҚЫЗЫ**

**Сұлулық индустриясы терминжүйесінің қалыптасуы**

6D021300 – Лингвистика

Философия докторы (PhD)  
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Отандық кеңесші:  
филология ғылымдарының  
кандидаты  
М.К. Мамбетова

Шетелдік ғылыми кеңесші:  
PhD докторы Сема Аслан Демир  
(Түркия)

Қазақстан Республикасы  
Алматы, 2020

## МАЗМҰНЫ

<b>АНЫҚТАМАЛАР</b>	<b>3</b>
<b>КІРІСПЕ</b>	<b>6</b>
<b>1 ТЕРМИНОЛОГИЯ ЖӘНЕ ТЕРМИНОЛОГИЯЛЫҚ ЖҮЙЕНІ ЗЕРТТЕУДІҢ АЛҒЫШАРТТАРЫ</b>	<b>12</b>
1.1 Термин, терминология және терминологиялық жүйе ұғымдарының тіл біліміндегі орны	12
1.2 Кәсіби лексика мен терминологиялық лексиканың арақатынасы және өзара әрекеттестігі	23
1.3 Терминологиялық жүйені талдаудың негізгі амал-тәсілдері	
1.4 Сала терминдерінің ғаламның ғылыми бейнесін айқындаушы құрал ретіндегі ерекшеліктері	33 42
1-ші тарау бойынша қорытынды	54
<b>2 СҰЛУЛЫҚ ИНДУСТРИЯСЫ ТЕРМИНОЛОГИЯЛЫҚ ЖҮЙЕСІНІҢ ТІЛДІК СИПАТЫ</b>	<b>56</b>
2.1 Арнаулы мақсаттағы тіл бірліктерінің жалпы терминдерге қойылатын талаптарға сәйкес келуі	56
2.2 Терминжүйе тіл бірліктерінің уәжділік сипаты	65
2.3 Сұлулық индустриясы терминологиялық жүйесінің тақырыптық топтары	73
2-ші тарау бойынша қорытынды	82
<b>3 СҰЛУЛЫҚ ИНДУСТРИЯСЫ ТЕРМИНОЛОГИЯЛЫҚ ЖҮЙЕСІНІҢ ҚАЛЫПТАСУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ</b>	<b>84</b>
3.1 Сұлулық индустриясының терминологиялық жүйесі қалыптасуының экстралингвистикалық деректері және оның терминологиялық өріс сипаты	84
3.2 Терминжасамның негізгі семантикалық амал-тәсілдері	96
3.3 Терминжасамның морфологиялық-синтаксистік тәсілдері	107
3.4 Жаңа жасалымдардың құрылымдық-семантикалық табиғаты	116
3-ші тарау бойынша қорытынды	125
<b>ҚОРЫТЫНДЫ</b>	<b>127</b>
<b>ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ</b>	<b>130</b>
<b>ҚОСЫМША А</b>	<b>141</b>
<b>ҚОСЫМША Ә</b>	<b>164</b>

## АНЫҚТАМАЛАР

Диссертациялық жұмыста төмендегідей терминдер мен олардың анықтамалары қолданылады:

**Балама терминдер** – негізгі тілден тыс терминжүйелерде қолданылатын, аударма сөздіктерде берілетін төл тілдегі терминдерге қатынасы бар сөздер.

**Баламасыз термин** – басқа тілге жартылай немесе толықтай аударылмайтын, аударылатын тілде нақты баламасы жоқ белгілі бір тілдің термині. Мүлде аударуға келмейтін терминдермен қатар, араға уақыт салып барып баламасын табуға болатын атаулар да болады. Терминдердің мұндай түрін «уақытша баламасыз термин» деп атайды.

**Будан (гибрид) термин** – бір бөлігі өзге тілден алмасқан, ал өзге бөлігі қабылдаушы тілге аударылған немесе байырғы сөз болып келетін терминдер.

**Біртілді терминологиялық сөздік** – терминдердің бір ғана тілдегі нұсқасы берілетін терминологиялық сөздік түрі.

**Вариант терминдер** – терминнің формасын түрлендіру жолы арқылы пайда болған толық синоним терминдер.

**Ғаламның ғылыми бейнесі** – жай ғана ғылыми көзқарастар тізбегі емес негізгі табиғи ғылыми ұғымдар мен қағидаттардың синтезі және жалпылануы нәтижесінде пайда болатын әлемнің заңдылықтары мен жалпы қасиеттері жайындағы біртұтас көзқарастар жүйесі.

**Дефиниция** – терминнің қажетті элементі болумен қатар терминнің анықтамасы болып табылады, өйткені ол тілдің сөздік құрамындағы терминологиялық лексикасын ерекшелейді.

**Дублет терминдер** – әртүрлі формадағы абсолют синонимдер болып бөлінеді. Тілдік бірліктің варианттылығы дегеніміз – оның барабарлығын бұзбайтын түрлену қасиеті.

**Екітілді терминологиялық сөздік** – терминдердің екі тілдегі сәйкес нұсқасы берілетін терминологиялық сөздік түрі.

**Жаңа термин (неологизм-термин)** – жаңа ұғымдардың атауы ретінде жасалып қолданысқа енген немесе бұрыннан бар ұғымның жаңа атауы ретінде ұсынылған термин.

**Иллюстративті (көрнекі) терминологиялық сөздік** – ұғымның анықтамасын толықтырып, арнаулы ұғым жөнінде жан-жақты немесе қосымша мәлімет беру мақсатымен көрнекілік әдіс пайдаланылып, сурет, сызба, фото сияқты түрлі бейнелер беріліп отыратын терминологиялық сөздік түрі.

**Калька термин** – өзге тілден сөзжасамдық немесе синтаксистік құрылыммен алмасқан термин.

**Кәсіби лексика** – белгілі бір мамандық, кәсіп аумағында қолданылатын және сол мамандықтың адамдарына ғана түсінікті болып келетін сөздер.

**Көп мағыналы термин** – бірнеше мағынаны білдіретін термин.

**Кірме термин** – өзге тілдерден тұтастай немесе жекелеген аспектілері (тұлғасы ғана, мазмұны ғана, құрылымы) алмасқан термин.

**Негізгі термин** – белгілі бір арнаулы саланың негізгі ұғымдарын білдіретін термин.

**Салааралық терминология** – бір-бірімен іргелес салаларға бірдей қызмет ететін терминдер жиынтығы.

**Салалық терминология** – ғылым мен техниканың, өндіріс пен өнердің сан түрлі салалары болатындығы белгілі. Адам қызметінің алуан түрлі сондай арнаулы салаларындағы деректі және дерексіз ұғымдардың атаулары мыңдап саналады. Сондай белгілі бір арнаулы сала атауларының жиынтығын – салалық терминология деп атайды.

**Синоним терминдер** – бір тілдегі барабар немесе ұқсас мағынасы бар терминдер (бір тілдегі тең мағыналы терминдер).

**Тең мағыналы терминдер** – бір ұғымды атау үшін қолданылатын бірдей немесе ұқсас мағынасы бар терминдерді атайды.

**Термин** – белгілі бір ғылым, білім, техника саласының заттары мен құбылыстарының атауы.

**Термин таңдау** – мамандар тарапынан ұсынылып жүрген терминдердің арасынан терминге қойылатын талаптарға мейлінше сай келетін нұсқаны сұрыптап, таңдап алу үдерісі.

**Терминбөлшек** – терминологиялық мағынасы бар ең кіші бірлік.

**Терминдену** – әдеттегі жалпыхалықтық сөздің арнайы терминологиялық мәнде жұмсалуды. Бұл үдеріс байырғы сөз мағынасын өзгерту арқылы, нақтырақ айтсақ, сөз мағынасының кеңеюі немесе тарылуы арқылы жүзеге асады.

**Терминдерді біріздендіру** – формалардың көптігін (синонимдер) жою немесе мағыналарды біріздендіру, яғни бір ғылым саласындағы көпмағыналылық, семантикалық омонимия сияқты құбылыстарға жол бермеу. Сөздікте біріздендіру дегеніміз – «бірдей ету, бірдей формаға немесе жүйеге келтіру» деп анықтама беріледі.

**Терминдерді жүйелеу** – жалпы ғылыми ұғым ретінде белгілі бір нысандардың біріктірілуі мен сол нысандардың өзара қарым-қатынасы дегенді білдіреді.

**Терминдерді нормаландыру** – мамандардың тілдік қолданысындағы терминдердің ішінен мейлінше қолайлы әрі дәл нұсқаларды, терминдерді қолдану мен жасау ережелерін таңдау және соларға басымдық бере отырып, бекіту.

**Терминдерді реттеу** – ең басты, маңызды терминологиялық жұмыс. Бұл жұмыс терминдерді іріктеуден басқа төмендегідей бірқатар кезеңдерден тұрады: аталған ғылым саласының ұғымдарын категория және жіктемелік сызбалар құру бойынша жүйелеу, нәтижесінде ұғымдардың маңызды белгілері анықталады; жіктемелік сызбаның негізінде бұрын қалыптасқан ғылыми анықтамаларды немесе жаңа жасалған анықтамаларды нақтылау.

**Терминдерді түгендеу** – белгілі бір саланың, пәннің барлық немесе оның бір тармағының терминдерін жинау және сипаттау.

**Терминдерді үйлестіру** – ұлттық терминдердің арасында толық сәйкестік орнату мақсатымен, олардың формасы мен мазмұнын бірлесе отырып жөндеу ұлттық терминологияны кірме терминдермен байыта түседі. Үйлестіру нәтижесінде нормативтік аударма сөздіктер, стандарттар пайда болады.

**Терминжасам** – жүйелі құбылыс, оның яғни жүйенің бір мүшесіне терминжасамдық тәсілдер жатады. Терминжасам тілдің сөзжасам жүйесінің бір мүшесі, бір тармағы болғандықтан, ол сөзжасамның жалпы заңдылықтарын сақтайды, оған бағынады, ол терминжасамда қолданылады. Олай болса, терминжасамда сөзжасамның тәсілдері түгел қолданылады. Сонымен бірге терминжасамның өз ерекшелігіне байланысты тәсілдер де терминжасам тәсілдерінен орын алады.

**Терминжүйені кодификациялау** – сала терминдерін нормативтік сөздік түрінде шығару.

**Терминология** – 1. Терминдер туралы ғылым; 2. Терминдер жиынтығы деген екі мағынаны білдіреді. Белгілі бір ғылым, кәсіп саласында терминдердің жиынтығы болады. Әрбір ғылым саласының терминологиясы мен терминдік жүйесі тілдік құралдар арқылы көрінетін кәсіби білімнің ұғымдық байланыстарына негізделеді.

**Терминологиялық жүйе** – адам қызметінің арнаулы саласы ұғымдар жүйесін белгілейтін ретті терминдер жиынтығы болып табылады.

**Терминологиялық норма** – ғылым тіліне қызмет ететін тілдік бірліктердің дәлдік, қысқалық, бірмағыналылық, ақпараттық толықтық т.б. талаптарға сай қолданылуын реттейтін қабылданған ережелер жиынтығы.

**Терминологиялық өріс** – біркелкі кәсіби қызмет саласы терминдерін біріктіруші жүйелі негізде біріздендендірілген көпдеңгейлі жіктелімдік құрылым.

**Терминологиялық сөздік** – әртүрлі арнаулы сала ұғымдарының атаулары терминдерді қамтып, олардың мағыналарын түсіндіретін, жүйелік байланысын, аудармаларын, қолданылу ерекшеліктерін т.б. сипаттарын көрсететін сөздік түрі.

**Толық синонимдер** – мағынасы толық барабар терминологиялық бірліктер, ал мағынасы жартылай сәйкес келетін терминологиялық бірліктер – шартты синоним терминдер.

**Тірек термин** – терминологиялық сөз тіркестерін жасауда негізгі тірек етіп алынатын термин.

**Халықаралық термин** – арғы тегі латын, грек сөздері негізінде пайда болған еуропа тілдерінің сөздері. Ол сөздер орыс тіліне еніп, орыс тілінің тілдік заңдары бойынша аздаған өзгерістерге түсіп, қалыптасып кеткен. Бұл сөздер қазақ тіліне (түркі тілдеріне) енген жағдайда, олар ешқандай өзгерістерге түспей, орыс тілінде қалай айтылса, солай айтылуы, қалай жазылса, солай жазылуы керек. Өйткені бұл сөздер дүниежүзі халықтарына ортақ сөздер.

## КІРІСПЕ

Қазіргі таңда заманауи жеке тұлға ғасырлар бойы қалыптасқан мәдени ортада өмір сүреді. Бұл орта аса күрделі құбылыс ретінде адамға байқалмай ықпал етіп, оның дүниетанымы, іс-әрекеттері мен ойлау, қабылдау жүйесінің қалыптасуына тікелей қатысты болатыны сөзсіз. Өркениет дамуының нәтижесі, оның қалыптасу құралының бірі, тарихының тіркелу амалы, мәдени орта компоненттерінің бірегейі тіл болып саналады және атап айтқанда, ең алдымен, бұл – арнаулы лексика. Яғни, арнаулы білім салаларының лексикалық бірліктер (терминдер) жиынтығы. Олар мақсатты түрде реттелу мен басқарылуға бейім келетін лексиканың ерекше бір қабатын құрайды. Дәл осы арнаулы лексикада тіл дамуы мен халықтың материалдық және рухани мәдениетінің тарихи байланысы көрнекі түрде айқындалады. Осы жағдай Еуропалық кеңестің *терминологияны* ХХІ ғасырдың жетекші саласы ретінде тануына әкелді. Қазіргі кезде ғылыми-техникалық білімнің қарқынды дамуы заманауи тілдерде пайда болып жатқан жаңа сөздердің 90 %-ынан астамы осы арнаулы лексика екенін анық көрсетіп отыр. Адам қызметінің түрлі салаларына қатысты терминдер санының артуы тілдің жалпықолданыстық сөздер қабатынан әлдеқайда көп байқалады. Сол себепті қазіргі таңда жеке ғылым салаларының, мәселен, химия, биология, медицина терминдерінің саны жалпықолданыстық сөздер санынан басым екенін көруге болады.

Оның үстіне соңғы кездері терминдердің басым көпшілігі жалпықолданыстық тілге өтіп, ал терминологиялық мәселелер жалпы ұлттық тілге айтарлықтай ықпал етуде. Сондықтан да арнаулы лексика саласының қалып-күйін зерттеу тіл дамуы үшін аса маңыздылыққа ие болып отыр. Арнаулы лексика саласында ғана адамның тілге саналы түрде ықпал етуі жүзеге асырылады. Сондай-ақ қазіргі кезде білімнің жекелеген лексика салаларын реттеуден бүкіл тілдің арнаулы лексика қабатын жоспарлы түрде бірізділендіруге көшу мүмкіндігі туындап отыр.

Кез келген терминжасам тәсілдері терминологиялық жүйе қалыптасуының кезеңіне тәуелді болып келеді. Бұл ретте, ең алдымен, термин белгілі бір ғылым саласының элементі екенін ескеру қажет. Осыған байланысты әрбір тілдің терминжасам үдерісі, ең алдымен, сол тілдің өз сөздік құрамы, ұлттық лексикасы негізінде жүзеге асырылатыны белгілі. Яғни терминдер тілде бұрыннан бар сөздер мен түбірлерден жасалады да, осыған сәйкес терминдер қатарында сол тілге тән әртүрлі құрылымдық түрлері кездеседі: термин-түбір сөз, термин-туынды сөз, термин-күрделі сөз, терминологиялық сөз тіркесі, терминологиялық сөйлем және т.б.

Сұлулық индустриясына қатысты атаулардың басым көпшілігі термин, терминологиялық жүйе мүшелері болып табылатыны сөзсіз. Олар саналы мақсатты түрде жасалып, біріздендіріліп, ресми құжаттарда, ресми тізімдерде, буклеттерде, прејскурант тізімдерінде, журналдарда, каталогтарда тіркеледі. Қазақ терминологиясы, оның ішінде қалың бұқараға кеңінен танылып келе жатқан сұлулық индустриясының терминологиялық жүйесі де мүмкіндігінше ұлттық негізде құрылуы тиіс. Жаһандану үдерісінде сұлулық индустриясына

қатысты терминологиялық бірліктердің табиғатын білудің маңызы ерекше деп санаймыз.

**Зерттеу жұмысының өзектілігі.** Диссертациялық жұмыс қазақ тіліндегі сұлулық индустриясы терминологиялық жүйесі қалыптасуының тілдік және тілден тыс тетіктерін зерттеуге арналған. Қазіргі таңда сұлулық индустриясы аса күрделі пәнаралық білім саласы ретінде қоғам және күнделікті тұрмыс-тіршілік т.б. тұрғыдан үлкен сұранысқа ие бағыттардың бірі болып табылады. Аталған қызмет көрсету саласының қарқынды дамуы оның терминологиялық жүйесінің кеңеюіне, сондай-ақ осы кезге дейін ұлттық тілде бар терминжасам амал-тәсілдері арқылы көптеген жаңа терминдердің қалыптасуына алып келді.

Қалыптасып жатқан терминологиялық жүйелерді зерделеу өзекті мәселе болып саналады, себебі дәл қазіргі сәтте даму үстіндегі қызмет саласының терминологиясын анықтау жаңа терминологиялық жүйені стандарттауға, жүйелеуге, біріздендіруге белгілі үлес қосумен қатар, кәсіби мәдениаралық коммуникацияда орын алатын бірнеше мәселелердің шешімін табуына септігін тигізеді.

Кез келген ұлттық тілдің терминологиясы өзінің құрамында қоғамның барлық кәсіби қызмет салалардың арнаулы ұғымдар атауларын қамтып, сол сияқты қазақ терминологиясы да ғылым мен техниканың күрделі даму кезеңінен өтіп, қазіргі таңда қоғамдық институттар, өнер, мәдениет, отандық ғылым мен техника дамуының қазіргі деңгейіне сәйкес терминжасамның жоғары дамыған жүйесін көрсетеді. Осы күнгі қазақ терминологиясының синхронды даму жағдайы біртұтас терминологиялық жүйелер мен жеке терминдердің жасалу уақыты тұрғысынан терминжасам тәсілдеріне қатысты жалпы оның қалыптасу көздерінің түрлі болуы мен күрделілігін айқындайды.

Тіл зерттеушілері ғылым тілін жалпы әдеби тілдің бір жүйесі ретінде бөліп қарастыруда, жалпы әдеби тілдің ғылым тіліне қарағанда көпқұрылымдылығы мен көпжұмсалымдығына ерекше назар аударады. Көпжұмсалымдық әдеби тілден ғылым тілінің басты айырмашылығы, оның адам қызметінің белгілі бір саласына ғана тән ерекше коммуникация қажеттілігіне жұмсалуды. Осы тұрғыдан келгенде, ғылымның кәсіби тіл бірліктерін зерттеу мәселелері өзектілігі тұрғысынан арнайы зерттеуді қажет ететіні сөзсіз.

Сонымен қатар зерттеу жұмысының өзектілігі төмендегідей бірнеше факторлармен де айқындалады:

- сұлулық индустриясы дамуының қазіргі қоғам өмірінде жоғары маңыздылыққа ие болуы;

- сұлулық индустриясы терминдері мен терминологиялық жүйелерін зерттеуге арналған жұмыстардың жоқтығы;

- қалыптасып жатқан терминологиялық жүйені кешенді лингвистикалық зерттеу қажеттілігі.

Қазіргі қазақ терминологиялық жүйелерінің синхронды сипаты олардың пайда болу дереккөздерін, жекелеген терминдер мен терминологиялық жүйелердің қалыптасу уақытын, терминжасам әдіс-тәсілдерінің қаншалықты күрделі екендігін көрсетеді. Әрбір ұлттық тілдің терминологиялық қоры сол этностың танымдық және тәжірибелік іс-әрекетінің жемісінен, қоғамның кәсіби

қызметінің барлық салаларындағы арнаулы ұғымдар атауларынан көрініс табады. Сондықтан арнайы зерттеуді қажет ететін өзекті мәселелер қатарына ғылым, білім және техникалық кәсіби тіл лексикасы жатқызылады. Қазіргі таңда арнаулы лексика саласындағы терминжасам мәселелері әлі күнге дейін толық шешімін таппаған деуге болады. Себебі терминжасам мен терминология саласындағы барлық жаңа жасалымдар ұлттық тілдің өзінің негізінде жасалған болсын немесе өзге тілден қабылданған болсын, ең алдымен, терминологияда орын алады, өйткені арнаулы лексика үнемі өзгеріске ұшырап отырады.

**Зерттеудің нысаны** – қазақ тіліндегі сұлулық терминжүйесі.

**Зерттеу жұмысының пәні** – қазақ тіліндегі сұлулық индустриясы терминдерінің өнімді/өнімсіз амал-тәсілдері, құрылым, қолданыс және жұмсалым ерекшеліктері, олардың жүйеленім сипаты.

**Зерттеу жұмысының материалдары.** Зерттеу материалдары ретінде жаппай және ішінара сұрыптау жұмыстарын жүргізу нәтижесінде сұлулық индустриясының терминологиялық жүйесін құрайтын қазақ тілі материалдары бойынша 1000-ға жуық терминологиялық бірлік іріктеліп алынды.

**Зерттеу жұмысының дереккөздері.** Зерттеуіміздің негізгі дереккөздеріне ең алдымен лингвистикалық деректемелерді жатқызамыз: түсіндірме, түрлі терминологиялық сөздіктер (Қазақ әдеби тілінің сөздігі. 1-15-тт. – Алматы, 2011; Қазақ тілінің сөздігі / жалпы ред. басқ. Т. Жанұзақов. – Алматы: Дайк-Пресс, 1999. – 776 б.; Орысша-қазақша, қазақша-орысша терминдер мен атаулар сөздігі / Мемтерминком бекіткен терминдер мен атаулар сөздігі / құраст. Ш. Құрманбайұлы, С. Сапина. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2004. – 352 б. Ал лингвистикалық емес деректерге біз әлеуметтік желілер, ғаламтор, сұлулық салондарындағы құжаттамаларды жатқызамыз (Avon, Oriflame, Mary Kay, Faberlik т.б. компаниялардың каталог-жорналдары 2015-2020 жылдар аралығындағы, сұлулық салондарында қызмет түрлерінің атауларынан тұратын преЙскурант парақша-буклеттері, әлеуметтік желілердегі жарнамалар т.б.). Ғаламтор ресурсы ретінде түрлі әлеуметтік желілер мен парақшалар қолданылды.

**Зерттеудің мақсаты мен міндеттері.** Зерттеу жұмысының негізгі мақсаты – сұлулық индустриясы терминдері мен терминологиялық жүйесі қалыптасу ерекшелігін айқындау. Осы мақсатқа жету үшін төмендегідей міндеттер қойылды:

- арнаулы ұғымды білдіруші лексикалық бірлік ретіндегі термин жайында қазіргі лингвистикадағы ғылыми ұстанымдарды зерттеу арқылы жұмыстың теориялық базасын айқындау;

- сұлулық индустриясының қазақ тіліндегі терминологиялық жүйесін құрайтын терминдер корпусын анықтау, терминологиялық өрісінің көлемі мен құрамын сипаттау;

- аталған сала терминдерінің негізгі терминжасам амал-тәсілдерін талдау;

- терминдердің негізгі тақырыптық топтарын айқындау және жұмсалым үдерісі барысындағы басты өзгерістерді сипаттау;

- кірме терминдер мен ұлттық тіл негізінде жасалған терминдердің ара жігін ажыратып, үлес салмағын анықтап, басты ерекшеліктерін айқындау.



**Зерттеу жұмысында қолданылған әдіс-тәсілдер:** Зерттеу барысында жинақтау, салыстыру, сипаттау, топтау әдістері қолданылды. Терминдер жаппай іріктеу тәсілі арқылы жинақталды. Сондай-ақ тілдік деректерді дефинитивтік талдау, морфологиялық-синтаксистік, лексика-семантикалық талдау әдіс-тәсілдері қолданылды.

**Зерттеу жұмысының теориялық-әдіснамалық негіздері** ретінде отандық және шетелдік зерттеушілердің терминология саласы бойынша, терминологиялық жүйе, терминологиялық өріс бағыттары бойынша ізденген зерттеушілердің еңбектері алынды: термин және терминология мәселесі туралы іргелі зерттеулер жүргізіп, қазақ терминологиясының теориясы мен практикасына зор үлес қосқан, терминжасауға белсене араласқан ғалымдар қатарынан ең алдымен А. Байтұрсынұлынан бастап, Қ. Жұбанов, Н.Т. Сауранбаев, С. Аманжолов, М. Балақаев, С. Бәйішев, Б. Бірімжанов, Қ. Шәріпов, Ә. Қарақұлов, Ә. Сатыбалдиев, І. Жарылғапов, Ә.Т. Қайдаров, Ш. Сарыбаев, Ж. Смағұлов, А. Әбдірахманов, Р. Сыздық, Ө. Айтбайұлы, Ш. Құрманбайұлы, Қ. Айдарбек, Е. Әбдрәсілов, А.Х. Азаматова, А.М. Ахметбекова және т.б., сондай-ақ ресей және шетел ғалымдары Г.О. Винокур, В.М. Лейчик, К.Я. Авербух, В.П. Даниленко, С.В. Гринев-Гриневич, Д.С. Лотте, Ю.Н. Ревина, Д.Л. Бронникова, В.А. Никифоров, Г.П. Кузикович т.б., терминологиялық жүйе мәселелері жайында Л.А. Капаназе, А.В. Суперанская, Н.Н. Мелех, О.А. Алимуратов, М.Г. Павлова, О.В. Чурсин, О.В. Борхальд, М.Н. Володина т.б., терминологиялық өріс теориясына қатысты Л.В. Морозова, И.П. Смирнов, И.М. Суслова т.б., арнаулы лексика мен кәсіби лексика мәселелері жөнінде В. Шмидт, Л. Гофман, О.С. Ахманова, Д.Э. Розенталь, Г.В. Строева, В.Н. Портянникова т.б., дефиниция, дефинитивтік, дефинитивтік қызмет сұрақтары бойынша Д.С. Шелов В.А. Иконникова, А.В. Сложенникова, Л.С. Герд, К.Л. Левковская, И.А. Ребрушкина, М.И. Фомина, А.В. Иванов, Э.Г. Ризель, Н.С. Гаранина, В.Т. Sue Atkins, М. Rundell, Juan C. Sager және т.б. тұрғысынан жоғарыда аталған ғалымдардың зерттеулері мен еңбектері басшылыққа алынды.

**Зерттеу жұмысының теориялық маңызы.** Зерттеу жұмысының барысында сұлулық индустриясының терминологиялық жүйесі көпәспектiлi жан-жақты талдауға алынып, оның жалпы тілдің бір терминжүйесі екені сипатталды. Зерттеудің нәтижелері қазақ тіл білімінде терминология, терминжасам мен сөзжасам теориясына өз үлесін қосады. Зерттеу барысында жасалынған тұжырымдамалар мен нәтижелер қазіргі терминологияның кейбір мәселелерінің дамуына, қалыптасуына септігін тигізеді.

**Зерттеу жұмысының практикалық құндылығы.** Зерттеудің нәтижелері қазіргі қазақ терминологиясы жөнінде жаңа ой-пайымдаулар жасауға мүмкіндік береді. Диссертацияның негізгі материалдары мен теориялық тұжырымдарын жоғары оқу орындарында қазақ терминологиясының теориясы салаларынан оқулықтар мен оқу құралдарын жасауда, арнайы семинар мен арнайы курстық, аудиториялық дәріс оқуда пайдалануға болады. Сонымен, ең бастысы, зерттеу барысында алынған нәтижелер мен тұжырымдардың бірқатары сұлулық

индустрия саласының мамандарын тілдік дайындауда, сол сала аудармашыларына семинар-тренинг, түрлі курстар ұйымдастыруда, олардың кәсіби қызметі барысында терминдер жұмсалымын дұрыс бағытқа қоюға септігін тигізеді. Зерттеудің нәтижелері мен материалдарын келешекте аудармашылар мен кәсіби сала мамандарына арналған сөзтізбелер әзірлеу үдерісінде біртiлдi, екiтiлдi терминологиялық сөздіктер мен анықтамалар құрастыруда пайдалануға болады.

**Зерттеу жұмысының жаңалығы.** Зерттеу жұмысында сұлулық индустриясының терминологиялық жүйесі ғылым мен білімнің, техниканың қалыптасу барысындағы жаңа саласы ретінде отандық тіл білімінде алғаш рет зерттеу нысанына алынып отыр. Диссертациялық зерттеуде алғаш рет сұлулық индустриясы қалыптасуының негізгі тәсілдері, жаңа терминологиялық жүйеге негіз болған пәнаралық ғылыми салалар, аталған терминологиялық жүйенің лексика-семантикалық және тақырыптық топтары, сондай-ақ терминологиялық өрісінің өзек және аймақтарын құрайтын терминологиялық бірліктер жиынтықтары айқындалды.

**Қорғауға ұсынылатын тұжырымдар:**

- сұлулық индустриясы терминжүйесі пәнаралық сипатқа ие күрделі құрылым, соңғы онжылдықта өнімдері мен қызмет түрлерінің күрт көбеюі және сұраныстың артуы аталмыш сала терминологиялық жүйесінің қалыптасу динамикасын көрсетеді. Аталған білім саласының ғылыми ұғымдар жіктеліміне негізделген қисынды ретті жүйе сұлулық индустриясының терминологиялық өріс элементтерінің семантикалық байланысын қамтамасыз етеді.

- сұлулық индустриясы терминологиялық жүйесінің өзегін нақты сол саланың ерекшеліктерін айқындайтын және оның білімнің басқа салаларымен қатынасын көрсететін терминдер құрайтын болса, ал шеткері аймақтарында білімнің басқа салаларынан алынған кірме терминдер құрайды. Зерттеуге алынған саланың жүйеаралық кірме терминдері сұлулық индустриясының пәнаралық сипатымен ерекшеленеді.

- терминжасам амал-тәсілдерінің түрлі аспектілігі сұлулық индустриясы терминологиялық жүйесін қазақ тіліндегі салалық терминдердің тіркелген жиынтығы ретінде сипаттауымен қатар, тіл заңдылықтарымен айқындалатын құрылымдық-тілдік факторларды есепке алатын және сол шағын тілдің ұғымдар жүйесінің дамуына қатысты ұғымдық факторлар арқылы қалыптасып жатқан, термин-сөзден гөрі термин-сөз тіркесі басым, өнімді тәсілі синтаксистік тәсіл екендігін көрсетеді.

- бастапқыда сұлулық индустриясы терминдерінің басым көпшілігі парфюмерлі-косметикалық құралдар атауларымен айқындалып, ал оның бір бөлігін жасанды жасалған немесе синтездік препараттар атауларын білдіретін терминдер құраған. Бұл кезеңде кәсіби қолданыс пен узус деңгейіндегі терминдердің жүйеленуі орын алған. Кейіннен аталған индустрия саласының қоғамда кеңінен қарқынды дамуына орай, заттық категорияға қоса үдерістік категорияны білдіретін терминдер қабатының өзара байланысқан «әйелдер-ерлер-балалар», «бас-шаш-дене» және «тазалау-күту-әрлеу» үштіктері бойынша толығы үрдісі байқалады.

- сұлулық индустриясының терминологиясында қазіргі ғылым жүйесінің өзекті үрдісінің бірі терминдерді интернацияландыру құбылысы айқын көрініс тапқан. Жаңа қалыптасып жатқан терминологиялық жүйе екеніне қарамастан, аталған терминдер жиынтығы біртұтас өзіндік терминологиялық жүйені құрап, қазақ тіліндегі сұлулық индустрия саласының базалық ұғымдарының ұлттық тіл негізінде жасалу үрдісі сақталғанымен, кірме терминдерді төл тілдің фонологиялық-морфологиялық заңдылықтарына қарай бейімдеу үрдісінің үлес салмағы жоқтың қасы.

**Жұмыстың талқыланылуы мен мақұлданыуы.** Зерттеу жұмысының негізгі ғылыми нәтижелері мен қорытындылары отандық және шетелдік басылымдарда, халықаралық ғылыми-теориялық және тәжірибелік конференцияларда 7 ғылыми мақала жарияланды. Оның ішінде Скопус (Scopus) мәліметтер базасында 1 мақала, шетелдік халықаралық конференциялар жинағында 3 мақала, ҚР Білім және Ғылым министрлігі білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті (БҒССКК) ұсынған тізімге енетін журналдарда 3 мақала жарияланды:

- Терминологиялық жүйе ұғымының кейбір ерекшеліктері // Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің хабаршысы. Филология сериясы. – № 4. – Алматы, 2016. – Б.56-60.

- Кәсіби лексика мен терминологияның арақатынасы жайында // II международная научно-практическая конференция «Интеграция научного сообщества перед глобальными проблемами современности. – Осака, Япония, 2017. – С. 373-379.

- Жаңа салалардың ұғымдық-терминологиялық аппараты және сұлулық индустриясына қатысты зерттеулер // XXI ғасыр филологиясының өзекті мәселелері халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Алматы: Қазақ университеті, 2017. – Б.198-202.

- «Косметикалық құралдар» терминжүйесінің тақырыптық топтары // Қазақстанның ғылымы мен өмірі халықаралық ғылыми көпшілік журнал. – №3 (59). – Астана, 2018. – Б.123-126.

- Арнаулы лексиканың жіктелімдік ерекшеліктері // Международная студенческая научная конференция «Менеджмент качества: поиск и решения» – Касабланка, Марокко, 2018. – Б.95-100.

- Термин, терминжүйе және терминологиялық өріс ұғымдарының маңызды белгілері // Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің хабаршысы. «Филология ғылымдары» сериясы. – № (3)65. – Алматы, 2018. – Б.150-156.

- Linguistic nature of the terminological system of the beauty industry // Option. Volume 35, Issue 90-2. – Nitra, 2019. – P. 332-345.

**Зерттеу жұмысының құрылымы** кіріспеден, үш тараудан, қорытынды мен пайдаланылған әдебиеттер тізімінен 7 кесте, 9 суреттен және қосымшалардан тұрады.

# 1 ТЕРМИНОЛОГИЯ ЖӘНЕ ТЕРМИНОЛОГИЯЛЫҚ ЖҮЙЕНІ ЗЕРТТЕУДІҢ АЛҒЫШАРТТАРЫ

## 1.1 Термин, терминология және терминологиялық жүйе ұғымдарының тіл біліміндегі орны

Жалпы терминология саласының маңызды сұрақтарының бірі термин мен тілдегі сөз сәйкестігі екенін атап өткен жөн. ХХ ғасырдың 30-шы жылдарында термин сөздердің ерекше табиғаты жайында Г.О. Винокур: «термин ерекше сөз емес, ерекше қызмет атқаратын сөз бірлігі» – деп көрсетеді [1, с. 7]. Ал А.А. Реформатский: «Бір қарағанда, терминология саласы өзінің шектеулі параметрлерімен ерекшеленсе, екінші бір жағынан, қарапайым сөйлеумен үнемі өзара әрекеттестікте болады. Әрбір қарапайым сөз арнаулы сөздікке енгізілуі арқылы термин болып, әрбір термин аталушы затпен дәл сәйкестігін жоғалту негізінде қайтадан күнделікті сөйлеуге оралуы да мүмкін» – деп жазады да [2, с. 165], терминнің негізгі тілдік сипаты жүйе ұғымымен байланыстырады: «терминнің ерекше қызметі сол терминнің кіретін жүйесімен анықталады, жүйеден тыс болған жағдайда ол өзінің терминдік сипатын жоғалтады» [3, с. 55].

Терминологияға қатысты зерттеулердің басым көпшілігінде терминнің жүйелілік табиғаты «нақты бір білім саласының ұғымдар жүйесін қалыптастыру қабілеті», «терминнің терминдер жиынтығын құрап көрсету қасиеті», – деп анықталады [4, с. 93]. Яғни термин жүйелілігі дегеніміз – оны жалпықолданыстық тіл лексикасынан айрықша етіп көрсететін ерекше қасиеті болып саналады. Осыған орай ғалым В.А. Никифоров: «Терминология – жүйеге байланысты ерекше қызметі негізінде айрықша лексикалық топты құрайды. Терминология жүйесі жалпы тіл жүйесінің белгілі бір бөлігі ретінде ғылыми ойды білдірудің құралы. Терминология дегеніміз – жүйе. Терминологиядан тыс болған жағдайда сөз терминдік сипатын жоғалтады, бірақ аталымдық қызметін сақтап қалады, өйткені аталымдық қызмет сөз атаулының жалпы қасиеті» – деген тұжырым жасайды [5, с. 114].

Ғалым Г.О. Винокурдың пікірі бойынша терминнің ерекше белгілеріне мыналар жатқызылады: 1) термин мағынасының арнайылығы, семасиологиялық шеңберлерінің нақтылығы; 2) оның зияткерлік тазалығы, яғни жалпықолданыстық айтылымдарға тән келетін бейнелі және эмоциялық реңктерден шектеулігі [1, с. 3]. Осы тұрғыдан келгенде, термин қызметінің өзі жүйесі арқылы анықталады. Сондықтан да көптеген тіл зерттеушілерінің пікірлері бойынша, қазіргі таңда термин мәселесін зерттеудің теориялық және практикалық аспектілері лексиканың жүйелілік сипатымен тығыз байланысты. Себебі жүйе шеңберінде ғана оның компоненттерінің маңызы толыққанды айқындалып, терминологиялық кішігірім жүйелердің орны анықталады (А.А. Уфимцева, М.И. Черемисина және т.б.).

Жүйелілік қағидасы жеке терминологиялық жүйелер ұйымдастырылуы мен оларды зерттеудің жетекші ұстанымы болып табылады. Бұл тұжырымдаманың авторы ғалым Д.С. Лоттенің көзқарасы бойынша кез келген білім саласының терминологиясы терминдер жүйесі ретінде сипатталады [6, с. 4].

Ұйымдастырылған жеке ғылыми терминология мен сол ғылым саласының ұғымдар жүйесінің арасындағы байланысты ғалым А.А. Реформатский де өз еңбектерінде ерекше атап өткен. Өткен ғасырдың соңында жарық көрген ғылыми әдебиеттерде термин жүйелілігіне ерекше назар аударылады: «Түрлі ғылым терминдеріне жүйелілік пен белгілі бір терминология шеңберіндегі бірліктерге ішкі және қатаң тәуелділік тән келеді. Әрбір термин белгілі бір ғылым, техника саласының жабық жүйесінде, терминологиялық өрісінде орын алады» [7, с. 86], «Терминдер арасындағы байланыс пен бірлігі өздері атау болып табылатын реалий мен ұғымдардың тұтастығымен айқындалады. Терминдер өз алдына жеке дара қызмет етпейді, олар міндетті түрде біріктіріліп ұйымдастырылады» [8, с. 52].

«Жүйе» жалпы ғылыми ұғым ретінде белгілі бір нысандардың біріктірілуі мен сол нысандардың өзара қарым-қатынасы дегенді білдіреді. Мысалы, ғалым В.М. Солнцев жүйе ұғымын: «бір-бірімен өзара қатынаста болатын, көптеген элементтерден тұратын біртұтас нысан» – деп түсіндіреді [9, с. 17]. Ақиқат болмыс заттары мен құбылыстары ғылыми ойлау үдерісі барысында ұғым формаларында көрініс табады. Ұғымдардың мазмұнын сол заттар мен құбылыстардың жалпы және айырым қасиеттері құрайды, өйткені аталған қасиеттерді ақындау таным мақсаты болып табылады. Ұғым тілдік формада, яғни терминде тіркеледі. Осыған орай, неғұрлым белгілі бір ғылым мен техника саласы дамыған болса, соғұрлым оның ұғымдық жүйесінің элементтері немесе терминологиялық жүйесіндегі терминдер саны көп болады.

Осыған байланысты академик Ө.Айтбайұлы: «Атау сөздердің күнделікті өмірде араласпайтын жері жоқ. Тіпті қазіргі кезеңде термин сөздердің ауызекі сөйлеу тілімізге де еніп, күнделікті өзара қарым-қатынас құралына да айнала бастағанын байқау қиын емес. Мұның өзі – тілдің, атап айтқанда, әдеби тілдің қарқынды дамуын байқататын бір белгі. Керек десеңіз, сан салалы ғылыми қажетімізді өтеуге қызмет етіп отырған әдеби тіл, ең алдымен, осы терминологиялық лексиканың өрістеуіне тәуелді. Терминологиялық жүйесі жасалмаған, терминдік ұғымдары қалыптаспаған тіл – ол әлі әдеби тіл дәрежесіне көтеріле алмаған тіл», - деп көрсетеді [10, 9 б.].

Алайда әрбір ғылым мен техника саласы ғылым дамуының қазіргі кезеңіне тән келетін жалпыға белгілі, өзекті ұғымдар жүйесін, яғни негізгі ұғымдар жүйесін де айқындайды. Мұндай жүйелер тұрақты қасиетке ие болып келетіні сөзсіз. Бір сала мамандары біркелкі түсінетін элементтері бар жалпыға таныс, белгілі ұғымдар жүйесінің болуы коммуникация үдерісіндегі қарым-қатынастың негізін құрайды. Егер терминологиялық бірліктер мазмұнына тұрақтылық тән болмағанда, онда терминологиялық жүйелер тұрақтылығы жайында айту мүмкін болмас еді, себебі ол кез келген таным үдерісінің немесе қоршаған орта игерілуінің тұрақты терминологиялық іргетасын айқындайды.

Міне, қазіргі таңда осындай тұрақты терминологиялық жүйеге ие салалардың бірі ретінде «сұлулық индустриясын» атап өтуге болады. Жалпы қазіргі таңда кез келген ғылым мен білім, техника саласының терминдері секілді сұлулық индустрия саласындағы қазақ терминологиясы да біріздендіруді, жүйелеуді, нормалау мен әзірлеуді талап ететін терминологиялық жүйені

құрайтыны сөзсіз. Алайда қазіргі таңда «сұлулық индустриясы» терминінің нақты ғылыми анықтамасы қалыптаса қоймағанын атап өткен жөн. Мысалы: «Индустрия [лат. *industria*] *зат. 1. Техника жетістіктерімен жабдықталған фабрика, зауыт сияқты өнеркәсіп. 2. экон. Өндіріс құралдары және тұтыну бұйымдарын өндіру дәрежесімен анықталатын халық шаруашылығының өндіргіш күштеріне және қоғамның экономикалық дамуына ықпал ететін аса маңызды саласы» [11, 278 б.]. Яғни, «индустрия» термині сөздіктегі анықтама бойынша, ең алдымен, «өнеркәсіп» және «экономика» ұғымдарымен байланысты болып келеді. Ал қазіргі БАҚ мәліметтеріне сүйенетін болсақ, «сұлулық индустриясы» термині өнеркәсіптен гөрі белгілі бір қызмет көрсету саласы ретінде танылады. Мұның өзі осы кезге дейін «сұлулық индустриясы» және оның негізінде жатқан объективтік пен әлеуметтік қажеттіліктер арнайы кешенді тілдік талдау нысаны болмағанын дәлелдейді.*

Сондықтан да бұл зерттеудің өзектілігі бірнеше себептермен айқындалады, атап айтқанда: а) жалпыадамзат мәдениетінің бір бөлшегі ретінде адам дене бітімі мен келбеті мәдениетінің қазіргі таңда әлеуметтік құндылықтар жүйесінде маңызды рөлінің артуы мен өзектілігі; ә) қоғам дамуының қазіргі кезеңінде сұлулық индустриясының қарқынды дамуы; б) аталған сала терминологиясы мен терминологиялық жүйесін лингвистикалық тұрғыдан зерттеу қажеттілігі; в) таңдалған тақырыптың лингвистикалық ғылыми әдебиеттерде жеке қарастырылмағандығы және т.б.

Қазіргі қазақ терминологиясының синхронды жағдайы оның қалыптасуының дереккөздері мен арналары, жеке терминдер мен терминологиялық жүйелердің жасалу уақыты, әдіс-тәсілдері оның қаншалықты күрделі және сан алуан түрлі ерекшелігін көрсетеді. Әрбір ұлттық тілдің терминологиясы сол ұлт өкілінің танымдық және тәжірибелік іс-әрекетінің нәтижесі, қоғамның кәсіби қызметінің барлық салаларындағы арнаулы ұғымдар атауларынан көрініс береді. Осы тұрғыдан келгенде жеке қарастыруды қажет ететін өзекті мәселелер қатарына кәсіби тіл атаулары жатқызылады.

Қазіргі таңда жалпы терминологиялық жүйе теориясы тиісті дәрежеде зерттелгенімен, кейбір арнаулы лексика саласындағы терминологиялық жүйенің қалыптасу мәселелері әлі күнге дейін толық шешімін тапқан жоқ. Себебі терминология саласындағы барлық жаңа болып саналған, мейлі ол ұлттық тілдің негізінде болсын немесе ұлттық тілден тыс, өзге халықтан қабылданған болсын, ең алдымен кәсіби лексикада, кәсіби тілдесімде көрініс табады. Өйткені арнаулы лексика үнемі толықтырып отыруды қажет етеді. Ал бұл өз кезегінде терминологиялық жүйе қалыптастыру амал-тәсілдері мен жаңа жолдарын үнемі іздестіруге алып келетіні сөзсіз.

Қазіргі таңда терминологияны зерттеудің маңызын академик Ә.Қайдаров: төмендегідей себептермен айқындайды: «Бірінші себеп – әрбір өркениетті ел ғылыми - техникалық прогрестің айнасы іспетті терминологияның тап-тұйнақтай сындарлы болуына ерекше мән беріп, заман талабына сәйкес оқтын-оқтын оның бағыт-бағдарларын анықтап, үрдісін байқап, ширатып шынықтырып отыруға тиіс, біз де енді сондай ел санатына жатамыз. Екінші себеп – қазақ әдеби жазба тілі мемлекеттік тілдің негізі болса, терминология мен ғылым тілі – оның

жон арқасы, бүкіл рухани-мәдени өміріміздегі жаңалықтардың бәрін сергек сезініп, сол ыңғайда өзгеріп отыруға бейімді құбылыс, сондықтан да мемлекеттік әдеби тіліміздің бүгінгі күйі мен ертеңгі жағдайы терминологияның реттілігімен, жүйелілігімен, тұрақтылығымен және қолданыс аясының кеңдігімен өлшенеді» [12, 3 б.].

Жаңа терминологиялық жүйелердің зерттелуі, терминжасамның бірқатар өзекті әрі күрделі мәселелерін анықтауға септігін тигізеді. Олардың қатарына мыналар жатқызылады: терминжасамның қазіргі таңдағы даму үдерісін анықтау, қазақ тілінің терминжасамындағы өнімді, өнімсіз тұлғалар, терминжасаушы элементтерді (аффикстер, күрделі сөздердің стандартты бөліктері т.б.) нақты бағалап, саралау және тілдік мәртебесін айқындау т.б. Соңғы жылдары терминологиялық жүйелерде орын алатын сипаттамалы терминологиялық бірліктер табиғаты ғылыми қызығушылық танытып жүргені белгілі. Әсіресе бұл құрылымдардың ақпараттық табиғаты, олардың қолданылу уәждері аффиксті сөзжасам мүмкіндіктерінің шектеулігінен бе, әлде жоқ па деген сияқты мәселелер өз шешімін күтуде.

Бұл ретте терминологиялық жүйенің белгілі бір даму кезеңдерінде құрама атаулар өнімді болса, кейбір кезеңдерде универб түріндегі терминдер өнімділік танытады. Осыған орай бұл арнаулы бірліктің міндетті түрдегі уәжділік сипатына байланысты ма, әлде ұғымдық аппараттың күрделенуінің дәлелі ме деген мәселелер аса маңызды болып саналады: «Терминологияның кешенді жүйе ретінде анықталуы, оның екі құрамын ажыратып беруге негіз болады: терминжасам және терминнің тіркелуі. Терминнің тіркелуі білім қалыптасуының соңғы кезеңі болып саналады. Ал бұған дейінгі когнитивтік процестің кезеңдері, яғни ғылыми концептілердің пайда болуы мен қалыптасуы міндетті түрде терминжасам процестерінде өтеді. Сондықтан да терминжасам терминологиялық бірлік жасалымының ең бір динамикалық кезеңі болып саналады. Өз кезегінде терминжасам екі аспектіде қарастырылады: концептуалдық және функционалдық. Концептуалдық аспектіде терминжасамның мазмұны айқындалады, яғни мәтін сипатындағы терминологиялық бірліктің құрастырылу процесі (ғылыми білімнің вербалдануы). Бұл процес тілде бар, дайын тілдік бірліктер негізінде жүзеге асады» [13, 15 б.].

Профессор С.Әлісжан бұл мәселеге қатысты: «әрбір сала, сала атаулары – концептуалдық құрылымға ие танымдық жүйе болып табылады. Сала терминологиясы құрамындағы осындай әрбір атаудың өзіндік түсіндірмесі – сол сала бойынша жинақталған когнитивтік білімді көрсетеді. Ғылым-білім болғаннан кейін оның көп саладан тұруы табиғи нәрсе, ал солардың арасында қазақ халқының төл тәжірибесінен туындап, халық санасында қалыптасқан атаулар да тілімізде мол», - деп келтіреді [14, 4 б.].

Осы тұрғыдан алғанда терминологиялық жүйелер қалыптасуы үдерісін зерттеу мен зерделеу оның теориялық негіздерін, ғылыми-техникалық, кәсіби т.б. коммуникацияны, ондағы бастапқы уәждемелерді анықтап, арнаулы атаулардың пайда болуының басты белгілерін талдап, жинақтап жүйелеуді қажет етеді. Сондықтан да ең басты және күрделі айқындалмаған мәселе –

терминологиялық жүйе қалыптасуы үдерісі, оның тілдік ерекшелігі мен табиғи заңдылықтары. Әрине терминологиялық жүйе қалыптасуы үдерісін тілдік тұрғыдан талдап, ғылыми-теориялық жағынан тұжырымдау жоғарыда айтылған мәселелерді шешуге мүмкіндік береді. Сол себепті де аталмыш тілдік жағдайлар мен зерттеу бағыты жаңа терминологиялық жүйенің қалыптасуы аспектісін арнайы жете зерделеуді талап етеді.

Терминологиялық бірліктер жалпы ұлттық тілдің бірлігі бола тұра арнаулы тілдің кішігірім жүйесінің мүшесі ретінде де көрініс табады. Осымен байланысты термин-сөздер арнаулы тілдік бірлік ретінде танылып, арнаулы және кәсіби ұғымды атау нәтижесінде тілдік жүйенің басқа тілдік бірліктерінің ерекше қызметке ие бола бастайды. Бұл ретте ең маңызды мәселе терминологиялық бірліктердің аталмыш сипаттарға ие болуы тек белгілі бір терминологиялық жүйе шеңберінде ғана жүзеге асатындығында болып отыр. Өйткені терминологиялық жүйеден тыс жерде термин тілдің жалпықолданыстық сөздер қатарына өтеді, яғни бейтерминдену үдерісіне түседі.

Жоғарыда атап өткеніміздей, кез келген терминнің терминологиялық жүйеде өз орны болады. Терминологиялық бірліктің бұл орны өзі белгілейтін ұғымның сол ұғымдар жүйесіндегі орнына тікелей байланысты. Терминологиялық жүйеден тыс қалған жағдайда термин өзінің негізгі белгілерін жоғалтып, жалпы тілдік жүйеде өзінің ұлттық-мәдени сипатын ғана көрсетеді: метафоралық, экспрессивтілік, полисемиялық, бейнелілік, коннотаттылық, модалдылық, эмоционалдылық т.б. Сол себепті де терминдер мен терминологиялардың ең маңызды әрі басты белгілерінің бірі олардың жүйелілік сипатында деген қорытынды жасауға болады және кез келген терминологиялық бірліктің зерттелуі сол жүйе негізінде жүргізілуі терминологиялық заңдылық болып саналады.

Сонымен, жалпы жүйе дегеніміз бір-бірімен тығыз байланыста және сабақтастықта болатын біртектес элементтер жиынтығының күрделі біртұтастығы болып табылады. Яғни жүйе ұғымы әрқашанда құрамдас бөліктерден тұратын құрылымды көрсетеді. Ал құрылым дегеніміз құрам және біртұтас нысанның ішкі ұйымдастырылуы. Жалпықолданыстық лексиканың жүйелілігі тілдік бірліктердің тақырыптық топтарға бірігуімен анықталса, мәселен лексика-семантикалық жүйелер, терминологиялық жүйелер белгілі бір арнаулы саланың тілтанымдық үлгісін белгілейді.

Сондықтан да кез келген терминологиялық жүйе нақты бір саланың ғылыми-техникалық ұғымдар жүйесін сипаттауымен ерекшеленеді. Сайып келгенде терминологиялық жүйе дегеніміз – адам қызметінің арнаулы саласы ұғымдар жүйесін белгілейтін ретті терминдер жиынтығы болып табылады. Ал олардың арасында міндетті түрде үнемі тұрақты байланыс болады, ал бұл байланысты қатынастар жиынтығы олардың негізгі құрылымын анықтайды.

Осыған орай терминдердің қисынды жүйелілігі мен тілтанымдық жүйелілігінің аражігін ажырату өте маңызды. Өйткені әрбір терминдер жиынтығы терминологиялық жүйе бола бермейтіні заңдылық, себебі тек терминологияның жоғары деңгейдегі дамуы терминологиялық жүйе жасалуына алып келетінін атап көрсеткен жөн. Осы ретте тілтанымдық жүйелілікке



қойылатын талаптар басқаша болады: терминологиялық жүйе компоненттерінің, элементтерінің болуы; компоненттердің арасында өзара байланыстың болуы; ашықтық; құрылымдық және т.б. [15, 56 б.].

Бұл ретте ескеретін маңызды мәселе «сұлулық» ұғымы адамның жасына, жынысына, кәсібіне, ұлтына, әлеуметіне т.б. қарамастан, әрбір тұлғаның өмірінде нақты орын алады. Яғни, кез келген адам «сұлулық» ұғымына қатысты коммуникацияның мүшесі болуы әбден мүмкін. Алайда мұндай коммуникацияның мүшесі болуы үшін, қатысушыға белгілі бір деңгейдегі «сұлулық» лексикасы саласына байланысты білім қажет, ең болмағанда коммуниканттар бір «бітімге» келуі үшін. Сол себепті біз зерттеуімізде «сұлулық индустриясы» терминдерін коммуникацияның түрлі қолданысына, кәсіби немесе қарапайым тұрмыстық деңгейлеріндегі реттелуіне мән береміз.

Аталмыш зерттеудің өзектілігі осы кезге дейін жүйелі тілдік талдау нысаны болмаған жоғарыда аталған терминологиялық жүйенің сипатымен айқындалады. «Сұлулық» дискурсы адамның ішкі, рухани жағдайына, бет-пішіміне, сыртқы келбетіне, оның басқа тұлғалармен қабылдануына, олардың бағалауына әсер ететіні белгілі. Сондықтан да бұл терминологиялық жүйе терминдерінің тілдік табиғатына, оларға қойылатын нақты талаптарға жете мән берген жөн деп санаймыз.

Ерекше қолданыс, жұмсалым саласына ие терминдер міндетті түрде белгілі бір терминология құрамына енетіні сөзсіз. Қазіргі таңда кез келген тілдің терминологиясы ғылым мен қоғамдағы үдемелі өзгерістерді айқындайтын сөздік қордың ең бір белсенді дамушы бөлігін құрайды. Ал терминологияның семантикалық құрамы мен құрылымын, ондағы жүзеге асып жатқан өзгерістерді зерттемей, жалпы тіл дамуының заңдылықтарын дұрыс сипаттау мүмкін емес. Яғни терминдер жалпы әдеби тіл лексикалық жүйесінің негізгі, аса маңызды және ақпараттық бөлігін көрсетеді. Осы тұрғыдан келгенде терминология дегеніміз – терминдердің жалпы жиынтығы немесе белгілі бір қызмет (медицина терминологиясы, әскери терминология т.б.) және білім саласының терминдер жиынтығы болып анықталады.

Біз жұмысымызда А.В. Суперанскаяның мұндай лексикалық бірліктер жиынтығы тек белгілі бір білім саласына ғана қатысты емес, «жалпы бүкіл ғылыми білім жиынтығына байланысты» болып келеді деген пікірін ұстанамыз, себебі кез келген ғылым арнаулы білімді қажет етеді [16, с. 37]. Ал терминологияның жүйелелік мәселесін алғаш рет ғалым Д.С. Лотте көтерген болатын. Автордың еңбектерінде терминология жүйелілігі үш шарттың жүзеге асуын талап ететіні жайында айтылған: терминологиялық жүйе ұғымдар жіктеліміне негізделуі тиіс; жіктелімдік сұлбаларға негіздеп, терминделуші белгілер мен ұғымдарды іріктеп алу қажет; сөздер терминделуші ұғымның басқаларымен ортақтығы мен ерекшелігін айқындайтындай болуы керек [6, с. 10].

Сонымен бірге термин терминжүйе және терминологиялық өріс ұғымдарымен тығыз байланысты. Егер терминология дегеніміз – стихиялық түрде қалыптасатын терминдер жиынтығы болса, терминжүйе дегеніміз – саналы түрде жасалатын терминдер жиынтығы және де бұл терминдер

жиынтығы бір теория (ғылыми концепция) негізінде құралып, белгілі бір ғылым, техника немесе қызмет саласына қатысты ұғымдар байланысының өзара байланысы мен қатыстылығын айқындайды. Ал терминологиялық өріс терминтанымның күрделі мәселелер қатарына жатады, себебі «кейбір авторларда оның анықтамасы мүлдем сәйкес келмейді, ал басқалары жалпы оны бөлек ажыратып көрсетудің өзі күмәнді деп санайды, өйткені олардың пікірінше, бұл ұғым терминологиялық жүйе ұғымымен ұқсас» [17, с. 200].

Ғалым Л.А. Морозованың пайымдауынша, «терминологиялық өріс дегеніміз – біркелкі кәсіби қызмет саласы терминдерін біріктіруші жүйелі негізде біріздендендірілген көпдеңгейлі жіктелімдік құрылым» [18, с. 64] немесе «белгілі бір білім саласының қисынды-ұғымдық қарым-қатынастарын айқындайтын ғылыми дефинициялар секілді абсолюттік көрсеткіштерге негізделген нақты бір терминологиялық жүйе терминдерінің өзара байланысының қатаң әрі қисынды ретті иерархиясы» [19, с. 65]. Ғалымдардың пікірінше, терминологиялық жүйе: «күрделі, динамикалық тұрғыдан тұрақты жүйе, оның мазмұнына белгілі бір ережелерге сәйкес іріктеліп алынған лексикалық бірліктер ғана енеді» [20, с. 37]. Терминологиялық жүйе негізінен «ғаламның ғылыми бейнесінің» бір бөлігін айқындап, ұғымдарды белгілеуде реттілік, толықтық және дәлдік сияқты қасиеттермен сипатталады [21, с. 7].

Жоғарыда келтірілген анықтамадан мынадай тұжырым жасауға болады: «терминологиялық жүйе – нақты бір білім саласының иерархиялық тұрғыда құрылымдастырылған терминдерінің жиынтығы» [22]. Сондықтан да терминологиялық жүйе мен терминологиялық өріс ұғымдары сәйкес келеді деген көзқарасты жоққа шығаруға болады, өйткені соңғысы ондағы элементтер арасындағы байланыстарды орнату үшін қажет [23, с. 8]. Қазіргі таңда терминология зерттеулері тек ғылыми ғана емес, сондай-ақ қолданбалы мақсаттарға да қол жеткізу үшін жүргізілетіні баршаға мәлім. Осы тұрғыдан алғанда нақты терминологиялық жүйелер сипаты мен терминологиялық өлшемдерді айқындау ғана маңыздылыққа ие бола бермейді, сонымен бірге терминдердің жұмсалымдық-коммуникативтік әмбебап сипаты және «лакуна» сияқты құбылыстардың мән-жайын ашып беру мәселелері аса өзектілікке ие сұрақтар қатарына жатқызылады.

Жалпы «лакуна» түсінігі латынның «*lacuna*» сөзінен шығып, тереңдеу деген мағынаны білдіреді, ал тілші-ғалымдар оны танымдағы бос орын, бостық, мәтіндегі немесе коммуникациядағы қарама-қайшылықтар, басқа тілдерде бола тұрып, тағы бір тілде болмайтын лексикалық бірліктер деп түсінеді [24, с. 8]. Алайда, зерттеушілер лакуналарға түрлі анықтамалар береді. Мысалы, бұл дегеніміз – кез келген «екі локалды мәдениеттердің эмотивті, тілдік және ұғымдық категорияларын салғастыру барысында пайда болатын сәйкессіздіктер» [25]. Ғалым Л.С. Бархударов мәселен, лакунаны бір тілдің сөздік қорында бар, ал екінші бір тілде жоқ сөздер деп анықтайды [26, 95 б.]. Дегенмен, біз зерттеуімізде ғалым Т.Ю. Данильченконың пікірін қолдаймыз, өйткені автор ұғымдық деңгейге мынадай анықтама береді: лакуна дегеніміз – екі немесе бірнеше мәдени бірлестіктердің эмоциялық, тілдік, ұғымдық категорияларын салғастыру барысындағы сәйкессіздіктер, өз кезегінде олар

аталған мәдени бірлестіктерді бір-бірін жатсынушылыққа, шеттетушілікке итермелейді. Аталған жатсынушылықтар әлеуметтік бірлестіктер мен топтар арасындағы ерекше мәдени, саяси алшақтық болуымен айқындалады [27].

Біздің түсінігіміз бойынша, лакуна мәселесі бір тіл шеңберіндегі ғаламның тілдік бейнесі қалыптастырылуы үдерісінде пайда болуы мүмкін. Сол себепті бір тіл аясындағы терминдерді жүйелеуде лакуна мәселесін қарастыру өте өзекті болып саналады. Бұл ғаламның ғылыми бейнесінің құрылымын зерттеу мәнмәтініндегі терминологиялық жүйелерді үлгілеу қажеттілігін айқындайды. Кез келген терминология белгілі бір нормалар, ережелер, қағидаттар мен үлгілердің есепке алынуы арқылы жасалатыны белгілі. Терминологиялар қалыптасуының негізгі қағидаттарына мыналар жатқызылады: өз құралдарын тірек ету принципі, терминдерді аудару қағидасы, термин емес сөздердің терминденуі және біріктіру қағидасы [28, 131 б.].

Әрбір дамыған тілде мыңдаған терминдер орын алып, қаншама терминологиялық жүйелер қалыптасқан. Оларды, ең алдымен, қызмет ететін білім мен кәсіп салалары бойынша жіктеуге алады. Мәселен, терминдер жиынтығын құрылымы мен күрделілігі бойынша жіктейді: үлкен және кіші (микрожүйелер); иерархиялық, көпаспектілі, ұялы т.б. Яғни қазіргі ақиқат болмыстағы термин маңызы мен сан алуандығы отандық та, шетелдік те зерттеушілердің үлкен қызығушылығын танытуда. Мұндай аса қызығушылықтың дәлелді негіздемесі бар, себебі ғылым үнемі бір орында тұра бермейді, адамзат қоғамы өзінің барлық қызмет саласында үдемелі түрде өсуге тырмысады. Қазіргі таңда адам білімінің қалыптасқан салаларындағы тұрақты өзгерістермен қатар, жаңа пәндер пайда болып жатыр, ал жаңа сөздердің 90% -ы терминдер болып табылады.

Сондықтан терминнің жұмсалымдық қасиетін қарастыру өте маңызды мәселелер қатарынан табылып, ғылыми дискурстың жұмсалымдық бірліктерінің ең күрделісі де осы тілдік категория болып саналады. Ғалым М.Н. Лату былай деп санайды: «термин, ең алдымен, ғылыми дискурста қолданылуы үшін жасалады» [29, с. 7-8]. Осыдан ғылыми лексиконның кез келген бірлігі термин ретінде қарастырыла бермейтіні, ол терминологиялық ғылыми қауымдастық мүшелерімен, яғни коммуниканттардың басым көпшілігінің пікірімен ғана айқындалатыны жайында қорытынды жасауға болады. Осы кезге дейін «термин» ұғымының өзі нақты анықталмағаны жөнінде айта кеткен жөн. Терминнің лексикалық және жұмсалымдық ерекшеліктері, оның анықтамасы ғылымда пікірталас тудырып жүрген мәселе.

Термин мен терминологияның теориялық мәселелеріне арналған көптеген еңбектерді талдау барысында термин анықтамасына қатысты алуан түрлі бір-бірін толықтыратын түсініктемелерді байқауға болады. Ғалымдардың еңбектерінде үнемі ағымдағы терминдену, бейтерминдену, ретерминдену үдерістері, сонымен қатар терминология үшін омонимия, көпмағыналылық, синонимия секілді қолайсыз құбылыстар, түрлі түсініктемелер мен терминдердің бейуәжділігі терминологияларды реттеу қажеттілігі жайында кеңінен сөз болады [30-33]. Бұл, ең алдымен, сәтті жасалған терминдер ғылымның дамуына үлес қосатын болса, ал керісінше жағдайда аталған дамуға тосқауыл болатынын

ескере отырып, ұтымды (қолайлығы, стандарттылығы), сәтті термин өлшем белгілерін орнату қажеттілігін айқындайды. Терминологияны жүйелеу мәселесі мамандардың өзара түсінісуінде үлкен маңызға ие, мейлі олар бір тілде сөйлесін немесе түрлі тілдер иелерін болсын. Термин белгілі бір ғылыми білім саласына қатысты ұғымды дәлме-дәл беруі қажет.

Термин анықтамасының өзі нақты болмағандықтан осы мәселеге назар аударма кеткен жөн. Мысалы: «термин дегеніміз – арнаулы ұғымды білдіретін және оның сол ұғымдар жүйесіндегі орнын айқындайтын тілдік таңба» [34, с. 30]. Ғалым Ю.Н. Ревинаның анықтауы бойынша, «термин арнаулы білім немесе қызмет саласының ғылыми немесе техникалық ұғымын білдіретін сөз немесе сөз тіркесі» [35, с. 8]. Д.Л. Бронникованың пікірінше: «Термин дегеніміз – белгілі бір білім саласының ұғымын белгілеу үшін қабылданған арнаулы лексикалық бірлік. Ол қарапайым сөйлеуде, әдетте болмайтын және мәтінде қысқа да нұсқа нақты ақпарат пен ұғымдарды белгілеу үшін пайда болады. Термин – дәл, бірмағыналы, анық ғылыми анықтамасы бар, оған эмоционалдық, экспрессивтілік, модальділік секілді қасиеттер тән емес, ол стилистикалық тұрғыдан бейтарап және жүйелі тілдік бірлік. Терминдер әрдайым белгілі бір ғылыми концепциямен байланысты болып, олар арқылы ғылыми зерттеулер мен табыстардың нәтижелері, теориялық мән-мағыналар айқындалады. Сондай-ақ терминдер арнаулы ғылыми-техникалық салаларда орын алатын коммуникацияның және ғылыми-техникалық құбылыстар, концепциялар мен феномендерді сипаттаудың құралы болып табылады» [36, с. 234].

Яғни термин дегеніміз – бұрыннан тілде бар немесе арнаулы мақсатта жасалған лексика-семантикалық бірлік (әдетте сөз немесе сөз тіркесі) болып табылады. Аталған бірлік тілдің ішкі заңдылықтары бойынша рәсімделіп, сол кезеңге сәйкес ғылыми сала дамуының маңызды ғылыми сипаттау белгілерін толық айқындауы қажет [37, с. 204]. Сонымен бірге термин кәсіби салада қолданылып, арнаулы ұғым атауы ретінде көрініс беріп, анықтама қажет ететін сөз немесе сөз тіркесі болып та түсініледі [37, с. 203]. Ал Н.Л. Ларькова: «...нақты бір ғылыми-техникалық таным саласының ұғымына сәйкес келетін сөз (сөздер кешені) және ол сол саланың басқа ұғымдарымен заттық-қисынды қарым-қатынаста болып, нақты бір терминологиялық жүйе өзгешелігімен байланысты ерекше аталымдық-дефинитивтік қызмет атқарады» – деп көрсетеді [38, с. 34-35]. Терминнің дефинициясына қатысты ғалым Е.Әбдірәсілов төмендегідей пікір білдіреді: «Терминологиялық сөздіктер - құрамына қарай әр салаға қатысты терминдерді жинақтап, жүйелеп беруге ұмтылатын құрал. Сондықтан онда терминдер туралы мәліметтер нақты әрі сол ғылым саласындағы дефинициясына сәйкес берілуі тиісті. Былайша, терминологиялық сөздіктер арнайы бір ғылым саласына қатысты терминдерді барынша жинақтап, қамтып беруге тырысатын анықтағыш қызметін атқарады» [39, 131 б.].

Сонымен терминнің маңызды сипаттамалары мынадай белгілерден тұрады:

- жүйелілік;
- өз терминологиялық өріс шеңберіндегі, яғни сол ғылым, пән, ғылыми мектеп терминологиясы аясындағы бірмағыналылыққа талпыну үрдісі;
- стилистикалық бейтараптық;

- семантикалық дәлдік;
- синонимдердің болмауы;
- арнаулы анықтама – дефинициясының болуы;
- ғылыми ұғыммен байланысы.

Бұл ретте терминнің жүйелілік сипатымен толық келісуге болады. Шын мәнінде, терминдер лексикалық және сөзжасамдық жүйелілікке ие болып келеді. Ол, ең алдымен, жүйелі ғылыми білімнің бірліктерін белгілеу үшін бағытталған. Ал бұл өз кезегінде терминологиялық лексиканың жұмсалымдық сипатынан туындайтын міндетті талаптардың бірі болып саналады. Осы тұрғыдан келгенде ғалым М.Г. Павлованың пікірімен толық келісуге болады: «... жалпы әдеби сөздер өздері білдіретін ұғымның тек сыртқы белгілерін ғана айқындайды және ол маман емес тұлғаларға жеткілікті болады, ал кәсіби мамандар терминдерден қисынды ұғымдар жүйесінің элементін көреді. Бұл да термин ерекшеліктерінің бірі болып табылады» [40, 11 б.].

Мысалы, «қабаққа арналған үгілмелі бояу-пигменті» термині өзінің уәжділігі арқылы маман емес адамдарда жалпы түсінік туындатуы мүмкін, ал оның толық мән-мағынасы сол сала кәсіби маманына ғана айқын болады. Кәсіби маман үшін пигмент қабаққа арналған бояудың негізгі қоспасы және ол ұнтақ тәрізді өнім болып келеді. Егер де бояуды байланыстырушы ингредиентсіз қалдырса, онда пигмент пайда болады. Байланыстырушы элемент бояуды шашпайды, бірақ оның қанық түсті болуына кедергі келтіреді. Ал пигмент өз алдына мүлдем ылғалдылығы жоқ өнім. Сондықтан да соңғы кездері кәсіби бет әрлеушілері (визажистер) пигментті жиі қолдануды үрдіске айналдырған, себебі пигменттер таза, толыққанды, біркелкі әдемі түс береді.

Терминнің өз терминологиялық өріс шеңберінде бірмағыналылық сипатқа ие болуы, біздің ойымызша, оның тұрақты қасиеті бола алмайды. Сұлулық индустриясы саласына қатысты материал жинақтау барысында біз біршама көпмағыналы терминдерді кездестірдік. Мәселен, сұлулық индустриясында «бояу» термині ерекше қызмет атқарады. Әрине бұл терминнің өзге терминологиялық өрістердегі мағыналары да көпшілікке таныс. Алайда біз талап етіп отырған өрістің өзінде де бұл термин бірнеше мағына білдіруімен ерекшеленеді: «*көзге арналған сұйық бояу*», «*шашқа арналған бояу*», «*бет бояу*», «*бояу жаққыш*», «*бояу кетіретін сүтті мақта*» және т.б.

Жоғарыда келтірілген мысалдардан терминдерге тән келетін ерекше қасиетті байқауға болады: барлық терминологиялық тіркестерде орын алатын «бояу» элементі болса да, яғни бір салаға қатысты – сұлулық индустриясына байланысты болса да, өзінің препозитивтік, постпозитивтік анықтамасына орай түрлі мағыналарға ие бола алады. Ал терминдерге тән тағы бір қасиет – стилистикалық бейтараптық мәселесіне келер болсақ, біздің ойымызша, бұл белгі де тұрақты сипаттамаларға ие бола бермейді. Әсіресе бұл біздің зерттеуіміз үшін өте маңызды, себебі терминдердің аталған белгісі біз үшін міндетті емес, оны «жүйелі уәждеуіш белгіге» ауыстырған әлдеқайда орынды деп санаймыз.

Мысалы: «Крем тәрізді еңліктер», «Бетке арналған барқытты тоналды кремі» терминдер құрамындағы «крем тәрізді» және «барқытты» метафоралық эпитеттері зат есім-терминэлементтерімен тіркесуі нәтижесінде терминденеді.

«Кремтәрізді» метафоралық эпитетінің мағынасы: «еңлік беттің шырайын келтіріп, бет пішінін әсем етіп көрсетеді. Еңлік көмегімен беттегі косметика (әсіресе реңк беруші крем) байқалмастай, табиғи болып көрінеді. Еңліктердің арасында крем түрлері танымалдыққа ие болып келеді. Себебі кремді еңліктерге арнайы теріні ылғалдандыратын майлар қосылады. Солардың арқасында ол ұзаққа сақталып, теріні құрғатып тастамайды».

Ал «барқытты» эпитеті барқыт қасиетінің ассоциациясы негізінде қолданылады. Себебі барқыт ең қымбат әрі сапалы маталардың бірі. Ал косметика саласында ол «беттің барқыт тәрізді жұмсақ, таза, әдемі болуы үшін» секілді мағынасында қолданылады. Сонымен бұл мысалдар терминнің эмоционалды-бағалауыштық тұсын айқындайды. Семантикалық дәлдік мәселесі терминдерге қойылатын талаптардың бірі міндетті түрде дефинициясының болуы нәтижесінде туындайтыны белгілі. Алайда кеше ғана жасалған терминдердің, яғни терминжүйе ретінде қалыптаса қоймаған бірліктердің дефинициясы болмауы мүмкін, алайда семантикалық дәлдік терминнің тұрақты сипаты болуы қажет деп санаймыз. Мәселен, ғалым А.В. Суперанскаяның пікірінше: «...жалпықолданыстық лексика үшін семантикалық белгісіздік тән болғанымен, терминдер үшін мағына дәлдігі өте маңызды» [41, с. 115].

Ғалымдардың басым көпшілігі терминнің жұмсалымдық табиғатын талдау барысында, оның екі қызметін ажыратып көрсетеді: аталымдық және дефинитивтік. Бірақ кейбір авторлар терминнің аталымдық қызметін жоққа шығарса, себебі олардың пікірі бойынша бұл қызмет негізінен жалпықолданыстық лексика қасиеті. Ал өз кезегінде бірнеше ғалымдар керісінше терминнің дефинитивтік қызметін мойындамайды: «...термин ұғымды анықтамайды, анықтауы мүмкін де емес, бұл қисынды дефиницияның міндеті болып табылады» [42, с. 103]. Осы тұрғыдан келгенде біз терминнің екі қызметін де бар деп санайтын ғалымдардың пікірін қолдаймыз, өйткені «термин міндетті түрде аталымдық қызметті атқарады, себебі білімнің жалпы жүйесінің тұтас бір үзігін белгілейді және дефинитивтік қызметі де айқын – ол дефиницияның орнына жұмсалып, оған қатысты оның екінші жасалымы болып саналады» [43, с. 125].

Когнитивтік тілтаным тұрғысынан аталым дегеніміз – бұл тек ғаламды белгілеу үдерістері ғана емес, сонымен бірге ғаламды құрылымдау, оны бағалау мен интерпретациялау үдерістері де болып табылады. Ал бір құбылыс, зат, үдеріс және т.б. үшін жарыспалы сипаттау тәсілдердің болуы қарапайым синонимиядан тыс болатын тілдің ажыратылмас қасиеті екені сөзсіз [44, с. 25]. Сонымен терминдердің мәртебесін талдауда ең басты күрделі және маңызды мәселе олардың жалпықолданыстық лексикадан өзгешелігін назардан тыс қалдыруға болмайды. Бұл мәселе жалпы лексика және терминдер қолданыс аясын ажыратуға, нақтырақ айтқанда, олардың сәйкестігі мен қарама-қайшылығын қарастыруға септігін тигізеді.

Біздің ойымызша, жоғарыда айтылған мәселе бойынша зерттеушілердің мынадай пікірлері маңызды: «Ғылыми таным қарапайым таным негізінде туындап, ұғымдардың объективтілігі мен дәлдігіне жоғары талап қояды, себебі дәл осыған коммуникация үдерісінің сәттілігі тікелей байланысты болады» [44,

с. 25-27]. Ал «Қарапайым таным, керісінше субъективті және прагматикалық бағыттылығымен ерекшеленеді» [44, с. 27-34]. Осыған сәйкес танымның екінші түрі жалпы лексика жасалымына әсер етсе, ғылыми таным терминологиялық лексика жасауына ықпал етеді.

Жалпықолданыстық сөздер белгілі бір пән саласының арнаулы білімдерін бере алмайды, олар маман емес адамдардың тұрмыстық деңгейіндегі коммуникациясын қамтамасыз етеді. Осыған орай жалпықолданыстық лексика тілдің жалпы қорында орын алып, күнделікті қажеттіліктер мен көріністерді белгілеу үшін қолданылады. Аталған коммуникация мүшелеріне қандай да бір нақты анықтамалар жайында білім қажет емес, себебі олар қолданатын лексика баршаға түсінікті. Ал ғылым мен техника салаларымен байланысты келетін терминология дефинициямен шектелген аккумуляция және арнаулы білімді беру қызметін атқарады. Терминологиялық бірліктер белгілі ғылыми ұғымға ие болып, өз кезегінде үнемі ғылымның сол тармағына қатысты білімді талап етеді. Сонымен бірге терминдерді жалпықолданыстық сөздерден ерекше етіп көрсететін тағы бір өзгешелік бар. Мәселен, терминдер мамандар кез келген ұлттың өкілі бола тұрып қолданыла беретін маңызды айқындайтын болса, ал жалпықолданыстық сөздер өздері «туылған», жасалған тіл халқына ғана тиесілі болып келеді.

Жоғарыда айтылғанды түйіндей келгенде, мынадай қорытынды жасауға болады: жалпықолданыстық лексика ғылыми дискурс бірлігі бола алмайды, ол белгілі бір ұлтқа тән коммуникация мүшелерінің арасындағы тұрмыстық ақпаратты беру үшін қолданылады, ал термин арнаулы білімді белгілеп, тек сол сала мамандарына, олардың ұлтына қатыссыз, қолжетімді ақпаратты беру үшін жұмсалады. Сондықтан да біздің зерттеуіміз үшін терминнің мына белгілері өте маңызды сипатқа ие: жүйелілік, көпмағыналылық, синонимия және дәлдік. Жұмсалымдық тұрғыдан терминдер аталымдық және дефинитивтік қызметтерді атқарады [45, 150 б.].

Сонымен терминдерге берілетін түрлі анықтамалар ішінен жүйелілік пен дәлдік тұрақты белгілер қатарына жатқызылады, қалғандары дискурсивтік қолданыс барысында ғана айқындалады. Терминнің маңызды сипаттамаларын талдау барысында, келесі қорытындыға келдік: термин белгілі бір пән саласының кәсіби мамандар қолданысында болып, яғни кішігірім тілде және ол арнаулы мақсаттағы тілдің өзегін құрайтыны туралы тезисті дәлелдейді. Сол себепті, біз зерттеуде терминнің мынадай анықтамасын арқау етеміз: белгілі бір пән саласына қатысты ғылыми дискурста арнаулы ғылыми ұғымды репрезентациялаушы, сонымен бірге аталымдық және дефинитивтік қызметті атқаратын сөз немесе сөз тіркесі.

## **1.2 Кәсіби лексика мен терминологиялық лексиканың арақатынасы және өзара әрекеттестігі**

Кез келген ұлттық тілдің лексикасы көптеген лексикалық жүйелер (кішігірім тілдер) жиынтығынан тұратын күрделі жүйе болып табылады. Солардың бірі кәсіби немесе арнаулы лексика деп аталады. Кәсіби лексика өндірістік қызметтің арнаулы ұғымдар атауларын айқындап, ғылым немесе

өндіріс өкілдерінің кәсіби тілдесімі саласына қызмет ететін ұлттық тілдің ең бір динамикалық бөлігін, кішігірім жүйесін сипаттайды. Өйткені ғылыми және техникалық атаулардың үнемі көбейіп отыратыны жайында анықтамалық сөздіктердің мазмұнынан аңғаруға болады.

Соңғы кездері ғылым және техниканың қарқынды дамуы, әлеуметтік өзгерістер ақпарат ағымы мен көлемінің ұлғаюына алып келді. Мұның бәрі жаңа ұғымдардың пайда болуына, сондай-ақ көптеген білім салалары ұғымдарының өзгеруіне, ал соның салдарынан аталым қажеттілігінің арттырылуына септігін тигізді. Қазіргі таңда жаңа терминологиялық атаулардың, терминологиялық өрістердің, тіпті тұтас терминологиялық жүйелердің пайда болуы осының бірден бір дәлелі болып саналады. Яғни осы кезеңді терминологиялық «жарылыспен» салыстыруға болады, себебі жалпы әдеби тілге де кірігіп жатқан арнаулы атаулар сан жағынан едәуір көбейіп, кәсіби тілдесімде нақты орын алуда. Терминолог-ғалым А.Х. Азаматова: «Біздің ойымызша, терминологиялық аталым мен терминологиялық ақпаратты зерттеудің және әзірлеудің маңыздылығы жалпы тілдік аталымның белгілі бір деректерін түсінуге, пайымдау жасауға аса қажеттілігінде. Себебі аталымдағы бүкіл жаңа деп саналатын, ең алдымен кәсіби тілде, арнаулы лексикада орын алады» [46, с. 70].

Кәсіби лексика өзінің атқаратын қызметі, берілу тәсілдері тұрғысынан жалпы әдеби тілге қатысты автономды кішігірім жүйе болып табылады. Ал ішкі маңызы бойынша жалпы әдеби лексикаға қарама-қарсы қойылады. Оның бірліктері қарапайым сөздерден өзгеше келеді, өйткені олар арнаулы ұғымдарды білдіреді. Мысалы, арнаулы лексикаға жалпы әдеби тілдің барлық қызметтері тән келе бермейді, атап айтатын болсақ, экспрессивтік қызметі, алайда ол үшін ақпараттық қызметтің маңызы зор, өйткені ол арнаулы ұғымдарды, өндіріс тәсілдері мен аспап-құралдарын, заттар, іс-әрекет және т.б. атауларын белгілеу барысында айырым жіктелім жүйесімен сипатталады.

Осыған орай арнаулы лексика мен әдеби тіл арасында үнемі алмасу үдерістері жүріп жататынын атап өткен жөн. Өйткені тар салалық сөздердің бір бөлігі әрдайым жалпықолданыстық сөздер қатарына өтіп, олардың маман еместер тарапынан терминологиялық екені аңғарыла бермейді (алайда олар белгілі бір арнаулы салаға қатысты, өзінің терминологиялық жүйесі шеңберінде термин болып қала береді). Мұндай алмасуларға бірнеше объективтік факторлар себепші болады. Осындай факторлардың бірі – жалпы білім, мәдени деңгейдің артуы, тіл иелерінің арнаулы дамуының дәрежесі және т.б. Сонымен қатар қоғам өмірінің белгілі бір кезеңіндегі ғылым, шаруашылық, мәдениет саласының рөлі де үлкен қызмет атқарады. Себебі белгілі бір білім, ғылым жетістіктерінің рөлін сезіну дегеніміз аталмыш ғылым, білім жетістіктерімен танысу мақсатында сол қоғамның құзырындағы амал-тәсілдер арқылы насихат жүргізу деген сөз. Осындай құралдар қатарына көркем әдебиет, сын, ғылыми-көпшілік әдебиет, БАҚ (баспасөз, радио, телевизия) жатқызылады. Арнаулы лексика мен әдеби тілді ортақ генетикалық және сөзжасамдық базалар біріктіреді, өйткені қазіргі жағдайда әрбір ұлттық арнаулы лексика қалыптасуының негізгі дереккөзі – нақты әдеби тіл болып табылады. Жоғарыда атап өткеніміздей,



жалпықолданыстық сөздер бір бөлігі тар салалық мағынаға ие болу арқылы кәсіби атаулар қатарына өтеді.

Кәсіби салалық лексика ең алдымен еңбек ұжымдарына қызмет көрсетеді, сол себепті де олардың ресми және ауызекі сөйлеу ерекшеліктерін бақылауға алу қажет деп санаймыз. Өз кезегінде бұл қазіргі өндіріс қызметкерлерінің тілдесім мәдениетіне, тікелей тіл өміріне, оның нақты жұмсалым формаларына назар аударуға мүмкіндік беретіні сөзсіз. Арнаулы атаулардың ғылыми оқыту әдебиеттерінде, мамандардың өндірістік тілдесімінде, баяндамалар мен есептерде және т.б. қолданылуы оның лексикалық тәсілдер жиынтығының сан алуан екенін көрсетеді. Ол стилистикалық тұрғыдан да түрлі болып келеді, себебі жұмсалым салаларының барлығында көрініс табады. Ең алдымен өндірістік кәсіби, техникалық немесе салалық терминдер мен номендер қолданылады, сондай-ақ бейресми саладағы тілдесімде кәсіби сөздер мен кәсіби жаргонизмдер орын алады. Аталған негізгі тілтанымдық ұғымдардың мән-мағынасын айқындау үшін олардың анықтамасы мен ажыратушы белгілеріне назар аудару қажет: *термин; терминологиялық жүйе; номен; кәсіби сөздер; кәсіби жаргонизмдер.*

Ғалымдардың пікірі бойынша, тілде пайда болатын жаңа сөздердің 90 % - ынан астамын дәл осы терминдер құрайды екен (К. Сохор) [47, с. 544]. Сонымен бірге ғалымдар арасында терминнің басты қасиеттері ретінде дефинитивтілік, уәжділік, құрылымдық, жүйелілік белгілерін ерекше атап көрсету көзқарасы қалыптасқан. Жалпы ғылыми әдебиеттерде терминдерді зерттеудің түрлі аспектілері көрсетіледі: философиялық, тарихи, тілтанымдық, ақпараттық, техникалық және т.б. Терминтанымның тілтанымдық бағыты ХХ ғасырдың 40-50 жж. қалыптаса бастады (А.М. Терпигорев, В.В. Виноградов, Я.А. Климовицкий, В.П. Петушков, Р.Г. Пиотровский және т.б.). Осы уақыт аралығындағы тілтанымның терминдерді зерттеудегі басты міндеттері терминологияны реттеу мен стандарттауға байланысты болды. Аталған міндеттерден оның төмендегідей негізгі қасиеттер айқындалып көрсетілді: бірмағыналылық, стилистикалық бейтараптық, мәнмәтінге тәуелсіздік, синонимдердің жоқтығы, дефинитивтілік, қысқалық.

Терминтаным саласы лингвистикалық бағытының әрі қарайғы жетістіктері (80-90 жж.) терминнің негізгі маңызымен, оның арнайы мәтіндердегі жұмсалымымен, арнаулы сөйлеу тілдесіміндегі қолданысымен айқындалды (В.А. Татаринов). Алайда тілтанымдық бағытындағы терминологиялық зерттеулер терминге қойылатын талаптардың оның нақты табиғатына сәйкес келе бермейтінін, сонымен бірге термин-сөздер ғылыми шығармашылық үдерісінде ғана құрылымдалатын тілдің күрделі және қарама-қайшылықтарға толы бірлігі екенін дәлелдеді.

Ғылым мен техниканың дамуы, ғылымның жаңа салаларының пайда болуы әрқашанда жаңа терминдердің жасалуымен қатар жүреді. Сондықтан да терминология жалпыхалықтық лексиканың ең бір өзгермелі, жылдам ұлғаятын, аса жылжымалы қабатын құрайды. Осыған орай терминжасалым тәсілдері де түрлі болып келеді. Әрине, олардың ішінде терминдену тәсілінің орны ерекше. Сонымен қатар терминологиялық жүйелерде өзге тілді кірмелердің де атқаратын рөлі өте маңызды. Осы мәселе жөнінде А.А. Реформатский: «интернационалдық

тілдік терминологиялық қорлардың қолданылғаны дұрыс» – деп санайды [2, с. 170].

Ал академик Ө. Айтбайұлының пікірінше: «Қазіргі қазақ тілінің сөздік құрамында ең бір бай, әрі күрделі қабатты орыс тілінен енген кірме сөздер және сол арқылы келген халықаралық терминдер алып жатады. Бұлардың тілімізге ену, келу жолдары да басқаша. Бұл арада біз тіл дамуында бола беретін заңды құбылысты да, заңдылықтан тыс күштеу тәсілінің де орын алғанын байқаймыз. Ғасырлар бойы іргелес отырып, ауыс-түйіс жасап келген орыс халқы мен қазақ халқы мәдени қарым-қатынастың осы түрін, яғни тіларалық қатынасты тіпті ертеден-ақ бастаған тәрізді. С.Исаевтің дәлелдеуінше тіпті XV ғасыр ескерткіші болып саналатын «Кодекс куманикусте» де «изба», «печь» тәрізді орыс сөздері қолданылған екен. Осыған қарағанда қазақтар орыс сөздерін ежелден-ақ пайдаланып, әжетіне жарата бастаған деп түйін жасауға әбден болатын тәрізді. Ал кейін әсіресе қазан төңкерісінен соң орыс және интертерминдер жоспарлы және жүйелі түрде ресми әрекеттер нәтижесінде енгізіліп, қатар түзейді. Тіпті бұларды тым еркінсіткеніміз соншама, ана тіліміздің ежелден қалыптасқан сөзжасам заңдылықтарын аяқ асты етіп, ол сөздер жат тілдік пішінін бұзбай қабылданатын болды. Емле ережеміз бен терминжасам принциптерінде мұны әбден заңдастырып алғаннан кейін бұлардың қатары мүлде көбейіп кетті. Сөйтіп, тіл гармониясы бұзылды» [48, 7-75 бб.].

Профессор Б.Қалиевтің пайымдауынша: «Егемен елдің өз мемлекеттік тілінің болуы заңды. Ол үшін мемлекеттік істердің бәрі мемлекеттік тілде жүргізілуі тиіс. Ғылымының да сол мемлекеттік тілде дамығандығы абзал. Олай болса, ғылыми терминдердің өзі де мемлекет тілдің негізінде жасалғандығы дұрыс болып табылады. Сонда ғана қоғамдық өмірдің сан алуан саласынан саналы түрде, еріксіз шеттетіліп, қолданылу аясы отбасы, ошақ қасынан аспай қалған ана тілімізді толыққанды мемлекеттік тіл ете аламыз. Сонда ғана оны (қазақ тілін) қоғамдық өмірдің күллі салаларында еркін пайдаланатын, кемелденген, сан салалы стильдік тармақтарда кеңінен қолданылатын шын мәніндегі мемлекеттік тілге айналдыра аламыз» [49, 35 б.].

Ғалымдар тарапынан айтылған пікірлерді академик Ш. Құрманбайұлы мынадай топтарға бөліп жіктейді: «Біріншісі, ана тілінің өз мүмкіндігін пайдаланып термин жасау, ондай мүмкіндік болмаған жағдайда шет тілдерінің терминдерін қазақ тілінің фоно-морфологиялық ерекшеліктеріне үйлестіре қабылдау қажет. Екіншісі – термин шығармашылығында пуризм етек алып отыр, сондықтан оған жол бермей, осыған дейінгі қалыптасқан терминдерді бұрынғысынша қалдырып, шет тілдерінен термин қабылдауға шек қоймау керек» [50, 25 б.]. Дегенмен терминдер қай тілде жасалмасын, нақты терминологиялардың барлығы белгілі бір қызмет саласындағы білімнің ұғынылуы мен жинақталуының тарихи нәтижесі ретіндегі арнаулы сөздердің стихиялық түрде қалыптасқан бірлестіктері болып саналады.

Сондай-ақ Ш.Құрманбайұлы ұлт тілі негізінде терминжасам мәселесіне қатысты мынадай тұжырым жасайды: «Қазіргі кезеңде ұлт тілінде термин жасаудың жанданып отырғаны белгілі. Көптеген жаңа терминдер жасалып қолданысқа көше бастады. Бұл ұлт тілінің ғылым саласындағы қызметін атқара

бастауының бір көрінісі. Оны пуризм деп танып, қазақ тілі ғылымға, термин шығармашылығына шектен тыс көп араласып кетті деуге болмайды. Бұл, түптеп келгенде, онсыз да мүмкіндігі шектеліп келген тілдің ғылым саласындағы қызметінің қалыптасуына жол бермеу болып табылады. Рас, жасалып жатқан терминдердің бәрін бірдей мінсіз деп айта алмаймыз. Олардың ішінде терминологиялық жүйе мен терминдерге қойылатын талаптарға жауап бере алмайтындарының да бар екендігі даусыз. Ондай терминдердің қолданылуына жол бермеу дұрыс. Алайда, сәтсіз жасалған кейбір терминдерді мысалға келтіре отырып, қазақ тілінің термин жасауға икемсіздігін, ғылыми ұғымдарды дәл беруге мүмкіндігінің жетпейтіндігін дәлелдеуге тырысқысы келетіндермен келісуге болмайды» [51, 12 б.].

Осы ретте кез келген терминология терминологиялық жүйе деңгейіне ғылыми теория қалыптасқан жағдайда және оның негізгі ұғымдары мен олардың арасындағы байланыстар айқын көрініс берген кезде ғана жетеді. Себебі терминологияға терминологиялық жүйеге айналу үрдісі тән келеді. Терминологиялар мен терминологиялық жүйелердің негізгі базасы «табиғи» тіл болып табылады. Алайда аталған екі жүйенің бірқатар ортақ қасиеттері бар: біріншіден, олар тұрақты, өйткені жиынтықтың өзек бөлегін ғылыми ұғымдар жүйесінің бүкіл жұмсалым кезеңі барысында сақтайды; екіншіден, тұтастық сипатына ие, себебі сан алуан түрлі терминология аралық байланыстарды айқындайды.

Ал олардың арасындағы айырмашылықтар мәселесіне келер болсақ, ең алдымен өзгешелік құрылым тұрғысынан көрініс табады. Терминологиялар белгілі бір мөлшерде ретсіздікпен сипатталады, мәселен кәсіби тілде жартылай, толық емес терминологиялар орын алуы мүмкін. Екінші жағынан, олар термин синонимдерге, терминнің көпмағыналығына, термин-неологизмдерге, термин-архаизмдерге, жеке авторлық терминдерге және т.б. жол береді. Терминологиялық жүйелерге терминологияларға қарағанда екі маңызды ерекшелік тән келеді, олар: құрылымдылық пен жүйелілік. Яғни әрбір термин басқа құрылымдық бірліктермен тығыз байланысты болып келеді. Оларды негізінен мынадай қатынастар байланыстырады:

- а) қисынды және ассоциативтік қарым-қатынастар;
- ә) толыққандылық, яғни ұғымдар жүйесінің толықтығы.

Формалды тұрғыдан терминологиялық жүйелер сөзжасамдық аффикстердің тұрақтылығымен сипатталады, яғни біртекті ұғым атаулары үшін бірдей терминэлементтер қолдану үрдісі тән келеді. Мысалы, осы мәселеге қатысты профессор Ш. Құрманбайұлы: «...кейбір арнаулы сала терминдерін жасауда соңғы жылдары біршама өнімді жұмсалып жүрген жұрнақтардың бар екенін аңғаруға болады. ... энергетика саласында кейінгі жылдары *-қыш/-кіш*, *-ғыш/-гіш* жұрнағы арқылы жасалған терминдердің молайғандығы байқалады. Мәселен, *ажыратқыш* – *выключатель*, *электроқозғалтқыш* – *электродвигатель*, *араластырғыш* – *смеситель*, *қыздырғыш* – *нагреватель*, *жайтартқыш* – *молниеотвод*, *ауа жинағыш* – *воздухосборник*, *ауабаптағыш* – *кондиционер*, *ауа үрлегіш* – *воздуходувка*, *бу таратқыш* – *парораспределитель*, *вагонаударғыш* – *вагоноопрокидыватель*, *жерлендіргіш* – *заземлитель*,

*көбейткіш – умножитель, күлтұтқыш – золоуловитель, ағытқыш – расцепитель, оқшаулатқыш – изолятор, сақтандырғыш – предохранитель* т.б. терминдер. ...информатика және есептеуіш техника терминдерінің *-уыш/-уіш* жұрнағы арқылы жасалуы: *талдауыш – анализатор, жабдықтауыш – поставщик, жүктеуіш – загрузчик, қосындылауыш – сумматор, құжаттауыш – документатор, жинақтауыш – накопитель, шоғырлауыш – концентратор, шектеуіш – ограничитель, өңдеуіш – обработчик, модульдеуіш – модулятор, маршруттауыш – маршрутизатор, құрылмалауыш – конструктор, жөндеуіш – отладчик, жоспарлауыш – планировщик, сипаттауыш – описатель, есептеуіш – вычислительная, вычислительный, кодтауыш – кодировщик* т.б.», – деген қорытынды жасайды [50, 127-129 бб.].

Жалпы қазақ тілінде жалпықолданыстық лексикамен қатар белгілі бір кәсіппен, мамандықпен, қызметпен байланысты адам топтары қолданылатын сөздер мен айтылымдар да бар. Олар профессионализмдер деп аталып, бір мамандық иелерінің ауызекі сөйлеу тіліне тән келеді де, кей жағдайларда арнаулы атаулардың бейресми синонимдері болып табылады. Бұл сөздер сөздіктерден де орын алып, міндетті түрде «кәсіби» деген таңбамен беріліп отырады. Газет, журнал мәтіндерінде, көркем шығармаларда олар аталымдық қызметпен қатар бейнелі-көркемдік тәсіл ретінде де қолданылады. Әдетте әдеби тілде профессионализмдер кең қолданысқа ие болмайды, басқаша айтқанда олардың қолданыс аясы шектеулі болып келеді.

Дегенмен профессионализмдер әдеби тілдің барлық стильдерінде көрініс табады, бірақ олар түрлі стильдерде әртүрлі сипатқа ие болатыны да белгілі. Мысалы, ресми-іскери стильде атқаратын негізгі қызметі – сөйлеудің мәнмәтіндік және жағдаяттық мәнін нақтырақ жеткізу болса, олардың ғылыми стильде қолданылуы бірнеше міндеттермен байланысты:

- 1) ресми термин-атауы жоқ өндірістік нысанға атау беру мақсатында;
- 2) кәсіби лексиканың эмоционалдылығы мен бейнелілігі арқылы ақпараттың жеңіл игерілуін қамтамасыз ету;
- 3) профессионализмдердің қысқалығы мәтінді жақсы есте сақтап қалуға мүмкіндік береді;
- 4) ғылыми мәтіндерде терминдердің орнына профессионализмдердің қолданылуы тавтологияға жол бермеу және мәтіннің қисынын сақтау үшін жасалады.

Ал, олардың публицистикалық және көркем стильдерде қолданылу мақсаттары бірдей түсіндіріледі:

- 1) хабарлау немесе ақпараттық қызметі;
- 2) коммуникативтік қызмет;
- 3) сөйлеу тәсілдері мен сөйлеу күш-жігерін үнемдеу қызметі;
- 4) тілдің эмотивтік қызметі;
- 5) когнитивтік қызмет.

Кәсіби аталымдардың ресми терминдер мен номенклатуралардан лексика-тақырыптық топ тұрғысынан да айырмашылықтары бар. Өндірістік ақиқат болмысының нысандары мен үдерістерін атау барысында профессионализмдер

салаға қатысты білімдерді тіркеп қана қоймай, сонымен бірге сол реалийлерге деген сөйлеушінің қарым-қатынасын да білдіреді. Сонымен кәсіби лексиканың жұмсалым ерекшеліктері аталған сөздік қор қабатының белсенді өміршендігін дәлелдейді. Қазіргі тілдегі кәсіби сөздер ойлау қызметінің креативтілігін айқындайды, себебі олар елестету немесе қиял секілді психикалық үдеріспен тікелей байланысты болып келеді.

Шығармашылық ойлау үйлесімді, құбылмалы және бірегей болатыны сөзсіз. Аталған қасиеттердің барлығы кәсіби лексикаға тән, сол себепті де тіл мен ойлаудың креативтік қызметін ең бір толық айқындайтын құрал ол кәсіби сөздер деп қорытындылауға әбден болады. Кәсіби аталымдар түрлі өндірістік үдерістер, өндіріс құрал-саймандары, шикізат, жасалушы, шығарылушы өнім атауларын белгілеу үшін қызмет етеді. Сондықтан да арнаулы ұғымдардың ресми ғылыми атаулары-терминдерге қарағанда кәсіби атаулар негізінен ауызекі сөйлеуде қолданылып, нақты ғылыми сипаты жоқ «жартылай ресми» сөздер ретінде танылады [52, 373-379 бб. ].

Соңғы кездері ғылыми және техникалық терминологияға деген қызығушылықтың артуы тек тиімді терминологиялық жүйелер жасау жұмысының маңызымен ғана түсіндірілмейді. Терминдердің сөйлеудегі жұмсалымы үлкен мәнге ие болуы, ең алдымен көп жағдайда терминдердің практика жүзіндегі қолданысы олардың жалпы қабылданған сипатына сәйкес келе бермейтіні байқалады. Мысалы, терминдер эмоционалдық реңкке ие болып, мағына дәлдігін жоғалтып жатқан, немесе мәні жағынан бір-біріне толық сәйкес келетін дублет-терминдер екі түрлі қолданылып, бір-бірін алмастыра алмайтын секілді жағдаяттар жиі кездесіп тұрады. Мұның барлығы, атап айтқанда орныққан терминологиялық жүйелердің қайта құрылуына және жаңа терминжүйе жасалымына ықпал ететіні сөзсіз.

Біз қарастырып отырған мәселеге тікелей қатысты арнаулы лексиканың негізгі топтарының теориялық сипаты мәселесі өте маңызды, себебі олар тілдегі қолданысы бойынша да, жалпыәдеби тілге деген қатынасы бойынша да сан алуан түрлі болып келеді. Әдетте дәстүр бойынша арнаулы лексиканың мынадай топтарын жіктеп көрсетеді: 1) терминологиялық лексика; 2) кәсіби лексика; 3) әлеуметтік топтар лексикасы. Бұл жерде ең күрделісі арнаулы лексика аясындағы терминологиялық және кәсіби лексиканың арақатынасы болып саналады. Өйткені отандық, шетелдік те лингвистикалық әдебиеттерде бұл мәселені түрліше қарастырады, тұтас қабылданған көзқарас жоқ деуге болады. Соның салдарынан тілдің жалпы сөздік қорының әлеуметтік-кәсіби дифференциациясы мәселесі де түрлі-түрлі болып келтіріледі.

Басым көпшілігінде тіл мәселесіне қатысты әдебиеттерде кәсіби және терминологиялық лексика мүлдем ажыратылмайды, оның үстіне «кәсіби тіл» және «терминология» ұғымдары синонимдер деп келтіріліп жатады. Осыған байланысты, «терминология» ұғымы да ғылыми әдебиеттер әртүрлі анықтамалар бойынша берілетіні жасырын емес. Мәселен, неміс лингвистикалық әдебиеттерінде арнаулы лексиканың барлық түрлері «арнаулы тілдер» деген жалпы атаумен жинақталып беріледі және де «тіл» термині дәстүрлі түсінік бойынша анықталмайды (оның лексикасымен, грамматикасымен,

фонетикасымен деген секілді), ол лексиканың жеке бір қабаты болып сипатталады. Немістің белгілі тілтанушысы В. Шмидт өзінің еңбегінде жалпы ұлттық әдеби тілден арнаулы тілді ажыратып көрсетеді, автордың пікірі бойынша, олар өзіндік грамматикалық құрылымы мен сөздік құрамы бар өз алдына тіл бола алмайды [53, s. 65-66].

Арнаулы тіл әлеуметтік топтар тізімдері мен кәсіби тілден тұрады және олардың айырмашылығын ғалым В. Шмидт былайша түсіндіреді: «...әлеуметтік топтар тілін адамдар оқшау, бөліну мақсатында қолданса, кәсіби тілдердің басты міндеті белгілі бір саладағы білімді дәл беру болып табылады» [53, s. 67]. Яғни осы тұрғыдан келгенде, ғалымның пікірі әбден дұрыс, өйткені шын мәнінде терминдер жалпыәдеби тіл сөздерінің дублеттері емес, олар жалпы ұлттық сөздік қорды кеңейтеді, тереңдетеді және де оған арнаулы сипат қосып береді. Сондай-ақ ғалымның тұжырымдауынша, арнаулы тіл стандартты және бейстандартты терминдерден, жартылай терминдер (кәсіби сөздер) мен жаргон лексикасынан тұрады. Көрнекі түрде беретін болсақ:



Сурет 1 – Ғалым В.Шмидттің арнаулы лексика жіктелімі

Сонымен В. Шмидт концепциясы бойынша, кәсіби тілдің негізгі қызметі – белгілі бір сала мамандарының іскері тілдесімін қамтамасыз ету болып саналады және ғалымның пікірінше, дәстүрлі қалыптасқан көзқарас, яғни кәсіби тілді тек арнаулы лексикаға теңеу дұрыс емес. Ал тағы бір айта кететін мәселе, автор техника мен ғылым тілін функционалды стильге жатқызу да қисынға келмейді, себебі соңғысы тілдік тәсілдер қолданысының функционалды амалы болып табылады және кәсіби тіл жалпы тілден алынған грамматикалық пен бейтерминдік құралдардан тұрады, бірақ негізгі қабаты, әрине терминологиялардан жасақталады. Қорыта келгенде, В. Шмидттің концепциясы бойынша, ғылым мен техника тілі арнаулы лексика және функционалды стиль дегеннен әлдеқайда кең ұғым болып саналады [54, s. 10-21].

Тағы бір неміс ғалымы Л. Гофманның концепциясына назар аударатын болсақ, бүкіл тілдік коммуникация саласы өзінің кішігірім тілдерімен қамтылған белгілі бір кіші бөліктерден тұрады. Л.Гофманның айтуы бойынша, кәсіби тіл шектеулі коммуникация қолданысындағы барлық тілдік құралдардың жиынтығынан құралады [55, с. 37]. Сонымен В. Шмидт пен Л. Гофманның пайындауынша, кәсіби лексика мен терминология біркелкі лексикалық қабатты құрайды, яғни кәсіби лексика және терминологиялық лексика бір біріне толық сәйкес келетін тілдік бірліктер.

Орыс лингвистикасының классикалық еңбектерінде, мысалы О.С. Ахманованың «Лингвистикалық терминдер сөздігінде» кәсіби лексика мен терминологияда ортақ белгілер байқалады: мағынаның арнаулылығы, аталған топқа жататын сөздердің мүлдем жалпытілдік, лексика-семантикалық жүйелерге қарағанда өзгеше жүйеде жұмсалады [56, с. 176]. Д.Э. Розенталь мен Н.М. Шанский де өз еңбектерінде терминологиялық пен кәсіби лексиканы ажыратып көрсетпейді. Ал, Л.Р. Зиндер мен Т.В. Строеваның пікірінше, терминологияға сөйлеудің жазбаша түрі де, ауызша түрі де тән келетін болса, кәсіби лексика тек ауызекі сөйлеуде ғана болады [57, с. 123]. Э.Г. Ризель арнаулы лексика жіктелімі жайында былай деп көрсетеді: «кәсіби айтылымдар» болады, оған тек қана терминдер мен кәсіби сөздер ғана жатқызылмайды, сонымен бірге бейтерминдік сипаттағы жұмсалымдық-стилистикалық лексика да солардың қатарынан табылады» [58, с. 235].

Ғалым Н.С. Гаранина арнаулы лексика терминология мен кәсіби сөздерден құралады дей келе, оларды екі топқа бөледі, алайда жаргон сөздерді арнайы ажыратып көрсетпейді. Бұл ретте автор арнаулы лексикаға тән келетін үшінші топқа әдеби нормадан ауытқуы бар және кәсіби сөйлеуде болатын кәсіби-құрылымдық элементтерді жатқызады. Ғалым бұл тұжырымын былайша түсіндіреді: «... кәсіби лексика әдеби тіл құрамына кіреді, ал жаргон сөздер одан тыс орын алады... Кәсіби сөздер – стилистикалық тұрғыдан төмен, ауызекі сипаттағы сөздер мен сөз тіркестері, олар ауызша кәсіби тілдесімде ғана қолданылады» [59, с. 9]. Зерттеуші кәсіби сөздерге терминдерді ауызша дублеттерін, ресми-іскери және ғылыми сөйлеуде қабылданған сөз тіркестерінің дублеттерін жатқызады.

Осыған сәйкес көзқарасты Л.А. Капаназде де ұстанады [60, с. 97]. Ғалымның тұжырымдауынша, кәсіби лексиканың жалпыәдеби лексикадан басты айырмашылығы, оның құрамында белгілі бір заттың тар қолданысын немесе үдерістің нақты сипатын ажыратушы ондаған тілдік бірлігі болуы мүмкін. Ал әдеби тілде тек көпмағыналы және кең бір термин ғана болады. Осыған орай В.Н. Портянникова терминологиялық және кәсіби лексикасының арасын анық ажыратып беру керек деп санайды. Ең алдымен кез келген мамандықпен шектелетін лексика құрамы бойынша да, сапасына қатысы бойынша да, әртүрлі болып келеді: дефинитивтілік – бейдефинитивтілік, бейтарап – эмоционалдылық т.б. сияқты.

Шындап келгенде, автордың пікірінше, терминология да, кәсіби сөздер де тілдің бірдей әлеуметтік қызметін атқарады. Ол белгілі бір кәсіби салада коммуникация құралы болып табылады. Ал олардағы айырмашылық, автордың

ойы бойынша, «терминология – қазіргі ғылым мен техниканың арнаулы лексикасы дегенді білдіреді», «кәсіби лексика – қолөнер өндірісі кезінде дамыған лексика және қазіргі таңда ол реликт қабат болып, толық қазіргі терминологияға өз орнын берген тілдік бірліктер болып саналады» [61, с. 13]. Екіншіден, ғалымның көзқарасы бойынша, ғылыми-техникалық терминология жазбаша, кітаби сөйлеуге қатысты және де әдеби тіл құрамына кіреді, ал кәсіби лексика, негізінен ауызша сөйлеуде ғана қызмет етіп, жалпы әдеби сөздік қор құрамында орны жоқ, оның шеткері қабаттарына ғана жатқызылады.

Сонымен жалпы жасалуы мен қызметі бойынша ортақ себептермен түсіндірілетін терминологиялық лексика, В.Н. Портянникованың пікірінше, жалпы ұлттық тіл иелерінің барлығына қызмет етеді, кәсіби лексика, керісінше, тар кәсіби топ мүшелерінің коммуникациясына бағытталады деп, оларға теңіз ісі, тау-кен өндірісі, балық шаруашылығы, аңшылық, ұсталық іс секілді түрлерді жатқызады. Әрине В.Н. Портянникованың пікірімен толық болмаса да, жартылай келісуге болады, өйткені кәсіби лексиканың басым көпшілігі архаизмдер болып келеді. Алайда терминтанушы Д.С. Шелов атап көрсеткендей, кәсіби лексиканың нақты қандай тарихи қолөнері негізінде қалыптасқанын айқындау өте қиын мәселе. Себебі кей жағдайларда, терминология, сол кәсіп қалыптасқанға дейін пайда болатын тұстар да болады (тоқыма терминологиясы, қолөнер терминологиясы т.б.) [62, с. 137].

Лингвистикалық әдебиет талданымы көрсеткендей, кәсіби сөздер мен оралымдар деп жалпыәдеби сөздердің және арнаулы терминдердің дублеттерін түсінгеніміз жөн. Олардың мәні жалпымен қабылданған терминологиядағы немесе әдеби тілдегіден бөлініп ерекшелену болып табылады. Бұл міндет, ең алдымен, эмоционалдығы жоқ емес, метафоралық атаулар жасалымы арқылы жүзеге асырылады. Алайда бұл құбылыс қазақ тілінде нақты қалыптаса қоймағанын атап өткен жөн немесе ол көп жағдайда орыс тілінің ықпалымен іске асады, мысалы: *гиалурон қышқылы* → *гиалуронка* → *әжім кетіргіш*; *ерін далабы* → *губная помада* → *губнушка* → *ерінге жаққыш*; *тоналды крем* → *защитка* → *бетті тегістегіш* және т.б.

Қорыта келгенде, жоғарыда айтылғаннан мынадай түйіндеме жасауға болады, терминология мен кәсіби сөздер өзара ажыратылатын құбылыстар, себебі біріншісіне әдеби тілмен қабылданған «ресми», «заңды» сипат тән келсе, екіншісіне, керісінше «заңсыз», «жартылай ресми», «бейресми» белгілер негіз бола алады. Сонымен, біздің ойымызша, кәсіби сөздер мен айтылымдар белгілі бір мамандық иелерінің қолданысында болып, ауызекі сөйлеу тілінде де жиі кездесетін тілдік құбылыс ретінде қарапайым-тұрмыстық және эмоционалды реңкі бар терминдер дублеттері болып саналады.

Біздің көзқарасымыз бойынша, олар жалпыәдеби тілге ең алдымен эмоционалдық көркемділігінің арқасында сіңісіп жатады. Мәселен, терминдер мен кәсіби сөздер арасындағы бұл құбылыс, олар синоним жұп құраған жағдайда айқын көрініс табады: «*сұрме*» – «*кірпік бояғыш*», «*көзге арналған қарындаш*» – «*көз бояғыш*» т.б. Терминолог-мамандар үшін кәсіби сөздер табиғатын зерттеуге алу өте маңызды, өйткені олар көп жағдайда жалпыәдеби тіл қатарынан табылып, стилистикалық белгісін жойып, жаңа сөзжасам үлгісі де болуы мүмкін.



Ал олардың әдеби тілге өту үрдісі барлық тілдерде байқалады деуге де болады, себебі бұл үдеріс тілді үнемдеу, тілдік құралдарды үнемдеу заңдылығымен сипатталады [ 63, 95-99 бб.].

### **1.3 Терминологиялық жүйені талдаудың негізгі амал-тәсілдері**

Қазіргі таңда ғылыми білімнің қарқынды дамуы мен заманауи әлемге тән жаңартпа технологиялар мүмкіндіктерінің кеңеюі түрлі мамандық иелерінің назарын ғылым тілі мәселеріне аудартуда. Қазіргі тілтанымның басты стратегиялық бағыттарының бірі пәнаралық болып танылып жүргені белгілі [64; 66]. Ғалым З.И. Комарова былай деп жазады: «Пәнаралылық мәселесі терминологияны реттеу, терминдер мен терминологиялық жүйелердің қазіргі терминтанымдағы үндесімділігі ретінде түсініледі» [65, с. 16]. Осыған орай терминтанымда әрқалай түсіндіріліп жүрген «терминология» мен «терминжүйе» ұғымдарының арақатынасы маңызды сұрақтардың бірі болып табылады. Бұл ретте біз зерттеуімізде терминолог-ғалым В.М. Лейчик пікірімен толық келісеміз; «Терминология – бұл стихиялық немесе табиғи түрде қалыптасқан терминдер жиынтығы, ал терминологиялық жүйе саналы мақсатты түрде қалыптастырылатын терминдер жиынтығы» [66, с. 107].

Бұл пікірмен ғалым С.В. Гринев-Гриневичтің де көзқарасы сәйкес келеді: «Терминологиялық жүйе терминологияларды нормалау мен талдау, жүйелеу жұмыстарының нәтижесі болып саналады. Сол себепті де терминологиялық жүйе дегеніміз – сан алуан терминдердің арақатынасы тіркелген реттілігі» [67, с. 15]. Сондықтан терминологиялық жүйе терминдер жиынтығы ретінде нормалау мен біріздендіру нәтижесі болып, жүйелілік қасиеттерге ие категория. Сонымен қатар нормалау жұмысы терминологиялық жүйені қалыптастыру үшін ғана емес, сондай-ақ белгілі бір нақты білім саласының терминологиясын игеру үшін де аса маңызды. Нормативтілік аспектінің маңыздылығы көптеген ғалымдардың еңбектерінде аталған: В.П. Даниленко, Д.С. Лотте, И.Н. Волкова, Т.Р. Кияк, Т.Л. Канделаки және т.б. [8; 67-70].

Терминологиялық жүйе де терминология секілді тұрақтылық пен байланыстылыққа ие арнаулы мақсаттағы тіл шеңбері аясындағы табиғи тіл негізінде қалыптасады. Дегенмен терминологиялық жүйе өзінің біртұтастығымен және лексикалық бірліктерінің жоғары деңгейде ұйымдастырылуымен ерекшеленеді. Сонымен бірге терминологиялық жүйе қалыптасуы үшін сол салаға қатысты жалпы ұғымдар жүйесін сипаттайтын теория немесе концепция, арнаулы білім саласы болуы міндетті. Терминологиялық жүйелер қалыптасуы белгілі бір қызмет немесе білім саласының қалыптасуымен тікелей байланысты келеді және неғұрлым сала күрделі болса, соғұрлым жаңа заттар мен құбылыстар аталымына күрделі тілдік амал-тәсілдерді қажет етеді.

Мәселен, ғалым О.В. Борхвальд былай деп жазады: «Терминологиялық жүйе пайда болуы үшін ғылым, техника, өндірістік технологиялардың жоғары деңгейдегі дамуы, сондай-ақ ғылыми, оқыту, анықтамалық әдебиеттің болуы, тәжірибе мен ғылыми білімді беріп отыратын институттар қажет. Егер терминология стихиялы түрде қалыптасатын болса, терминологиялық жүйе

жасалуы үшін мамандардың терминдерді реттеудегі, болашақ терминологиялық жүйелер негізі терминология кемшіліктерін жоюға бағытталған саналы іс-әрекеттері керек» [72, с. 81]. Алайда «терминология» мен «терминологиялық жүйе» ұғымдарын сәйкестендіретін ғалымдар да жоқ емес: В.П. Даниленко, Б.Н. Головин, А.В. Барандеев, М.Н. Володина және т.б. [8; 73-75].

Бұл ретте ғалымдар мынадай көзқарастарды алға тартады: «Терминология мен терминологиялық жүйені синонимдер ретінде қарастыруға әбден болады, себебі кездейсоқ ұйымдасқан және жүйелі байланыспаған терминдер жиынтығы болмайды, өйткені әлемнің өзі жүйелі, ал терминология сол әлемнің белгілі бір бөлігі мен қырын сипаттап оған қызмет етеді» [73, с. 78]. Дәл осы көзқарасты М.Н. Володина да қолдайды: «Нақты бір ғылым саласының терминологиясы жәй ғана терминдер жиынтығы емес, ол «семиологиялық жүйе», яғни белгілі бір ұғымдар жүйесінің көрінісі және ғылыми дүниетанымның бейнеленуі» [75, с. 30].

Жалпы салалық терминологияларды талдау мен сипаттауға арналған зерттеу еңбектері аз емес, атап айтқанда: Г.А. Абрамова, Л.В. Ивина, С.Г. Казарина, С.Л. Мишланова, Т.Д. Михайленко, Б.А. Федорченко т.б. зерттеушілер [76-81]. Сонымен терминдер жиынтығы жүйе ретінде көрініс беретін болса, кез келген терминологиялық жүйені талдау барысында жүйелі, ал оның ішінде тілтанымдық, филологиялық, кәсіби-коммуникативтік ұстанымдарды қолдану қажет. Жүйелі аспект қазіргі жалпығылыми бағытты айқындап, тұтас жүйелі нысандар қасиеттерін анықтауға бағытталған. Оның ерекшелігі кез келген табиғат күрделі жүйесіне (қоғам, тіл, ағза т.б.) тән келетін ортақ заңдылықтарын айқындауға мүмкіндік береді.

Терминологияның өзара байланысқан ұғымдар жүйесіне сәйкес келуі логикалық жүйелілік болып табылады. Логикалық жүйелілік дегеніміз – ұғымдардың жіктемелік сұлбасы болып саналады. Ол арқылы мазмұн межесі тұрғысынан терминологияның бүкіл құрылымы айқындалады. Ал лингвистикалық жүйелілік терминдердің құрылымдық және мазмұндық жоспарлары сәйкестігімен тікелей байланысты болып келеді. Осы тұрғыдан алғанда терминологияны зерттеудің түрлі аспектілері болады: философиялық, тарихи, лингвистикалық, ақпараттық және техникалық. Осыған байланысты қазіргі терминтанымда оның бірнеше жеке зерттеу бағыттары бар:

- жалпы терминтаным;
- типологиялық терминтаным;
- салғастырмалы терминтаным;
- семасиологиялық терминтаным;
- ономасиологиялық терминтаным;
- тарихи терминтаным;
- жұмсалымды терминтаным және т.б.

Соңғы жылдары когнитивтік тілтанымның дамуына орай терминологияда жаңа бағыт қалыптаса бастағаны белгілі – когнитивтік терминтаным. Бұл бағыт аясында термин ұғымы мен терминологиялық жүйеге қатысты мәселелер жаңаша шешім табуда. Ғалым Л.М. Алексеева атап көрсеткендей: «Тілдік категория ретінде терминнің зерттелуі екі аспектіге негізделуі тиіс: жіктемелік

және жұмсалымдық (статикалық және динамикалық). Себебі жіктемелік бағыт шектелуі болып, тек бірқатар жүйелі қатынастардың сипатын ғана айқындай алады. Ал оның мынадай маңызды белгілері зерттеуден тыс қалып жатады: үдерістік, үдемелік, карама-қарсылық т.б. Олар тек жұмсалымды терминтаным аясында ғана дұрыс шешім табатыны белгілі» [82, с. 35].

Жұмсалымдық ұстаным тұрғыдан айқындалған көптеген аспектілерді когнитивтік лингвистика аясында қарастырған дұрыс, өйткені ол тілді қабылдау мен категориялау сияқты адам қабілетіне негізделетін когнитивтік қызмет ретінде анықтайды. Сондықтан қазіргі тілтанымдық ғылыми әдебиеттерде когнитивтік лингвистиканың төмендегідей қағидаттары атап көрсетіледі:

- категориялау қағидаты;
- құрылымдау қағидаты.

Негізінен барлық тілдерде базалық ұғымдар жиынтығы стандартты болып келеді. Сондай-ақ когнитивтік лингвистиканың аса маңызды қағидатының бірі – әрбір жағдаят тілдік амалдармен әртүрлі сипатталуы мүмкін деген қағида. Өйткені ғаламды вербалды және ойлау жүйесінде құрылымдастыру тәсілдері жіктелу, дәлдік дәрежесінің әртүрлі болуы мен көзқарас таңдалуына тәуелді болып келеді. Зерттеуші В.Ф. Новодранова: «Терминология ғылыми білім пайда болуының нәтижесі мен олардың даму құралы бола тұрып, ең алдымен когнитивтік ғылымдармен тікелей байланысты, әсіресе ақпарат теориясы мен когнитивтік психологиямен», - деп көрсетеді [83, с. 68]. Термин өз мазмұнында алынған ақпаратты тіркеу арқылы өзі де таным құралына айналады. Сөйтіп ол ғылыми білімдерді қорытындылауға, олардың әрі қарай жинақталып, келесі ғалымдар, болашақ зерттеушілерге жетуіне мүмкіндік туғызады. Терминологияның когнитивтік лингвистика шеңберінде зерттелуі сол сала білімінің концептуалдық үлгісі құрылымдастырылуын қамтамасыз етеді.

Кез келген терминологиялық жүйе күрделі құрылымға, формалды белгілері мен таңбалайтын ұғымдары, жүйеде алатын орны бойынша ажыратылатын терминдерге ие болып келеді. В.М. Лейчик терминологиялық жүйені талдаудың үш түрлі әдісін ажыратып көрсетеді. Олар:

- логикалық;
- лингвистикалық;
- терминтанымдық.

Логикалық ұстаным терминдерді күрделі, туынды, негізгі ұғымдарды белгілеуі, сондай-ақ түрлі дәрежелі абстракция ұғымдарын (тектік-түрлік терминдер) таңбалаушы бірліктері бойынша сұрыптап іріктеп беруге мүмкіндік берсе, лингвистикалық әдіс арқылы семантикасы мен формасы бойынша аталған терминологиялық жүйе терминдері қандай бірліктермен (зат есім, сын есім, етістік, үстеу, жай, туынды, күрделі сөздер және т.б.) берілгенін анықтауға болады. Ал терминтанымдық әдіс терминнің терминологиялық жүйедегі орнын көрсете алады [19, с. 124].

Келесі ресейлік ғалым К.А. Слосова терминологиялық жүйелерді когнитивтік тұрғыдан зерттеудің мынадай аспектілерін атап көрсетеді:

1) когнитивтік үдеріс ғылыми концептілердің пайда болуы мен қалыптасуынан, ғылыми білімнің тіркелуі мен берілуінен тұрады, ал бұл

үдерістің негізгі таным құралы терминдер болып саналады;

2) терминдер арнаулы ғылыми концептілердің тілдік белгіленуі ретінде кәсіби білім репрезентацияның амалы болып табылады;

3) ғылыми сала ерекшелігі категориялау мен концептуалдау ерекшелігін айқындап, концептосфера және концептілердің тілдік репрезентация тәсілдеріне әсер етеді;

4) сөз мағыналарының астарында олармен тығыз байланысты когнитивтік мәндер көрініс табады, ал оларды тек арнайы әзірленген тіл элементтері арқылы ғана сипаттап беруге болады: фреймдер мен графтар;

5) тілдің коммуникативтік аспектісі лингвистикалық талдау орталығына дискурсты орнатады, тілдесім жағдаятына алынған мәтінді [84, с. 10-11].

Қазіргі таңда ғылыми әдебиеттерде кез келген терминологиялық жүйе сипатының маңызды белгілерін анықтаудың өлшемшарттары әзірленіп берілген. Мысалы, ғалым С.В. Гринев-Гриневиц мұндай өлшемшарттардың 4 түрін атап көрсетеді.

Тарихи сипаттамалар тобына мыналар жатқызылады:

- терминологиялық жүйенің қалыптасқаннан бергі уақыты;
- пайда болуы жайындағы мәліметтер (терминдер сәйкестігімен, түрлі жасалым тәсілдері арқылы анықталады: семантикалық, морфологиялық, синтаксистік, морфологиялық-синтаксистік, кірме термин қабылдау т.б.);
- тұйықтығы, оқшаулығы (өз терминдері мен сол тілдегі басқа терминологиялардан алынған терминдер сәйкестігі);
- жасалым үлгісі (бірқатар ғылымдардың өзара әрекеттестігі нәтижесінде пайда болған кешенді ғылымдар; басқа бір ғылымнан бөлініп шығуы т.б.).

Формалды белгілер тобы:

- терминологиялық жүйе көлемі (микротерминологиялар 100-ге дейін терминді құрайды; мезотерминологиялар – 100-ден 1000 терминге дейін; макротерминологиялар – 1000-нан астам терминнен тұрады; мегатерминологиялар – 10000-нан астам терминді құрайды);
- құрылымдық көлемі (құрылымдық типтерінің сәйкестігі мен түрлері);
- терминдердің орташа ұзындығы (лексикалық – терминді құрайтын сөздердің орташа санымен өлшенеді; таңбалық – терминдегі таңбаның орташа санымен айқындалады);
- терминологиялық формалардың уәжділігі (әртүрлі уәжді терминдер типтерінің сәйкестігі).

Үшінші топты семантикалық сипаттамалар құрайды. Оларға мыналар жатқызылады:

- заттық қатыстылығы (оған сәйкес ғылыми, пәндік, тар салалық, техникалық, салалық терминологиялар ажыратылып көрсетіледі);
- толыққандылық (лакуна жоқтығы);
- семантикалық тұтастық (терминологияның негізгі корпусынан ажырап кеткен бөлшектердің болмауы);
- терминологияның ұғымдық изоморфтылығы (омонимдер, көпмағыналылық, синонимдер үлесін анықтау);
- абстрактілік/нақтылық және категориалдық сәйкестілік (түрлі

категориялар ұғымдарын білдіретін терминдердің арақатынасы);

- құрылымдастырылғандық – сатылы тәуелділік деңгейі (сатылы тәуелділік қатынас білдіретін терминдер мен ассоциативтік байланыстылы терминдердің пайыздық арақатынасы).

Төртінші топ терминологиялардың жұмсалымдық сипаттамаларынан тұрады:

- терминологияның нормативтілігі;
- терминдердің жалпыға артық қабылданғандығы;
- терминологияның қолданыста болуы [67, с. 66-77].


Көрнекі түрде беретін болсақ:

Кесте 1– Терминологиялық жүйе сипатын анықтаудың өлшемшарттары

Терминологиялық жүйе сипатын анықтаудың өлшемшарттары	
тарихи сипаттамалар	1) уақыты; 2) пайда болуы жайындағы мәліметтер; 3) тұйықтығы, оқшаулығы; 4) жасалым үлгісі.
формалды сипаттамалар	1) көлемі; 2) құрылымдық көлемі; 3) орташа ұзындығы; 4) уәжділігі.
семантикалық сипаттамалар	1) заттық қатыстылық; 2) толыққандылық; 3) семантикалық тұтастық; 4) изоморфтылық; 5) абстарктілік/нақтылық; 6) құрылымдастырылғандық.
жұмсалымдық сипаттамалар	1) нормативтілік; 2) жалпыға ортақ қабылданғандық; 3) қолданысы.

С.В. Гринев-Гриневицтің жоғарыда келтірілген жіктелімі ғалым С.Г. Казариновамен толықтырылған болатын. Зерттеуші терминологиялық жүйелерді сипаттайтын қосымша екі өте маңызды өлшемшарт ұсынды:

- тұтастылық (ішкі жүйелік байланыстардың болуы);
- терминжасам үлгілері (бастапқы ғылым терминологиясы негізінде қалыптасқан; контаминациялық – екі білім саласы негізінде пайда болған; гетерогенді – бірнеше терминологиялық жүйелер негізінде жасалған; гомогенді – жасалымға бір ғана білім саласы қатысты) [85, с. 73]. Яғни «сұлулық индустриясының» терминологиялық жүйесі терминжасам үлгісі бойынша гетерогенді болып табылады. Себебі бірқатар ғылым мен білім саласының негізінде пайда болған:



Сурет 2 – Терминологиялық жүйенің басқа ғылым, білім салаларымен арақатынасы

Жоғарыда келтірілген өлшемшарттарды талдай келе, терминологиялық жүйе сипаттамаларының барлығын екі топқа бөліп көрсетуге болады: лингвистикалық және лингвистикадан тыс. Егер лингвистикадан тыс сипаттамалар терминологиялық жүйе пайда болуының уақыты, орны, жері, таралым және жасалым, қажеттілік себептері жайында ақпарат беретін болса, таза лингвистикалық сипаттамаларға мыналарды жатқызуға болады: терминологиялық жүйе жасалымының үлгісі, құрылымдық өлшемдері, терминологияның жүйелілігі, ал олар өз кезегінде терминологияның дербестік дәрежесін, оның тұтастығы мен толыққандылығы, сондай-ақ термин-синонимдер болуы т.б. жайында мағлұмат бере алады.

Кесте 2 – Терминжүйенің лингвистикалық және лингвистикадан тыс белгілері

Терминологиялық жүйенің лингвистикалық белгілері	Терминологиялық жүйенің лингвистикадан тыс белгілері
1) терминологиялық жүйе жасалымының үлгісі; 2) құрылымдық өлшемдері; 3) терминологияның жүйелілігі.	1) уақыты; 2) орны; 3) жері; 4) таралымы; 5) жасалымы; 6) қажеттілік себептері.

Яғни кез келген терминологиялық жүйенің қалыптасуы үнемі көптеген факторларға тәуелді күрделі үдеріс болып саналады. Терминологияны талдау мен зерттеу барысында, ең бастысы енді ғана қалыптаса бастаған терминологиялық жүйелерге жете мән берген жөн деп санаймыз. Себебі олар арқылы жаңа терминдер жиынтығының жасалу заңдылықтары мен ерекшеліктерін терең әрі жан-жақты зерделеп қарастыруға болады. Мұндай жаңа терминологиялық жүйелер әдетте құрылымдастырылу, терминдердің өзара қатынастары бойынша әбден қалыптасқан жүйелерге қарағанда соншалықты күрделі бола бермейтіні белгілі.

Жоғарыда аталған өлшемшарттарды ескере отырып, терминдерге жүргізілетін терминологиялық жұмыстар негізінен мына іс-әрекеттерден тұрады деген пайымдау жасауға болады деп санаймыз:

1) логикалық іс-әрекеттер (терминнің мазмұнын дефинициясы арқылы анықтау; белгілі бер терминологияда орын алатын терминнің тілдік және логикалық жүйелілігін қамтамасыз ету; термин ақпараттылығын қамтамасыз ету; белгілі бір сала арнаулы ұғымдар жүйесінің терминдер жиынтығымен толық қамтамасыз етілуі);

2) терминдерге жүргізілетін тілдік іс-әрекеттер (барынша термин көпмағыналылығын азайту; термин ұзындығының тиімділігін сақтау);

3) терминологиялық іс-әрекеттер (оның нәтижесінде термин өзінің терминологиялық жүйесінің толыққанды мүшесі болып қалыптасуы қажет; теория талаптарына сәйкес келуі керек; тілдік және логикалық құрылым белгілеріне ие болуы тиіс).

Ал, ғалым С.В. Гринев-Гриневиц терминологиялық жұмыстардың бірқатар бағытын атап көрсетеді:

1) терминдерді түгендеу (салаға қатысты бүкіл терминдердің жинақталып сипатталуы);

2) терминологияның реттелуі (белгілі бір білім саласы ұғымдарының категориялар бойынша жүйеленуі; ұғымдардың жіктемелік кестелерінің жасалуы; терминологияның семантикалық, құрылымдық, этимологиялық, жұмсалымдық және диахрондық талдануы; терминдердің нормалануы; біріздендіру мен оңтайландырылу; терминологиялық жүйенің кодификациялануы; терминологиялардың тіларалық реттелуі);

3) терминдердің жалпы жүйесі шеңберінде жеке терминологиялардың

үйлестірілуі;

4) жаңа білім салалары терминологиялық жүйелерінің құрылымдастырылуы мен жобалануы;


5) терминографиялық жұмыс (арнаулы лексика сөздіктерінің әзірленуі);

6) терминологиялық редакциялау жұмыстары (қолданыстағы терминология дұрыстығын бағалау);

7) құжаттардың терминологиялық сараптамасы;

8) терминологиялық аударма (кірме терминдер мен ұлт тілі негізінде жасалған терминдердің арақатынастық сәйкестігін орнату);

9) ақпараттық-терминологиялық қызмет көрсету; мамандар даярлау үшін қажетті терминологиялық оқыту істерін жүргізу [67, с. 17].



Сурет 3 – Сұлулық индустрия терминдерінің жасалымы бойынша сандық арақатынасы

Сонымен терминологиялық жұмыстар барысында белгілі бір саласының ұғымдарын анықтап жіктеп, сұрыпталған арнаулы лексемалардың түрлерін талдап көрсету қажет, сонымен бірге аталған терминологиялық жүйенің ерекшелігін айқындап, семантикалық мәселелерінің шешілуін қамтамасыз ету және ең бір сәтті шыққан терминдер формаларына іріктеу жұмыстарын жүргізу керек т.б.

Қазіргі тіл білімінің соңғы он жылдығында терминдер аудару мен салалық терминологиялық сөздіктерді құрастыру мәселесі ең бір көкейкесті сұрақтардың бірі болып жүргені белгілі. Бұл мәселе үздіксіз жүріп жатқан жеке терминологиялық жүйелер дамуы мен қалыптасуы үдерісімен тікелей байланысты. Қазіргі ғалымдар үшін терминологиялық жүйелердің реттілігі мен жүйелі сипаттамасы мәселесі үлкен қызығушылық танытуда. Терминдер аудармасының басты ерекшелігі аудармада терминологиялық бірліктердің



мазмұндық дәлдігін сақтау, сәйкестілікке қол жеткізу міндетті шартында болып саналады. Жалпы алғанда ғылыми-техникалық мәтіндерге тән ерекшеліктер, олар: ақпараттылық, қисындылық, дәлдік және объективтілік.

Алайда ғылыми-техникалық мәтіндерді аударумен байланысты ең күрделі мәселелердің бірі, ол бастапқы мазмұнды басқа терминологиялық жүйе көмегімен жеткізіп беру болып саналады. Өйткені кез келген терминологиялық жүйе ұлттық тіл лексикасының бір бөлігі болып табылады. Яғни сол тілдің ұлттық-мәдени ерекшелігін айқындап, сол білімнің заттық-ұғымдық саласын көрсетеді. Ал ол өз кезегінде түрлі халықтарда даму деңгейіне орай әрқалай болуы заңды құбылыс деп санаймыз. Аудармашыға бір ғана балама болған жағдайы қиындық келтірмейтіні белгілі, ал бірнеше балама болу жағдайында ең бір бара-бар келетін нұсқаны таңдап алу оңай бола бермейді.

Бұдан да күрделі жағдаят кірме терминнің баламасы болмаған жағдайда туындайды. Аударма теориясында бейэквивалентті терминдерді аударудың негізгі әдістері әбден анықталған және олар кәсіби аудармашылар мен мамандардың қолданысында қызмет етіп келе жатқаны анық. Мәселен біз оларды төртке бөліп көрсетуімізге болады:

1. Өзге тілді терминнің материалдық қабылдануы. Бұл ретте, транскрипциялану мен транслитерациялануының және қысқаша түсініктемесінің ережелері сақталуы қажет.

Осыған байланысты атап кететін мәселелердің бірі: «Аудармашылық транскрипция дегеніміз – аударушы тіл фонемалары арқылы бастапқы лексикалық бірліктің формалды әрбір фонемалық жасалуы, яғни бастапқы сөздің фонетикалық имитациясы. Транслитерация – аударушы тіл әліпбиі арқылы бастапқы лексикалық бірліктің әрбір әріптік жасалуы» [84, с.63]. Бір жағынан қарағанда, бұл тәсіл терминологиялық жүйелердің интернациалануына алып келеді, ал екінші бір жағынан жалпы терминологиялық жүйеде кері жағдаяттарға итермелейтін негізсіз кірме қабылдау амалына айналуы мүмкін.

2. Семантикалық калькалау тәсілі, егер кірме термин семантикалық тасымалдау нәтижесінде пайда болса.

Ғалымдардың анықтауы бойынша, калькалау «аударушы тілдің сәйкес келетін элементтері арқылы сөздің (морфеманың) немесе фразаның (лексеманың) құрамдас бөліктерінің аударылуы, яғни бұл дыбыстық жасалымға келмейді» [86, с. 88]. Терминдерді калькалау барысында не сөздің құрылымы аударылып, не сөз тіркесінің түрі жасалады. Жалпы калькалау әдісі бастапқы терминнің форма элементтерін немесе қызметін сақтап қалу және аударма мәтінінде мән-мағыналық бірлік беру қажеттілік жағдайында қолданылады.

3. Сөзбе-сөз аударма. Бұл аударма түрінде түрлі тілдердің терминжасам үрдістерін ескеру қажет.

4. Өзге тілді терминді сипаттама тәсілі арқылы аудару. Бұл амал, негізінен тұрақты сөздік сәйкестік болмаған немесе бастапқы және аударушы тілдерде мағыналық қызметтер сәйкес келмейтін жағдайында қолданылады. Арнаулы мәтін рецепторына негізгі ақпарат көлемін жеткізуші аударушы және бастапқы тілдер терминдер сәйкестілігі аударма барысында мәтіннің дәл әрі толық берілуін қамтамасыз ету үшін қажет.

Сөйтіп арнаулы мәтіндердегі терминдер жұмсалымын талдау негізінде олардың жүйелік байланыстарын айқындау парадигматикалық қатынастарды орнатуға мүмкіндік туғызады. Бұл парадигматикалық қатынастарға термин терминологиялық жүйе мүшесі болғаннан бастап ие болады. Аталған қатынастар терминнің белгілейтін ұғым көлемін, оның терминологиялық жүйеде алар орнын, аударма тіліндегі логикалық бірлікпен қаншалықты дәл термин мағынасы берілгенін анықтауға мүмкіндік береді.

#### **1.4 Сала терминдерінің ғаламның ғылыми бейнесін айқындаушы құрал ретіндегі ерекшеліктері**

Адамзат үнемі өзі қоршаған әлемді түсінуге, білім қоры жинақталған деңгейіне сәйкес табиғат құбылыстарын түсіндіруге, белгілі бір ғалам бейнесін жасауға талпыныс жасап келген. Қазіргі кезде қалыптасқан түсінік бойынша «ғалам бейнесі» өте күрделі құбылыс және оны зерттеу үшін кешенді, пәнаралық әдіс қажет. Осы орайда Л.И. Гришаева мен М.К. Попованың пікірінше: «Ғалам бейнесін зерттеудің күрделілігі, ең алдымен оның толық заттық болмауымен байланысты. Ғалам бейнесі танымдық қызмет үдерісі барысында адам миында әлемнің біртұтас бейнесі, яғни әлем жайындағы барлық мәліметтердің менталды репрезентациясы», – [87, с. 25]. Ресейдің белгілі ғалымы З.Д. Попова аталған мәселені былайша түсіндіреді: «Ғалам бейнесін қоғам (бір топ немес жеке) санасында қалыптасқан ақиқат болмыс жайындағы ретті білім жиынтығы деп білу қажет» [88, с. 4].

«Ғалам бейнесі» сөз тіркесі терминологиялық та, метафоралық та мағынасында қазіргі зерттеулерде, мейлі гуманитарлық болсын, сондай-ақ жаратылыстану ғылымдарында да өте жиі кездеседі. Сонымен бірге қазіргі зерттеулерде оның мынадай түрлері аталып жүр: ғылыми, концептуалды, тілдік, философиялық, физикалық, биологиялық, механикалық рухани-мәдени және т.б. ғалам бейнелері. Ал ғалам бейнесінің қызметтері Б.А. Серебренниковтің пайымдауы бойынша мыналардан тұрады: «...қоршаған әлем нысандары атау қызметі, олардың қасиетін, қабілетін, қарым-қатынастарын, үдерістерін айқындау; тілден тыс болмыстың категориялануы нәтижелерін экспликациялау қызметі; тілден тыс болмыста бағыт-бағдар беру қызметі; белгілі бір мәдениет нысандарын таныту қызметі; әлеуметтендіру қызметі» [89, с. 69].

С.А. Моисеев: «Ғаламның жалпы ғылыми бейнесі ұғымын» ұсынып «ол нақты ғылымдардан биік тұратын философия аясында қалыптасатын ғалам бейнесі, ал оның негізінде басқа жеке ғаламның ғылыми бейнелері пайда болады», – деп көрсетеді [90, с. 129]. Яғни, ғаламның ғылыми бейнесі «ғалам бейнесі» жалпы ұғымының бір бөлігі іспеттес, себебі ол ғылыми білімнің жүйеленуі формасы, түрлі ғылыми теориялардың жинақталып қортындылануы болып саналады. О.А. Корнилов: «Ғаламның ғылыми бейнесі – әлем жайындағы ғылыми білімдердің жиынтығы; адамзат қоғамының қазіргі даму кезеңінде барлық жеке ғылымдармен жасалған білім қорытындысы», - деп анықтайды [91, с. 9].

Жалпы бұл ұғым әмбебап сипатқа ие болып келеді. Себебі ол әлем туралы білім салаларының барлығын қамтиды: әлем, қоғам және адам жайында. Осыған

орай, қоғамдық ғылымдар саласы да өзінің біршама субъективизміне қарамастан, тәжірибесі мен білімдері ғылым дамуы үшін маңызы орасан зор болады. Жаратылыстану мен қоғамдық ғылымдар әлемді, құбылыстарды, қоғам мен адамды жан-жақты қырынан қарастырып, бірнеше түрлі ғылыми мектептер мен ғылыми бағыттардың пайда болуына негіз болады. Ал мұның барлығы ғылым мен ғаламның ғылыми бейнесінің дамуына алып келері сөзсіз.

Ғаламның ғылыми бейнесі ғылыми нәтижелердің жинақталып қорытындылануының қатаң жүйесі: адамзат дамуының белгілі бір тарихи кезеңіне сәйкес келетін ғылыми танымның түрлі салаларының жетістіктерінен құралады. Ол ғалам туралы логикалық, объективтік және дәлдігімен ерекшеленетін білімді айқындайды. Әлем туралы ғылыми білім үнемі көбейіп, кейбір ұстанымдар мен заңдар қайта қаралып, толықтырылып, өңделіп, ал кейбіреулері мүлдем жоққа шығарылып жатады. Дәстүрлі терминдер мен ұғымдар жаңа мазмұнмен толықтырылады. Өйткені жаңа білімнің пайда болуы жаңа ұғымдарға алып келеді, ал ол өз кезегінде жаңа терминдердің жасалымына ықпал етеді. Ғалымдардың пікірінше, ғаламның ғылыми бейнесінің дамуы эволюциялық және төңкерістік кезеңдердің алмасуы арқылы жүзеге асырылады.

Эволюциялық кезеңде ғаламның ғылыми бейнесі, оның іргелі өзегі мен жалпы ғаламының ғылыми бейнесіне қарсы келмейтін заңдар мен ұғымдармен, идеялармен толығып отырады. Ал төңкерістік кезеңде ғаламның ғылыми бейнесінің модель ретінде ауысуы жүзеге асырылады. Сондықтан да, өзгерістер нақты ғылымның өзегінен орын алған жағдайда, ғылымының өзінде және сондай-ақ қоғамдық санада ауқымды резонансқа алып келетін ғылыми төңкеріс болады. Ғаламның ғылыми бейнесі теориялық білімнің ерекше формасы ретінде объективтік әлемді мейлінше адекватты түрде анықтауға талпыныс жасайды. Егер ғаламның ғылыми бейнесінде өзгеріс болмаса, ол ғылыми үдеменің аяқталуы алып келер еді. Алайда таным шегі жоқ құбылыс, себебі әлемді аяғына дейін танып білу мүмкін емес, яғни таным құбылысы үздіксіз жалғаса беретін үдеріс.

Бір топ ғалымдар ғаламның ғылыми бейнесі құрылымында орталық теориялық өзек, іргелі қосымшалар мен жеке теориялық үлгілер болатынын атап көрсетеді [92, с. 185]. Орталықтық теориялық өзек нақты ғылыми константалар жиынтығынан құралып, барлық ғылыми теорияларда өзгеріссіз сақталады, өйткені ол белгілі бір дәрежедегі тұрақтылыққа ие. Іргелі қосымшалар деп отырғандары – теориялық постулаттар жиынтығы, яғни универсум дамуы заңдылықтары жайындағы көзқарастар, жүйедегі өзара әрекеттестік тәсілдері. Ғаламның ғылыми бейнесі жай ғана ғылыми көзқарастар тізбегі емес «негізгі табиғи ғылыми ұғымдар мен қағидаттардың синтезі және жалпылануы нәтижесінде пайда болатын әлемнің заңдылықтары мен жалпы қасиеттері жайындағы біртұтас көзқарастар жүйесі» [93, с. 40].

Ғылым әмбебаптылық бағытына қарай талпыныс жасайтыны белгілі. Өйткені барлық тілдік қауымдастықтар үшін ғаламның ғылыми бейнесі бірдей болып келеді. Жалпы алғанда ол бір тіл ерекшелігіне, халықтың салт-дәстүріне, діліне, ұлттық мәдениетіне тәуелсіз құралады. Барлық әлемге қатысты теориялық және практикалық ғылыми білімдер тілдік формаларда тіркеледі. Тіл

адам қызметінің барлық түрлеріне қызмет етеді, себебі ол арқылы адам өз таным қызметінің нәтижелерін тіркеп отырады. Сондықтан тілдің болуы, бұл ең алдымен, адамның когнитивтік қабілетімен тікелей байланысты. Әлем туралы ғылыми білімдер ғылым тілінде тіркеліп, ал ғылым тілі арнаулы мақсаттағы тілдер категориясына жатқызылады.

Арнаулы мақсаттағы тілдер табиғатына орай ауызша-тұрмыстық немесе жалпы мақсаттағы тілдерге қарама-қарсы қойылып жатады. Соңғылары қоғамдық қатынастардың арнаулы емес салаларында қолданылады. Алайда, арнаулы мақсаттағы тілдер де, күнделікті тілдесім тілдері де сол бір табиғи тілдің кішігірім жүйелері болып саналады. «Арнаулы мақсаттағы тілдердің қолданыс шеңбері шектеулі болып келеді: олар өз ұғымдары мен категорияларын ғана пайдаланатын арнаулы саламен шектеледі, нақты айтқанда терминологиялармен. Терминология ғылыми ұғымдар мен категорияларды белгілейтін жиынтық ретінде кез келген ғылымның өзегін айқындайды» [91, с. 11].

Тіл зерттеушілерінің барлық дерлік ғаламның ғылыми және тілдік бейнелерінің салыстырып қарастыруға талпынады. Мәселен, терминолог ғалым В.П. Даниленконың пікірі бойынша: «...ғаламның тілдік бейнесі ғылымға қатысты тек қосымша қызмет қана атқара алады. Себебі, ғылыми білімдердің басты дереккөзі болып объективтік шындық саналады» [94, с. 17]. Бұл ретте, ғаламның тілдік бейнесі үнемі субъективтік екенін айтып кеткен жөн. Сондықтан да Б. Уорфтың мына пікірімен келісеміз: «Ғаламның ғылыми да, тілдік бейнесі де қоршаған әлемді талдау жүйесін айқындайды». Сөйтіп автор ғалам бейнесінің ғылыми және тілдік түрлерінің төмендегідей негізгі белгілерін келтіреді: ғаламның тілдік бейнесі ғылымиға қарағанда әлдеқайда бұрын пайда болып, ақпараттық тұрғыда оған қарағанда толық әрі көлемді, сонымен бірге сан алуан қарама-қайшылықтары да өте көп. Ғалым мынадай қорытынды жасайды: «ғылыми білімінің негізгі дереккөзі объективтік шындық емес, ғаламның тілдік бейнесі болуы қажет» [95, с. 190].

«Ғаламның тілдік бейнесі дегеніміз – сол бір тілдік ұжымның қарапайым санасында тарихи тұрғыда қалыптасқан ақиқат болмыстың концептуалдау тәсілі, тілде көрінісі тапқан әлем туралы түсініктердің жиынтығы», – деп қорытындылайды ғалым О.А. Радченко [96, с. 15]. Концепт мәселесіне келер болсақ, ол менталды жасалым ретінде ғалам бейнесін талдау мен сипаттаудың бірлігі, яғни әлем жайындағы мәліметтерді сақтаушы тілдік категория болып саналады. Ю.Д. Апресянның анықтауы бойынша: «Ғаламның тілдік бейнесі сол тілге тән дүниетанымның ерекше тәсілі, ол мәдени маңыздылыққа ие болып келеді, себебі оны басқа тілдерден ажыратып ерекше етіп көрсететін де сол» [97, с. 23]. Ғаламның тілдік бейнесін нақты бір тілдік қауымдастық әлем жайында өз түсінігін өзінің қазіргі дамуы кезеңінде емес, тілінің қалыптасуы кезінде тіркейді.

Белгілі ғалым С.Г. Тер-Минасова тілді: «қоршаған орта айнасы; ол қоршаған ортаны жай ғана айқындап қоймай, сонымен бірге өз ғалам бейнесін қалыптастырады; ол әрбір халық, этнос тобы, сөйлеу ұжымы тілі үшін ерекше және бірегей болады» [98, с. 38]. Яғни, ғаламның тілдік бейнесі ақиқат болмысты

ғаламның мәдени бейнесі арқылы айқындап, ал болмыс концептуалдануы бір жағынан әмбебап болса, ал екінші бір қырынан ұлттық ерекше болып танылады, себебі түрлі тіл иелері әлемді өз тілдерінің өзгешілігіне орай әртүрлі түсіндіреді.

Біздің ойымызша, ғаламның ғылыми бейнесі де әрбір ұлттық тілде ұлттық терминологияларды қалыптастыру арқылы ғана бейнелеудің ұлттық формасына ие болады. Дегенмен ол ғаламның ғылыми бейнесінің мазмұндық жағына бара бермейді, тек әмбебап білімдерді нақты тілдік қауымдастық қажеттілігіне бейімдейді. Осы тұрғыдан келгенде, сол тілдің өз ғылыми мектебі, ғылыми дәстүрі болуы маңызды. Ғаламның ғылыми бейнесі ұлттық тіл негізінде тек сол тіл иелерінің ғылыми білімнің бүкіл спектрі бойынша ғылыми зерттеулер жүргізген жағдайында ғана қалыптасады.

Жоғарыда атап өткеніміздей, ғаламның ғылыми бейнесі жеке ғылымдардың терминологиясында тіркеледі. Ал олардың құрылымды жіктелуі бөлек терминологиялық жүйелерге жіктелуі арқылы жүзеге асырылады. Терминологиялық жүйелер ғаламның ғылыми бейнесінің үзінділері болып табылады. Өз кезегінде ғаламның тілдік бейнесінің үзінділері лексика-семантикалық топтардан құралады. Ғылыми атаулар саласында тұрмыстық сөздің лексикалық мағынасына ғылыми дефиниция жауап береді. Лексикалық мағына мен ғылыми дефиниция сөздің тұрмыстық және ғылыми ұғыммен арақатынасына орай түрлі типтегі ақпаратты жүзеге асыруымен ерекшеленеді.

Ғылыми дефиницияның лексикалық мағынадан басты айырмашылығы онда еркіндік деңгейінің мүлдем болмауында: лексикалық мағына – мағына көлемі тұрғысынан еркін болып келеді (әдетте ажыратушы сема көлемі 2 мен 6-ның аралығында болады) және мән-мағына ажыратушы белгілер сипаты да өзгеше көрініс табады (өзек семаны айқындауда түрлі аспектілер экспликацияланады). Ғылыми ұғым аталушы нысанның бүкіл сипаттамаларын айқындауға тырысады және бұл сипаттамалар сол ғылыми білім саласына релевантты болуы қажет. Керісінше лексикалық мағынаға таңбаланушы нысан мен сөз сәйкестендірілуі үшін ең минималды дефиниция керек болады.

Ғаламның ғылыми бейнесінің логикалық ұйымдастырылуы ғаламның тілдік бейнесінің логикалық ұйымдастырылуынан әлде қайда күрделі. Жеке ғылымның мазмұн межесі тұрпат межесінде, яғни аталған ғылымда қолданылатын бүкіл ұғымдар номенклатурасының айқын құрылымдастырылуында көрініс табады. Кез келген терминология мен терминологиялық жүйенің элементі – термин болып табылады. Термин лексикалық бірлік ретінде ғылыми ақпаратқа ие болушы арнаулы ұғым атауы. Дәл осы термин адамдардың ғылыми-танымдық қызметі мен тәжірибесі нәтижелерін белгілеп, ғаламның ғылыми бейнесін айқындаудың бірден бір амалы.

Терминологиялық бірліктер ерекшелігі мен маңызын анықтаудың көптеген қиындықтары зерттеуші А.К. Сулейманованың пікірінше: «...терминнің екі жақтылық табиғатымен байланысты. Жалпы ұлттық тілдің бірлігі ретінде термин сол тілдің лексика-семантикалық жүйесіне қатысты, яғни жалпықолданыстық сөздерге тән келетін бүкіл лексика-грамматикалық қасиеттерге ие бола алады. Ал өз кезегінде термин ретінде ғылым тілінің бірлігі бола тұрып, арнаулы ұғымды белгілеп, тек белгілі бір терминологиялық өріс шеңберінде, нақты бір

кішігірім тілдің терминдер жүйесінде ғана орын алады» [99, с. 39].

Қазіргі таңда терминология мәселелеріне арналған ғылыми еңбектерде «термин» ұғымын анықтауда бірауыздан қабылданған түсінік жоқтың қасы. Бұл ең алдымен әрбір ғылым саласы өз көзқарасы тұрғысынан маңызды деп санайтын термин белгілерін алға тартуында болса керек. Аталмыш мәселе ұғым күрделілігінен ғана емес, сондай-ақ жалпы терминологиялық лексиканың біркелкі еместігімен айқындалады. Өйткені оларда ғылыми, жалпытехникалық, кәсіби қабаттар, нақты терминдер мен номенклатуралық белгілер де орын алатыны белгілі.

Тіл күрделі таңбалар жүйе, ал термин сол тілдің лексикалық жүйесінің элементі ретінде ұғым таңбасы болып саналады. Сондықтан да термин таңба ретінде таңбалық жағдаяттар мен таңбалық жүйелердің жалпы қасиеттерін қарастыратын ғылыми пән – семиотиканың зерттеу нысаны болып табылады және ол барлық семиотикалық қарым-қатынастарға түсуге қабілетті:

- таңбаның таңбамен қатынасы (синтактика);
- таңбаның мағынаға қатынасы (семантика);
- таңбаның адамға қатынасы (прагматика).

Терминнің таңбалық белгісі оның философиялық-гносеологиялық анықтамасы астарында жатыр. Бұл анықтамада оның екі белгісі айқын көрініс тапқан: біріншіден, терминдер арнаулы білім салалары мен қызмет танымының нәтижелерін тіркейді; екіншіден, теориялар мен концепциялар ғылыми аппаратының элементі ретінде олар жаңа білім пайда болуына ықпал етеді. В.А. Звегинцевтің жасаған анықтамасы негізінде де терминнің таңбалық және логикалық ұғымдық аспектіні байқауға болады: «... терминдер көмегімен материалдық формада таным нәтижелері тіркеледі; терминдер арнаулы салалардағы таным нәтижелерін ғана тіркеуге алады» [100, с. 45]. Терминдермен олардың жиынтықтары – терминологиялар ғылыми теориялар, заңдар, қағидаттар, концепциялар қалыптасуының құралы ретінде жалпы ғылым мен техниканың маңызды бөлігін құрайды.

Ғалым М.Н. Володинаның анықтамасында басты қызметті коммуникативтік бағыт атқарады: «...терминнің негізгі міндеті – белгілі бір білім саласына қатысты мамандардың кәсіби-ғылыми тілдесімінің тиімділігін арттыру, аталған үдерісті оңтайландыру болып табылады. Себебі, термин – ерекше когнитивтік-ақпараттық құрылым, ал бұл құрылымда бүкіл өмір бойы адамзатпен жинақталған нақты тілдік формада берілген кәсіби-ғылыми білім айқындалады» [101, с. 30]. Шын мәнінде де, терминдер ғылыми ақпаратты білдіреді, адамдардың практикалық қызметі мен тәжірибесі нәтижелерін айқындайды және осы ретте терминология коммуникацияның ең бір маңызды арналарының бірі болып саналатыны ешбір күмән келтірмейді.

Автор терминдерді «медиатор-делдалдар» деп анықтайды, өйткені арнаулы тілдесім үдерісінде белгілі бір жағдаятты игерудің құралы болып табылады. Олар бұл жағдаяттарда нақты кәсіби-ғылыми (коммуникативтік) үдеріске қажетті когнитивтік-ақпараттық үлгілер ретінде пайдаланылады [102, с. 164]. Ал А.Х. Мерзлякованың пікірінше, терминдерде ұлттық қолданысымен ерекшеленетін лингвомәдени ақпарат болады [103, с. 328]. Термин

анықтамасында лингвомәдени компонент болатынын Л.Ю. Буянова да қолдайды: «...термин сол мәдениет саласының нысаны бола тұрып, яғни аталған мәдениетке тиесілі болатыны да сөзсіз» [104, с. 14]. Сондықтан арнаулы концептінің тілдік формасы ретінде термин сол концептінің ұлттық ерекше мазмұнын белгілемеуі мүмкін емес. Концепт болса, адам санасындағы ойлау бірлігі ретінде қоршаған орта жайында прагматикалық және коммуникативтік ақпаратты жинақтап, көрнекі-сезім құрылымдарына (сценалар, бейнелер, көріністер, ұғымдар, схемалар, суреттер, сценарийлер т.б.) айналуға қабілетті.

А.Вежицкаяның анықтауы бойынша: «...концепт ақиқат шындық құрылысының логикасын түсіндіретін ой құрылымы. Концептілер тілдік амал-тәсілдер арқылы беріледі, яғни олар мәдени компоненттері бар түсіндіруші конструкциялар болып табылады» [105, с. 3]. Сол себепті де, термин белгілі бір саланың арнаулы білімдерін айқындайтын ерекше концептілердің вербалдануы ретінде сол социум концептосферасының элементі болып саналады, яғни оның мәдениетінің бір бөлшегі. Әсіресе лингвомәдени компоненттерге түрлі халықтардың әлеуметтік, экономикалық, мәдени және т.б. ерекшеліктерін білдіретін гуманитарлық ғылымдар терминологиялық жүйелерінің терминдері ие болып келеді.

Бұл ретте жаратылыстану мен дәлдік ғылымдар адамға тәуелсіз объективтік құбылыстарды зерттеуіне байланысты терминдерінің негізіне алынатын концептілерде лингвомәдени ерекшеліктер болмайды деген де көзқарастар жоқ емес. Дегенмен кейбір техникалық терминдер де лингвомәдени ақпаратты сипаттай алатынын жоққа шығаруға болмайды. Олар қолданысы, аталған механизмнің (аспаптың, құралдың, құрылғының) құрылымы т.б. бойынша ұлттық ерекшелікті айқындауы әбден мүмкін деп санаймыз.

Терминнің логикалық анықтамасында бірінші орынға оның ұғыммен байланысы қойылады және бұл жағдайда терминдер жалпы ұғыммен емес, белгілі бір теория ұғымдарымен сабақтастықта болады. Кез келген термин ұғым атауы болып саналады. Алайда тек айқын ішкі формасы бар термин ғана арнаулы ұғымды білдіріп, оның негізгі белгілерін көрсетеді. Ал ұғым дегеніміз – белгілі бір заттық саладан ажыратып шығарушы ой және әрі қарай жалпы немесе ажыратушы белгісін айқындауы арқылы нысандарды бір топқа жинастыратын категория.

Австрия-неміс терминологиялық мектебінің ең атақты өкілдерінің бірі, терминология бойынша белгілі оқу құралының авторы Х.Фельбер де термин анықтамасында логикалық-лингвистикалық бағытты ұстанады. Ғалымның анықтамасы бойынша: «термин – нақты бір білім саласының ұғымын айқындаушы шартты символ (сөз, сөздер тобы)» [106, р. 54]. Ал француз терминологиялық мектеп өкілдерінің Д. Буриго мен А. Кондаминэ концепциясы бойынша терминнің логикалық-лингвистикалық маңызы оның ұғым айқындаушы қабілетінде және ол терминологиялық жүйе элементі ретінде белгілі бір білім саласына қатысты ұғымдар жүйесінің тілдік таңбалануы болып табылады [107, р. 15].

Арнаулы ұғым мен тілдік бірліктің логикалық-лингвистикалық сәйкестігі жайында поляк терминологиялық мектебінің жетекші өкілінің бірі ғалым

Л. Бесекирска да атап көрсетеді. Зерттеушінің айтуы бойынша, термин сөз немесе сөз тіркесі ретінде мазмұны жағынан ғылыми, техникалық және т.б. арнаулы ұғымды айқындайды [108, с. 34]. Бұл пікірмен австриялық ғалым Э. Вюстер де толық келіседі: «...терминологиялық зерттеулердің бастамасы термин мен арнаулы ұғым байланысына негізделеді» [109, с. 22]. Сонымен терминмен таңбаланған ұғым сол ұғымдар жүйесінің элементі болып, аталған саланың басқа ұғымдарымен де тікелей өзара байланыста болады. Осыған сәйкес термин де терминологиялық жүйенің элементі ретінде басқа терминдермен тығыз байланыста болып келеді.

Когнитивтік терминтаным тұрғысынан термин таным (когниция) барысында қалыптасады және белгілі бір білім саласы немесе қызметтің концепциясы мен теориясымен байланысты концептіден ойлау категориясына, ойлау категориясынан вербалданған концептіге ауысуы арқылы жүзеге асырылады. Көптеген ғалымдардың пікірі бойынша (Л.М. Алексеева, Л.А. Манерко, С.Л. Мишланова, В.Ф. Новодранова т.б.), термин таным үдерісін іске асырушы дискурстың нәтижесі болып табылады: «... кәсіби қызметтегі коммуникация мен когниция өзара әрекеттестігінің нәтижесі» [110, с. 44].

Осыған байланысты Е.И. Голованова да өз зерттеуінде терминді кәсіби ойлаудың вербалданған нәтижесі деп анықтап, кәсіби коммуникацияның маңызды элементі және кәсіби салада бағыт-бағдар сілтеуші басты лингвокогнитивтік тәсіл сипатамасын береді. Терминде қызмет немесе білім саласының таным тетіктері жүзеге асырылады: «терминде мамандар қызметінің тиімді ұйымдастырылуына септігін тигізетін және кәсіби кеңістіктің түсінілуінің бастапқы нүктесі бола алатын арнаулы білім құрылымдары репрезентацияланады» [111, с. 19]. Яғни термин вербалды таңба ретінде білім тереңдігінің деңгейі мен таңдалған теорияға қатысты бірқатар нұсқаға ие бола алады.

Осы тұрғыдан алғанда, варианттылық дегеніміз – тілдік бірліктер эволюциясының қызмет етуі, өміршеңдік тәсілі, ал ол өз кезегінде терминдердің модификациялануы мүмкіндігімен тікелей байланысты. Варианттылық ғалым Ю.В. Сложеникинаның пікірінше: «тілдің жалпы және іргелі қасиеті, ол әмбебап белгі, қатаң тілдік заңдылық, тұрақты құбылыс» [112, с. 5]. Автордың айтуы бойынша, терминді бірмағыналы статикалық бірлік ретінде, жалпы лексикалық динамикалық үдерістердің ықпалынан тыс категория деп қарастыруға мүлдем болмайды, өйткені арнаулы лексика ашық таңбалық жүйені құрайды.

Терминнің варианттылық мәселесін қарастырған ғалым К.Я. Авербух термин варианттылығын жұмсалымдық аспектіде зерттеп, терминді жұмсалымдық ұғым деп анықтап, кәсіби ұғым таңба қызметін атқаратынын атап көрсетеді [113, с. 38]. К.Я. Авербух термин анықтамасына варианттылықтың ажыратушы белгісін енгізіп, бұл ұғымға мынадай түсініктеме келтіреді: «Термин – терминологияның, терминологиялық жүйенің элементі. Ол тұрақты түрде қайталауға келетін сөз тіркесінің немесе сөздің бүкіл варианттарының жиынтығы. Термин арнаулы сала қызметіне қатысты кәсіби ұғымды айқындайды» [114, с. 46]. Жалпы терминнің жұмсалымдық теориясына сәйкес іс жүзінде кез келген сөз термин бола алады және керісінше, кез келген термин өз



терминологиялылығын жоғалтып, жалпықолданыстық сөздер қатарына өтуі мүмкін.

Соңғы аталған жағдаяттың жүзеге асуы мына себептерге байланысты: теория бұрыс болып танылғанда, терминдердің ғылыми қолданыстан шығып қалған жағдайында, теорияның танымал болып, кеңінен таралған жағдаятында бүкіл қоғамға қолжетімді бола бастағанда т.б. Жоғарыда аталған терминнің терминологиялылығы лексикалық мағынаға үстеме болып қосылатын терминологиялық мағынаның болуымен айқындалады. Терминнің семантикасы жалпықолданыстық сөз семантикасынан терминологиялық және лексикалық мағыналардың өзара әрекеттестігімен ажыратылады және олар толық сәйкес, жартылай сәйкес немесе мүлдем әртүрлі болуы мүмкін.

С.Д. Шеловтың пайымдауынша: «терминнің терминологиялылығы дегеніміз – сөз тіркесі немесе сөздің мағынасының дефиниция жүйесінде оларды түсінуге жеткілікті мәліметтер көлемі. Сөз немесе сөз тіркесінің дефинициясы болуы оның терминологиялылығы болып саналады» [115, с. 74]. Сондықтан да термин мәртебесіне кез келген лексикалық бірлік ие бола алады, тек терминологиялық деп аталатын сыртқы шарттар сақталса болғаны. Мұндай шарттардың бірі дефинитивтік өлшемшарттың болуы, ал оның негізінде терминнің міндетті белгісі – дефинициясы болу шартты орын алады [116, с. 104].

Сонымен терминді жұмсалымдық бірлік ретінде қарастыру үшін, ең алдымен оның негізгі қызметтерін анықтап алу қажет. Терминнің қызметі дегеніміз – оның арнаулы ұғымды белгілеу құралы ретіндегі атқаратын рөлі. Терминнің қызметтер жүйесі өте күрделі болып келеді.

1. Аталымдық (репрезентативтік) қызметі. Кез келген термин аталымдық қызметті атқарады. Ол арқылы терминдер жалпы ұғымдарды, ұғымның қасиеттері мен белгілерін, категорияларды, адам білімі мен қызметінің түрлі арнаулы салаларының нысандарында болатын қатынастарды атап, арнаулы білімдерді тіркеуге алады. Аталым ерекшеліктері арнаулы салалар өзгешелігімен айқындалады.

2. Дефинитивтік қызмет. Терминнің басты ерекшелігін оның дефинитивтік қызметі айқындайды. Яғни терминнің ең бір маңызды ерекшелігі және жалпықолданыстық сөзден айырмашылығы, ол ұғымды атап қана қоймайды, сонымен бірге сол ұғымды анықтайды. Термин екі бірдей қызметті жүзеге асырады: аталымдық және дефинитивтік.

3. Сигнификаттық қызмет. Ғылыми әдебиеттерде бұл қызметті басқалай да атап жатады: белгілеу қызметі немесе таңбалық қызмет. Сигнификаттық қызмет аталымдық қызметпен тікелей байланысты, сол себепті де екеуін көп жағдайда қатар қарастырады. Бұл қызметті зерттеу барысында белгілеу тәсілдері, тілдік таңбалар түрлері, олардың уәжділігі, таңбалардың басқа нысандарға қатысты қатынастары т.б. мәселелері жан-жақты қарастырылады.

4. Коммуникативтік (ақпараттық) қызмет. Термин арнаулы білім берілуінің құралы болып табылады және білімдердің берілуі кеңістік пен уақыт арқылы жүзеге асырылады. Дәл осы арнаулы білімнің уақыт шеңберінде берілуі білімдер сабақтастығын қамтамасыз етеді.

5. Прагматикалық қызмет. Терминнің таңба ретіндегі прагматикалық

қызметі коммуникацияға қатысушылармен, тілдесімнің нақты жағдайларымен байланысты, ол кәсіби-ғылыми тілдесімге қатысушыларға ықпал етеді.

6. Когнитивтік қызмет. Бұл қызмет арқылы термин адамның ішкі дүниесі және объективтік шындық құбылыстары мен заттар маңызын ұзақ таным үдерісінің қорытындысы ретінде танылады.

7. Эвристикалық қызмет немесе жаңа білім ашу қызметі. Эвристикалық қызмет терминнің мынадай ерекшелігі арқылы жүзеге асырылады: ғылыми білімді айқындап, нақтылау және байыту, көбейту.

8. Аккумулятивтік қызмет. Аталған қызмет терминнің мына қасиетіне негізделеді: адам білімінің белгілі бір саласында пайда болатын ақпаратты жинақтау және сақтау қабілеті.

Сонымен термин белгілі бір табиғи тілдің лексикалық бірлігі негізінде жасалып, күрделі әрі көпқабатты құрылым болып табылады. Оның төменгі және жоғарғы қабаттарын табиғи тілдік субстрат пен логикалық суперстрат құраса, ортасын терминологиялық маңыз айқындайды. Терминологиялық маңыз формалды, жұмсалымды және концептуалды құрылымдардан тұрады. Көрнекі түрде беретін болсақ:



Сурет 4 – Терминнің көпқабатты құрылымы

Жеке білім салаларының терминдері мен терминологиялық жүйелер мәселеріне арналған біршама зерттеу еңбектері болғанымен, «термин» ұғымының анықтамасы әлі күнге дейін өз түбегейлі шешімін таппаған, сол себепті әрі қарай қарастырылуға тиісті сұрақтардың қатарына жатқызылады. Біздің зерттеуіміз үшін нақты терминдерді кәсіби өрістің басқа лексемаларынан ажыратып алу мәселесі өте маңызды. Жалпы кәсіби өріске мынадай лексемалар тікелей қатысты: «номендер», «кәсіби сөздер», «кәсіби жаргондар», «термин алды сөздер», «жалған терминдер», «терминоидтар» және «прототерминдер».

Бұл қатардағы арнаулы лексемалар терминдермен бірнеше ортақ белгілерге ие, алайда айырмашылықтары жоқ емес. Жұмысымыздың бірінші тарауында біз терминдер мен кәсіби сөздер мәселесін сөз еткен болатынбыз. Енді терминдердің басқа арнаулы лексемалардан ерекшелігіне назар аударсақ.

Номен (номенклатуралық белгілеулер) дегеніміз – жалғыз дара ұғым атауы немесе нақты бір жаппай өнім атауы, ол белгілі бір үлгі бойынша бірнеше рет жасала береді. Номен мен терминнің ортақ қасиеті – екеуі де арнаулы білім саласына қатысты, сөйлеуде тұрақты және қайта айтылады, лексиканың бейтарап қатарына жатқызылады, сондай-ақ жасалымының мақсатты сипатымен айқындалады. Ал терминдер мен номендердің басты айырмашылығы: номендер жеке дара ұғымдарды белгілесе, терминдер жалпы ұғымдардың атауы ретінде көрініс береді.

Терминдер үшін терминологиялық өріс немесе терминологиялық мәнмәтін болуы аса маңызды. Ал номендер мәнмәтінсіз еркін қолданыста бола береді, себебі аталушы заттардың қасиеттері тілдесімнің мейлі ғылыми немесе тұрмыстық саласында болсын ешбір өзгеріске ұшырамайды. Номендер өздерінің номенклатуралық жүйесінен тыс қалған жағдайында өздерінің заттық сипатын сақтай отырып, тұрмыстық сөздер қатарына еркін сіңісіп кетеді. Мысалы: *капрон, нейлон, драп, далап, сусабын, крем* және т.б.

Терминдер мен номендердің ажыратушы өлшемшарттардың бірі – арнаулы коммуникация саласындағы атқаратын рөлін есепке алу болып саналады. Зерттеуші Н.В. Сербиновскаяның пікірінше: «...терминдер жоғары дәрежедегі идеалды абстракцияны жүзеге асыруға қабілетті болса, номендер сәйкестендіру абстракциясы үдерісіне қажетті және олардың жалпылау сипаты өте төмен болады. Терминдерге белгілі бір теорияға қызмет көрсетуі себепті ұғымды айқындау қызметі тән келеді, ал номендер заттардың белгілі бір түрін атау үшін пайда болады. Яғни олар теориялық білімдерді қолданбалы аспектіде жүзеге асыру үшін қажет» [117, с. 33].

«Терминалды сөздер» – жаңадан қалыптасқан ұғымдар атауы үшін терминдер ретінде қолданылатын лексикалық бірліктер. Бірақ олар терминдердің мазмұндық немесе формалды құрылымы негізгі талаптарына жауап бере алмайды. Әдетте терминалды сөздер қатарына мыналар жатқызылады: сипаттамалы аталым, көп сөзді аталымдар, аталымдық сөз тіркесі т.б. Олар ұғым мазмұнын дәл әрі нақты сипаттап беруі арқылы қысқалық талабына сәйкес келмейді. Терминалды сөздер жаңа ұғымдарға бірден лайық термин таба алмаған жағдайында қолданылады. Терминдер айырмашылығы: уақытша болады, форма тұрақсыздығымен сипатталады, қысқалық талабына қарама-қайшы келеді, жалпықолданыстық емес, стилистикалық бейтараптық талабына жауап бере бермейді.

Көп жағдайда терминалды сөздер уақыт өте келе терминдермен алмастырылады. Алайда терминалды сөздердің терминологиялық жүйеге енгізілуі арқылы нақты термин бола алатынын да жоққа шығара алмаймыз. Мысалы: *маникюрге арналған таяқшалар, кутикула күтіміне арналған кешенді құрал, тырнақтың күтіміне арналған «7 де 1» кешенді құрал, тырнақты қатайтуға арналған «Инжу жарқырауы» құралы, лакты жоюға арналған құрал,*

тырнаққа арналған беткі жабыну «Экстра-тұрақтылық және жарқырау» және т.б.

«Терминоидтар» – дефинициясы мен нақты шегі белгісіз, біркелкі түсіне бермейтін және жеткілікті дәрежеде қалыптаса қоймаған ұғымдар атауларын білдіретін арнаулы лексикалық бірлік. Терминоидтарға мағына дәлдігі, мәнмәтіндік тәуелділік және тұрақты сипат секілді белгілер тән келмейді, бірақ соған қарамастан ұғым атауы болып саналады. Мысалы: *гелді қарындаш, бояу палеткасы, сұйық бояу, ұзындық сүрмесі, косметикалық жинақ, шағын опа, тоналды флюид, тоналды құрал, тоналды крем, екі жақты қылыш, хош иісті спрей* және т.б.

«Прототерминдер» – ұғымдарды емес, арнаулы көріністерді атайтын арнаулы лексемалар. Прототерминдер ғылымдар пайда болуына дейін қалыптасып, қызмет еткен. Олар негізінен қолөнер және тұрмыстық лексикасында сақталып, ғылыми пәндер пайда болған кезде ғылыми терминологиялар қатарынан орын алып, немесе «халықтық терминологиялар» деп аталатын түрінде қызмет етеді. Сондықтан да көне терминологиялардың базалық терминдерінің басым көпшілігі кезінде прототерминдер болып саналған. Мысалы: *«Еңлік – негізінен гүлдің аты, соған негізделіп қазақтарда әйелдер есімі ретінде кең тараған. Еңлік гүлі. Еңлік-Кебек – зашықтар жырындағы кейіпкер аты»* → *«Еңлік – бет пішінінің әсемдігін көрсетіп, оғаш жерлерін түзеу құралы»*.

Сөйтіп ғылыми және анықтамалық әдебиеттерді қарастыра келе мынадай қорытынды жасауға болады: терминоидтар мен терминалды сөздер үнемі нақты терминдер қатарынан орын алуға талпыныс жасайды. Бірақ терминоидтарда ұғым белгілері айқын болмаса, терминалды сөздердің формасы сәйкес келмейді. Ал, номендер лексикалық бірліктер ретінде сол бастапқыдан ұғымның абстрактілі деңгейіне лайық болмайды.

### Кесте 3 – Терминдер мен номендердің функционалды-прагматикалық ерекшеліктері

<b>ТЕРМИНДЕР</b>	<b>НОМЕНДЕР</b>
Теориялық аспектіде маңызды	Қолданбалы аспектіде маңызды
Идеалды маңызын атау арқылы ұғымды айқындау қызметін атқарады	Нақты нысандар түрін атау арқылы этикеттеу қызметін атқарады
Зерттеуші санасында ақпарат объективтілігін айқындауға талпыныс жасайды	Практик ғалымның дүниетаным субъективтілігін айқындайды

Ал терминдер мен терминоидтардың ортақ қасиеттері төмендегідей: семантикалық: ұғымға сәйкес келуі; құрылымдық: деривациялық әлеуеті; прагматикалық: белгілі бір салада жалпымен қабылданғандығы, жасалым және толығу дереккөздерінің ортақтығы, атқаратын қызметтерінің бірдей болуы:

аталымдық, дефинитивтік, коммуникативтік, прагматикалық, эврикалық. Ал енді олардың өзара айырмашылығын кесте түрінде беретін болсақ:

Кесте 4 – Терминдер мен терминоидтардың семантикалық, құрылымдық және прагматикалық ерекшеліктері

<b>БЕЛГІЛЕРІ</b>	<b>ТЕРМИНДЕР</b>	<b>ТЕРМИНОИДТАР</b>
семантикалық	Бірмағыналық сипатына ие болуға тырысады; мағына дәлдігі; толық мағыналылық; синонимдердің болмауы	Қолданыс дәлдігінің жоқтығы; синонимдердің болуы; мағынасы дәл емес
құрылымдық	Жүйелілік; лексикалық және формалды қысқалық	Сыртқы формасының түрлі болуы
прагматикалық	Мәнмәтіндік тәуелсіздік; интернационалдалыққа бейім; жағымды айтылып естілуі; тіл нормасына сәйкестігі; кәсіби сөз болу мүмкіндігі; кірме терминдер ретінде транскрипция немесе транслитерация арқылы қабылданады	Уақытша; мәнмәтінге тәуелді; термин болу мүмкіндігі бар; кірме терминдер ретінде калькалау тәсілі арқылы қабылданады

Сонымен кез келген ғылымның негізгі ұғымдарын анықтау мәселесі аса өзекті бола бермек, себебі ғылым үнемі үздіксіз даму барысымен сипатталады. Сондықтан да қазіргі терминтаным ғылымы тұрғысынан терминдер мен терминологиялық жүйелерге қатысты пайда болған көптеген білімдер аталған ұғымдардың жұмсалымдық мәртебесі мен табиғаты жайында сапалы жаңа ұстанымдарды ұсынады.

## 1-ші тарау бойынша қорытынды

Жалпықолданыстық лексика ғылыми дискурс бірлігі бола алмайды, ол белгілі бір ұлтқа тән коммуникация мүшелерінің арасындағы тұрмыстық ақпаратты беру үшін қолданылады, ал термин арнаулы білімді белгілеп, тек сол сала мамандарына, олардың ұлтына қатыссыз, қолжетімді ақпаратты беру үшін жұмсалатыны анықталды. Сондықтан да біздің зерттеуіміз үшін терминнің мына белгілері өте маңызды сипатқа ие: жүйелілік, көпмағыналылық, синонимия және дәлдік. Жұмсалымдық тұрғыдан, терминдер аталымдық және дефинитивтік қызметтерді атқарады.

Терминдерге берілетін түрлі анықтамалар ішінен жүйелілік пен дәлдік тұрақты белгілер қатарына жатқызылып, қалғандары дискурсивтік қолданыс барысында ғана айқындалады. Терминнің маңызды сипаттамаларын талдау барысында, біз келесі қорытындыға келдік: термин белгілі бір пән саласының кәсіби мамандар қолданысында болып, яғни кішігірім тілде және ол арнаулы мақсаттағы тілдің өзегін құрайтыны туралы тезисті дәлелдейді. Сол себепті біз зерттеуімізде терминнің мынадай анықтамасына арқау етеміз: белгілі бір пән саласына қатысты ғылыми дискурста арнаулы ғылыми ұғымды репрезентациялаушы, сонымен бірге аталымдық және дефинитивтік қызметті атқаратын сөз немесе сөз тіркесі.

Терминология мен кәсіби сөздер өзара ажыратылатын құбылыстар, себебі біріншісіне әдеби тілмен қабылданған «ресми», «заңды» сипат тән болса, екіншісіне, керісінше «заңсыз», «жартылай ресми», «бейресми» белгілер негіз бола алады. Сонымен, біздің ойымызша, кәсіби сөздер мен айтылымдар белгілі бір мамандық иелерінің қолданысында болып, ауызекі сөйлеу тілінде де жиі кездесетін тілдік құбылыс ретінде қарапайым-тұрмыстық және эмоционалды реңкі бар терминдер дублеттері болып саналады.

Біздің көзқарасымыз бойынша, олар жалпыәдеби тілге, ең алдымен эмоционалдық көркемділігінің арқасында сіңісіп жатады. Мәселен, терминдер мен кәсіби сөздер арасындағы бұл құбылыс, олар синоним жұп құраған жағдайда айқын көрініс табады: «сүрме» – «кірпік бояғыш», «көзге арналған қарындаш» – «көз бояғыш» т.б. Терминолог-мамандар үшін кәсіби сөздер табиғатын зерттеуге алу өте маңызды, өйткені олар көп жағдайда жалпыәдеби тіл қатарынан табылып, стилистикалық белгісін жойып, жаңа сөзжасам үлгісі де болуы мүмкін. Ал олардың әдеби тілге өту үрдісі барлық тілдерде байқалады деуге де болады, себебі бұл үдеріс тілді үнемдеу, тілдік құралдарды үнемдеу заңдылығымен сипатталады.

Ғылыми-техникалық мәтіндерді аударумен байланысты ең күрделі мәселелердің бірі ол бастапқы мазмұнды басқа терминологиялық жүйе көмегімен жеткізіп беру болып саналады. Өйткені кез келген терминологиялық жүйе ұлттық тіл лексикасының бір бөлігі болып табылады. Сондықтан да сол тілдің ұлттық-мәдени ерекшелігін айқындап, сол білімнің заттық-ұғымдық саласының көрсетеді. Ал ол өз кезегінде түрлі халықтарда даму деңгейіне орай әрқалай болуы заңды құбылыс деп санаймыз. Аудармашыға бір ғана балама болған жағдай қиындық келтірмейтіні белгілі, ал бірнеше балама болу жағдайында ең бір бара-бар келетін нұсқаны таңдап алу оңай бола бермейтіні

дәлелденді.

Бұдан да күрделі жағдаят кірме терминнің баламасы болмаған жағдайда туындайды. Аударма теориясында бейэквивалентті терминдерді аударудың негізгі әдістері әбден анықталған және олар кәсіби аудармашылар мен мамандардың қолданысында қызмет етіп келе жатқаны анық. Арнаулы мәтіндердегі терминдер жұмсалымын талдау негізінде олардың жүйелік байланыстарын айқындау парадигматикалық қатынастарды орнатуға мүмкіндік туғызады. Бұл парадигматикалық қатынастарға термин терминологиялық жүйе мүшесі болғаннан бастап ие болады. Аталған қатынастар терминнің белгілейтін ұғым көлемін, оның терминологиялық жүйеде алар орнын, аударма тіліндегі логикалық бірлікпен қаншалықты дәл термин мағынасы берілгенін анықтауға мүмкіндік беретіні анықталды.

## 2 СҰЛУЛЫҚ ИНДУСТРИЯСЫ ТЕРМИНОЛОГИЯЛЫҚ ЖҮЙЕСІНІҢ ТІЛДІК СИПАТЫ

### 2.1 Арнаулы мақсаттағы тіл бірліктерінің жалпы терминдерге қойылатын талаптарға сәйкес келуі

Терминнің арнаулы ұғым атауы ретінде ғылыми ақпаратты айқындауы, оның барлық негізгі қасиеттерін белгілейді. Оның негізгі қасиеттерін анықтау мәселесі ұзақ жылдар бойы терминтанымның басты сұрақтарының бірі болғаны баршамызға мәлім. Д.С. Лотте, А.А. Реформатский, Р.А. Будагов, В.В. Виноградов сынды ғалымдар салалық терминологияларды реттеу мен жүйелеуге мүмкіндік туғызған терминдерге қойылатын талаптарды әзірлеп қалыптастырған. Ғалымдардың тұжырымдауынша, термин міндетті түрде бірмағыналы болуы қажет. Яғни тек бір ғана ғылыми немесе техникалық ұғымды белгілеп, ал ұғымға бір ғана термин сәйкес келуі қажет деп санаған. Басқа да мынадай талаптар ұсынылған: жүйелілік, дәлдік, синонимдердің болмауы, қысқалық және т.б.

Осыған орай, термин ұғымының анықтамасы да нақтыланбай келеді. Тіл мамандарының жалпыға ортақ бір анықтама қалыптастыру талпынысы нәтижесін бермеді, оның басты себебі аталған феноменнің көп қырлылығында деп тұжырымдайды ғалымдар [118, с. 61]. Сол себепті қазіргі ғылыми әдебиеттерде терминдерге қойылатын талаптардың біразы қайта қарастырылуда. Көптеген ғалымдар К.Я. Авербух, А.И. Моисеев, В.П. Даниленко, Р.Ю. Кобрин өз зерттеулерінде практика жүзінде аталған талаптар іске аспайтыны жайында қорытынды жасайды. Мәселен, зерттеуші Л.А. Пекарская былай деп жазады: «...терминдерге қойылатын талаптар терминдер жайындағы ғылымның жалпы ақиқат жағдайымен ешбір ұштаспайды, олардың қолданыста бар терминологияларда іске асуы мүмкін емес» [119, с. 23]. Ғалымдардың пікірінше, әдетте термин мен терминологияларға таңылатын белгілер, олардың солайша болуы керек еді деген қалаулы қасиеттері немесе жақсы рационалды құрылған терминология талабы болып саналады.

Алайда біздің ойымызша, терминдерге қойылатын талаптар қажет, өйткені олар терминнің лингвистикалық маңызын зерттеуге, сонымен бірге терминологиялық сөздіктер түзу жұмысына да өз септігін тигізеді. Мәселен, терминнің бірмағыналылығы/көпмағыналылығы терминтанымның дәстүрлі мәселелерінің бірі болып табылады (Д.С. Лотте, А.А. Реформатский т.б.). Ғалымдардың басым көпшілігінің қорытындысы бойынша, термин тек бір ғылыми немесе техникалық ұғымның атауы болуы керек. Я.А. Климовицкий: «...термин сөз (сөз тіркесі) ретінде, оның тілдік таңбасы сол ғылым мен техника саласының ұғымдар жүйесінде өзіне сәйкес ұғыммен тең болуы қажет» дейді [120, с. 35]. Байқағанымыздай, бұл анықтамада термин бірмағыналылығы туралы айтылған, яғни термин сол сала ұғымдар жүйесінде бірмағыналылық танытуы қажет.

Бұл пікірді ғалым К.Я. Авербух та қолдайды, оның айтуы бойынша: «...терминдер саласында полисемияға жол жоқ, себебі термин жұмсалымдық бірлік ретінде өзінің терминологиялық жүйе шеңберінде бірмағыналылыққа



бейім келеді және белгілі бір мәнмәтін аясында өзінің нақты қолданысында бір мағынадан артық мағынаға ие болуы мүмкін емес. Басқа жағдай өз коммуникативтік міндетінің іске асуына нұқсан келтіретіні белгілі» [121, с. 39].

Ал қазіргі таңда зерттеушілер (В.М. Лейчик, Д.А. Пекарская т.б.) терминнің белгілі бір табиғи тіл лексикалық бірлігі болуына орай ол өз көпмағыналылығын сақтайды деген көзқарасты білдіруде. Олардың пікірінше, көпмағыналылық жүйеаралық кірме қабылдау салдарынан пайда болады. Мысалы, бір термин өзара жақын білім салаларында аздаған мағыналық айырмашылықтарымен қолданыла береді, сонымен бірге категориялық көпмағыналылық түрі болады: термин үдерісті де нәтижені де, құбылысты да көлемді де т.с.с. белгілей береді. Бірақ бұл құбылыс нақты көпмағыналылық емес, семантикалық омонимдер жасалымына алып келетін семантикалық туындылық деп те аталады.

Қазіргі кезде екінші терминдену құбылыстары жиі орын алып жатады: «терминнің басқа терминологиялық жүйеде жаңа арнаулы мағынаға ие болуы» [8, с. 27]. Лексикографиялық дереккөздер мәліметтері бойынша соңғы кездері терминдердің бір терминологиялық жүйеден екіншісіне өтуі өте жиі кездеседі. Бұл үрдістің негізгі себептері: ғылыми білімдердің өз алдына бөлек шығуы немесе жеке пәндер интеграциясының нәтижесі. Дәл осы екінші терминдену құбылысы салалық терминологияларда жүйеаралық омонимия мен полисемияның пайда болуына себепкер болады.

Терминнің көпмағыналылығы жайында сөз болғанда ол лексикалық бірлік ретінде анықталады, ал оның бірмағыналылығы тек белгілі бір нақты ғылым мен техника саласында ғана орын алады. Яғни терминнің білімнің басқа салаларында омонимдері болуы, оның өз саласындағы қолданысына әсер етпейді. Сондықтан да терминологиялық жүйе қалыптасуының бастапқы кезеңінде әрбір терминге қатысты бірмағыналылық талабын жүзеге асыру мүмкін емес, өйткені нақты және дәл аталымдар іріктелуі аяқталмаған, күрделі ғылыми ұғымдардың семантикалық пен лексикалық рәсімделуі жүргізілу барысындағы әрекет болып саналады.

Мысалы, «сұлулық индустрия» терминдерін алатын болсақ. Өте жиі кездесетін терминдердің бірі – «бояу». Бұл термин үдерісті де, затты да айқындауымен ерекшеленеді. Сонымен бірге көпмағыналылыққа да ие терминдердің бірі болып саналады: «*көзге арналған сұйық бояуы*» («подводка» мағынасында); «*көзге арналған күңгіртті төрт түсті бояу*» («тени» мағынасында); «*көз бояуды тегістеуге арналған аппликаторы бар қарындаш*» («растушевка», яғни үдеріс мағынасында қолданылып тұр) және т.б.

Қазіргі ғылымның ең негізді әдіснамалық қағидатының бірі – ақиқат болмысты жүйелі аспектіде зерттеу болып саналады. Осыған байланысты терминтаным дамуының қазіргі кезеңінің басты ерекшелігі – тілде объективті түрде бар жүйелі байланыстар мен қатынастардың жан жақты қарастырылуында. Жүйелілік терминнің негізгі белгісі ретінде үнемі жалпы лингвистика аясында да, оның бір бөлігі терминтаным тұрғысынан да зерттеу нысаны болып келгені белгілі.

Жалпы жүйе дегеніміз – күрделі біртұтастықты құрайтын өзара байланыста және өзара сабақтастықта болып келетін элементтер жиынтығы болып

табылады. Кез келген элементтің мән-маңызын, оның негізгі сипатын тек жүйе элементі, жүйедегі басқа элементермен байланысы тұрғысынан қарастыру арқылы ғана танып түсінуге болады. Сондықтан да жүйелі әдіс ақиқат болмыс құбылыстарын танып білуге, оның объективтік айқындалуын қамтамасыз етеді.

Ең алғаш рет терминологияның жүйелілігі мәселесін ғалым Д.С. Лотте көтерген болатын. Зерттеушінің еңбектерінде терминологияның жүйелілігі үш шарттың сақталуын талап етеді деп келтірілген. Олар: терминологиялық лексика ұғымдар жіктеліміне негізделуі керек; жіктемелік сұлбаларды негізге ала отырып, терминделуші белгілер мен ұғымдарды айқындау қажет; сөздер терминделуші ұғымның басқаларымен ортақ және ерекше белгілерін анықтауы тиіс [6, с. 115]. Жүйелілік белгісі терминнің жеке өзін алғанында да, сондай-ақ түрлі терминологиялық жүйелерді құрайтын терминдер жиынтығы деңгейінде де көрініс береді.

Жеке алғандағы терминнің жүйелілігі оның арнаулы ұғыммен сәйкестендірілген жағдайында және басқа терминдер белгілейтін арнаулы ұғымдар арқылы да айқындалуы мүмкін. Яғни терминдер жүйелілік қасиетіне тек кәсіби орта шеңберінде ғана ие бола алады және сол ортада олар өздерінің конститутивтік бағдарлаушы қасиеттерін айқындап, оларға жүктелген көптеген қызметтерін жүзеге асырады. Ғалымдардың басым көпшілігі Д.С. Лотте, В.П. Даниленко, А.А. Реформатский, О.С. Ахманова жүйелілік белгісін термин ұғымына жүктейді.

Яғни ғалымдардың пайымдауынша, терминдердегі жүйелілік екі рет көрініс береді: ұғымдар жүйелілігі терминнің тілдік құрылымындағы өз жүйелілігін табуы қажет. Ал терминдердің семантикалық қатынастары, олардың жүйелік және құрылымдық қатынастары арқылы айқындалуы мүмкін.

Сол себепті де, терминдерді бағалау үшін жүйелілік теориясының негізгі ұғымдарына жүгінеді және бұл теория бойынша терминнің маңыздылығы оның жүйедегі алатын орнымен өлшенеді. Ұғымдық жүйеліліктен басқа құрылымдық та жүйелілік түрі болатынын атап кеткен жөн. Терминнің құрылымдық жүйелілігі сөзжасамдық (морфологиялық) деңгейде жүзеге асырылып, кейбір сөзжасамдық амал-тәсілдердің (терминологиялық элементтердің) тұрақты қолданысымен сипатталады. Мысалы: *сарысу-спрейі, лосьон-спрейі, қорғаныс спрейі, спрей-күтімі, бальзам-спрейі* және т.б.

Терминдер жиынтығы деңгейінде әдетте жүйеліліктің үш түрі ажыратылады:

- терминологияларға тіл бірліктерінің жиынтығы ретінде тән келетін қатаң емес лексикалық жүйелілік;

- терминологияларға арнаулы лексика бірліктерінің жиынтығы ретінде тән келетін қатаң емес арнаулы жүйелілік;

- жүйелеу мен реттеуден өткен, терминологиялық жүйеге тән келетін қатаң терминологиялық жүйелілік.

Сонымен жүйелілік басты терминологиялық ұстаным болып табылады. Себебі терминнің болуы тек белгілі терминологиялық жүйе шеңберінде ғана маңызға ие және терминнің мағынасы да сол жүйеде тіркеуге алынады. Терминологиялық жүйелердің тағы да маңызды мәселелерінің бірі – термин

синонимиясы сұрақтары болып саналады. Термин синонимиясы дегеніміз – бір ұғымға бірнеше арнаулы лексикалық бірліктің атау ретінде қолданылуы. Алайда термин мен терминологиялық жүйелерді зерттеуге арналған көптеген әдебиеттерде дәстүрлі түрде терминдерде синонимдер жоқтығы талабы талқыланады. Терминдердің синонимия құбылыс, әрине мамандардың кәсіби тілдесіміне кедергі келтіретіні сөзсіз. Дегенмен терминологиялық лексиканың барлық салаларында да синонимдер көптеп кездеседі.

Біздің ойымызша, термин-синонимдер терминология саласында бара-бар мағыналарды айқындайды, сол себепті де олар дублеттер деп атайды. Ал жалпықолданыстық сөздер саласында олар мағына жағынан ұқсас келетін тілдік бірліктер. Бұл ретте синонимия мен варианттылық ұғымдарының аражігін ажыратып алу қажет деп санаймыз. Осы тұрғыдан алғанда, синонимия дегеніміз – лексика-семантикалық құбылыс және аталымның екіжақты бірліктерін салғастырғанда, олардың өзара мазмұн межелері салыстырылады. Варианттылық мәселесінде мазмұн межесі бірдей, негізгі айырмашылық тұрпат межесінде болады.

Сонымен синонимия құбылысы бір заттың әртүрлі ұғымдарға сәйкес түрлі аталымымен (заттық сәйкестілік) байланысты, ал варианттылық бір ұғымның түрліше аталуына қатысты құбылыс (ұғымдық сәйкестілік). Осыған байланысты терминологиялық синонимияның (біздің ойымызша - дублеттіліктің) басты себебі – кірме терминдер қабылдап, артынан оның ұлттық тілдегі семантикалық дублетінің жасалуы. Сондай-ақ, бір нысанның аталым барысында түрлі аспектісінің негізге алынуы немесе синонимдік жұп құрайтын терминдер бірінің метонимиялық қолданысы және көне мен заманауи терминдер болуы т.б. осының барлығы да жоғарыда аталған құбылыстың орын алуына алып келетін негіздемелер.

Мысалы: *«кірпікке арналған сұрма» (тушь для ресниц); «қасқа және кірпікке арналған сұрма» (основа под тени для век)*. Бұл ретте, *«сұрма» термині екі бірдей ұғымның (тушь және тени) атауын білдіреді. Сонымен бірге, «тени» сөзі «көз бояуы» баламасында да қолданылады. Мысалы: көзге арналған төрт түсті бояу (четырёхцветные тени для век), көзге арналған күңгіртті төрт түсті бояу (матовые четырёхцветные тени для век), қабаққа арналған бояу-қарындашы (тени-карандаш для век) және т.б.*

Синонимия терминологиялардың бастапқы қалыптасуының кезеңіне ерекше тән келетін құбылыс деп танымыз. Яғни «сұлулық индустриясы» терминологиялық жүйесі осы қатардан табылатын терминдер жүйесі. Өйткені кез келген терминология саласы сол білім немесе қызмет саласы дамуымен бірге қалыптасып дамиды. Бұл бізді мынадай қорытындыға жетелейді: терминдер-синоним бір терминология аясында оларды мағына жағынан ажыратып бастағанға дейін бола береді немесе синонимдерінің бірі сол терминологиялық жүйеден тыс қалып қалған жағдайына дейін орын ала береді. Сондай-ақ оның орнына жаңа тиімді термин де пайда болуы мүмкіндігін жоққа шығармауымыз қажет.

Терминнің негізгі белгісі ретінде оның жүйелілігі қабылданып, көп жағдайда оны шекарасы айқын тар салада және идеалды жағдайында өмір

сүретін жүйе деп есептейді. Ол көпмағыналыққа, синонимияға жол бермейді, онда барлық терминологиялық аталымдар зат есім немесе зат есім формасындағы сөз тіркестері болып келеді. Аталған терминдер қатары, әдетте арнаулы сөздіктерде, терминологиялық мемлекеттік стандарттарда, ұсынылатын терминдер жинақтарында және т.б. тіркеледі. Терминологияны тіркеуге алумен қатар оның қызмет етуі салалары да болады. Олар: ғылыми сөйлеу және арнаулы ғылыми әдебиет, әрине соңғысы кең мағынадағы түсінігін білдіреді.

Көп таралған көзқарас бойынша, терминдер тек зат есім немесе олардың негізінде жасалған сөз тіркестері болуы керек. Себебі зат есімдер категориясы кең семантикалық мүмкіндіктері арқылы терминологиялық аталымдардың негізгі құрамын беруге қабілетті, оның үстіне кез келген дамыған ғылыми немесе техникалық терминология жоғары деңгейдегі абстракцияны меңзейді. Сондықтан ғалымдардың пікірінше, әсіресе еуропа тілдерінде зат есімдер жүйесі өте жетілген болып саналады. Яғни зат есімдер етістіктен де, сын есімдерден де жасала береді, осының нәтижесінде бұл тілдердің терминдерінің негізгі құрамы тек зат есімдерден ғана құралуы тиіс. Алайда соңғы кездері В.М. Лейчик, В.П. Даниленко, А.В. Суперанская және т.б. ғалымдар терминдер басқа да сөз таптары (етістік, сын есім, үстеу) болуы да мүмкін деген пікірді білдіреді.

Мысалы, терминолог-ғалым В.П. Даниленко: «...арнаулы ұғымдарды белгілеп, терминологиялық аталымдарға қойылатын барлық талаптарға жауап беріп жатқан жағдайда үстеулер де, сын есімдер де, етістіктер де терминдер рөлінде еркін қолданыла береді», - деп көрсетеді [8, с. 49]. Бірақ ғалым сын есімдердің терминденуі олардың лексика-грамматикалық және лексика-семантикалық қасиеттерінің өзгеруіне алып келетінін атап өтеді. Мәселен, олар сапалы сын есімдер белгісін жоғалтады, өйткені шырай категориясы болмайды және де сын есімді терминдер жаңа антонимиялық қатынастарды айқындай бастайды: тірі табиғат – өлі табиғат, қатты дене – сұйық дене секілді [8, с. 50]. Терминологиядағы сын есімдер, әдетте терминологиялық элемент ретінде сөз тіркестерінің құрамында орын алып, өз жіктемелік қызметінде қолданылады.

Қандай болған жағдайда да, терминологияда зат есімдер мен атаулы сөз тіркестеріне басымдылық беріледі, себебі терминдердің атқаратын басты қызметі атауыштық болып саналады. Зат есімдер жоғары атауыштық қабілетті болуына орай, терминологиялық аталымда басты рөлді атқарады. Ал сын есімдер мен етістіктердің атауыштық қабілеттері әлдеқайда төмен. Жалпы термин қызметінде сөз таптарының таңдалуы терминологиялық жүйемен айқындалады және бірінші кезекте оның қай қасиеті тұратынымен белгіленеді: нысан, белгі немесе іс-әрекет т.б.

Біз өз зерттеуімізде барлық сөз таптары (зат есім, сын есім, етістік, үстеу) термин қызметін атқара алады деген пікірді қолдаймыз. Бірақ зат есімнің ерекше атауыштық қызметін ескере отырып, оның жоғары деңгейдегі терминологиялыққа ие екенін де мойындаймыз. Осыған орай қазіргі терминтанымның тағы бір күрделі мәселесі – терминнің оңтайлы құрылымы мен ұзындығы болып саналады. Себебі осы кезге дейін терминдерге қойылатын басты талаптардың бірі – оның қысқалығы болғаны белгілі. Ал қазіргі таңда

терминологияға көпқұранды, яғни көп сөзден құралған терминдер тән келетіні де айқын.

Ғалымдардың пікірінше, оның себебі әлем, табиғат, бұрын ашылған құбылыстар жайындағы білімдердің тереңдеуінде, яғни ғылымның дамуы зерттеушілерді бар терминдерге тағы да басқа атрибуттарды таңбалауға алып келеді. Бірнеше терминологиялық элементтерден тұратын термин арнаулы ұғымның көп есе белгісін айқындап, терминнің семантикалық уәжділігін арттырады. Терминологиялық элемент дегеніміз – сөздің бір бөлігі немесе сөз тіркесіндегі бағыныңқы сөз. Ол ажыратылмайтын қасиетке ие болып, белгілі бір терминологиялық жүйеге тәуелді болып келеді.

В.М. Лейчиктің пайымдауынша: «...терминнің идеалды ұзындығы дегеніміз – әрбір терминологиялық элементтің сол сала ұғымдар жүйесінің бір ұғымына сәйкес келіп оны айқындауында» [19, с. 51], сонымен бірге сол терминологиялық жүйедегі табиғи тіл негізінде терминжасалымының нақты шарттары да есепке алынады. Терминологиялық элементтер арасындағы байланыстар ұғымдар арасындағы логикалық байланыстарды айқындауы қажет, ал терминологиялық элементтердің құрамы аталған терминологиялық жүйеге сәйкес болуы тиіс. Сондай-ақ термин қысқалығы оның сипаттамалы қасиеті ретінде тиімді ұзындықты қамтамасыз етуі керек, себебі ол термин семантикасының дәл берілуіне, оның кеңінен қолданысқа енгізілуіне мүмкіндік береді.

Ғалым К.Я. Авербух: «...термин не ұзын, не тым қысқа болмауы керек. Ол объективті физикалық тұрғыдан дұрыс болуы қажет», – деп көрсетеді де, терминнің құрамындағы сөздер саны, оның кәсіби ұғым атауы ретіндегі алғашқы сипаттамасы бола алмайды деп қорытындылайды [121, с. 47]. А.В. Суперанская, Н.В. Подольская, И.В. Васильевалар да терминнің дәлдігі, оның қысқалығынан маңызыдырақ, терминнің көп сөзден құралғанын оның кемшілігі деп қарауға болмайды деп санайды [16, с. 131]. Сонымен бірге, аталған ғалымдар арнаулы лексиканың қалыптасуы барысында барлығы өзгеріп, қайта құрылымданып, алмасып, термин уәжділігі де маңызды рөл атқара бастайды деп санайды. Өйткені уәжді термин жадта сақтау қалуға ыңғайлы және ол басқа терминдермен атауланушы құбылыстармен ассоциативтік байланыстар орнатуға қабілетті [122, с. 56]. Күрделі терминдегі сөздер арасындағы жақсы үйлесімділікті термин жүйелілігі қамтамасыз етеді.

Терминнің мазмұндық дәлдігі мағына нақтылығымен анықталып, дефиниция арқылы айқындалатын арнаулы ұғымның дәл шекаралары болатынымен ерекшеленеді. Яғни дәлдік зерттеушілердің анықтауы бойынша, нақты семантиканы сипаттайтын белгі емес, арнаулы аталымдар қызмет етуінің ерекшеліктері болып саналады. Сондықтан терминқолданысының дәлдігі – бұл терминге тән о бастан тән келетін қасиеті емес, ол таным үдерісінің, ой қызметінің, атау іріктеліп сұрыпталуының нәтижесі. Бұл мәселенің тағы бір күрделі тұсы – термин қолданысын оңтайландыру, қолданыс тиімділігін арттыру болып табылады. Ал дефиниция дәлдігі мен оның терминге сәкестігі терминологиялық ұғым ерекшелігін көрсетеді.

Осы тұрғыдан келгенде дефиниция ғылыми зерттеу үдерісінің барысында қалыптастырылып, тілдің жалпы тілдік қорынан терминологиялық лексиканы

ажыратып алуда үлкен рөл атқарады. Осы кезге дейін дефиниция мәселесіне қатысты нақты тұжырымдар әлі қалыптаса қоймағанын атап кеткеніміз жөн. Мәселен, терминнің дефинициясы болуы міндетті ме, «дефиниция» термині мен «анықтама» термині бір ме, сол сияқты терминологиялық құжаттамаларда нелер анықталады – ұғым, нысан, термин немесе терминнің мағынасы ма т.б. осы секілді сұрақтарға нақты жауап жоқ.

Дегенмен көптеген ғалымдар терминнің дефинитивтілік белгісін маңызды талаптарының бірі ретінде мойындайды (Л.С. Герд, К.Л. Левковская, Л.А. Морозова, И.А. Ребрушкина, М.И. Фомина және т.б.). Ғалымдардың пікірінше, терминнің дефинициясы болуы ұғымның маңызды белгілерін барынша толық айқындауға мүмкіндік береді. Кейбір зерттеушілер термин мен дефиницияны біртұтас бірлік ретінде қарастырады. Мысалы, А.В. Суперанская бастаған ғалымдар, термин мен дефиниция тең дәрежеде ұғымды репрезентациялау керек деп санайды да, яғни термин өз дефинициясы толық сәйкес келеді, ал дефиниция ұғым көлеміне сәйкес келіп, оның негізгі мазмұнын білдіреді [16, с. 161]. Яғни терминнің маңызды белгісінің бірі – ғылыми ұғым атауы болуында. Алайда соңғы он жылдықтар аралығында ең маңызды болып келген мәселе – әлі күнге дейін «терминнің» өз дефинициясының нақты айқындалмай келуінде [123, с. 795-796]. Бірақ біз білімнің жаңа саласы қалыптаса бастағанда дефинициясы жоқ терминдер болатынын жоққа шығармауымыз қажет. Мысалы, «сұлулық индустриясының» терминологиялық жүйесі осы қатардан табылады. Сондықтан да «терминнің дефинициясы бар немесе дефиницияны қажет етеді» деген сияқты тұжырымдарды орынсыз деп санаймыз. Себебі керісінше термині жоқ дефинициялар да болады. Мысалы: *тырнақ лағының тез кебуіне арналған спрейі, көзге арналған күңгіртті төрт түсті бояу, көз терісінен макияжды сұртуге арналған құрал, көзге арналған төрт түсті бояу, мүсіндеуге арналған қас қаламы, көз бояуды тегістеуге арналған аппликаторы бар қарындаш, көзге арналған тұрақты гелді сұйық бояуы, ерінге арналған далап-қарындаш, жарқырау әсері бар опа-домалақтары, тегістейтін тоналды крем-мусс, беттің терісін тегістейтін тоналды крем, терінің кемшілігін жасыратын қарындаш, макияж негізіне арналған негіз-фиксатор спрейі, макияждың негізін жағуға арналған қылшақ, денеге арналған орман жидектері және анар қосылған балғындататын йогуртты лосьон және т.б.*

Осымен байланысты В.М. Лейчиктің айтуы бойынша, жалпымен қабылданған пікірдің мәні мынадай: «арнаулы саланың жалпы ұғымын білдіретін дефиницияның сол жағы ғана терминмен анықталады да, ал оның оң жағы сол ұғымның айырым белгілерінен тұрады» [17, с. 179]. А.В. Ивановтың тұжырымдауынша: «терминологиялық лексика қатарында дефиниция арқылы түсіндірілуге келмейтін бірліктер жоқ, болмауы да мүмкін емес. Арнаулы ұғымдарды репрезентациялайтын терминдердің барлығы негізі мамандарға түсінікті болып келеді және олардың барлығы дерлік өз дефинициялары арқылы терминологиялық қасиетін көрсетуге әбден қабілетті» [116, с. 115].

Сол себепті терминдерде қатаң және дәл анықталған дефиницияларының болуы терминологияның негізгі ерекшеліктерінің бірі болып саналады. Бұл

ретте, дефиницияның дәлдігі екі ұштылықтың болмауын қамтамасыз етеді. Яғни дефиниция ұғымның тек маңызды белгілерінен ғана тұрады. Олар ең алдымен тектік (бірқатар ұқсас нысандар тобы) сипатын айқындайды, сонан соң барып түрлік айырмашылығын көрсетеді (тек осы нысанның ғана нақты басқалардан айырмашылығы). Сонымен бірге дефиниция қысқа әрі нұсқа, түсінікті және білім дамуының қазіргі деңгейіне сәйкес болуы қажет.

Осыған байланысты, ғалымдардың пікірі бойынша, терминдердің тағы бір айтарлықтай ерекшелігі оның стилистикалық бейтараптығы болып саналады. Себебі, мазмұн объективтілігі терминдерді стилистикалық тұрғыдан бейтарап етеді. Сондықтан да, ғалымдардың пікірінше, «дұрыс» терминдерде экспрессивтілік реңк болмайды. Кез келген терминнің басты қасиеті, ол оның эмоционалды-экспрессивтілік бейтараптығы, ал эмоционалды-стилистикалық қасиеттерге терминдер тек басқа мәнмәтіндік қолданыста ғана білдіре алады (А.А. Реформатский, Б.Н. Комиссаров, В.А. Звегинцев т.б.).

Дефиницияның болуы тілдің лексикалық бірлігін термин ретінде арнайы мақсаттар үшін танудың маңызды факторларының бірі болып табылады. Терминологияда дефиниция оқшау өмір сүре алмайды. Біріншіден, бұл терминді бекітетін жалпы ақпараттың бөлігі ретінде қарастырылады. Демек анықтама морфологиялық, синтаксистік және кейде прагматикалық ерекшеліктерді қамтитын семантикалық сипаттаманың бір бөлігі ғана. Дефиниция қажетті дәрежеде болуы мүмкін.

Дефиниция оны белгілі бір қызмет саласында қолдану үшін терминнің мәнін анықтауға қызмет етеді. Терминнің мағынасының лингвистикалық сипаттамасы дефиниция үшін жеткілікті. Демек, кез келген терминологиялық сөздіктің негізгі мақсаты – терминнің мағынасын анықтау және оны дефиниция түрінде бекіту. Нақты анықталған дефиницияның ғылыми маңызы зор. Терминді бекіту үдерісінде оны басқа заттардан (терминдерден) бөліп көрсету үшін қажетті және жеткілікті объект белгілерінің жиынтығы көрсетіледі.

Терминологияда дефиниция қажет:

- 1) терминнің бастапқы бекітілуі-тұжырымдаманың теңдігі;
- 2) терминді анықтау арқылы сәйкестендіру;
- 3) мамандар үшін ұғымның мағынасын түсіндіру [124, р. 45].

Демек дефиниция анықталған тұжырымдаманы ауызша сәйкестендірудің толық сипатын талап етеді. Осы сапаға сәйкес дефиниция білім құрылымында өте маңызды.

Арнайы білім жалпы тіл элементтерін сәтті анықтау және қоғам белгілеген білімнің әр деңгейіне сәйкес келетін шегіне дейін арнайы элементтермен алмастыру арқылы құрылады, содан кейін ол хабарламалардың белгілі бір түрлерінің негізгі деңгейіне айналады. Бұл үдеріс әр уақытта қайталанатын, белгілі бір саланы кеңейтеді және жаңа ұғымдарды дамытады [125].

Қазіргі терминтанымдық зерттеулерде терминнің күрделі құрылымы (біртекті емес, көп қабатты т.б.) жайында көп айтылады. Яғни термин зерттеуші санасында жүзеге асырылатын белгілі бір менталды іс-әрекеттің ерекше корреляті ретінде қарастырылады. Сол себепті терминдерге аталым иесінің субъективтік әлемін айқындайтын субъективтік қасиеттер де тән келеді.

Сонымен бірге терминдер жалпы тілдік таңба қасиеттеріне (семантика, синтактика және прагматика) ие әмбебап тілдік категория болып табылады [83, с. 37].

Адамның қабылдайтын ақиқат болмыс элементтерінің ішінен аталым актісінде атауға ие болатындары тек адам қызметінде бағытталғандары ғана. Осы үдеріс нәтижесінде ғана белгілі бір салаларға қызмет көрсететін терминологиялық жүйелер қалыптасып пайда болады және бұл ретте термин мағыналары да нақты жағдаяттарға негізделетін ерекше құрылымдар ретінде қарастырылады [126]. Терминологиялық жүйелерді жасау барысында ғалымдар концептуалды құрылым шеңберіндегі терминнің орналасуын, оның сипаттамаларын есепке алып, қайсысы осы құрылымға релевантты болатынын айқындады; терминдердің өзімен басқа да тектес бірліктермен классикалық қарым-қатынастарын талдауға алады, мысалы гиперонимия (тектік-түрлік қатынастар), меронимия (бөлік – тұтас қатынасы) т.б. [127]. Сонымен термин зерттеушілер Л.М. Алексеева мен С.Л. Мишланованың тұжырымдауынша: «...тілдің динамикалық үлгісінің компоненті. Ол диалектикалық тұрғыдан тұрақты таңбалық жүйе мен оның үнемі қайта ойластырылып қабылдануынан тұрады. Ал терминология болса, консерватизм мен ашылым жаңалығы, объективтік те, субъективтік те бастамасы болатын ғылым саласына қатысты тұтас шығармашылық үдерістің өзекті бір бөлігі ғана болып табылады» [128, с. 15]. Ағылшын тілінің ғылыми стилін зерттеген ғалым Н.М. Разинкина: «...ғылыми прозаның тілдік ерекшеліктерін адекватты түрде зерттеу үшін, ең алдымен, оның эмоционалды қасиеттерін қарастыру қажет. Өйткені адамның ой-санасы ақиқат болмысты логикалық және сезім танымының бірлігін айқындайды», – деп көрсетеді [129, с. 40].

Зерттеушілердің пікірі бойынша, эмоционалды реңктің пайда болуы ақиқат болмысты таным үдерісімен тікелей байланысты. Себебі, ғалым материалдық әлемнің өзара байланысын айқындау барысында басқа зерттеушілердің де жұмысын бағалап, деректің логикалық констатациясымен қатар ол өзінің де субъективтік бағасын береді. Л.В. Ивинаның пайымдауынша: «...енді қалыптаса бастаған жаңа терминологиялық жүйелердің ең басты ерекшелігі арнаулы ұғымдарды белгілейтін сөз бен сөз тіркестерінің басым көпшілігі бейнелі болып келетіндігінде» [77, с. 24]. Мысалы: *денеге арналған колумбиялық кофе сығындысы, марокканды арган майы қосылған косметикалық әдістерге арналған май, бетке арналған ақ шәй сығындысы қосылған маска, әрлендіретін тоник, қайта жандандыратын сүт құралы, беттің терісін тазартатын бидай сығындысы, құрғақ теріге арналған бал ара балауызы қосылған бальзам-күтімі, ерінді қарқынды ылғалдандыратын бал ара сүті қосылған бальзам, беттің терісін тазартатын және балғындататын әсері бар жастықшалары және т.б.*

Яғни терминжасам барысында бейнелі сөздер мен сөз тіркестерін қолдану терминологиялық аталымның мүмкіндіктерін кеңейтетіні сөзсіз. Алайда, әрине терминнің ғылыми мәтін ақпараттылығының жоғары деңгейде қамтамасыз ететін басты құрал, сонымен бірге ғылыми таным объективтілігін сақтайтын тілдік категория екенін естен шығармағанымыз жөн. Оның үстіне, ғылымның



негізгі қызметі – ақиқат болмыс жайындағы объективтік білімдерді теориялық жүйелеу және әзірлеу болып табылады.

Сонымен қазіргі терминолог-ғалымдардың терминге, терминжүйеге деген көзқарастарын түйіндей келе, мынадай тұжырым жасауға болады: терминологиялық жүйе дегеніміз – арнаулы мақсатта қолданылатын белгілі бір тілдің лексикалық бірліктерін (терминологиялық сөздері мен сөз тіркестері) элементтері болып табылатын, арнаулы білім немесе қызмет саласының таңбалық үлгісі. Ал оның құрылымы сол аталған теорияның ұғымдар жүйесіне бара-бар болады. Қорыта келгенде жаңаша терминтанымдық концепциялар бойынша, бейнелілік пен эмоционалдықтың болмауы, яғни стилистикалық бейтараптық талабы іс жүзінде идеалды терминдерге қойылады. Ал жалпы алғанда терминдерге жалпықолданыстық сөздердің барлық белгілері тән келе береді және белгілі бір жағдайларда олар эмоционалдық реңкке де ие болуы мүмкін.

## **2.2 Терминжүйе тіл бірліктерінің уәжділік сипаты**

Қазіргі таңда тілші ғалымдардың терминтаным мәселелеріне қатысты назары түрлі елдер мамандары арасындағы сәтті қатысым мен өзара түсіністікке қол жеткізу өзекті сұрақтар аясында болып отыр. Бұл мәселенің тиімді шешімі ең алдымен терминтаным аспектілерінің ғылым тілі ретіндегі қызмет етуімен, яғни адам қызметінің арнаулы салаларын қамтамасыз етуімен айқындалады. Өз кезегінде, жоғарыда аталған қызығушылық ғылымының өзінің қазіргі таңдағы даму ерекшеліктерімен, зерттеу аясының кеңеюімен, жаңа ғылыми бағыттар мен мектептердің пайда болуымен, қоғам дамуы мен түрлі білім салаларының қолданбалы жетістіктерімен сипатталады.

Терминтанымның қазіргі кездегі нақты тілтанымдық бағытындағы жетістіктері терминнің мән-мағынасы мен маңызына тереңінен бойлауымен, оның түрлі мәтіндердегі және арнаулы сөйлеу тіліндегі ерекше көрініс беруі мен өзіндік табиғатын жете қарастыруымен анықталады. Осы ретте, мына мәселені айта кеткен жөн деп санаймыз: мәселен, терминнің қысқалығы, стилистикалық бейтараптығы, бірмағыналылығы т.с.с осы кезге дейін міндетті деп танылып жүрген қасиеттері (А.А. Реформатский, И.Н. Волкова, Н.Г. Комлев, О.К. Васильева және т.б.) қазіргі зерттеулерде міндетті сипатынан гөрі, неғұрлым солайша болуы керек деген мағынаға ие болып келеді.

Зерттеу барысында соңғы қырық жыл ішінде ғылыми пән ретіндегі терминтанымның құрылымы мен оның басқа да ғылымдар құрамында орнына қатысты біршама маңызды өзгерістер болғанына көз жеткіздік: біріншіден, терминтаным мәртебесі өзгерді; ол бірнеше ғылымдар кешенінің бір компонентіне айналып, арнаулы дискурс пен бірқатар сала пәндерінің (бизнес тілі, сұлулық индустрия тілі, медицина, сот тілі т.б.) теориясынан тұратыны; екіншіден, соңғы кездері терминтаным жеке пәндер кешені ретінде танылып жүр (салғастырмалы, типологиялық және когнитивтік терминтаным және т.б.); үшіншіден, терминтанымның бірнеше жаңа бағыттармен байланысы кеңейіп (антропологистика, психоллингвистика, эколлингвистика және т.б.), салааралық сипаты басымдылыққа ие болып жүр.

Біздің зерттеуімізде термин белгілі бір терминологиялық жүйенің мүшесі және қолданыста конвенционалды сипатқа ие, сондай-ақ тек ерекше семиотикалық кеңістікте дискурс пен когнитивтік тұрғыдан маңызы бар заттар мен құбылыстарды, үдерістер мен белгілерді таңбалау үшін жасалатын лексикалық бірлік деп түсініледі. Зерттеу барысында біз терминнің мынадай қызметтер атқаратынын айқындадық:

- коммуникативтік қызмет (білімді беру, жеткізу қызметі);
- ақпараттық қызмет (кәсіби құзыреттілікті жүзеге асыру қызметі);
- эвристикалық қызмет (жаңа білімді ашу қызметі);
- дидактикалық қызмет (түсіндірмелі, педагогикалық, оқыту қызметі);
- бағдарлық (коммуникацияға қатысушылардың сұлулық саласындағы дұрыс бағдар-бағыты қызметі).

Жоғарыда келтірілген қызметтердің барлығы әлеуметтік маңызы бар үдерістерде қолданылады: кәсіби ақпараттың тіркелуінде, білімнің жинақталуы мен берілуінде, түрлі коммуникативтік бағыттағы мәтіндердің жасалуында және т.б. Терминнің қазіргі кездегі зерттелуінде, оның когнитивтік үдерістерімен байланысты қызметі аса қызығушылық танытуда. Себебі терминнің когнитивтік қызметі, оның аталымдық және сигнификативтік қызметі деп танылмайды, ол бойынша термин ұзақ таным үдерісінің нәтижесі, қорытындысы. Когнитивтік тұрғыдан термин адамның ішкі өмірімен байланысты арнаулы ұғымның тілдік вербалдануы. Сондықтан да термин адам ойының да, адам санасының да нәтижесін тіркейтін тілдік таңба болып саналады. Олар тек сол сала маманының ойын ғана емес, сонымен бірге оның кәсіби білімін де, терминологиялық бірліктерді қолданудағы мақсатын да және қолданыстың жұмсалымдық дұрыстығын да айқындайды. Сол себепті терминологиялық жүйелерді зерттеуде, терминнен басқа олардың модификаторлары да талдауға алынуы қажет. Бұл ретте біздің модификаторлар деп отырғанымыз – терминнің жұмсалымдық нұсқалары, яғни терминнің беріп отырған ұғымын басқаша атау немесе нақтылау, мазмұнын бейнелі түрде де жеткізуге болатындығы.

Когнитивтік терминтаным тұрғысынан терминнің дефинциясында екі негізгі белгі атап көрсетіледі: таным нәтижесін тіркеу құралы және жаңа білім ашу қызметі. Зерттеуші-ғалымдар тарапынан терминдер мен терминологиялық жүйелер дискурста жасалатын және өз когнитивтік мазмұны мен формасын өзгерте алатын үдемелі құрылымдар деп түсініледі. Осыған байланысты дискурстық лингвистика тұрғыдан терминдер белгілі бір білім алу үшін мақсатында адресатқа бағытталған ақпаратты өңдеуші, беруші, жеткізуші деп анықталады. Сұлулық индустрия саласы өз ерекшелігімен жалпы терминтаным саласына қосымша қасиеттер үстемелейді деп санаймыз.

Сұлулық индустрия саласының термині арнаулы сұлулық ақпаратына ие тілдік бірлік, ол сол сала мамандарының танымдық қызметін жетілдіру үшін қажет. Яғни бұл терминдер сұлулық саласының таным құралы, сұлулық кеңістігіндегі когнитивтік және коммуникативтік маңызы бар құбылыстар мен үдерістерді белгілейді. Сұлулық терминологиясы кәсіби ақпаратпен алмасу үшін жасалып, қоғамның белгілі бір бөлігіне арналған, сол себепті де айқын прагматикалық сипатқа ие болып келеді.

Сұлулық индустрия саласын талдау және зерттеу әр кезеңде де адамзат мақсаты болып келгені белгілі. Мәңгілік жастық құпиясы ашылмаған, алайда қазіргі медицина деңсаулықты ұзартып, адамның сыртқы келбетін де мүмкіндігінше ұзақ сақтап қалуға қабілетті. Осыған орай тарихи тұрғыдан да адамның сұлулыққа деген көзқарасы үнемі өзгеріске ұшырап тұрған, мәселен қазіргі таңда сұлулық идеологиясы біздің қоғамның жаңа құбылысы десек те болады. Сұлулық индустриясының қарқынды дамуы біздің өзімізді де, өміріміздің сапасын да өзгертуде.

Сұлулық индустриясы – нақты адамның қажеттілігін өтеу үшін бағытталған қызмет саласы болып табылады. Атап айтқанда: «...адамның мәдени, эстетикалық, әлеуметтік және психологиялық көзқарастар деңгейінен туындаған қажеттіліктері» [130, с.22]. Қазіргі біздің қоғамымыздың негізгі қажеттіліктерін былайшы жіктеп көрсетуге болады:

1) *spa-индустриясы*, әдетте ол «не үшін» деген қағидамен айқындалады: шашқа арналған спапроцедуралары (мысалы, түрлі балдыр қосындыларын пайдаланып шашты ламинациялау); бетке арналған спапроцедуралар (скрабтар, балшық маскалары); қолға арналған спапроцедуралар (теңіз тұзы қосылған ванналар); денеге арналған спапроцедуралар (теңіз ванналары, кешенді бағдарламалар т.с.с.);

2) *эстетикалық медицина*, оны өз ішінде хирургиялық және эстетикалық деп жіктеп көрсетуге болады (дене формасының белгілі бір бөліктерін коррекциялау, кіші хирургиялық араласушылық т.б.); эстетикалық стоматология (скайстар, тістерді қалпына келтіру т.б.); хирургиялық емес косметологиялық медицина (дәстүрлі косметологиялық қызмет көрсетулер: аппараттық әдістемелер, инъекциялық, лазерлік, сондай-ақ артық салмақтан арылу, жасарту технологиялары және т.б.);

3) *спорттық-сауықтыру технологиялары* (фитнес, дұрыс тамақтану, йога т.б.).

Дегенмен сұлулық индустрия нарығын зерттеген ғалымдардың қорытындылары бойынша негізгі эстетикалық өндірістің бірі – сұлулық салондары болып табылады және олардың жалпы нарықтағы салмақ үлесі 80-82 %-ын құрайды екен [131, с. 320]. Сондықтан да біз өз зерттеуімізде жалпы сұлулық индустриясының бір үлкен тармағы болып саналатын сұлулық салоны терминологиясына жете мән беріп, оның арнаулы тілдік бірліктер жиынтығы ретінде қалыптасуын жан-жақты талдауға аламыз.

Біз зерттеуімізде сұлулық индустрия терминдерінің төмендегідей сұлбасын ұсынамыз: 1) басты термин; 2) анықтамасы; 3) дублеттері (болған жағдайда). Осы ұстаным бойынша кез келген терминнің лексикографиялық портретін немес терминографиялық сипаттамасын жасауға болады деп есептейміз. Мысалы, 1) Кірпіктерді ламинациялау; 2) *кірпікшелердің көлемін жоғалтпай, сауытты нысанды жақсарту*; 3) *кірпіктерді жібектей ету; жылтыр қилияны жарқырату; кірпікті сауықтыру; ламинаттау*; 1) шашты бұйралау; 2) *түрлі амал-тәсілдер арқылы тік шашты бұйралап көлем беру*; 3) *шаш бұйралау; бұйралау*; 1) шашты кератинді түзету; 2) *кератиннің шашты қалпына келтірудің мәні – кератиннің зақымдалған жіптерді жабыстыруы*. Бұл шаш

кутикулаларының сапалы емделуіне, сондай-ақ косметикалық әсерге мүмкіндік береді. Шашты талғампаз жылтыратады, тегістік пен жеңіл таралуына септігін тигізеді; 3) кератинді түзету және т.б.

Сұлулық индустриясы терминологиялық жүйесін талдау барысында біз, ең алдымен оның жүйелі-үдемелі қасиетін ескеруге тырыстық, себебі тілдің сөздік қоры үнемі өзгеріп толығып тұрады. Мәселен, сұлулық салоны терминологиялық жүйесі қалыптасуының негізгі белгілері төмендегідей:

- біріншіден, нақты айқындалған шегі бар арнаулы саланың болуы: сұлулық индустриясының бір саласы ретінде анықталуы, себебі оның нақты заттық саласы айқын;

- нақты осы салаға, яғни сұлулық салоны терминжүйесінің жалпы сұлулық индустрия ұғымдар жүйесіне қатыстылығы: *әйелдер шаш алуы, ер адамдар шаш алуы, балалар шаш алуы, шаш укладкасы, сәнді шаш үлгісі, шашты жуу, шашты емдеу, шашты ламинаттау, шаш бояу, шашты түссіздендіру, шаш мелірованнесі, химиялық шаш бұйралау, make-up, косметологиялық қызмет, маникюр, педикюр, кірпік өсіру, депиляция* т.б.;

- бұл арнаулы тіл негізінде белгілі бір табиғи тілдің болуы, әрине бұл ағылшын тілі екені сөзсіз.

Сұлулық салоны терминологиялық жүйесі сұлулық индустриясы білімінің лингвистикалық үлгісін айқындайтыны сөзсіз. Себебі бұл ашық жүйе, өйткені онда дүние жүзіне белгілі процедуралар, әдістемелер, амалдар мен жолдар, нақты әрекеттер мен препараттар сипатталып, яғни ол үнемі жаңа терминдермен толығып отырады: *шашты түзетуге арналған маскалар, құрғақ шашқа арналған опциялар, шашты желатинді түзету* т.б.

Сұлулық салоны терминологиялық жүйесі неше түрлі әдіс-тәсілдердің қаншалықты дамуы, пайда болуымен байланысты қалыптасып келеді. Сұлулық салоны терминологиялық жүйесі қалыптасуының алғашқы кезеңі жалпықолданыстық сөздердің жұмсалымымен ерекшеленеді: *шаш әсемдеу, тырнақ бояу, бетті әрлеу* т.б. Сұлулық индустриясы жайында білімнің дамуы терминологиялық жүйені толықтырып отырады. Бұл ретте ол өз негізінде дамиды (балаяж – шаш бояу әдісі - балаяждау). Сұлулық әдіс-тәсілдердің өзгеруі, жаңа препараттардың, құрал-саймандардың пайда болуы терминологиялық жүйе өзгерісіне де алып келері сөзсіз.

Сұлулық индустриясы терминологиялық жүйесінің қалыптасуы осы білім саласына қатысты жинақталған терминдерді реттеуге, лакуналарын орнатып әрі қарайғы жұмыс оларды болдырмауға, сонымен қатар ұғымдар шекарасы айқындап, олардың дефиницияларын беруге бағытталған. Сұлулық индустриясы терминологиялық жүйесінің талданымы, оның күрделі құрылымын айқындайды – құрамында түрлі терминдер топтары бар: ұғымдарды белгілеудің түрлі тәсілдері, формалды белгілері, терминологиялық жүйедегі орны бойынша т.б.

Сұлулық индустриясы терминологиялық жүйесінің негізін кірме терминологиялық элементтер құрайды. Олардың әрқайсысы өз мағынасына ие болып келеді. Мәселен, қазіргі таңда шаш бояуға қатысты мынадай терминдер ерекше сипатталады: *омбре, сомбре, балаяж, бронд, шатуш, громбре, нюд,*

*фламбояж, стробинг, суккулент* және т.б. Олардың әрқайсысының өз ерекшелігі мен дефинициясы бар:

- *омбре* – «омбре сөзі француз тілінде «көлеңке» деген мағынаны береді. Бұл техника бойынша, шаш түбі қою түстен басталып, ұшына қарай біртіндеп ашық бола түседі. Оны шаш шеберлері *градиент* немесе *деграде* деп те атайды»;

- *сомбре* – «бұл омбренің жеңіл түрі. Сомбреде шаш түсінің ұшына қарай өзгергені өте қатты білінбейді, тіпті байқалмайды деуге де болады. Бұнда шаштың түбінде табиғи түс сақталады да, ұшына қарай сол түсті тек 05-1 тонға өзгертеді. Онда да шаш ірі-ірі тұтамдарға бөлініп, боялады. Соның нәтижесінде шаштың түсі көзге күнге сәл күйген сияқты болып көрінеді»;

- *балаяж* – «қыздар арасында өте танымал әрі сұранысқа ие бояу техникасы. Ол шашты өте ұсақ тұтамдарға бөліп мелірлеу, бірақ шаштың ұзындығын толығымен емес, оның 2/3 бөлігі ғана боялады»;

- *бронд* – «бұл да мелірлеу сияқты, бірақ шаш бір ғана түске емес, сары мен қоңырдың бірнеше реңкіне боялады. Техниканың *bronde* деген атауы да осы сары (*blond*) мен қоңырдың (*brown*) араласуы деген сөзден шыққан. Брондка боялған шашты голливуд жұлдызы Дженнифер Энистоннан көруге болады. Ол бұл техникамен біраз жылдан бері «дос»;

- *шатуш* – «шатуш брондка ұқсас: шаш бірнеше түске боялады, бірақ түстердің өзгеруі көлденең бағытта болады және түстердің алмасу шекарасы анық көрініп тұрады»;

- *громбре* – «сұр түстерден жасалатын омбре. Бұнда сұрдың бірнеше реңктері, әсіресе кейінгі кездері сәнге айналған күлгін, сұрғылт, ақ түстер қолданылады. Егер шашыңызға ақ түсе бастаса, громбре оны – жасырудың бірден-бір жолы: ақ шашты жасыру және сәнді шаш бояуы»;

- *нюд* – «нюдті, көбінесе, елдің назарын көзіне, бет терісінің тазалығына, ерніне, яғни шашынан басқа жерге аударғысы келетіндер жасатады. Бұнда шаш күтілген, әдемі, бірақ көздің, терінің түсіне үйлесетін табиғи реңктерге боялады»;

- *фламбояж* – «балаяж бен омбренің араласқан түрі. Оны итальяндық стилист Анжело Семинара ойлап тапқан. Стилист бұл арқылы шашты айтарлықтай ашық, құбылмалы етуге болатынын айтады»;

- *стробинг* – «стробинг дегеніміз шаштың жарыққа шағылысу әсерін туғызатын бояу түрі. Оның нақты бір техникасы жоқ. Әр стилист шаштың қай жерін ашық түске бояу керек екенін өзі шешеді. Бұл жерде шаштың қалыңдығы, бас сүйегінің пішіні, бет терісінің түсі ескеріледі»;

- *суккулент* – «табиғатты еске салатын шаш бояуы. Онда жасыл шөптің, гүлдердің, өзен мен көлдің түстері қатар қолданылады. Сондықтан да шашқа өте зиян техника, себебі шаш толығымен күйдіріледі. Оны көп жағдайда шығармашылық адамдары таңдайды».

Жоғарыда келтірілген терминдердің ерекшелігі дефинициясыз адресат үшін оның мазмұны түсініксіз. Оның үстіне мұндай терминдер тобы көрнекілікті (фото, сурет және мүмкіндігінше танымал адам бейнесі) қажет етеді. Ал, келген индустрияның, оның ішінде сұлулық индустриясының да ұғымдық аппараты қысқа әрі түсінікті болуы тиіс, яғни әрбір ұғымның анық және нақты

анықтамасы болуы қажет. Сұлулық индустриясы терминологиясының прагматикалық аспектісіне назар аударатын болсақ, мәселен қазіргі таңдағы «бьюти-блогерлер» тілін арнайы дайындықсыз ұғынуға мүлдем болмайды. Ол үшін кәсіби дайындық қажет.

Бьюти-блогер дегеніміз әлеуметтік желілер арқылы сұлулық индустриясы қалай жасалатыны, күнделікті күтім неліктен маңызды екендігі, жыл мезгілдеріне орай теріні дұрыс ылғалдандыру үшін не жетіспейтіндігі және т.б. ақпаратпен бөлісуші болып табылады. Біз зерттеуімізде, бьюти-блогерлер тілінде ең жиі кездесетін терминдер қатарын анықтадық. Мысалы, «свотч» термині. Свотч термині ағылшын тілінен тура аударғанда «үлгі» деген мағынаны береді екен. Ал нақты терминдік мағынасы «далап, көз, бет т.б. бояуларының теріде нақты қалай көрінетінін айқындайтын фотосурет немес бейне» дегенді білдіреді.

Келесі термин бұл – «финиш» тілдік бірлігі. Терминнің мағынасы «теріге жаққанда белгілі бір әсер қалдыратын жабын текстурасы» дегенді білдіреді. Мысалы, егер әңгіме далап жайында болса, онда финиш жылтыр, крем тәрізді немесе күңгірт, бұлыңғыр болып келеді. Бьюти-блогерлер тілінде жиі қолданылатын терминдердің бірі – «контуринг» сөзі. Классикалық контуринг барысында (бетті әрлеуде) бронзер мен хайлайтер ғана пайдаланылады. Ал, одан басқа оның 5 ұқсас техникасы бар: «тантуринг» – тұрақты контуринг, ол автокүйгіш құралы арқылы жасалады; «стробинг» – беттің контурлары тек хайлайтер арқылы белгіленеді; «дрейпинг» – екі бетке тек екі түрлі реңктік еңлік жағылады; «клоун-контуринг» – бетті әрлеу алдындағы бояу жағуда клоундардың гримі іспеттес болуы; «нонтуринг» – антитренд мағынасында қолданылады, яғни мән-мазмұны классикалық контурингтен бас тарту дегенге сайып келеді.

«Санскрин» термині шетелдік бьюти-құралдар орауыштары мен қаптамаларынан алынып, күннен қорғану, УФ-сәулелеріне қарсы сүзгіштер, жалпы теріні күн әсерінен қорғауға арналған құралдардың қысқа атауы. «Плампер» бьюти-сленг тілінде ерін көлемін үлкейтіп көрсетуге арналған құрал. Қазіргі таңда көптеген далап, бальзам мен жылтырлар қан микроциркуляциясын ұлғайту нәтижесінде аздап ерін көлемін үлкейтіп көрсетуге қабілетті келеді. «Кушон» термині – қазіргі таңда кез келген сәнді құрал жұмсақ жастықша-спонжымен жасақталған. Алғашқы кушондар Азияда пайда болған, қазірде батыста да белсенді қолданыс табуда. Ал «нейлфи» дегеніміз – «тырнақ сейлфиі», егер әлеуметтік желілерде жаңа ғана жасалған маникюр фотосын көрген болсаңыз, онда бұл сол «нейлфи».

«Конняку» терминінің қолданыс жиілігі соншалықты да жоғары емес, өйткені біл терминнің мағынасын тек бьюти-білгірлерге ғана таныс. Бұл бет жууға арналған спонждардың ерекше категориясы болып саналады. Себебі ол табиғи материалдан, атап айтқанда азияда өсетін конняку өсімдігінің түйнегінен жасалады. «Мультимаскинг» - тері күтімінің трендік тәсілі болып есептеледі. Бұл тәсіл бойынша беттің әрбір аймағына өзіндік маска қажет, мысалы: тазарту, ылғалдандыру және т.б. «Глиттер» және «шиммер» терминдері: бұл терминдердің аражігін ажырата білу қажет. Егер глиттер дегеніміз – ірі

жылтырлар болатын болса, ал шиммер керісінше мүлдем ұсақ жылтыр бөлшектер, алайда екуінің де қызметі белгілі бір бояудың жабындысы болу. Енді тағы бір термин, ол «блюр» деп аталады. Бұл термин Photoshop бағдарламасынан алынған, оның қызметтерінің бірі фото жайылымын қамтамасыз етеді. Оның нәтижесінде фотода терінің кемшіліктері көріндей кетеді (тері қабынуы, безеу т.б.). Блюр-әсері бар косметика да осы аталған принцип бойынша жұмыс істейді.

Байқағанымыздай, терминдердің басым көпшілігі ағылшын тілінен кіріккен: *финиш*, *хайлайтер* (highlighter), *глиттер* (glitter), *шиммер* (shimmer) және т.б. Алайда француз тілін де жоққа шығаруға болмайды: *кушон* (cushion — *жастық*) Жалпы терминдердің барлығының да уәжділігі тіл білмейтіндер үшін көмескі, тек бір термин ғана жартылай уәжді: *клоун-контуринг*. Дегенмен ол да болса, орыс тілінің ықпалы нәтижесінде пайда болған.

Осыған байланысты қазіргі терминтаным ғылымында ең маңызды сұрақтардың бірі «неліктен белгілі бір ұғым басқаша емес, осылайша берілген?» болып табылады. Осы тұрғыдан келгенде, ғалым С.Б. Гринев-Гриневич уәжділікті «терминнің ұғым жайында түсінік қалыптастыруға мүмкіндік беретін семантикалық айқындығы», – деп түсіндіреді [67, с. 38]. Алайда, терминологиялық уәжділік түсінігінің жалпы тілтаным саласындағы уәжділік ұғымынан едәуір айырмашылығы бар. Себебі термин үшін ең алдымен терминологиялық мағына түсініктілігі мен оның терминдер жүйесіндегі орны аса маңызды болып саналады. В.Д. Табанкованың пікірінше: «...термин үнемі екіншілік сипатқа ие болып, жасалым сәтінде әрқашанда уәжді және басқа сөздерге қарағанда ол арнаулы ұғым атауы ретінде жасалады» [132, с. 107].

Терминтанымда негізінен үш уәжділік түрі ажыратылып көрсетіледі: терминнің формасы, семантикасы және қызметі бойынша. Терминдерді формасы бойынша толық уәжді, жартылай уәжді, жалған уәжді және бейуәжді болуы мүмкін. Толықтай уәжділікке ие термин бір немесе бірнеше элементтерден құралады, ал олардың таңдалуы терминологиялық емес мағынамен түсіндіріледі. А.В. Суперанская, Н.В. Подольская, И.В. Васильевалардың пікірі бойынша, жоғарыда аталған құбылыс терминдердің жалпы лексикаға қатысты екіншілік сипатымен байланысты, сонымен қатар әрбір ұғым түрлі белгілермен сипатталады, ал оның атауында тек бір ғана белгісі ғана беріліп және ол міндетті түрде ең бір маңыздысы болуы шарт емес [16, с. 89].

Жартылай уәжді терминдер бірнеше элементтер арқылы айқындалып, олардың бір бөлігі түсінікті болса, екінші бір бөлігі көмескі болып келеді. Терминолог ғалым С.Д. Шелов мынадай тұжырымдама жасайды: «Терминдердің толық немесе жартылай уәжділігі тек терминологиялық компоненттер (семантикалық немесе лексикалық уәжділік) арқылы ғана емес, яғни терминнің ұғымдық мазмұны толық оны құраушы терминологиялық бөлшектер семантикасының негізінде ғана емес, сондай-ақ терминнің синтактикасы негізінде де, атап айтқанда оның сол терминологиялық жүйеге жататын терминологиялық бірліктермен тіркесу қабілетінің арқасында да айқындала алады» [133, с. 9]. Дегенмен, біздің пікіріміз бойынша, терминология саласындағы синтаксистік байланыстарды талдау барлық жағдайда мағына уәжділігін анықтауға септігін тигізе бермейді. Мысалы, метафоралық немесе


метонимиялық тәсіл арқылы жасалған терминдердің уәжділігі оларды құрайтын компоненттердің мағынасына тікелей қатысты бола бермейді.

Жалған уәжді жасалған терминдер үшін бұрыс түсініктеме берілуі тән келеді. Ал жалған уәжді терминдердің пайда болу себептері мына себептермен түсіндіріледі: біріншіден, белгілі бір қызмет немесе білім саласының дамуы барысында қате білімінің орын алуымен байланысты; екіншіден, терминнің алғашқы аталымында болған белгілердің өзгеруі салдарынан; үшіншіден, терминнің айқын белгілерін саналы түрде жасыру негізінен. Бейуәжді терминдер мәселесіне келер болсақ, олардың тілдік формасы мүлдем түсініксіз болады. Алайда олардың тұрпат межесі тек жасалу сәтінде ғана көп жағдайда уәжді болып келеді. Бұл ретте айта кететін жайт «Термин уәждемесінің негізіндегі ең бір маңызды белгі оның аса қажетті емес, ал айырым белгісінің бірі болып табылады және оның басқа да белгілерімен сәйкес келуі міндетті емес» [19, с. 41].

Терминологиялық уәжділік терминнің формасын оның семантикасымен байланыстыратын категория болып саналады. Уәжді терминдер ретінде жалпы тілдік тұрғыдан уәжді болып саналмайтын лексикалық бірліктер болуы әбден мүмкін. Семантикалық уәжділік жайында сөз болғанда, бұл ретте бастапқы дара лексикалық бірлік семантикасына тәуелділік мәселесі емес, басқа терминдер семантикасына қатысты байланыс орын алады. Яғни бір жүйеге кіретін терминдердің семантикалық жүйелілік қатынасы басты назарда болады. Өйткені, терминтаным ғылымында қалыптасқан көзқарас бойынша, термин жүйелілігі дегеніміз – терминнің сыртқы формасында, құрылымында оның сол жүйедегі басқа ұғымдармен байланысының, сол жүйедегі орнының айқын көрінісі болып табылады.

Сонымен жүйелілік термин уәжділігін айқындайтын бірден бір амал болатыны заңды құбылыс. Жүйеліліктен басқа, сондай-ақ термин уәжділігінің бейнелі және категориалды түрлері ажыратылып көрсетіледі. Терминнің бейнелі уәжділігі деп олардың ұғым жайында ойлау бейнесін, өздеріне сәйкес денотаттар көрінісін қалыптастыра алу қабілеті түсініледі. Ал категориалды уәжділік дегеніміз – терминнің өз формасы арқылы ұғымның категориалды қатыстылығын айқындау қасиеті. Сайып келгенде терминдер өз уәжділігінің дәрежесіне қарамастан, оларға тән қызметтердің барлығын атқара алады. Сондықтан да уәжділік талабын терминдерге қойылатын міндетті шарттардың бірі деп тану орынды бола бермейді деген қорытынды жасауға әбден болады. Жоғарыда айтылған ой-пікірді көрнекі түрде беретін болсақ:





Сурет 5 – Термин жүйелігі мен уәжділігінің арақатынасы

Сонымен термин терминология мен терминологиялық жүйенің элементі ретінде адамдардың ғылыми-танымдық қызметінің және тәжірибе нәтижелерін айқындайтын құралдардың бірі болып табылады. Сонымен бірге олар ғаламның ғылыми бейнесін көрсететін амал ретінде де танылады. Ғаламның ғылыми бейнесі ғылыми білімнің жүйеге келтірілуін ең алғаш сатысы іспеттес, яғни түрлі ғылыми теориялар мен салалардың, ғылыми танымдардың қорытындылануы. Себебі әлем жайындағы бүкіл теориялық және практикалық ғылыми білімдер тілдік формаларда тіркеліп отырады. Әлем туралы ғылыми білім ғылым тілінде тіркеліп, арнаулы мақсаттағы тілдер категорияларында көрініс табады.

### **2.3 Сұлулық индустриясы терминологиялық жүйесінің тақырыптық топтары**

Қазіргі таңда «сұлулық индустриясы» жайлы білімнің даму барысында, аталған сала мен кәсіби лексикон тәжірибесінің ұғымдық аппаратына түрлі ғылым және практика салаларынан алынған көптеген жаңа терминдерді енгізу үрдісі айқын көрініс табады. Бұл үдерістің екі жақты әсері бар. Бір жағынан қарағанда, жаңа ұғымдардың кірігуі мен қолданылуы, олардың анықтамасының, мағыналық мәндерінің, қолданыс шеңберлерінің және т.б. нақтылануын қажет етеді. Бұл өз кезегінде «сұлулық индустриясы» ұғымдық аппаратын неғұрлым нақтылыққа, ғылыми жүйелілікке қарай дамуына жетелейді және оң құбылыс болып саналады. Екінші жағынан, аталмыш үрдіс «сұлулық индустриясы» ұғымдарының жаппай жаңаруына бағытталады, яғни кейбір жағдайларда тіпті

«ескі» ұғымдар мен терминдердің «жаңа атаулармен» алмастырылуына алып келеді.

Соңғы кездері сұлулық индустриясына қатысты көптеген түрлі журналдар (каталогтар) мерзімді түрде жарыққа шығарылып жатыр. Жалпы кәсіби өнімнің бұл жанры ерекше танымал болып келетіні анық. Әрине бұл да өз алдына сұлулық индустрия кәсіби тілін бір жүйеге келтірудің, ұғымдары мен анықтамаларының сала аясында бекіту мен тіркелуінің бірден бір амалы болып табылады. Алайда көп жағдайда ұсынылып жатқан сала ұғымдарының атаулары, түсініктеме мен анықтамаларын атамағанда, өте төмен деңгейде болып, ешбір сын көтере алмай жататыны да айқын. Нәтижесінде сұлулық индустриясы ұғымдық-терминологиялық аппаратының ең басты кемшілігі қисынды талаптар мен ережелердің қатаң сақталмауы болып саналады. Атап айтқанда, бірнұсқалылық (жарыспалылыққа жол беріледі), бірмағыналылық, қысқалық және т.б.

Мұндай жағдаяттарда, авторлардан (біздің жағдайымызда аудармашылардан) ерекше кәсіби сезімталдық пен сыни көзқарас талап етіледі. Болмаған жағдайда, авторлар (аудармашылар) тарапынан жол берілген қателер тираждалып, басылып шығарыла беретіні сөзсіз. Сол себепті терминологиялық талдау мәселесі аса өзектілікке ие сұрақтардың бірі болып табылады. Сапалы орындалған терминологиялық талдау маңызды ғылыми-теориялық нәтижелер алуға мүмкіндік жасайтыны анық. Осыған байланысты ең алдымен талдауға алынатын ұғымдар мен терминдерді іріктеп алу қажет. Зерттеу феномендері көп жағдайда күрделі құрамды, яғни бірнеше терминдерден тұратын ұғымдар арқылы беріледі. Ол «ретті» немесе «сатылы» терминологиялық талдау жүргізілгенін талап етеді. Біріншісі, ұғымды құрайтын әрбір терминнің ретті талдануын қажет етсе, екіншісі, біртіндеп күрделене түсетін терминдердің ұғымдық қатары жасалуын меңзейді.

Мәселен, зерттеу болашақ сұлулық индустриясы маманының кәсіби құзыреттілігінің қалыптасуына байланысты. Терминологиялық талдау ретін мынадай ұғымдық қатар арқылы түзуге болады: «құзыреттілік» – «кәсіби құзыреттілік» – «болашақ маманның кәсіби құзыреттілігі» – «болашақ сұлулық индустриясы маманының кәсіби құзыреттілігінің қалыптасуы». Бірінші кезеңде зерттеу міндеттерінің (этимологиялық, семантикалық, салыстырмалы және т.б.) шешіміне байланысты терминологиялық талдау түрлерін айқындап алу қажет. Біздің зерттеуіміз үшін бұл кезеңнің маңызы ерекше, өйткені сан алуан деректерден (сала бойынша сөздіктердің жоқтығы) талдауға алынатын ұғымдардың түрлі экспликацияларын, түсініктемелерін, анықтамаларын жинақтап алу керек. Демек зерттеуші пайдаланатын дереккөз негіздің ғылыми ізденістегі рөлі айрықша деуге болады.

Нақты іс жүзінде терминологиялық талдау барысында тіл зерттеушілері түрлі әдіс-тәсілдерді қолданады, өз кезегінде олардың тиімділігі мен нәтижелері де әртүрлі болып келеді. Әдетте түрлі деңгейлердегі тіл мәселелеріне қатысты зерттеулерде бес белгілі амалды атап көрсетуге болады. Олардың әрқайсысы белгілі бір зерттемелік ұстаныммен байланысты болып, ғылым мен ғылыми қызметке деген нақты бір көзқарасымен айқындалады. Олар:

- компилятивті амал – бірнеше автордың анықтамалары, термин нұсқалары келтіріліп, одан кейін барып өзінің «анықталған» тұжырымдамасы беріледі;

- таңдау амалы – нұсқаларды салыстырып салғастырмай-ақ, өзі «дұрыс» теп таныған біреуін «негіз» ретінде алу;

- статистикалық амал – зерттеуші «шынайы» нәтижеге қол жеткізу үшін, мәселен контент-талдау әдісін пайдаланады және соның негізінде «жалпылама» нұсқаға келіп тоқтайды. Контент-талдау әдісі өзінің аса өнімділігімен танылған әдіс. Жалпы статистикалық талдау әдісі терминологиялық зерттеулер үшін өте қолайлы, себебі терминнің қолданыс жиілігі, оның ең бір маңызды қасиеттері мен қажетті белгілерінің бірі болып табылады;

- сындарлы амал – зерттеуші сол сала бойынша бар термин нұсқаларын сынға алып, жоққа шығару арқылы өз «авторлық» баламаларын ұсынады;

- аналитикалық амал – осы ретте ғана зерттеуші талдауға қажетті қисынды іс-әрекеттерді жүзеге асырады: заттың маңызды белгілерін іздестіру, *салыстыру* – маңызды немесе маңызды емес белгілері бойынша ұқсастық пен айырмашылықтарды орнату, абстракцияландыру – заттың белгілі бір ерекшеліктерін іріктеу және оларды басқа белгілерінен алшақтату, жалпылау – бірнеше заттар мен ұғымдарды біріктіру.

Сонымен ғылыми-зерттеу жұмыстарда, әсіресе терминологияға қатысты зерттеулерде терминдерге байланысты талдауларда мынадай жалпы ережелерді басшылыққа алған жөн:

- түрлі түсініктемелерге жол бермес үшін арнаулы терминнің қолданылуы оның түсіндірмесін (анықтамасын, экспликациясын, дефинициясын) талап етеді. Әсіресе, бұл көпмағыналы терминдер үшін маңызды;

- құбылысты белгілеу үшін алынған жаңа термин тек оның түсініктемесін ғана емес, сондай-ақ бара-бар екенін және дұрыс қолданылу негіздемесін де қажет етеді;

- бір жұмыс аясында терминнің бірнеше нұсқасындағы түрлерін қолдануға болмайды. Ал қажет болған жағдайда термин қолданысына мәнмәтіндік түсініктеме беріп отырған дұрыс;

- егер терминнің синонимдік немесе лексикалық түрлері болатын болса, онда оның біреуін қолданған жөн. Мысалы: *далап – ерін далабы, шампунь – сусабын – сұйық сабын* және т.б.

Сұлулық әрқашанда кез келген мәдени кеңістік қалыптасуында ерекше рөл атқарғандығы белгілі. Мінсіз, идеалды, кемшіліксіз формаларды іздеу, табу сонау антикалық заман ақындарын, орта ғасыр мүсіншілерін, Ренессанс суретшілері мен композиторларын, жаңа заман жазушыларын, сондай-ақ қазіргі заманауи әртістер мен дизайнерлерді үнемі толғандырған мәселе. Адамның сұлулықпен қарым-қатынасы тарихына үңілетін болсақ, ғалымдар оны ең бір тірек ұғым қатарына жатқызып, ұлттық концептосфера қалыптастырылуының негіз құраушы қағидаты ретінде бөліп көрсеткен.

Византия заманында сұлулық бүкіл материалдық пен руханидың ажыратылмас бөлігі, әлемдегі бар дүниенің қайнар көзі болып саналған. Яғни сұлулықсыз махаббат, үйлесімділік пен тіпті әлемнің өзінің болуы мүмкін емес деп саналған. Византиялықтардың көзқарасы бойынша, сұлулыққа деген

құштарлық адам баласы үшін табиғи құбылыс болған, өйткені ол махаббат пен үйлесімділік әлеміне жол сілтеуші ретінде қабылданған. Осыдан келіп ежелгі адамзаттың таным-түсінігінде сұлулық – рухани шырақ, ал шырақ – жаратушы деп танылған. Ал өркениет дамуымен байланысты, өкінішке орай адам мен оның жанының арасында алшақтық пайда бола бастайды. Адам баласы рухани бастамаларды ұмытып, өзінің барлық күш-жігерін тек материалдық құндылықтарға қол жеткізу үшін жұмсайды.

Қазіргі таңда сұлулық бет әлпеті, дене бітімі, киім-кешек, ғимараттар, тұрмыс-тіршілік заттары, үй жиһаздары және т.б. секілді сыртқы форма ретінде қабылдана бастағаны белгілі. Сұлулық стандартты, типтік, мыңдаған рет бір шаблон бойынша қайталана беретін бұқаралық мәдениеттің, «мәдениет индустриясының» өніміне айналды [134, с. 35]. Тіпті метаматика ғалымдары «сұлулық формуласын» әзірлеуге кіріскен [135, с. 199]. Сонымен бұқаралық мәдениет бүкіл қоғамды жаулап алып, материалды сұлулық сан алуан тиражбен насихатталып, қалай сұлу болу мүмкін деген айдармен түрлі нұсқаулықтар мен құралдар, журналдар мен бағдарлар жарық көруде.

Яғни бұқаралық мәдениет, сонымен бірге тіл де адам психикасына әсер етуші құралдардың біріне айналды. Бұл ретте тіл, ең алдымен екі маңызды – коммуникативтік және креативтік қызметті атқаруымен бірге тек таңбалаушы ғана емес, сондай-ақ мәдени кеңістіктердің жасаушысы да болып табылады. Қазіргі таңда, аталған салаға қатысты тіл символдық жүйе ретінде жаңа мәдени символдарды құрастырушы ретінде де көрініс табады. Алайда, бұл жаңа мәдени символдар барлық жағдайда жағымды мәнге ие бола бермейтіні де анық. Мәселен, сұлулыққа қатысты тілде мынадай тіркестер пайда болды: «*beauty myth*» – «сұлулық мифі», «*beauty trap*» - «сұлулық тор-қақпаны, тұзағы». Осы мәселе жөнінде зерттеуші Е. Ландау былай деп көрсетеді: «The Beauty Myth ... coercing women into participating in their own torture – starving themselves and even submitting their bodies to the knife. «Beauty» is a currency system like the gold standard» [136, p. 79]. Бұл дегеніміз яғни сұлулық та алтын стандарт сияқты валюталық жүйе болып табылады.

Ал Н. Бейкердің пікірі бойынша: «Beauty is simply a commodity sold to us constantly in movies, in magazines, and on television», яғни сұлулық дегеніміз – үнемі бізге кинотеатрларда, журнал парақшаларында, теледидар экрандарында сатылып жататын тауар ғана [137, p. 275]. Осыған орай ұлттық мәдени құндылықтар жүйесіндегі өзгерістер, міндетті түрде ұлттық тілдің лексика-семантикалық жүйесіндегі өзгешеліктерге алып келуі қажет. Сөйлеушінің коммуникативтік қажеттіліктері, әдетте жалпы тезауруспен қарастырылмаған тақырып, кіші тақырып және субтақырып секілді иерархиялық қатынастарға алып келеді.

Әйелдер косметикасы терминжүйесі қалыптасуының лингвистикадан тыс алғышарттарына, ең алдымен, адам қызметінің ерекше саласы ретіндегі косметикалық индустриясының пайда болуы мен даму тарихы жатқызылады. Косметика тарихы шамамен 6000 жылды қамтиды. Жалпы алғанда косметика мәдениеттің ежелгі элементтерінің бірін ақындайды. Оның отаны болып бет пен денені әрлеу өнерінің ең жоғары даму сатысына көтерілген Ежелгі Шығыс

саналады. Косметика Мысырдан Грекияға, содан кейін барып Рим мемлекетіне келеді. Ежелгі Рим косметология дамуы мен жетілдірілуінде Мысырдың жалғастырушысы болып табылады. Дәл осы мемлекетте косметика саласы өзінің ерекше шарықтау дәрежесіне қол жеткізеді. Косметология тарихында Ежелгі Үндістан мен Ежелгі Қытай да айрықша орын алатыны сөзсіз.

Ұлы француз төңкерісінен кейін косметика ғылым мәртебесіне ие болып, косметология саласы ретінде таныла бастайды. Ал косметиканың ғылыми бастамасы ретінде ХІХ ғасырды атайды. «Косметика» ұғымына тері ауруларын емдеу процедуралары, оның косметикалық ақауларын жою мен алдын алу, бет, мойын, бас, шаш, аяқ-қол күтіміне қатысты әрекеттер жатқызыла бастайды. Заманауи косметика жаңа ХХ ғасырмен пайда болады. ХІХ ғасырдың аяғы мен ХХ ғасырдың басы косметикалық өндірістің қарқынды дамуымен сипатталады. Қазіргі таңда косметика түрлерінің сан-алуан көлемі мен әсер етуінің көп қырлылығы оның бөлек индустрия саласы ретінде жоғары деңгейдегі дамуын дәлелдейді.

Яғни бүгінде әйелдер косметикасына қатысты терминология өз алдына жеке терминологиялық жүйені құрайды деуге болады. Өйткені аталмыш терминология косметика ұғымдарын таңбалайтын белгілі бір терминдер қатарының жиынтығы ғана емес, сонымен бірге сол саладағы жалпы коммуникативтік қызмет үдерісінде айқындалатын атауланушы ұғымдар өзара байланыстылығына негізделген стандартталған атаулар жүйесі болып табылады. Сондықтан қазіргі кезде зерттелуші терминдер жиынтығы, бірінші кезекте өндірістік-техникалық шағын тілге кірігіп, сыртқы экономикалық шағын тілмен тығыз байланысты. Себебі бұл терминдер жүйесі косметикалық өнім өндірісін ұйымдастыру мен шетелдік өнім беруші фирмалармен бірлесіп дайындау барысында қолданылады.

Косметика терминологиясы экономика саласына қатысты салалық тіл ғана емес, сондай-ақ ол көптеген технологиялық үдерістерді (өнім сапасы, маркірлеу, өндірістік бақылау), косметикалық өнімді жасап шығаруға қажетті компоненттер мен шикізат құрамын (өсімдік шикізат, майлы компоненттер, хош иістендіргіштер, бояғыштар), сонымен бірге косметикалық өнім атауларының өзін (шашқа арналған гель, денеге арналған тальк, көз бояу қарындашы), олардың қаптамасын, орамасын (флакон, баллон, банкілер) және т.б. белгілейді.

Бұл ретте, косметика терминологиясының өз күрделі және көпаспектілі ұғымдық аппаратына ие екенін атап өткен аса маңызды. Косметика саласының дамуы мен білімінің тереңдеуіне орай терминдер арқылы берілетін ұғымдар да күрделене түсуде. Косметикалық индустрияның табысты дамуы мен жетілдірілуі жаңа ұғымдардың, оған сәйкес жаңа тілдік аталымдардың пайда болуына алып келді. Косметика терминологиясын өз алдына терминологиялық жүйе ретінде анықтау үшін, ең алдымен оның тақырыптық топтарын айқындап алу өте маңызды.

Тақырыптық топтарды айқындау барысында біз ғалым Ф.П. Филин ұсынған анықтамаға сүйенеміз: «Тақырыптық топ – лексика-семантикалық байланыстарға емес, заттар мен құбылыстардың өз жіктеліміне негізделетін сөздер бірлестігі». Яғни тақырыптық топтарға жіктеуде басшылыққа

косметикалық құралдардың мағынасы мен жұмсалымдық критерийлері алынды. Сонымен, зерттеуімізде біз төмендегідей тақырыптық топтарды ажыратып көрсетеміз:

- «Гигиеналық құралдар»;
- «Бет пен дене терісіне арналған негізгі күтім құралдары»;
- «Емдеу-профилактикалық құралдар»;
- «Қорғау құралдары»;
- «Арнайы косметикалық құралдар»;
- «Шаш күтіміне арналған құралдар»;
- «Декоративтік құралдар».

Әрине, жоғарыда келтірілген әрбір тақырыптық топ өз ішінде де бірнеше иерархиялық қатынастағы кіші топтарға жіктеледі. Енді, әрбір тақырыптық топқа жеке-жеке тоқталатын болсақ, мәселен «Гигиеналық құралдар» тобының негізін мынадай терминдер құрайды:

*Душқа арналған гель* – «Керемет, хош иісті дене тазартқышы. Теріні құрғатпай кірден жұмсақ тазартады. Жан мен тәнді әпсәтте аялап, қуаттандырады. Тері балғын, тегіс, жайлы болады. Барлық тері типіне қолайлы»;

*Душқа арналған гель* – «Гүл шоғымен душқа арналған тыныштандырғыш және сергіткіш гель. Қою көпіршік сіздің денеңізді жұмсақ және нәзік тәсілмен тазартады, сонымен қатар ылғалдандыратын және қайта майландыратын агенттер теріңіздің құрғауынан қорғайды» және т.б.

*Дезодорант* – «Хош иістендіретін және сергітетін қасиетке ие парфюмерлік-косметикалық құрал»; *Дезодорант* – «Тершеңдіктен және жағымсыз иістен 48\* сағат бойы қорғайды, ақ іздер қалдырмайды және лезде кебеді. Құрамына тер иісінің пайда болуының алдын алатын Lichen Plus жиынтығы кіреді. Үйлестірілген рН деңгейіне ие, теріні тітіркендірмейді, құрамында спирт жоқ, сол себептен теріні құрғатпайды және қолайсыздық сезімін қалдырмайды» және т.б.

*Сабын* – «*Парфюмерлік сабын* – Барлық ерекшелігін сөзсіз түсіндіріп тұрған әдемі атау. Яғни, бұл сабынның тек қана иісін бағалаңыз. Сізге иіс ұнап тұрса да, ұзақ уақыт сақталып, иісудың орнын алмастыра алады деп үміттенбеңіз. Іш киімдерді жусаңыз ұтылмайсыз, ұйқы алдында да жуынып қоюға болады»; «*Бактерияға қарсы сабын* – Бұлардың құрамында 90 %-ға дейінгі тірі организмдерді өлтіретін триклозан деген зат болады. Яғни бұл өнім арнайы мақсатта қолданылады. Сабынды көкке шыққанда, теңізге барғанда, жараны тану кезінде залалсыздандырушы құрал ретінде пайдаңызға асырыңыз». «*Шипалы сабын* – қарамайлы сабынды синтетикалық түстендіргіш, иістендіргіштерсіз дайындайды. Қайың қарамайының қою, өткір, шайырлы иісіне екінің бірі шыдай бермейді. Қарамай мен күкірт – халықтың тері қиындықтарымен күресте мойындаған құралы. Қабыну, іріңдеу, ұшыққа қарсы қолдансаңыз болады. Алайда барлық теріге бірдей қолдануға тыйым салынады». «*Табиғи сабын* – сабын қайнату асқан жауапкершілікті, пропорция бақылауын талап ететін жұмыс. Ондай сабын кокос, пальма, жүгері, манго, жожоба, майларымен, глицерин сығындысымен, бал, сүтпен байытылады. Екеуінің де сыртқы түрі сүйкімсіз болғанымен, құрамы әлдеқайда сапалы болады. Табиғи

сабын алғыңыз келсе, глицериндіге тоқтаңыз, олар түссіз әрі біртегіс келеді» және т.б.

Бұл тақырыптық топ аталымдар құралдарының анықтаушы компоненттері болып мынадай лексемалар қызмет етеді: «тазарту», «тазартқыш», «қорғайды», «кұрғатпайды», «жуыну», «хош иіс», «душ», «дезодорант», «сабын» және сөз тіркестері «парфюмерлік сабын», «бактерияға қарсы сабын», «шипалы сабын», «табиғи сабын», «залалсыздандырушы құрал», «парфюмерлік-косметикалық құрал», «тыныштандырғыш және сергіткіш гель» т.б. Сондай-ақ бұл тақырыптық топ төмендегідей шағын топтарға бөлінеді: бет терісінің күтіміне арналған құралдар (*тазартқыш сабын, тазартқыш гоммаж, макияж кетіргіш гель* т.б.), дене күтіміне арналған құралдар (*денеге арналған сусабын, денеге арналған эксфолиант, әйелдер интим гигиенасына арналған гель, спрей-дезодорант*), қол күтіміне арналған құралдар (*қол сабын*), аяқ күтіміне арналған құралдар (*аяққа арналған крем*) және т.б. Сонымен, бұл тақырыптық топтың ең басты анықтаушы компоненті тазарту үдерісі болып саналады (*гигиеналық құралдардың басты қызметі*).

«Бет пен дене терісіне арналған негізгі күтім құралдары» тақырыптық тобының негізгі терминдері: *косметикалық крем* – «Тері күтіміне арналған синтетикалық және табиғи өнімдер қоспасы болып табылады: майлар, балауыз, шөптер мен олардың сығындылары, дәрумендер, бояғыштар, антиоксиданттар, консерванттар, хош иістендіргіштер және т.б.»; *лосьон* – «түссіз немесе зиянсыз бояулармен боялған, парфюмерлік хош иісті заттар қосылған органикалық және органикалық емес заттардың сулы-спиртті ерітіндісі. Лосьонның жалпы гигиеналық және арнайы түрлері шығарылады. Жалпы гигиеналық лосьондар теріні тазалау, өң беру және дезинфекциялау үшін қолданылады. Оның құрамына су мен спирт, парфюмерлік хош иісті заттардан басқа глицерин, түрлі қышқылдар, бура, қойылтқыш заттар енеді»; *косметикалық сүтше* – «түрлі косметикалық мақсаттарда (*тері күтімі, макияжды кетіру, балалар үшін* т.б.) қолданылатын эмульсия түріндегі сұйықтық» және т.б.

Негізгі ажыратушы компоненті «күтім» болып табылатын бұл тақырыптық топ аталымдары мынадай лексемалармен сипатталады: «ылғалдандыру», «қалыпқа келтіру», «жұмсарту», «сергіткіш», «нәрлендіргіш» т.б. және өз ішінде төмендегідей шағын топтарға жіктеледі: бет күтіміне арналған құралдар (*бетке арналған сергіткіш тоник*), дене күтіміне арналған құралдар (*денеге арналған ылғалдандырғыш иісмайы (крем)*), көз айналасындағы тері күтіміне арналған құралдар, ерін күтіміне арналған құралдар (*ерінге арналған нәрлендіргіш бальзам*), қол күтіміне арналған құралдар (*қолға арналған нәрлендіргіш кремі*), аяқ күтіміне арналған құралдар және т.б.

Ал «Емдеу-профилактикалық құралдар» дегеніміз – түрлі бағыттағы косметикалық құралдардың жалпылама атауы. Олардың қатарына әдетте емдік, шипалы қасиеті бар заттар жатқызылады. Мысалы: «Қасиет» және «Керемет» крем-бальзамы көптеген ауруларға ем: салқын тигеннен пайда болатын ауруларда, жұқпалы өкпе ауруларында, жүрек қан аурулары жүйесінің ауруларында, терінің созылмалы ауруларында, гинекологиялық және урологиялық ауруларда, сүйек-тірек (остеохондроз, радикулит, полиартрит)

ауруларында, күйіктің және жараның, операциядан кейінгі тігістердің жазылуына, сондай-ақ сүйектің тез бітуіне көмектеседі». Бұл құралдардың басты ерекшелігі құрамында болып келеді: «Алоэ – емдік қасиеттерімен бөлме өсімдіктерінің патшайымы атанған өсімдік. Жапырағында антрагликозид-алоин бар, 1,66% алоэ-эмодин, 25% алоэзин, натолин, геманатолин, ребарберон, шайырлы қоспа, 20% эфир майы, ферменттер мен микроэлементтер, дәрумендер, фитонцидтер кездеседі, сондай-ақ құрамында *кәдімгі бақ-бақ, панцерия, қарағай майы, эвкалипт араның балауызы* компоненттері бар». Иісмай-бальзам терминінен басқа, бұл тақырыптық топқа скраб, косметикалық қаймақ, косметикалық сүт, іріткі, сарысу бірліктері жатқызылады.

Мысалы, «сарысу» – 25 жастан асқаннан кейін міндетті түрде сарысуға көшкен абзал. Құрамының арқасында серум мен сарысулар терінің терең қабатына еніп, құнарландырады. Бұл әжімдердің ерте түсуіне, жалпы терінің ылғалдануына үлкен септігін тигізеді. Бұл косметикалық құрылғылар арзан тұрмаса да теріге деген әсері мол. Және оны әжім шығатын аймақтарға ғана жағып, біраз жыл тұтынуға да болады». Бұл топтың негізін келесі терминологиялық аталымдар құрайды: «безеу», «әжім», «қабыну», «жасару», «сезімтал тері», «қартаюға қарсы» және т.б. Ал басты құралдар атаулары төмендегідей: *көз айналасындағы әжімге қарсы крем, ерінге арналған жылтыр бояу, бет дымқылдандыру маскасы, гиалурон қышқылы, әжімге қарсы ерекше крем, амбебап бет күтімдеу маскасы, көз айналасы күтіміне арналған крем, сезімтал теріге арналған жиынтық, «Бірегей» бет күтімі жиынтығы* және т.б.

«Қорғау құралдары» тақырыптық топ маңызын «стресс», «қорғау», «стресске қарсы», «күннен қорғау», «күйгеннен кейін», «күннен кейін» аталымдары айқындап, күннен қорғау кремі, бет терісінің түрлі типіне арналған стресске қарсы дәруменді иісмайы, құнарландыратын тоник, гель секілді терминдер арқылы сипатталады. Мысалы, «*BB крем*» – «BB аббревиатурасы ағылшынша *Blemish Balm*, яғни (кемшілік жасыратын бальзам) дегенді білдіреді. Әу баста бұл крем пластикалық операцияда не өте терең пилингтен өткен пациенттерге арналған болатын. Бұндай адамдардың терісіне ерекше ұқыпты күтім, тері ұлпаларының қалпына келуі, қызарған жерлер мен тыртықтардың жазылуы және күн сәулелерінен максималды қорғаныс керек. Бұл крем осы сұраныстарды қанағаттандыра алды. *BB крем* реңк беруші крем сияқты сарғыш-қоңыр түсті келеді».

«Арнайы косметикалық құралдар» тақырыптық топ «массаж», «ванна», «тұз», «дақтарға қарсы», «ағарту», «қырынуға арналған» т.б. лексемалармен сипатталып, келесі терминдер арқылы анықталады: *бет ағарту маскасы, ваннаға арналған көпіршік, қырынуға арналған көпіршік, пигменттерге қарсы крем* және т.б. Мысалы: «*LAMINARY*» *бетіңіздегі қара дақтар, сепкіл, пигменттерге қарсы жаңадан жасалған табиғи 100% крем! «LAMINARY» мүмкіндіктері: Бірінші қолданыстан кейін пигменттерді мәңгіге кетіріп, өміріңізді жаңадан бастайсыз! Қара дақтарды кетіреді! Әжімдерді жояды! Қызаруды жояды! Тыртықтарды кетіреді! Терінің қартаюын баяулатады! Теріні тітіркендірмейді! Құрамында химикаттар болмайды! Консервантсыз шығарылған! Адам жасын талғамайды!*»!



«Шаш күтіміне арналған құралдар» тақырыптық топтың ажыратушы компоненттерін «сусабын», «шайғыш», «шаш», «бояу», «лак», «мусс», «гель» терминдері құрайды. Ал, негізгі терминдер қатарына мыналар жатқызылады: *шаш күтімдеу жиынтығы, спрей, майлы шашқа арналған сусабын, құрғақ шашқа арналған сусабын, шашқа арналған тұнба, шаштың түсуін емдейтін маска, шашты түзетуге арналған қоспа, шаштың әсемдігіне арналған айран, қайызғаққа қарсы айран маскасы, құрғақ шашты ылғалдандыруға арналған маска және т.б.*

Ал «Декоративтік құралдар» тақырыптық топ аталымдарында жиі кездесетін терминдер қатары мынадай: «опа», «далап», «қарындаш», «тушь» т.б. Мәселен: *тональді крем, түзеткіш құралдар, сүрме, бет ұшына жағатын бояу (румяна), ерінге арналған жылтыр бояу, мейк-ап түрлері, қара түсті қабаққа арналған бояу, қоңыр түсті сүрме, алтын түсті иісмай, қызғылт-қоңыр түсті опа, күндізгі макияж, кешкі макияж, үйлену тойына арналған макияж, карнавалдық және мерекелік макияж, күнделікті макияж және т.б.*

Сонымен талдауға алынған қазақ тіліндегі «сұлулық индустриясына» қатысты әйелдер косметикасы терминологиялық жүйесінің доминант-терминдерін анықтау барысында, аталған сала терминжасамының ең жиі қолданылатын аталымдары айқындалды. Олар: «крем»,

«иісмай», «маска», «гель», «сусабын», «бальзам» және т.б. Бұл құбылыстың маңыздылығы лингвистикадан тыс факторлармен сипатталады. Атап айтқанда, қазіргі таңдағы косметикалық индустрияның әлемдік жаһандануымен түсіндіріледі. [138, p. 332-345].

Терминологиялық бірліктерді жүйелеу барысында қазақ тілінде репрезентативлігі тұрғысынан ең жоғары өнімділікке ие болған тақырыптық топтар қатарына «шаш күтіміне арналған құралдар» мен «декоративтік құралдар» жатқызылды. Өз кезегінде бұл ұлттық мәдениет дәстүрімен анықталады. Себебі қазақ халқының мәдениетінде адам шашы ерекше құндылыққа ие болған. Қазақ халқында «Айдарлы бала – айбарлы бала» деген накыл сөздер бар. Айдар шаш ер баланы тіл мен көзден сақтаған. Қазіргі кезде «айдар» шаш қою дәстүрі қайта өмірімізге оралды. Бүгінде ол жаңа заманның сәніне айналды. Сондай-ақ бұрым қазақтарда – сұлулықтың сәні, символы болып табылады. Қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымы бойынша бұрым – сұлулықтың сәні, қыз-келіншектердің бақыты мен абыройы. Осыған сәйкес қазақ қыздары жас кезінен-ақ бұрымын айрықша күтімге алып, оны ұзын етіп өсіруге түрлі шөп тұнбаларын, халық рецептерін пайдаланған.

Тақырыптық топтар талдамасы аталған терминологиялық жүйенің құрылымдылығы мен қисынды байланыстылығын дәлелдейді. Тақырыптық топтар ішіндегі шағын топтар косметикалық терминологияның ерекше нысандарын белгілейтін терминдермен сипатталатын иерархиялық микрожүйелер болып табылады. Бұл терминдер категориясы мынадай белгілер арқылы айқындалады: қызметі, бағытталуы, құрамы, әсер ету қағидасы, шығарылымы, пішіні. Терминдер категоризациясы келесі семантикалық қатынастарды анықтауға мүмкіндік берді: бүтін – бөлшек, керісінше бөлік – бүтін, зат – үдеріс, зат – қызмет, зат – форма [139, 123-126 бб.].

## **2-ші тарау бойынша қорытынды**

Ғылыми және анықтамалық әдебиеттерді қарастыра келе мынадай қорытынды жасауға болады: терминологиялар мен терминалды сөздер үнемі нақты терминдер қатарынан орын алуға талпыныс жасайды. Бірақ терминологияларда ұғым белгілері айқын болмаса, терминалды сөздердің формасы сәйкес келмейді. Ал номендер лексикалық бірліктер ретінде сол бастапқыдан ұғымның абстрактілі деңгейіне лайық болмайды деп тұжырымдаймыз.

Кез келген ғылымның негізгі ұғымдарын анықтау мәселесі аса өзекті бола бермек, себебі ғылым үнемі үздіксіз даму барысымен сипатталады. Сондықтан да қазіргі терминтаным ғылымы тұрғысынан терминдер мен терминологиялық жүйелерге қатысты пайда болған көптеген білімдер аталған ұғымдардың жұмсалымдық мәртебесі мен табиғаты жайында сапалы жаңа ұстанымдарды ұсынады. Яғни терминжасам барысында бейнелі сөздер мен сөз тіркестерін қолдану терминологиялық аталымның мүмкіндіктерін кеңейтетіні сөзсіз. Алайда әрине терминнің ғылыми мәтін ақпараттылығының жоғары деңгейде қамтамасыз ететін басты құрал, сонымен бірге ғылыми таным объективтілігін сақтайтын тілдік категория екенін естен шығармағанымыз жөн. Оның үстіне ғылымның негізгі қызметі – ақиқат болмыс жайындағы объективтік білімдерді теориялық жүйелеу және әзірлеу болып табылатыны айқындалды.

Жаңаша терминтанымдық концепциялар бойынша, бейнелілік пен эмоционалдықтың болмауы, яғни стилистикалық бейтараптық талабы іс жүзінде идеалды терминдерге қойылады. Ал жалпы алғанда терминдерге жалпықолданыстық сөздердің барлық белгілері тән келе береді және белгілі бір жағдайларда олар эмоционалдық реңкке де ие болу мүмкіндігі нақтыланды. Жүйелілік термин уәжділігін айқындайтын бірден бір амал болатыны заңды құбылыс. Жүйеліліктен басқа, сондай-ақ термин уәжділігінің бейнелі және категориалды түрлері ажыратылып көрсетіледі. Терминнің бейнелі уәжділігі деп олардың ұғым жайында ойлау бейнесін, өздеріне сәйкес денотаттар көрінісін қалыптастыра алу қабілеті түсініледі. Ал категориалдық уәжділік дегеніміз – терминнің өз формасы арқылы ұғымның категориалдық қатыстылығын айқындау қасиеті. Сайып келгенде терминдер өз уәжділігінің дәрежесіне қарамастан, оларға тән қызметтердің барлығын атқара алады. Сондықтан да уәжділік талабын терминдерге қойылатын міндетті шарттардың бірі деп тану орынды бола бермейді деген қорытынды жасауға әбден болатыны негізделді.

Термин терминология мен терминологиялық жүйенің элементі ретінде адамдардың ғылыми-танымдық қызметінің және тәжірибе нәтижелерін айқындайтын құралдардың бірі болып табылады. Сонымен бірге олар ғаламның ғылыми бейнесін көрсететін амал ретінде де танылады. Ғаламның ғылыми бейнесі ғылыми білімнің жүйеге келтірілуін ең алғаш сатысы іспеттес, яғни түрлі ғылыми теориялар мен салалардың, ғылыми танымдардың қорытындылануы. Себебі әлем жайындағы бүкіл теориялық және практикалық ғылыми білімдер тілдік формаларда тіркеліп отырады. Әлем туралы ғылыми білімдер ғылым

тілінде тіркеліп, арнаулы мақсаттағы тілдер категорияларында көрініс табатыны сипатталды.

XXI ғасырда сұлулық ұғымы «косметология» терминімен тікелей байланысты. Өйткені косметология ғылымы біздің заманымызға төңкеріс әкелді деуге әбден болады. Макияж (бет әрлеу), киім үлгісі немесе стиль, дене күтімі, шаш күтімі т.б. күнделікті өміріміздің ажырамас бір бөлігіне айналды десек те қателеспейміз. Қазіргі таңда қыздардың сыртқы сұлулығына ерекше мән беріліп, жан-дүние сұлулығы екінші орынға ысырылып қалғаны белгілі. Сондықтан қазірде қыздар сұлу болып көріну үшін түрлі амал-тәсілдер мен сан-алуан құралдар бар. Бұл біздің зерттеуіміздің лингвистикадан тыс сипатын айқындайтын болса, ал таза лингвистикалық тұрғыдан аталған сала терминологиялық жүйесінің құрамы мен құрылымын анықтау жұмысымыздың басты мақсаты болып табылады.

Қазақ тіліндегі «сұлулық индустриясына» қатысты әйелдер косметикасы терминологиялық жүйесінің доминант-терминдерін анықтау барысында, аталған сала терминжасамының ең жиі қолданылатын аталымдары айқындалды. Олар: «крем» – «иісмай», «маска», «гель», «сусабын», «бальзам» және т.б. Бұл құбылыстың маңыздылығы лингвистикадан тыс факторлармен сипатталады. Атап айтқанда қазіргі таңдағы косметикалық индустрияның әлемдік жаһандануымен түсіндіріледі.

Терминологиялық бірліктерді жүйелеу барысында қазақ тілінде репрезентативлігі тұрғысынан ең жоғары өнімділікке ие болған тақырыптық топтар қатарына «шаш күтіміне арналған құралдар» мен «декоративтік құралдар» жатқызылды.

### 3 СҰЛУЛЫҚ ИНДУСТРИЯСЫ ТЕРМИНОЛОГИЯЛЫҚ ЖҮЙЕСІНІҢ ҚАЛЫПТАСУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

#### 3.1 Сұлулық индустриясы терминологиялық жүйесі қалыптасуының экстралингвистикалық деректері және оның терминологиялық өріс сипаты

Әрбір ғылыми зерттеу, оның тақырыбы мен зерттеу пәніне тікелей қатысты ұғымдарды талдаудан, яғни терминологиялық талдаудан басталады. Алайда көп жағдайда дәл осы талдаудың жеткіліксіз немесе дұрыс жүргізілмегендігінен ол зерттеудің «осал тұстарының» бірі болады да және мұндай жағдайлар жиі қайталанып тұратыны да белгілі. Осы тұрғыдан келгенде, терминологиялық талдау дегеніміз – терминдер мен ұғымдардың маңызын айқындау арқылы зерттеуге алынған құбылыстардың түп мәнісін ашуға бағытталған зерттеудің теориялық әдістерінің бірі болып табылады. Ал терминологиялық талдаудың нәтижелері ретінде әдетте дефинициялар мен экспликациялар көрініс табады.

Дегенмен ғылыми жұмыстарда сапалы түрде жүргізілген терминологиялық талдау сирек кездеседі десек те болады. Осыған байланысты біз қарастырған ғылыми еңбектерде дереккөздерде айқындалған терминдер анықтамаларының түрлі нұсқалары келтіріліп, аталған терминнің «анықтамаларында бірізділік жоқ» деген қорытындылар жасалынуымен шектеледі. Осыған орай нәтижелі терминологиялық талдау қорытындысы бойынша зерттеу міндеттері мен пәніне бара-бар келетін жұмыс дефинициялары әзірленіп негізделуі тиіс деп санаймыз.

Ғылыми білімдер дамуында таңдалған ғылыми таным пәнінің айқын болмауына байланысты ұғымдық-терминологиялық аппаратты талдауда бірнеше объективтік қиындықтар туындауы мүмкін. Өйткені зерттеу пәнін сипаттайтын ұғымдар мен терминдердің басым көпшілігі нақты емес немесе қалыптасқан бір анықтамасы жоқ, бір жақты қабылдауға келмейтін немесе түрлі мағыналарда қолданылатын т.б. болып келеді. Кезінде психология саласына қатысты белгілі ғалым К.Г. Юнг былай деп көрсеткен: «...употребляя термин, мы должны определить его значение, в противном случае мы будем говорить на невразумительном языке, а для психологии это просто несчастье» [140]. Өз кезегінде айтылған бұл пікірдің тіл біліміне де тікелей қатысы барын жоққа шығара алмаймыз, себебі тілтаным үшін ғылыми тіл, метатіл мәселелері күрделі де өзекті болып саналатыны сөзсіз.

Кез келген ғылым саласының ұғымдық-терминологиялық аппаратын құрылымдауда әрбір терминге тек бір мағына ғана сәйкес келуі қажет сияқты терминнің бірмағыналылығы қағидатын немесе талабын басшылыққа алу керек. Яғни ғылым тілінде бір нысанды белгілеуге алынған термин сол тілде басқа нысан атауы ретінде қолданылмауы тиіс. Алайда әрине тіл ғылымының қазіргі таңдағы дамуына сәйкес ғылыми тілдегі полисемия мәселесі белгілі объективтік себептерге байланысты шешілуі мүмкін емес сұрақтар қатарына жатқызылады және онымен ғылыми-зерттеу қызметінің объективтік қиындығы ретінде санасып, ескеруімізге тура келеді.

Қазақ тілтаным ғылымының ұғымдық-терминологиялық аппаратын құрастырудағы тағы бір айта кететін кемшіліктердің бірі – анықтамалар мен дефиницияларды ресми ғылыми тұрғыдан қабылдау процедуралары мен тетіктерінің жоқтығы болып табылады. Жалпы мүлдем бұл құбылыстың болмауы, мәселен басқа дамыған ғылым салаларында ғылыми білімнің ресми қабылдануы секілді іс-шаралар әбден қолға алынған. Осының нәтижесінде тіл ғылымының кейбір тірек ұғымдарының түрлі ғылыми, оқу-әдістемелік және анықтамалық әдебиеттер дереккөздерінде сан алуан түрлі анықтама нұсқалары қаптап кездесіп жатады. Мысалы, «термин», «тіл», «сөйлеу» т.б. ұғымдардың анықтамалары өте көп, бірақ олардың біреуі де, ең болмағанда, ғылым дамуының нақты бір кезеңіне де қатысты ғылыми қауымдастықпен ресми түрде қабылданып мойындалған емес.

Сондықтан да зерттеушілер жұмыстарында қарастырылып отырған ұғымның бүкіл анықтамаларын сарапқа салып, оның ішінен өз зерттеуіне сәйкес келетінін немесе кездейсоқ түрде біреуін тандап алады. Әсіресе бұл құбылыстар жаңадан пайда бола бастаған ғылым, білім, техника және кәсіби салаларға қатысты айқын көрініс табады. Бұл ретте анықтамаларын былай қойғанда, мәселен қазақ тіліндегі термин нұсқаларының өзі тым түсініксіз болып келеді. Біздің зерттеуімізге арқау болып отырған «сұлулық индустриясы» саласының қазақ тіліндегі терминологиялық жүйесі жоғарыда аталған құбылыстарға толы жүйелердің бірін құрайды.

Философиялық пайымдаулардың дәстүрлі нысанына айналған, әлеуметтану, мәдениеттану, тарих, экономика және т.б. ғылыми салалардың өзіне деген қызығушылығын арттырып келген «сән әлемі», «сұлулық индустриясы» секілді ұғымдар тілтаным үшін әлі де болса жаңа, тың тақырып болып саналады. Алғаш рет шетелдік әдебиеттерде сәнге деген ғылыми қызығушылық, яғни оның тілдік вербалдануы тұрғысынан немесе оның мәтін тудырушы әлеуеттеріне қатысты көзқарастар ХХ ғасырдың екінші жартысында француз структурализмі аясында пайда болады. Аталған бағыттағы зерттеулердің ішінен сәннің семасиологиялық талдануына арналған, яғни сәнді таңбалық жүйе ретінде қарастырған классикалық еңбек болып ғалым Р.Барттың «Система моды» атты жұмысы саналады.

Автор бұл еңбегінде хабарламаның үш түрлі тіркесімін айқындап, сән журналдарында қатар берілетін «үш киім-кешек» пішінін ажыратып көрсетеді: «киім-бейне» (фото немесе сурет); «киім-сипаттама» (бейнені экспликациялаушы және суреттеуші мәтін); «нақты киімінің өзі» (яғни оны тігуге арналған қиындысы). Ғалым екінші жүйеге «киім-сипаттамаға» қатысты былай деп жазады: «Айталық, оң жақта көйлектің фотосуреті орналастырылған, ал сол жақта ол «шетланд матасынан тігілген, белден сәл жоғары раушан гүлімен безендірілген былғары белдігі бар жеңіл көйлек», - деген киім-сипаттама беріледі. Жалпы алғанда, екеуі де сол бір ақиқат шындықты айқындайды, алайда олардың құрылымдары бірдей емес... алғашқысы үшін материал – пішін, сызбалар, бояулар болып, олардың қатынастары кеңістіктің сипатты білдірсе, екіншісі үшін материал – сөздер және олардың қатынастары қисынды, болмағанда синтаксистік болып табылады» [2, с.36].

Ғалым: «...жазу сәннің «конститутивтік элементі» болып табылады: «Неліктен сәнге келгенде киім жайында көп сөз айтылады? Неге зат пен оны қолданушы арасында соншалықты сөз байлығы талап етіледі?... яғни сән біртұтас, маңызы бар құндылық ретінде сөзден тыс өмір сүре алмайды», - деген қорытынды жасайды [141, 33]. Р.Барттың бұл идеялары Дж.Вуд, Ф.Мот, Т.Питерсон, Ц.Уайт т.б. шетел тілші ғалымдарының еңбектерінде өз жалғасын табады. Ресей тілтанымында сәнге және оның вербалдануы мәселелеріне, яғни вербалды тіл сәннің қызмет етуінің маңызды негізінің бірі екеніне XX-XXI ғғ. тоғысында назар аударыла бастайды.

Мысалы О.Никитина өзінің: «Язык моды XVIII-XIX вв. в русском культурном быту: трудности перевода» атты еңбегінде: «костюм әлемі дегеніміз бұл «сөздер әлемі» және олар бұл әлеммен таныс емес адам үшін өзгеше, ерекше, бір сиқыры бар сөздер секілді дыбысталады. «Кринолин», «панье», «карако», «боа», «пет-ан-лер» деген сөздер сол заттардан әлдеқайда бұрын құзығушылық танытады», - деп көрсетеді [142, с.231]. Ал И.В. Попова сән индустриясы тілінің лексика-семантикалық және стилистикалық ерекшеліктерін зерттеуге арналған жұмысында былай деп жазады: «...қазіргі қоғамның күрделі құрылымына тән келетін адам қызметінің арнайы салаларының әрбіріне (ғылым, экономика, БАҚ, қорғаныс, жарнама, сән және т.б.) тіл қызмет көрсетіп, ортақ актілерге қатысушы адамдар тілдесімінен тыс олардың болуы да, дұрыс жұмсалуды да мүмкін емес. Әрбір арнайы сала шеңберінде тілдесім құралы міндетін арнаулы кішігірім тіл атқарады» [143, с.5].

Сонымен Ресей ғалымдарының пікірі бойынша сәннің қазіргі орыс тіліндегі дискурсының қалыптасуында маңызды рөлді аударма атқарып, өзге тілді нұсқаларды бейімдеу мен соған ұқсас етіп шығару үрдістері орын алған. Т.В. Долматовскаяның пайымдауынша, бүкіл әлемде сәнге байланысты жылтыр журналдардың пайда болуы, негізінен британ және америка үлгілерінің ықпалымен жүзеге асырылды: «Жаңа нарықтарда, сондай-ақ ресей нарықтарында да қолданылатын халықаралық журнал брендтерінің басым көпшілігі Ұлыбритания мен АҚШ- та жасалған. Ал жекелеген француз және неміс брендтері, әдетте олардың Нью-Йорк пен Лондонда офистері бар халықаралық корпорация бөліктері екенін дәлелдейді» [144, с.7].

Осыған орай егер Ресей үшін сәнге қатысты орыс тілді дискурсының қалыптасуына тікелей ықпал еткен ағылшын тіліндегі түпнұсқа болса, қазақ тіліндегі сән дискурсының дамуына орыс тіліндегі үлгілер болғанын жоққа шығара алмайтынымыз белгілі. Сондықтан да қазіргі қазақ тіліндегі сән дискурсының қалыптасуында аударма, бейімдеу және нақты өз тілімізде мәтін жасау рөлі жайында сөз болғанда, ең алдымен біз орыс тіліндегі нұсқаны ұстанатынымыз заңдылық. Сол себепті де қазақ тілшілерінің қызығушылығын арттыра бастаған мұндай басылымдар қызмет етуінің түрлі аспектілерін қарастыруда, ең алдымен аударма мәселелері, қазақ тілі мен ол үшін бастапқы болып табылатын орыс тілді үлгі контенттерін салғастырмалы талдау болатыны мәлім.

Орыс тілтанымы сән журналдары қызмет етуінің түрлі аспектілерін зерттеуден тыс тілдік жүйенің басқа деңгейлеріндегі сән тілінің ерекшеліктерін

қарастырып, ең алдымен оның лексикалық, яғни терминологиялық сипатына назар аудара бастайды. Ғалым Я.С. Матосян қазіргі орыс әдеби тілінің (XX - XXI ғғ.) негізгі қалыптасу үрдістері мен қызмет етуі тақырыбындағы еңбегінде «киім-кешек және сән» ұғымдық саласы аталымдарын ашық және үнемі тұрақты түрде дамып жатқан полижүйе ретінде анықтап, орыс тілінің аталмыш саласы, негізінен француз бен ағылшын кірмелерінен тұратынын, ал статистикалық талдау қорытындылары бойынша бұл лексикалық бірліктердің тек 5%-ы ғана төл орыс сөздерін қамтитынын атап көрсетеді [145,с.16].

Осы ретте зерттеуші Т.В. Долгованың сән тіліне қатысты орыс тіліне дереккөз болып табылатын ағылшын және француз тілдері лексикасының кешенді зерттелуіне арналған еңбегін атап өткен жөн. Себебі бұл жұмыста сән тілі дамуы мен қалыптасуының кезеңдік сипаты, этимологиялық, жалпы және арнайы сөздіктер, энциклопедиялар, киім дизайні бойынша дайындалған шетелдік және отандық монографиялар, сән мен өнер тарихы, мақалалар жинақтары мен салалық журналдар материалдары негізінде әлеуметтік лингвистика аспектіде сән мен киім дизайні терминологиясының қазіргі ағылшын тіліндегі жағдайы айқындалған. Автор өз жұмысында сән мен киім дизайні терминдерінің ең өнімді тәсілдерін айқындап, кірме және халықаралық терминдерге назар аударады, сондай-ақ салаишілік синонимия құбылысының пайда болу жолдарын түсіндіріп, оның ерекшеліктерін қарастырады [146].

Бұдан басқа орыс тілтанымында аталған саланың тірек ұғымдары мен концептілеріне арналған еңбектерді де атап өткен жөн. Мысалы, Д.А. Башкатова орыс тіліндегі «сән» лексика-семантикалық тобын құрайтын бірліктердің семантикасы мен тіркесімділік табиғатын қарастырса [147], О.В. Тоцкаяның диссертациялық жұмысында *female fashion* лингвомәдени концептінің құрылымы мен оның қазіргі ағылшын тілі тәсілдері арқылы вербалды репрезентациялануының заңдылықтары сипатталады [148]. Ғалым О.В. Чурсина «сән» лингвомәдени концептінің ұғымдық белгілерін орыс және американдық лингвомәдени өкілдерінің коммуникативтік мінез-құлық және тілдік саналары тұрғысынан салғастыра зерттейді [149]. Ал зерттеуші А.Р. Хунагова «сән» концептісінің вербалдануы мен мәтіндік репрезентациясын орыс, ағылшын және адыгей тілдері материалдары арқылы салғастыра қарастырады [150], сол сияқты ғалым И.О. Окунева өз зерттеуінде «сұлу, әдемі» және «сәнді» ұғымдарының арақатынасы мен олардың орыс және ағылшын тілдерінде берілу тәсілдерін айқындайды [151].

Орыс тілтанымында сән саласының басқа да тірек ұғымдары белсенді зерттелуде. Әсіресе осыған байланысты орыс тіліндегі сән дискурсы қалыптасуында кеңес одағының қайта құру жылдарында орын алған, алайда кеңінен қолдануға жол берілмей келген ұғымдар аса қызығушылық танытуда. Мәселен, ғалым Д.И. Тер-Минасова орыс тіліндегі «имидж» термині мәнінің ерекшеліктерін талдауға алса [152], Н.С. Платонова XX ғ. аяғы мен XXI ғ. басында орыс лингвомәдени кеңістігіне ағылшын тілінен кірген «гламур» концептісіне жете мән береді: «Жалпы, орыс тіліне тек «glamour» лексемасының өзекті ақпаратты мазмұнымен «гламур» сөзі ғана емес, онымен бірге америка

мәдениетінің күшті ықпалымен қалыптастырылған эмоционалды-экспрессивті обертондары бар тұтас концепт енді» [153, с.10].

Сонымен сәнге байланысты қазіргі орыс тіліндегі дискурсты зерттеуге арналған еңбектерде, негізінен тілдік бірліктердің шығу тегі мен олардың мағыналарына баса назар аударылады. Бұл бағыттағы еңбектердің басым көпшілігі салғастырмалы аспектіде жүргізіліп, кірме сөздердің тілдік табиғаты талданады. Ал қазақ тіл біліміне келер болсақ, мұндай зерттеулер жоқтың қасы десек те болады. Қазақ тілтануымында сұлулық, сән дискурсының тұтас зерттелуіне арналған жұмыстар осы күнге дейін жүргізілмеген, сол себепті де оның қалыптасуындағы ортақ үрдістерді айқындау, сипаттамасын жүйелеу мен қорытындылау, ұғымдық-терминологиялық аппараты мен терминологиялық жүйе қалыптасуы заңдылықтарын анықтау болашақ зерттеуіміздің міндеті болып табылады.

XXI ғасырда сұлулық ұғымы «косметология» терминімен тікелей байланысты. Өйткені косметология ғылымы біздің заманымызға төңкеріс әкелді деуге әбден болады. Макияж (бет әрлеу), киім үлгісі немесе стиль, дене күтімі, шаш күтімі т.б. күнделікті өміріміздің ажырамас бір бөлігіне айналды десек те қателеспейміз. Қазіргі таңда қыздардың сыртқы сұлулығына ерекше мән беріліп, жан-дүние сұлулығы екінші орынға ысырылып қалғаны белгілі. Сондықтан, қазірде қыздар сұлу болып көріну үшін түрлі амал-тәсілдер мен сан-алуан құралдар бар. Бұл біздің зерттеуіміздің лингвистикадан тыс сипатын айқындайтын болса, ал таза лингвистикалық тұрғыдан аталған сала терминологиялық жүйесінің құрамы мен құрылымын анықтау жұмысымыздың басты мақсаты болып табылады.

Осыған орай зерттеуші А.М.Ахметбекова: «Қазіргі әлемдегі геосаяси және әлеуметтік-экономикалық жағдайлардың өзгеруі терминнің ақпараттық қасиетін зерттеуге арналған еңбектердің өзектілігін арттырды», - деп көрсетеді [154, 5 б.]. Қазіргі таңда экономикалық қызметтің белгілі бір салаларын дамыту мен жетілдіру үшін көптеген жолдар пайда болды және олардың бірі сұлулық индустриясы нарығының қызмет көрсету саласы болып табылады. Бұл сала дамуының мынадай факторалары бар:

- тұрғындардың өмір сүру қарқынының ұлғаюы;
- кәсіби, сапалы қызмет көрсетілу қажеттілігінің артуы;
- түрлі қызмет көрсетілімдерді өтеу үшін қаражаттың болуы;
- өз өзіне қызмет көрсету үшін уақыт тапшылығы;
- сән үрдістеріне сәйкес болу талпынысы.

Сұлулық индустриясы кәсіпорындарының нарығы біршама өзгеше болып келеді, себебі ол өте үдемелі және аз уақыт аралығында өзгерістерге ұшырап отырады. Мәселен, әлеуметтік желілердегі мәлеметтерге жүгінетін болсақ: «Жыл сайын сұлулық салондарының 20-30 %-ы өз қызметін өтей алмай жабылып жатса, олардың орнына жаңа салондар ашылып, салондар саны азаймай, жылдан жылға керісінше көбейіп отырады» [129]. Тағы бір ерекшелігі, сұлулық индустрия кәсіпорындарының басым бөлігін шаштараздар құрайды екен. Ал олар мүлдем экономика дамуына тәуелсіз, яғни дағдарыс па, жоқ өркендеу ме шаштараздар ісіне әсер етпейді.



Жоғарыда аталған деректемеде: «IBISWorld зерттеулерінің мәліметтері бойынша, сұлулық индустрияның әлемдік нарығының сегмент-көшбасшысы дене, атап айтқанда бет күтімі болып табылады. 2010 жылғы көрсеткіш бойынша бұл сегменттің табысы 50 млрд.долл. құраса, 2016 жылы бұл көрсеткіш 22 %-ға дейін көтеріліп, жылдық табыс 61 млрд.долл. болған. Келешекте бұл баған 24 %-ға дейін көтеріледі», – деп келтірілген [155]. Сонымен бірге соңғы жылдары инъекциялық косметологияның да қарқынды дамуын атап кеткен жөн.

Қазіргі кезде Қазақстанның салон нарығы адамдардың қарапайым тұрмыстық қажеттілігін қамтамасыз ететін ең бір жоғары сұранысқа ие салалардың бірі болып саналады. Олардың ішінен ерекше орын алатындары мыналар: шаштараздар, сұлулық салондары, косметологиялық қызметтер, тырнақ сервисінің қызметі және т.б. Осыған орай салон қызметінің нарығында мынадай төрт түрлі құрылым категорияларын атап көрсетуге болады:

- VIP-салондар;
- Люкс санатындағы сұлулық салондары мен шаштараздар;
- Орта деңгейдегі сұлулық салондары мен шаштараздар;
- Эконом санатындағы сұлулық салондары мен шаштараздар.

Осы бағыттағы зерттеулердің нәтижелері бойынша: «Сұлулық салондарының көшбасшы тобын, оларға жалпы аталмыш орындардың жартысы жатқызылады екен, орта деңгейдегі сұлулық салондары мен шаштараздар құрайды. Екінші орынға эконом санатындағы сұлулық салондары мен шаштараздар ие болады. Ал Люкс пен VIP-категориясындағылар 15 немесе 5%-ын ғана құрайды екен» [156]. Осыдан мынадай қорытынды жасауға болады: жалпы алғанда аталмыш бизнес жоғары тұрақтылыққа ие салалардың бірі болып саналады.

Қазіргі кезде сұлулық индустриясына қатысты ірі кәсіпорындар пайда бола бастады. Сұлулық индустриясы кәсіпорындарының қазіргі нарығы бірнеше факторалар (сән, өнер, қоғамдық нормалар, инновациялық жетістіктер т.б.) әсерінен үдемелілік сипатқа ие. Біздің ойымызша, сұлулық индустрия нарығы жылдан жылға аталған бағыттың негізгі сән үрдістерін белсенді айқындап, жаңаша технологиялар мен косметология индустриясы жетістіктерінің әсерінен қарқынды даму барысында болатыны сөзсіз.

Осы тұрғыдан келгенде қазіргі таңда «сұлулық индустриясы» ұғымы білімдер жүйесінен, дағдылардан, шеберліктен, материалтанымдық және аппараттық, түрлі медициналық іс-әрекеттер, ақпараттық қамтамасыз ету үдерістерінен тұрады. Сұлулық индустриясымен барлық дамыған мемлекеттер белсенді түрде айналысады. Алайда сұлулық индустриясының пәндік саласы нақты өлшемшарттар жүйесінің жоқтығынан, жіктемелік негіздері мен ұғымдық аппаратының әлсіздігі салдарынан өзінің айқын шектерін белгілей алмайды. Сұлулық индустриясының негізгі белгісі, ол оның пәнаралық, саларалық сипаты мен ерекшелігінде.

Жалпы бұл индустрия саласының бірнеше атауы бар: сұлулық индустриясы, салондық бизнес және бьюти-индустрия. Алайда мұнымен оның мәні өзгермейді. Сондықтан біз зерттеуімізде сұлулық индустриясы аталымын негізге аламыз. Сұлулық индустрия саласын таза тек өз күйінде анықтап беру өте қиын мәселе.

Біздің пайымдауымызша, қазіргі кезде оның мынадай басым бағыттарын атап көрсетуге болады:

- бет пен денеге арналған емдік және профилактикалық (алдын алу) манипуляциялар бағыты (мезотерапия, пилингтер, қартаюға қарсы бағдарламалар, целлюлитке қарсы бағдарламалар, бас терісін емдеу т.б.);


- бет пен дененің неинвазивтік мүсіндік коррекциясына бағытталған манипуляциялар (көлемді кішірейту, бет пен дене контурларын модельдеу, тін тартқызу, мүсін лифтингі және т.б.);

- денеге біткен май қабаттарын азайтуға байланысты іс-шаралар (неинвазивті және ине электролиполизі);

- СПА-процедуралары және т.б.

Дегенмен ҚР Сұлулық Индустриясы Ассоциациясының Президенті Тұрсын Махмуджановтың көрсетуі бойынша, мысалы: «2015 жылы Қазақстанда косметика нарығы мен жеке гигиена өнімдері 2014 жылға қарағанда 3,4 %-ға артып, 526,35 млн.долл. құраған» [157]. Сонымен қатар, аталған сілтемеде былай деп келтірілген: «...бьюти-қызмет сегменті дағдарысқа қарамастан барлық бағыттар бойынша өзінің үдемелі өсімін сақтап көбейткен. Тұрмыстық техника мен киім-кешек сегменті орташа есеппен 20 %-ға кемісе, косметика мен бьюти-индустрия қызметіне сұраныс, керісінше көбейіп орташа санақпен жыл сайын 7,8 %-ға дейін ұлғайып отырған» [157].

Сөйтіп сұлулық индустрия саларына төмендегілер жатқызылады:



Сурет 6 – Сұлулық индустрияның негізгі бағыттары

Жоғарыда аталған терминологияларды зерттеу терминжасам үдерістерін түсіндіру тұрғысынан қызығушылық танытады, сондай-ақ практикалық жағынан терминологиялық жүйелерді реттеу, терминдерді стандарттауға байланысты көптеген мәселелердің шешімін табуға септігін тигізеді. Арнаулы лексиканың реттелуі тек ұғымдардың бір жүйеге келтірілуінен ғана тұрмайды, сонымен қатар терминологиялық жүйенің семантикалық, құрылымдық, жұмсалымдық талдануын меңзейді. Алайда кез келген диссертациялық жұмыс көлемінің шектеулі екенін ескере отырып, біз негізгі талдау материалымызды косметика, косметология және сұлулық салондар қызметіне байланысты терминологиялық жүйеге арнаймыз.

Жалпы сұлулық индустриясы, әрине косметика тарихын былай қойғанда, ғылым мен білімнің жаңа бір саласы болып саналады. Сондықтан оның терминологиялық жүйесін ашық және қазіргі таңда қалыптасу барысында деп қарастырған дұрыс. Өйткені ол үнемі жаңа терминдермен толығып отырады, бірақ негізгі терминологиялық және ұғымдық базасы ғылыми қолданыста тұрақтылығымен сипатталады. Түрлі терминологиялық жүйелер лексикасын жүйелі тұрғыдан зерттеу терминологиялық өріс категориясын ажыратып

көрсетуге алып келді. Терминологиялық өріс шеңберінде барлық терминдер ортақ семантикалық белгі негізі мен қолданыс аясының бір екені арқылы біріктірілген.

Өз кезегінде терминология мен терминологиялық өріс өзара белгілі бір білім саласымен сәйкес келу/келмеу белгісі арқылы ажыратылады. Ғалымдардың пікірінше (А.И. Моисеев, И.В. Сербиновская, П.Л. Хохлова т.б.), нақты салалардың арнаулы аталымдарының сипаты жайында сөз еткенде ең ыңғайлысы терминологиялық өріс терминін қолданған жөн деп санайды. Сұлулық индустриясының терминологиялық өріс дамуын қарастыру өзекті мәселе болып саналады. Өйткені, оның шешімі зерттеуге алынған терминологияның ғылыми негізі реттелуіне мүмкіндік береді.

«Үлкен энциклопедиялық сөздік. Тіл білімі» басылымында өрістің мынадай анықтамасы берілген: «өріс – тілдік бірліктердің жиынтығы (ең алдымен лексикалық бірліктердің). Олар мазмұн ортақтығы мен белгіленуші құбылыстардың ұғымдық, заттық және жұмсалымдық ұқсастығы арқылы біріктірілген» [158, с. 380]. Яғни өріс өз қатынастары мен байланыстарымен сипатталатын жүйелі құрылым болып табылады. Ал, семантикалық өріс бір-біріне тәуелді көптеген лексикалық бірліктердің құрылымы, олар өзара тілдің белгілі бір ұғымдық саласын айқындайтын ортақ (инвариантты) мағынамен біріктірілген.

Зерттеуші Р.С. Аликаев: «...терминологиялық өрістің семантикалық өрістен басты айырмашылығы мынада деп санаймыз. Егер семантикалық өріс ұзақ жылдар бойы қалыптастырылып, сол тіл иелеріне тән ғаламның тілдік бейнесін айқындайтын болса, терминологиялық өріс адамның мақсатты бағытындағы саналы іс-әрекетінің нәтижесі, ал оның негізгі міндеті – белгілі бір ғылым саласына қатысты адам білімінің деңгейін неғұрлым объективтік түрде жеткізу» [159, с. 254]. Яғни терминологиялық өріс дегеніміз – жеке білім саласының жай терминдер жиынтығы емес, ол лексика-семантикалық өрістің ерекше түрі. Оның аясы мен шеңберінде адам қызметінің бір саласына қатысты ұғымдарды білдіретін терминологиялық лексика қалыптастырылып қолданысқа енгізіледі.

Терминдер өз тілдік табиғаттарына орай, тек терминологиялық өріс аясында ғана өздеріне тән бүкіл қасиеттерге ие бола алатын тілдік категория. Сол себепті терминдердің терминологиялық өрістерге қатыстылығы, оларды жай сөздерден ажыратып тұратын бірден бір ерекшелігі болып саналады. Осыған байланысты С.Д. Шеловтың пайымдауынша: «Терминнің ұғымдық-терминологиялық өрісі арнаулы сала ұғымдарының жиынтығы ретінде олардың ұғымдық сәйкестендірілуі үшін қажет. Яғни әрбір термин сол ұғым жүйесінің бір-біріне толық сай келуі керек» [160, с. 214].

Жалпы алғанда терминологиялық өріс бүкіл терминологияның ұғымдық ұйымдастырылуының маңызды құрылымдық бірлігі және элементтері белгілі сатылы тәуелділік қатынаста болатын жүйелі құрылым болып табылады. Терминологиялық өріс құрылымы өзектен және шеткері аймақтан тұрады. Егер терминологиялық өрістің өзегі сол сала ұғымдарының бір-бірімен тығыз байланысты нақты атауларынан жасақталатын болса, шеткері аймағына басқа білім немесе ғылым салаларының терминдері орналастырылады. Сонымен қатар

шеткері аймақтарда терминдерге қойылатын талаптарға сәйкес келе бермейтін бірліктер де орын алады.

Біз зерттеуде сұлулық индустриясы терминологиялық өрісінің ұйымдастырылуы негізіне оның қазіргі кездегі дамуына қатысты қабылданған ғылыми ұғымдар жіктелімі мен жүйесін аламыз. Сондықтан талдауға алынған терминологияға қатысты материалдардағы қолданыс жиілігіне орай терминдер мен ұғымдарды біртіндеп сұрыптап іріктеу нәтижесінде, оның өзегі мен шеткері аймағын анықтадық. Бұл терминологиялық өрістің өзегін «косметика» және «сұлулық салондары» тақырыптық топтары құрайды. Ал олардың шеткері аймақтары оларға қатысты кішігірім топтардан құрастырылады.



Сурет 7 – Үдерістік және заттық категориялардың өзара қатынасының сипаты

Терминологиялық жүйенің заттық категориясын құрайтын терминдер қатарына төмендегілер жатқызылады: *таяқша, құрал, лак, косметикалық жинақ, беткі жабын, спрей, қарындаш, сүрме, сұйық бояу, бояу-қарындаш, қас қаламы, гель, бояу палеткасы, негіз, далап, ерін далабы, опа, қарындаш-далап, сұйық далап, бальзам, опа, еңлік, крем, тоналды крем, опа-домалақтары, тоналды флюид, крем-мусс, тоналды крем-мусс, тоналды құрал, домалақ-еңліктер, крем-опа, қос еңлік-хайлайтер, хайлайтер-стик, қылиақ, қылиақтар жинағы, спонж, лосьон, спрей-сүтім, лосьон-спрей, дезодорант-спрей, сусабын-спрей, маска, сабын-скраб, скраб, элексир, дезодорант-антиперспирант, дезодорант-антиперспирант спрей, түйіршікті-антиперспирант, май, сүт*

құралы, сүтше, тоник, тазартқыш суы, көпіршік, маска-гель, сарысу, бальзам-күтім, жастықшалар, гель-пилинг, сусабын, сусабын-шайғыш, бальзам-кондиционер, шайғыш, бальзам-шайғыш және т.б.

Терминологиялық жүйенің үдерістік категориясын құрайтын терминдер қатарына төмендегілер жатқызылады: бет тазарту, мойын тазарту, кеудені тазарту, бетке косметика жағу, мойынға косметика жағу, омырауға косметика жағу, бетке және мойынға косметикалық үгіту жасау, косметикалық үгіту жасау (лимфодренажды, целлюлитке қарсы), сыртқы бет келбетіне жеке бағдарламалар даярлау және кеңес беру, сипалау, ысқылау, уқалау, соққылау, дірілдету, шаштың модельдік қырқуын жасау, шашқа жөндеу жасау, химиялық бұйралауды жасау, сәнді шаш жасау, мұрт бояу, сақал бояу, жақ сақалды бояу, шаш бояу, өндеу, филировкалау, жиектеу, лакты сүрту, тырнақ бояу, тырнаққа антисептикалық құрамды жағу, тырнаққа грунтовканы жағу, тырнақтың маңайын қайта қалпына келтіру, қасты әдемілеу және бояу, кірпікті бояу, кірпікті өсіру, кірпікті химиялық бұйралау және т.б.



Сурет 8 – Терминологиялық өріс сипаты

Жоғарыда келтірілген тақырыптық топтардың талданымы әрбір топ ішінде бірқатар құбылыстар жалпылама атауы болып келетін түрлі мағыналы терминдер бар екенін көрсетті. Кез келген басқа терминологиялық жүйе секілді сұлулық индустриясының да кішігірім жүйелері мен микрожүйелері болатыны анықталды. Ерекше атап өтетін жайт, кейбір терминдер бірнеше кішігірім

терминологиялық жүйелерде орын алады және бұл құбылыс қалыптаса бастаған сала үшін заңды деп есептейміз. Себебі сұлулық индустрия терминологиялық жүйесінің заттық және үдерістік категориялары өзара тікелей байланысты болып келеді.

Терминологиялық өрістерді талдау мәселесіне қатысты ғылыми әдебиеттерде көптеген амал-тәсілдер бар екені белгілі. Мәселен, зерттеуші И.В. Сербиновская терминологиялық өрісті дефиниция жүйесі арқылы талдауды ұсынады, яғни оның негізгі мәні бір терминді басқа термин немесе бірнеше терминдер негізінде айқындау. Себебі терминологиялық өрісте әрбір бірлік басқаларымен өзекті сема арқылы біртұтас жиынтық құрайды дейді [117, с. 152]. Егер біз бұл әдісті қабылдайтын болсақ, онда біріншілік және екіншілік сипатындағы терминдер болуын мойындауымыз қажет. Сондықтан біздің ойымызша, жаңа қалыптасып жатқан терминологиялық жүйелер үшін, ал біздің жағдайымызда тап осылай, бұл өте қолайлы амал-тәсіл деп санаймыз.

Мұны қабылдап отырған себебіміз біріншілік терминдер енді зерттеліп басталған терминологиялық жүйе терминдерінің дефинициясында қолданылып, бірақ өздері сұлулық индустрия терминдері арқылы айқындалмайды. Мысалы, сұлулық индустриясына қатысты біріншілік терминдер қатарына мыналарды жатқызуға болады: *кешен, құрал, жинақ* және т.б. «*Кешен*» және «*құрал*» терминдері арқылы зерттеп отырған саламыздың көптеген басқа терминдердерден анықтауымызға болады: «*тырнақ күтіміне арналған кешенді құрал*», «*бетке арналған тоналды құрал*», «*макияжға арналған қылшақтар жинағы*», «*аяқ ваннасына арналған ағылшын тұзы қосылған жандандыратын құрал*», «*бетті тазартатын құрал*», «*қайта жандандыратын сүт құралы*», «*көздің макияжын жоюға арналған қос фазалы құрал*», «*бет терісін тазартатын гамамелис және эвкалипт сығындысы қосылған құрал*» және т.б.

Сонымен *құрал, кешен, жинақ* терминдері арқылы көптеген басқа терминдер анықталады, мәселен: *жандандыру, тазарту, жою, күтім, бетке арналған, тырнаққа арналған* т.б. Сондықтан олар екіншілік сипатқа ие болып келеді. Сондай-ақ, соңғы болып есептелетін терминдер де бар. Олар әдетте тар мағыналы болып, басқа терминдердің дефиницияларында қолданылмайды. Мысалы: «*гиалурон қышқылы – бұл адам тері бөлігі болып табылатын миополисахарид. Гиалурон қышқылының молекулалары әртүрлі қасиеттерге ие, олардың біреуі жоғары гидрофильділігі және ылғалдың көп мөлшерін сақтау мүмкіндігі. Косметикада гуалурон қышқылы табиғи ылғалдандырғыш ретінде қолданылады. Ол терінің жоғарғы қабаттарында ылғалдандыруға қабілетті және көріністі жақсартады*»; «*Космецевтика*» сөзі «*косметика*» және «*фармацевтика*» сөздерінен шыққан. *Космецевтикалық заттар ағзаға оң әсер беретін, емдік сипаты бар косметикалық заттар болып табылады*» және т.б.

Бұл тәсіл арқылы терминологиялық жүйені сатылы тәуелділік қатынаста болатын өзара тығыз байланысты деңгейлер жиынтығы ретінде көрсетуге болады. Яғни дәл әрі нақты дефинициялар құрастыруға, сондай-ақ дублет-терминдерді айқындап, сөздіктер түзуге мүмкіндік береді. Сонымен терминдер мен олардың дефинициясын талдау барысында бір терминологиялық бірліктердің басқа бірліктер арқылы анықталуы аса маңызды болып саналады.

Мысалы, арнаулы ұғымдардың өзара байланысын айқындау мақсатында «сарысу» терминін алып көрейік.

«Сарысу» термині былайша анықталады: *«сүтті өңдеу арқылы сүзбе мен ірімшікті ажыратып, бөліп алғаннан кейін қалатын қалдық өнімі»*. Бұл қалдық өнімінің адам ағзасына пайдасы өте зор екені белгілі және сарысуды тек қана тағамдық мақсатта емес, сондай-ақ косметикалық мақсатта да жиі қолданады. Жоғарыда келтірілген дефиниция бойынша сұлулық индустриясы терминінің терминологиялық өрісі келесі терминдерден құралады: *сүтті өңдеу, сүзбе, ірімшік, қалдық өнімі*.

Бұл терминдердің әрқайсысының өз анықтамасы бары ешбір күмән келтірмейді. Олар «сарысу» терминінің ұғымдық мазмұнын (дефиниция мәтінінде) түсіндіру жүйесінде қолданылып, аталған терминнің терминологиялық өрісін құрайды. Мысалы, «сүтті өңдеу» термині былайша анықталады: *«сүтті өңдеу төмендегідей операциялар арқылы жүргізіледі: сүтті қабылдап алу, сапасын тексеру, тазарту, майлылығын бірқалыпқа келтіру, пастерлеу, салқындату, ыдыстарға құю»*; «сүзбе» – *«белокты сүт қышқылды өнім»*; «ірімшік» - *«ұйытылған сүттен қайнатып жасайтын тағам түрі»*; «қалдық өнім» – *«табиғи шикізатты өңдеу нәтижесінде пайда болатын заттар мен өндірістік жарамды/жарамсыз шығарылымдар»*.

Қорыта келгенде «сарысу» терминінің терминологиялық өрісі, сонымен бірге тағы да мынадай терминдерден тұратындығы дәлелденді: *сапа, тазарту, майлылық, пастерлеу, салқындату, белок, қышқыл, ұйыту, қайнату, табиғи шикізат, өндірістік шығарылым және т.б.* Яғни сұлулық индустриясы терминологиялық өрісінің талданымы күрделі сатылы тәуелділікте болатын құрылымды айқындап, оның өзегі және шеткері аумағы, сонымен қатар өріс ішінде кішігірім өрістер болатыны анықталды. Сұлулық индустриясының терминологиялық өрісі қисынды түрде реттелген терминдер жүйесін көрсетіп, өріс элементтерінің өзара семантикалық байланысын қамтамасыз ететін аталған білім саласына қатысты ұғымдардың ғылыми жіктеліміне негізделетіні айқындалды.

### **3.2 Терминжасамның негізгі семантикалық амал-тәсілдері**

Терминжасам мен терминологиялық жүйе қалыптасуы табиғи тіл негізінде жүзеге асатыны белгілі. Терминолог маман жаңа терминжасам үдерісі барысында басқа терминологиялық жүйелерде орын алатын көптеген тілдік бірліктер арасынан біреуін таңдап алады немесе бар сөздер мен сөз тіркестерінің негізінде жаңа атау жасайды. Көп жағдайда терминдер ғылыми ұғымды атау үшін саналы мақсатты түрде жасалып, автор терминнің формалды құрылымын қисынды ойлау қажеттілігіне жауап бере алатындай таңдап алады. Ғалым Э. Вюстердің пікірінше: «...терминология үшін саналы терминжасам тән келеді. Бұл ұғымның астарында терминологияны біріздендіру, нормалау, стандарттау секілді терминологиялық жұмыстар жүргізілу мәні болады, сонымен бірге терминжасам элементтері мен терминжасам амал-тәсілдеріне баға беру де көзделеді» [109, с. 22].



Ғылымның жаңа салаларының терминологиялық бірліктер жүйесін терең зерттеу, әсіресе қазіргі уақытта өте маңызды, себебі ғылым мен білім, техниканың қарқынды дамуы үнемі тілімізге көптеген жаңа ұғымдарды алып келеді. Бұл ретте, атап өтетін жайттардың бірі – жаңа ағылшын тілді терминдер мәселесі. Ғаламтор желісі олардың бірден бүкіл әлемге таралуын қамтамасыз етіп отыр. Міне, біздің зерттеуіміздің ең басты өзектілігі осымен айқындалады. Осыған орай зерттеуші А.Ю. Сиротина атап көрсеткендей: «Бұл зерттеулердің өзектілігі таза тілдік тұрғыдан да, экстралингвистикалық тұрғыдан да аса маңызды. Тілдік факторалар тұрғысынан ол жаңа пайда бола бастаған терминология мен терминологиялық жүйенің, сондай-ақ жас жағынан кеше ғана пайда болған терминологиялық жүйелер терминдерінің қолданыс ерекшеліктерін зерттеу қажеттілігімен түсініледі» [161, с. 24].

Ұсынылып отырған зерттеудің маңызы сұлулық индустриясы терминологиялық жүйесін көпәспекттілі тілдік талдау арқылы, оның семиотикалы терминологиялық негізі қалыптасуының басты тетіктері мен тәсілдерін айқындауымен сипатталады. Осы тұрғыдан келгенде талдауға алып отырған терминологиялық жүйе терминологиясының дамуы мен қалыптасуына орай оның негізгі мынадай түрлерін ажыратып көрсетуге болады:

1) өзінің бастапқы мағынасын сақтап қалған басқа терминологиялық жүйелерден алынған базалық терминдер: *хош иіс, бальзам, күтім, сарысу, маска, протеин, дәрумен, шайғыш, бояу, лак, нәрлендіру, нығайту, қатайту, өсіру, тегістеу, балғындық, қию, нәзіктік, сығынды, ылғалдандыру, қабыршақтандыру, саз балшық, оттегі қосындысы, көпіршік, көлем, құрғақ, балауыз, түзету, жасуша, жандану, тазартқыш, тазарту, түйіршік және т.б.;*

2) туынды және күрделі терминдер (сөз тіркестері): *ылғалдандыратын крем, түнгі крем, жандандыратын құрал, йогуртты лосьон, тоналды крем, шағын опа, тоналды құрал, домалақ еңліктер, ерін далабы, ұйық далап, ұзындық сұрмесі, көз бояу, бояу палеткасы, сұйық бояу, косметикалық жинақ және т.б.;*

3) бастапқы мағынасы аздап өзгеріске ұшыраған басқа терминологиялық жүйелерден алынған терминдер: *барқыт, жылтыр, жалтыр, тазалаушы сабын, сергітуші тоник, ылғалдандырушы гель, сезімтал тері, сақтандыратын крем, нығайтушы крем, құрғақ тері, майлы тері, аралас тері, қалыпты тері, жаңартушы тері, тазалаушы көбік, жоғары деңгейдегі қорғаныс, жеңіл тотығу және т.б.*

Ғалым С.Б. Гринев-Гриневицтың айтуынша: «...формасы бойынша терминдер бір сөзден тұратын немесе монолексемді терминдер және терминдер сөз тіркестері, көп сөзден құралған полилексемді терминдер болып жіктеледі» [67, с. 62]. Бір сөзден тұратын терминдердің де құрамы түрлі болып келеді. Алайда олардың ішінен жай терминдер, яғни негізі түбірге сәйкес келетіндер және аффикстер арқылы жасалғандар деп бөлу дәстүрі қалыптасқан. Мысалы: *май, көбік, бояу және майлы, көпіршік, бояғыш.*


Ал бірнеше түбір морфемалардан тұратын бір сөзді терминдерді күрделілер қатарына жатқызылады: *сусабын, экстраылғалдандырушы, биоцеллюлоза т.б.* Қазіргі кезде терминжасамның негізгі тәсілдері мыналардан тұрады:

1) терминжасамның семантикалық тәсілдері: жалпықолданыстық сөз және сөз тіркесінің терминделуі, жалпықолданыстық сөз мағынасының метафоралануы, жалпықолданыстық сөз мағынасының метонимиялануы, жалпықолданыстық сөз мағынасының арнаулы мағынаға айналуы, жалпықолданыстық сөз мағынасының кеңеюі, кірме сөздер қабылдау (жүйеаралық терминдер, өзге тілдерден лексема және терминдер мен терминологиялық элементтер қабылдау);

2) терминжасамның морфологиялық тәсілі: терминжасамның аффиксті тәсілі, конверсия, терминдердің фонетика-морфологиялық жасалымы, қысқартулар;

3) терминжасамның синтаксистік тәсілдері: терминологиялық сөз тіркестерінің қалыптасуы;

4) терминжасамның морфологиялық-синтаксистік тәсілі: біріккен терминдер, эллипсис, аббревиатуралар жасалымы.



Сурет 9 – Сұлулық индустрия терминдерінің құрылымы бойынша сандық арақатынасы

Терминжасам тәсілдері жайында профессор Ш. Құрманбайұлы: «Ғылым мен техниканың түрлі салаларындағы етістік терминдердің ішінде ең көп ұшырасатыны – тұйық етістік. Етістіктің бұл түрі арқылы жасалған терминдерді арнаулы салалардың барлығынан дерлік табуға болады. Мысалы, тіл білімінде – *жіктеу, септеу, қиысу, қабысу, матасу, меңгеру, үстеу, жалғау* т.б.; Заң ғылымында – *айыптау, анықтау, беттестіру, ескерту, тергеу, тұтқындау, тінту, таныту, іздеу* т.б., геологияда – *бұрғылау, қабатталу, кептелу, үлгілеу, шаймалау, сүйірлену, ісіну* т.б., экономикада – *арзандау, арзандату, жекешелендіру, кему, қымбаттау, тұтыну, ұзарту, өткізу, үйлестіру, сақтандыру* т.б., информатикада – *жобалау, жоғалу, елеу, қамығу, мүшелеу,*

күту, сұрыптау, перделеу т.б., әдебиеттануда – шендестіру, әсірелеу, дамыту, теңеу, суреттеу, толғау т.б., философияда – адасу, қоздыру, бейнелеу, табыну, ойлау, байқау, қорыту, терістеу, шектеу, байымдау, қалыптасу т.б. химияда – тұтану, шіру, булану, ісіну, көмірлену, тотығу т.б. ...Терминологияда сын есімдердің де өзіндік орны бар. Сын есімдер негізінен тіркесті терминдердің құрамында кездеседі. Мысалы, *жай сөйлем* (тіл білімі), *қара өлең* (әдебиеттану), *сары дақ* (физиология), *ащы ішек* (медицина)... Терминологияда сын есімнің зат есім сияқты дербес ешбір сөзбен тіркеспей терминденуі де ұшырасады. Мәселен, сезікті (подозреваемый) деп, заң ғылымында – «*қылмыс істеді деген күдікпен ұсталған және айып тағылмастан бұрын бұлтартпау шарасы қолданылған адамды*» айтады», - деп көрсетеді [50, 158-161 бб.].

Терминжасамның семантикалық тәсілі бұрыннан бар сөздер мағынасының өзгеруіне алып келеді. Сұлулық индустриясының терминологиялық жүйесі негізінен жалпықолданыстық сөз мағынасының терминденуі мен кірме терминдер қабылдау арқылы қалыптастырылуда. Ал терминдену дегеніміз – жалпықолданыстық сөздің термин қызметінде қолданылуы, яғни термин емес сөз терминнің белгілеріне ие болады. Осы тұрғыдан алғанда, терминдену екі түрлі үдерістен тұрады: біріншісі, жалпықолданыстық сөздің белгілі бір арнаулы мақсаттағы тіл құрамында термин ретінде қолданылуы. Екіншісі, арнаулы мақсаттағы тілдің лексикалық бірлігі (термин емес сөз) терминнің белгілеріне ие болуымен байланысты.

Терминдену С.П. Хижняктің анықтауы бойынша: «терминологиялық жүйе шеңберіндегі жалпықолданыстық сөздің семантикалық конверсия нәтижесінде бейімделуі және ол мағына тарылуы немесе метонимиялық және метафоралық ауысуы негізінде мағына өзгеріске ұшырауы нәтижесінде жүзеге асады» [162, с. 74]. Терминдену барысында сөздің семантикалық құрылымы өзгереді. Орыс тілінде терминдену үдерісіне ұшыраған лексикалық бірліктер ретінде төмендегідей француз тілінің сөздерін атап көрсетуге болады: *маска, помада, пудра* т.б. француз тілінен енген *маска* сөзінің дәстүрлі мағынасы «бетке кигізілетін, тағылатын бір зат» дегенді білдірген. Ал орыс тілінде *маскарад* сөзі арқылы тіркеліп, алғашқыда *маска* емдік-профилактикалық шара мағынасында қолданылмаған. Дәстүрлі мағынаның жаңа қолданысын қазіргі косметика саласындағы *маска* термині көрсетеді. Қазіргі кезде бұл сөздің алғашқы мағынасына қарағанда екінші мағынасы нағыз «косметикалық» болып саналады, өйткені косметикалық өнімдердің ең бір үлкен саласын білдіреді, яғни *бетті нәрлендіру, жасарту, тегістеу және емдеу мақсатында қолданылатын крем тәрізді зат* анықтамасында кеңінен таралған.

Ал семантикалық мағына тарылуына *помада* лексемасы мысал бола алады. Этимологиялық тұрғыдан бұл галлицизм француздың «*ротте – алмаға май қосу арқылы жасалатын помада*» дегенді білдірген [163, с. 114]. Алғашқыда, бұл сөз орыс тіліне мынадай мағынасында кіріккен: «түрлі хош иісті қоспалардан жасалатын крем немесе жақпа май, косметикалық құрал». Яғни, ол көбінде емдік мәнінде қолданылып «емдік қасиеті бар жақпа май», содан кейін барып «парфюмериялық» мағынасында пайда болған [157, с. 114-115]. Бұл ретте, бірте-

бірте фармацевтикалық семаны косметикалық сема ығыстырғанын байқауға болады.

Қазақ тілінде бұл сөз «далап» термині арқылы беріледі және алғашқыда *далап* сөзі сын есім тұлғасында болып, «*Ашық қызыл түс. Шиелерді нұрмен жалап, Бояу бердің қызыл далап* (Ә. Сәрсенбаев, Өлеңд.)» мағынасында қолданылған. Одан кейін барып, «*Далап зат. <ор.помада> Әдемілік немесе теріні жұмсарту үшін ерінге жағатын қызыл бояу. Айжанның қызыл далап жаққан жұқа ерні күлімдеп, жүзінен қуаныш белгісі білінеді* (З. Шашкин, Сенім)» [164, 470 б.]. Қазақ тілінде бұл термин, алдымен субстантивтену (заттану) арқылы пайда болып, одан кейін мағына кеңеюі құбылысы байқалады. Себебі далап қазіргі таңда тек «ашық қызыл түсті» ғана емес, оның неше түрлі реңктері мен қызметіне қатысты төмендегідей типтерін атап көрсетуге болады: *күңгірт түсті далап, ылғалдандыратын далап, сұйық далап, қанық түсті далап, жылтыр түсті далап, қарындаш-далап* т.б.

Ал *пудра* (*она*) сөзі орыс тіліне француз тілі арқылы келіп, кезінде мынадай мағынасында қолданылған: «ұсақ шаң секілді ұнтақ, крахмал, оны басқа сеуіп, шашқа сән беру мақсатында пайдаланған», одан кейін семантикалық құрылымның тарылуы нәтижесінде жаңа мағыналары пайда бола бастаған, алдымен тек мұрынды, содан кейін барып бүкіл бетті ағартып көрсету үшін іске қосылған [165, 117 б.]. Қазақ тілінде бұл термин «*она*» ретінде белгілі: «*зат. <франц. poudre> Гигиеналық және косметикалық мақсатта пайдаланатын, бетті ағартып, әрлеуге арналған хош иісті, жұмсақ, майда ұнтақ*» [165, 698 б.].

Терминдену үдерісіне ұшыраған лексикалық бірліктер төмендегідей терминдерді де мысал ретінде келтіруге болады: *пинцет, жіп/наножіптер талшықтар* т.б. Мәселен, жалпықолданыстық тілде *пинцет* мынадай мағынаға ие болып келеді: «*пинцет (фр.pincette – іскек, қысқыш) қолмен ұстауға қолайсыз немесе қауіпті ұсақ заттармен манипуляция үшін қажетті құрал*». Сұлулық индустрия саласында «*пинцет*» – «*қас жұлуға арналған қысқыш, кішкентай қысқыш*» және мынадай мәнмәтіндерге қолданылады: «*Қазіргі уақытта үйде отырып кірпік жалғауды кәсіпке айналдырғандар көп. Олар пайдаланатын желім, кірпік, пинцет сияқты құралдарға көз жанарыңызды сеніп тапсыра беруге болмайды. Уақытша ғана сұлулық үшін жасанды үш кірпік жапсырам деп өзіңіздің өмір бойғы тұрар бір кірпігіңізден айырылып қалмаңыз*», «*Қасты әр түрлі жолдармен: пинцет және жіптің көмегімен жұлу*» және т.б.

«*Жіп*» сөзінің жалпықолданыстық мағынасы «*қысқа талшықтардан ширатылған, мата және трикотаж тоқуға, киім, кесте, т.б. тігуге, арқан есуге, т.б. пайдаланылатын жеңіл өнеркәсіп өнімі*». Қазіргі кезде бұл термин ретінде сұлулық индустриясында кеңінен тараған терминологиялық бірлік болып табылады. Тіпті, оның «*наножіптер*» деген де нұсқасы бар және ол мынадай мәнмәтіндерде қолданылады: «*Наножіптер арқылы асырылатын процедуралар – бет, көздің айналасы, ауыздың жан-жағына, маңдай зоналарына және сыртқы дене пішінінің телімдеріне жасалады. Наножіптер арқылы болатын процедуралардың маңыздылығы – оны барлық жастағы*

әйелдерге жасауға болады»; «Наножіптер тез әрі сапалы түрде эстетикалық бет пішінін жасауға мүмкіндік береді» және т.б.

«Жіп» сөзі сұлулық индустриясына мынадай мағынасында кірігіп отыр: «пластикалық хирургияда беттің әжімдеріне қарсы, оны тарту мақсатында қолданылатын жасанды өнім» және төмендегідей мәнмәтіндерде жиі орын алады: «Тері астындағы арнайы биоүйлесімді жіптерді енгізуді қамтитын процедураның нәзік техникасы арқасында жіптер немесе иірілген жіптер танымал болды. Олар табиғи қабат ретінде, тұлғаның тіндерін жылжытуға көмектеседі және жаңа позицияға бекітеді»; «Хирургиялық араласу кезінде сүт бездерінің жұқа жібек жіптерімен тығыз силикон шыны аяқтары сүт бездерінің тініне имплантацияланады. Содан кейін кеудені көтеру үшін жіптер науқастың қабырғаларына тығыз байланады» және т.б.

«Талшық» – «ұзын, жұқа және жіп секілді материал» сұлулық индустрия саласында жиі пайдаланылады. Мысалы: «Кірпіктерді түптеп, талдап жалғау, 3D кірпіктер, жасалған материалына қарай табиғи талшықтан, құндыз кірпіктер, т.б. сияқты түрлері көп»; «Ал кірпіктердің жасалған материалы жайына келер болсақ, табиғи деген құндыз кірпіктердің өзі жоғары технологиялық деңгейде табиғиға қатты жақын. Таза табиғи талшықтар қолданылмайды. Себебі ол аллергия тудыруы мүмкін» және т.б.

Терминологиялық жүйе шеңберінде жалпы ұғымдарды беру үшін өте жиі жалпықолданыстық сөздер пайдаланылады. Термин бола тұра, бұл сөздер өздерінің мағынасын түбегейлі өзгертпейді. Дегенмен нақты белгілі бір ғылыми мазмұнды бере алу қабілетіне орай терминдену үдерісінен өтеді. Аталған жалпықолданыстық сөздер ғылыми айқындылық қасиетіне ие бола бастайды. Мысал ретінде мынадай терминдер қатарын келтіруге болады: *өсіру, қатайту, тазарту, ылғалдандыру, тегістеу, тарту, жұмсарту, ағарту* және т.б.; *әдіс, құрал, материал, аспап, жинақ, жүйе, кешен, құрылым, дене* т.б. Келтірілген лексикалық бірліктер тілдің арнаулы емес түріне қатысты болғанымен, ғылыми және техникалық әдебиеттерде қолданыс жиілігінің арқасында терминологиялық мағынаны білдіруге қабілетті болып келеді.

Сайып келгенде сұлулық индустриясы терминологиялық жүйесін талдау барысында қазіргі таңда терминдену жаңа терминологиялық бірліктер жасалымының өнімді тәсілдерінің бірі екеніне көз жеткіздік. Жалпы алғанда заманауи терминологияның қомақты бір бөлігі жалпықолданыстық сөздердің қайта ойластырылып жасалуы негізінде пайда болған терминдер қатарынан тұратыны байқалды. Осы тұрғыдан келгенде жалпықолданыстық сөз мағынасының метафоралануы әдетте алдымен сыртқы ұқсастық арқылы жасалып, содан кейін барып аталушы нысандардың қызмет ұқсастығына негізделеді.

Мысалы, сыртқы пішін ұқсастығы арқылы жасалған терминдерге «домалақ опа», «домалақ еңліктер», «тоналды әсері бар домалақ опа» бірліктерін жатқызуға болады. Бұл косметикалық құралдардың барлығы ұсақ домалақ тәрізді болған соң осылайша аталған (орыс тілінде – «шарики»). Қызмет ұқсастығы негізінде мына терминдер жасалған: «маникюрға арналған өңдеу блок құралы», «шай ағашының сығындысы қосылған тырнаққа және кутикулаға

*арналған эликсир»*. Бұл жердегі «блок» пен «эликсир» терминдерінің қалыптасқан мағыналары төмендегідей: «*белгілі бір жағдайда аппараттың, машинаның немесе электр схемасының жұмыс мүшелерін (элементтерін) бекітуді қамтамасыз ететін, сонымен қатар бағыттаушы әсерді алып тастағаннан кейін де сақталатын тәсілдер мен құралдардың жиынтығы*» және «*эликсир – ертеректе ерекше емдік қасиеті бар ішімдік сусыны*» дегенді білдіреді.

Яғни жоғарыда келтірілген терминдер қатарында, біріншісі *бекіту* қызметінде, ал екіншісі тырнақтың айналасындағы теріні *емдеу* мағынасында қолданылған. Метафора арқылы терминдер жасалымының семантикалық тәсілі бейнелі уәжді тілдік бірліктер пайда болуына әсер етіп, қазіргі таңда жаңадан қалыптаса бастаған білім салаларының өнімді амалының бірі болып саналады. В.Н. Телия: «...метафора тілдік таңбалардың қайта ойластырылуы барысында жаңа мағына пайда болу үдерісі және де жаңа концептілер жасау мақсатында жүрізілетін тілдегі бар мағыналармен когнитивтік манипуляциялау нәтижесінде ғаламның тілдік бейнесін жасау әдісі де болып табылады» [166, с. 3].

Шын мәнінде метафора ақиқат болмыс концептуалдануы мен дүниетанымның іргелі амал-тәсілі, сонымен қатар бұл когнитивтік механизм, оның көмегімен абстрактілі ұғымдар терминдерде барынша нақты қайта ойластырылатын үдеріс. Метафора түрлі заттар мен құбылыстар арасында барынша аналогиялар орнатуға мүмкіндік беріп, сол арқылы бір саладағы нәтижелер мен білімдерді, тәжірибені басқа бір саланың мәселелері мен міндеттерін шешу үшін аса маңызды.

Метонимия үдерісінде бір топ нысан немесе жеке бір нысан атауының басқа бір топ нысан немесе жеке зат атауына ауысуымен сипатталады, яғни аралас мәліметтер ассоциациясы нәтижесінде жүзеге асырылады. Метонимия механизмінің іс-әрекеті жаңа мағына немесе сөз мағынасының концептуалды өзгерген түріне алып келеді [167, с. 49]. Метонимияның негізі бір текті және түрлі текті категориялар арасындағы қатынастардан туындайды, мысалы заттар мен олардың белгілерінің (іс-әрекеттері) арақатынасы.

Мысалы, о бастан «лак» термині «(нем. *Lack*) – органикалық еріткіштерде пленка түзуші заттардың ерітінділері. Оның құрамында пластификаторлар, қатайтқыштар, сиккативтер, бояғыштар, тағы басқа қосымша қоспалар болуы мүмкін» деген мағынада қолданылған. Қазіргі кезде ол сұлулық индустрия саласында мынадай мағыналарында қолданылады: *тырнақ бояуға арналған лак, шашқа арналған лак және оның түрлері: лак-спрей, тез кебетін лак, гельді лак*. Қолданыс мәнмәтіндеріне назар аударатын болсақ: «*Гель-лак берік болып келеді, ол кептіруді қажет етпейді және кем дегенде екі апта тырнағыңызда мінсіз тұрады. Алайда оның кей ерекшеліктерін алдын ала білген жөн. Гель-лак тырнақты толықтай қаптап және тырнақтың жоғары қабатынан берік (ұстап) тұратындықтан, оның қабаттанып, сынуына жол бермейді*»; «*Гель-лақты салонда алдыртқан жөн немесе арнайы гель-лақты кетіретін құрал сатып алып, нұсқамасы бойынша қолданыңыз. Тырнақта қалып қойған гель-лақты металл егеуішпен қырмаңыз*» және т.б. [168].

Бастапқыда «сүрме» термині мынадай мағынаға ие болған: «*Sb – элементтердің периодтық жүйесінің V тобындағы химиялық элемент, атомдық нөмірі 51, атомдық массасы 121,75. Шығыс елдерінде бұдан 3000 жыл бұрын ыдыс жасауда қолданылды. Египетте б.з.б. XIX ғасырда сүрме жылтырының ұнтағын әйелдер қасын бояуға пайдаланған*». Одан кейін барып, ол «*қас пен кірпікке жағатын бояу*» мағынасында қолданылғаны белгілі: «*Сүрменің пайдасы жайлы: «Сүрме көздің жанарын қайратты етеді. Сонымен бірге, кірпікті ұзын етеді», деген хадис риуаят еткен*».

Сұлулық индустриясында «сүрменің» қазірде сан алуан түрі бар: *кірпіктерге арналған көлем сыйлайтын сүрме, жалғанды кірпіктер әсері бар сүрме, қасқа және кірпікке арналған ламинация әсері бар сүрме, кірпіктерге арналған ұзындық сыйлайтын сүрме, кірпіктерге арналған көлем әрі ұзындық сыйлайтын сүрме және т.б.* Байқағанымыздай «сүрме» терминінің «қас бояуына» арналған қызметі уақыт өте келе түсіп қалған.

Ішкі форма арқылы жасалатын компоненттер бейнелілігі мен метафоралық және метонимиялық экспрессивтілікті терминдер өзінің бастапқы пайда болу кезеңінде, яғни терминологиялық жүйенің толыққанды мүшесі болуына дейін сақтап келеді. Бұл жағдайда экспрессивтілік пен бейнелілік коннотацияларын қатарынан орын алады және терминнің негізгі (концептуалды) мағынасымен қатар болады, алайда оның нақты мағынасына ешбір әсер етпейді.

Терминологиялық жұмыстардың тәжірибесінде өзекті мәселелердің бірі – кірме терминдер екені баршамызға белгілі. Аталған үдеріс түрлі білім салаларының мамандары арасында үздіксіз жүріп жатқан халықаралық ғылыми және техникалық тәжірибе алмасу, сондай-ақ ұлттық терминологиялық қорларда өзге тілді терминдер санының артуымен айқындалады. «Лингвистикалық энциклопедиялық сөздікте» кірме сөз қабылдау «тілдік контактілер нәтижесінде бір тілден басқа тілге енген өзге тіл элементі (сөз, морфема, синтаксистік құралым т.б.), сонымен бірге бір тілден басқа тілге өтудің үдерісі де», - деп берілген [169, с. 115].

Кірме сөз қабылдау дегеніміз – белгілі заттарды белгілеу және бар аталымдарды ажырату, сонымен қатар жаңа ұғымдарды таңбалау үшін басқа тілдің лексикалық қорына жүгіну дегенді білдіреді. Өзге тілдерден термин қабылдаудан басқа, терминдер ғылымның барлық салаларынан, яғни бөлек терминологиялық жүйелерден алына беретіні белгілі. Зерттеуіміздің екінші тарауында сұлулық индустриясы терминологиялық жүйесінің негізінде гетерогенді модель болатынын айтқан болатынбыз. Сұлулық индустриясының пәнаралық, салаларылық сипаты басым әрі айқын.

Ал өз кезегінде пәнаралық дегеніміз – бізді қоршаған орта танып білу үдерісіндегі ғылымдардың өзара әрекеттестігінің амал-тәсілі болып табылады. Сұлулық индустриясы адам білімінің мынадай салаларының өзара әрекеттестігі нәтижесінде пайда болған: химия, медицина, фармоцевтика, косметология, спорт, техника, биология және т.б. Сондықтан терминдердің басым көпшілігі осы ғылым, білім салаларынан алынған деген пайымдау жасауға болады.

Мысалы, сұлулық индустриясы терминологиялық жүйесінде орын алған медицина терминдері:

- *алопеция, гипергидроз, гиперемия, демодекоз, дерма, купероз, лецитин акне, липома, невус, нейродермит, оксигенотерапия және т.б.*

Химия саласының терминдері:

- *аминофиллин, аллантоин, ботокс, гиалуроновая кислота, гидролиз, диспорт, ксеомин, мезоксантин, меланогенез және т.б.*

Косметология саласының терминдері:

- *биоревитализация, биоармирование, ботулинотерапия, инъекциясыз мезотерапия, броссаж, вапоризация, вакуумды лимфодренаж, гоммаж, депиляция, дермабразия, дарсонвализация, инвазивтілік, ингибирлеу, кинезиотейпинг, криомезотерапия, коагуляция, комедон, лимфодренаж, лифтинг, мезотерапия және т.б.*

Биология терминдері: *коллаген, кератин, камфора, липидтер, меланиндер, меланоциттер және т.б.*

Дегенмен бұл ретте терминдерді нақты бір саланың ғана бірліктері деп айту да қиын. Себебі пәнаралық сипатқа ие терминологиялық жүйелердің терминдері көп жағдайда әрі заттық та, әрі үдерістік мағынада да жұмсала береді. Мысалы, *ботокс, диспорт* терминдері препараттың атауын да білдіреді, сонымен қатар сол препарат арқылы жасалатын үдерісті де айқындайды. Сондықтан пәнаралық қатынаста болатын терминдер, өздерінің дыбыстық та, графикалық формаларын сақтап қалады да, ал жаңа терминологиялық жүйеде семантикалық өзгерістерге ұшырайды.

Мысал ретінде сұлулық индустриясында қолданылатын «апликация» терминін алатын болсақ, онда жалпы бұл терминологиялық бірліктің негізгі мағынасы төмендегідей: *«Апликация – бұл көркем шығарма. Бұл сәндік қолданбалы өнерге жатады. Адам өмірінде апликацияның алатын орны ерекше, өйткені, әр адам әрқашан үй тұрмысында, киім киюде, түстерге, оның сәйкестігіне ерекше мән берген. Апликация адамның эстетикалық сезімін оятып, қиялын, шығармашылық қабілеттерін дамытады»*. Ал, біз зерттеп отырған терминологиялық жүйедегі мағынасы: *«Апликация – емдік немесе косметологиялық нәтижеге қол жеткізу мақсатында дененің бөліктеріне белгілі бір мөлшердегі препаратты (маска, парафин, балшық т.б.) жағу, орнату, қондыру процедурасы»*.

Қазіргі таңда сұлулық индустрия терминологиялық жүйесінің тағы да ең бір кең тараған терминдерінің бірі – *«флюид»* терминологиялық бірлігі. Жалпы бұл термин «лат. *Fluidus* – ағылмалы, ағылатын» деген сөз мағынасынан туындағаны белгілі және оның бір емес бірнеше мағынасына бар, мысалы: физикада – *«заттың қалыпты жағдай, гипотетикалық сұйықтық, олар арқылы ХҮІІІ ғасырға дейін жылылық, магнетизм, электр тоғы құбылыстары түсіндірілген»*, сонымен бірге мынадай да мағынасы бар: *«магманың жеңіл қозғалатын газ тәрізді және сұйық компоненттері немесе газбен толықтырылған жер тереңінде циркуляцияланушы ерітінді»*.

*«Флюид»* терминінің мағыналары мұнымен де шектелмейді: *«нефтегаз жүйесі, газ немесе газ тәрізді орта, сұйықтық, ағылмалы орта»* және спиритизмде *«адамнан берілетін психикалық тоқ, өмір бастамасы дамуын өзгертетін дереккөз»*. Міне, біздің ойымызша, бұл терминнің сұлулық



индустриясы терминологиялық жүйесінен орын алуына, оның ең соңғы келтірілген мағынасы себепші болған деп санаймыз. Мысалы, оның төмендегідей мәнмәтіндік қолданысына назар аударатын болсақ: «*Флюиды дегеніміз не? Бұл адам биоөрісінен шығатын көзге көрінбейтін, сезілмейтін леп, толқындар. Мұндай толқындар әрқайсысымыздан да шығады. Ал бір адамның флюидтері басқа бір адамның флюидтерімен ұштасқанда, не ұнату немесе керісінше жақтырмау сезімдері пайда болады*».

«Флюид» термині сұлулық индустриясы терминологиялық жүйесіне мына түсініктеме арқылы кіріккен: «(ағыл. *fluid, liquid foundation*) косметика мен макияждың сұйық, ағылмалы құралдары. Әдетте сұйық тоналды құралдардың атауы болған, ал қазіргі кезде *флюид* түрінде көптеген басқа да косметикалық құралдар жасалады. Олардың басты ерекшелігі – сұйықтық негізінде болып табылады». Яғни сұлулық индустриясы терминологиялық жүйесіне кірігуіне бұл сөздің бастапқы мағыналарының барлығы да қатысты деп қорытындылаймыз.

Осыған байланысты жүйеаралық кірмелер түрлерін былайша жіктеп көрсетуге болады: 1) жеке терминді қабылдау; 2) жеке терминологияның бір бөлігін қабылдау; 3) тұтас терминологияны кірме ретінде қабылдау; 4) терминологияны құрылымдастыру қағидасын негізге алып қабылдау. Сондықтан басқа сала термині семантикасының трансформация құбылысына ұшырауы заңды болып саналады, өйткені әрбір қызмет саласы өз ерекшелігіне орай тілдік бірлікті маңызды деп санайтын аспектілері тұрғысынан қабылдайды.

Басқа білім салаларынан алынған терминдердің басым көпшілігі сұлулық индустриясы терминологиялық жүйесі шеңберінде семантикасының өзгеруі талдап отырған жүйенің дербестігін айқындайды. Себебі, терминологиялық жүйенің жеке дербестігі өз терминдері мен кірме терминдер арақатынасымен өлшенеді. Осы тұрғыдан алғанда сұлулық индустриясының терминологиялық жүйесі басқа терминжүйелерден алынған терминдердерінің қомақты көлеміне қарамастан жеке өзінше бір жүйені құрайды. Оның себептері төмендегідей уәждер арқылы анықталады: біріншіден, ол ғылым мен білім, техника салаларына қатысты әбден қалыптасқан ұғымдар аталымымен ерекшеленеді; екіншіден, ол өзіндік нақты қалыптасқан терминологиялық бірліктер мен ұғымдар корпусына ие болып келеді.

Атап өтетін жайттардың бірі – терминологиялық жүйенің ағылшын, француз болып табылатын терминдерінің басым көпшілігі ежелгі грек және латын элементтері негізінде жасалған. Ал терминжасамда грек-латын элементтердің қолданылуына тарихи, әлеуметтік және лингвистикалық факторлар әсер етеді. Себебі көптеген ғасырлар бойы халықтардың басым көпшілігінің ғылым тілі латын және ежелгі грек тілдерінің элементтері арқылы қалыптасып, түрлі білім салалары қатысты терминологиялық жүйесінің сипаты айқындағаны белгілі.

Осыған орай егер терминдер грек-латынның тілдік элементтері арқылы жасалса, онда олар оңай әрі тез интернационалдық сипатқа ие бола бастайды. Сондықтан көп жағдайда өз ұлт тілі негізінде термин жасағанша, кірме қабылдай салған тиімді болып саналады. Сол себепті де, біз зерттеу жұмысымызда кірме терминдердің төмендегідей жіктеліміне тоқталдық: 1) материалдық кірмелер; 2)

калькалау; 3) аралас кірмелер. Материалдық кірмелер деп отырғанымыз өзге тілді терминнің материалдық формасын қабылдауымен байланысты және оның өзі төмендегідей сипаттардан тұрады:

а) лексикалық кірме қабылдау (яғни сөздің материалдық формасымен бірге оның мазмұны да алынады);

ә) формалды кірме қабылдау (сөздің материалдық формасы қабылданып, ал мағынасы кірме тіл қабылдаушы тарапынан жаңа мазмұнмен толықтырылады);

б) морфологиялық тұрғыдан кірме қабылдау (сол тілде жаңа термин жасалымы үшін қажетті түбір және сөзжасамдық морфемалар қабылданады).

Сұлулық индустриясы үшін лексикалық кірмелер қабатын мынадай терминдер айқындайды: *антиперспирант, апоптоз, арбутин, биоматрикс, ботулотоксин, гель, гталуронидаза, гоммаж, демакияж, иннервация, инфильтрат, ионофорез, ихтиоз, кавитация, катаген, кератин, комедон, криодеструкция, криотерапия, лецитин, лимфодренаж, липаза, липолиз, лифтинг, мезодренаж, мелазма, меланин, меланогенез, меланоцит, метаболизм, нейродермит, парафанго, пилинг, прескотерапия, пролиферация, рестилайн, ретиноид, себорея, себум, стрептостафилодермия, талассотерапия, телеангиэктазия, телоген, фибробласт, филлер, фолликул, фолликулит, целлюлит, экзема, экссудат, эксфолиант, эластин, эпидермис, эпинефрин және т.б.*

Формалды кірме қабылдау түрі нақты қазақ тіліндегі сұлулық индустриясы терминологиялық жүйесіне тән келмейтін құбылыс. Себебі, қазақ тілінде бұл жүйе орыс тілі арқылы қалыптасып жатқаны баршамызға белгілі және тек қана бұл сала емес, сондай-ақ қазақ тіліне қатысты бүкіл ғылым, қазіргі кезде білім және техника салаларының терминологиялық жүйелері орыс тілі негізінде жасалатыны заңдылық екені мәлім. Сол себепті мағынасы орыс тілінде өзгеріске ұшыраған, ал қазақ тіліне сол күйінде енген терминдерді атап көрсетудің маңызы жоқ деп санаймыз.

Морфологиялық тұрғыдан кірме қабылдау терминология саласында өте кең тараған тәсілдердің бірі. Сұлулық индустрия терминологиялық жүйесінде де жиі кездеседі. Мысалы: *люкс, ультра, фито, био* т.б. Олардың жұмсалу ерекшелігіне назар аударатын болсақ: *«ерінге арналған ылғалдандыратын «Люкс» далабы», «ерінге арналған «Ультра» далабы», «шағын «Люкс» опасы», «шаштарға арналған «Фито қатайту» сусабыны»*. Жалпы кірме терминдер қабылдаудың ең тиімді тәсілдерінің бірі – калькалау болып табылатыны белгілі: *«дыбыстық емес, сөз немесе сөз тіркесінің комбинаторлық құрамы негізге алынып, сөздің (морфемалары) немесе фразаның (лексемалары) құрамдас бөліктері аударылады»* [170, с. 88]. Калькалау арқылы сөздің материалдық формасы емес, оның құрылымы мен мағынасы қабылданады.

Ғылыми әдебиеттерде кальканың үш түрін ажыратып көрсету дәстүрі қалыптасқан: сөзжасамдық, фразеологиялық және семантикалық. Сөзжасамдық калькалау барысында сөздің морфологиялық құрылымы аударылады. Мысалы: *шайғыш (ополаскиватель), жабын (покрытие), жартылай күңгіртті (полуматовый), мүсіндеу (скульптурирующий), тегістеу (растушевка)* т.б. Жартылай калькаланған терминдер қатарына мынадай тілдік бірліктерді

жатқызуға болады: *экстратұрақтылық, түс expertі, гель әсері, суперұзындық, толық спектр, супер көлем, мега әсер, ультрадалап, ультрақарындаш* т.б.

Фразеологиялық калькалау барысында өзге тілді сөз тіркесінің сөзбе-сөз аудармасы орын алады: *қарқынды күтім* (орыс тілінде – *интенсивный уход*), *табиғи жұмсақтық* (орыс тілінде – *природная мягкость*»), *шаштың түсуіне қарсы* (орыс тілінде – *против выпадения волос*), *мінсіз тазалық* (орыс тілінде – *безупречная чистота*), *қара нүктелерге қарсы* (орыс тілінде – *против черных точек*»), *терең тазарту* (орыс тілінде – *глубокое очищение*), *жасушалы жандану* (орыс тілінде – *клеточное обновление*) және т.б.

Терминологиялық жүйенің көптеген терминдері қазақ тілінде сипаттамалы аударма арқылы беріледі: *суға тұрақты (водостойкая), беттің терісін тегістейтін (матирующий), крем тәрізді (кремовый), күңгірт түс беретін (матовый), еріп кететін (растворимый)* т.б. Сипаттамалы әдіс арқылы, негізінен қазақ тілінде баламалы сәйкестігі жоқ терминдер аударылады. Бірақ жалпы алғанда бұл аударма да емес, термин мағынасының қысқаша сипаттамасы болып саналады. Кірме терминдерге деген қатынас түрлі болуы мүмкін. Бір жағынан қарағанда, кірме терминдер тілдің лексикалық қорын байытып, басқа тілдің жаңа сөзжасамдық құралдарын терминжасамда пайдалануға мүмкіндік туғызады. Ал екінші бір қырынан қарағанда, кірме терминдер санының артуы өз тілінің сөзжасамдық мүмкіндіктерінің дамуына кедергі келтіреді.

Қазіргі таңда ғылым мен білім, техниканың қарқынды даму кезеңінде халықаралық терминология қалыптасуының үрдісі анық байқалады. Ол ең алдымен заманауи ғылымның құбылыстары мен ұғымдар атауының біркелкі болуына алып келеді де, *интернационалды* сипаттағы кірме сөздердің қалыптасуына септігін тигізеді. Әрине біз өзге тілді терминологиялық лексиканың жаңа ақпаратты берудегі дәл әрі қысқа белгілеу сипатының ерекшелігінің мойындауымыз қажет. Дегенмен, өзге тілді терминологиялық бірліктерді қабылдау барысында өз тіліміздің тазалығы мен шектен тыс шығып кетпеу амалын да қарастыруымыз керек.

Қорыта келгенде сұлулық индустриясы терминологиялық жүйесінің қарастырылған негізгі семантикалық тәсілдері, аталған сала терминжасамында маңызды рөл атқарады. Бұл тәсіл арқылы жасалған терминдер сұлулық индустриясы терминологиялық жүйесінің өзегін құрап, жаңа терминдер жасалымына негіз бола алады. Олар арқылы көптеген терминдер жасалып, сөз тіркесі, сөз бірігуі, деривация секілді негізгі құрылымдық түрлерін атап айтуға болады. Көп жағдайда бұл терминдер өз терминологиялық жүйесіндегі басқа терминдерге қатысты тектік сипатта болып келеді.

### **3.3 Терминжасамның морфологиялық-синтаксистік тәсілдері**

Терминжасамның морфологиялық тәсілдері термин ықшамдылығы мен қысқалығын сақтай отырып, оның формасында ұғым маңызын жоғары дәрежеде айқындап көрсетуге мүмкіндік береді. Сөзді морфологиялық талдау арқылы, оның жекелеген морфемалары іріктеліп, олардың тілдік бірліктегі қызметтері анықталады. Белгілі ғалым Е.С. Кубрякованың пікірінше, морфологиялық талдау грамматикалық аспектіде сөз құрылымын зерттеудің бүкіл аумағын

камтамасыз етеді. Морфологиялық талдау міндеттерін кеңінен сөз ететін болсақ деп пайымдайды автор, онда ол сөздің мәнді бөліктерін іріктеуге бағыттталып, олар арасындағы сатылы тәуелділік сипатын айқындау және сол бөліктердің бағынышытылық табиғатын анықтау, сондай-ақ сөздің белгілі бір парадигматикалық қатардан табылуын көрсету, грамматикалық мағыналары мен сөз құрылысы арасындағы корреляцияларды орнату сияқты морфемдік талдаудың да міндеттерін жүзеге асырады [171, с. 6].

Ал морфемалар өзара «түбірлер» мен «аффикстерге» жіктеледі. Аталған екі топ бір-біріне білдіретін мағынасы мен сөздегі қызметтері бойынша қарама-қарсы қойылады. Түбірлер лексикалық мағынасы бар бөлшектер, олар әдетте сөздің лексикалық мағынасы тең келіп, морфологиялық құрылымы бойынша күрделі емес болып келеді. Бұл ретте аффикс дегеніміз – жаңа сөз тудыру қызметін атқаратын, түбірге жалғанатын морфемалар. Олардың дербес лексикалық мағынасы болмайды.

Дегенмен олардың мағыналары лексика-грамматикалық (сөзжасамдық, деривациялық), нақты грамматикалық (немесе қатынастарды білдіретін реляциялық), формалды-құрылымдық және формалды-жіктеуші болуы мүмкін.

Аффикстер сөз түрлендіруші (сөздің лексикалық мағынасына әсер етпейтін, грамматикалық мағынаны модификациялау арқылы грамматикалық қызмет атқаратын аффикстер) және сөз тудырушы (сөздің лексикалық мағынасын модификациялайды) болып бөлінеді. Аффикстер арқылы термин жасау морфологиялық терминжасамның ең бір тараған тәсілі болып есептеледі.

Терминжасамның аффиксті тәсілі төмендегідей өнімді морфемдік түрлермен сипатталады: жұрнақ арқылы, сөз алды морфемалар арқылы, сөз алды және жұрнақ арқылы. Әдетте терминжасам жүйесінде қолданылатын аффикстер негізінен жалпықолданыстық тілдің сөз тудырушы құралдарынан алынады. Алайда қазақ тіліне сөз алды морфемалар тән келмейтіндіктен, көп жағдайда олар грек және латын элементері болып табылады. Бұл үрдісті ғалымдар қазіргі ғылым мен техника дамуының басты белгісі білімнің *интернационалдануымен* байланыстырады.

Сөз алды морфемалар (префикстер) түбір алдынан қосарланып, сөз мағынасын толықтыру немесе өзгерту қызметін атқарады. Біз зерттеп отырған терминологиялық жүйеде кірме префикстер пайдалану үрдісі айқын байқалады. Олардың басым көпшілігі грек және латын тілдерінен кіріккен. Осындай сұлулық индустриясы терминологиялық жүйесінің өнімді сөз алды морфемалар қатарына мыналарды жатқызуға болады:

-экстра- (жоғарғы деген мағынаны білдіреді): *экстраылгалдандырушы, экстратұрақтылық;*

-био - (өмір немесе биологиялық мағынасында қолданылады): *биобелсенді, биогель;*

-де- (алып тастау, төмен мағынасында қолданылады): *депилятор, депиляция;*

-супер - (мөлшерден тыс, тым, аса, ең бастысы деген мағыналарды білдіреді): *суперұзындық, суперкөлем, супершок;*

- мега - (миллион есе көбейтілген, сапасы, көлемі, қажеттілігі тұрғысынан көбейтілген): *мегаэсер*;

- ультра- (сапаның жоғары дәрежесі, белгілі бір өлшемнен тыс, аса деген мағынаны білдіреді): *ультрадалап, ультрақарындаш, ультрадыбыстық*;

- гидро-: *гидрогельді*;

- мульти- (өлшем бірілігі мағынасында): *мультикүтім*;

- фито- (өсімдік, косметикада өсімдіктерден жасалған деген мағынада қолданылады): *фитоқатайту*;

- анти-(қарсы деген мағынада қолданылады): *антиоксидант, антисептикалық*;

- фото- (жарық мағынасында): *фотоэпиляция, фотожасарту* және т.б.

Бұл *интернационалдық* морфемалардың аса сөзжасамдық белсенділігін атап өткен жөн. Грек және латын префикстерінің мағыналары көп жағдайда ағылшын мен орыс тілдеріндегі мағыналарына сәйкес келеді. Яғни осы ретте олардың қазақ тіліндегі де мағыналарында ешбір айырмашылық жоқ деуге әбден болады. Себебі олар қазақ тіліне орыс тілі арқылы кірігіп, мағыналары өзгеріске ұшырамайды, өйткені басым көпшілігі сол орыс тілі негізінде жасалған терминдер болып табылады. Алайда жоғарыда келтірілген терминдер дәлелдегендей, соңғы кездері бұл морфемалардың қазақ тілі сөздеріне де қосарланып, қазақ терминжасамында жиі қолданылып жүргенін жоққа шығара алмаймыз.

Қазіргі таңда арнаулы терминологияның басты ерекшелігі белгілі бір аффикстерге нақты бір терминологиялық мағыналарды тіркеу талпыныс жасауында. Яғни сөзжасамдық құралдардың нақты терминологиялық мағыналарды беру үрдісі байқалады. Сөзжасамдық құралдардың арнауландырылуы жүзеге асырылып, белгілі бір үлгілердің белгілі бір ұғымдар категорияларын айқындауымен байланысты атау жасаудың нақты терминологиялық үлгілері әзірленуі жайында айтуға болады. [50, 127-129 бб.].

Ал терминолог Қ.Ж. Айдарбектің пікірі бойынша: «...берілген мысалдардан *-қыш/-кіш, -ғыш/-гіш; -уыш/-уіш* қосымшаларына жұрнақ қызметінен гөрі терминжасамдық элементтердің қызметі тән. Яғни жалпы сөзжасам мен лексикада қолданылатын тәсілдер белгілі бір терминологиялық өрісте терминжасам құралдарының қызметін атқарады» [172, 68 б.]. Әрбір аффикстің терминнің жалпы мағынасына қосымша ретінде қосарланатын өз мағынасы болады. Алайда, аффикстің сөзге жалғануы сөз мағынасын түбегейлі өзгертіп жібермейді, тек тағы бір мағыналық реңк қосады.

Сұлулық индустриясы үшін морфологиялық терминжасамның кең тараған тәсілдердің бірі жұрнақтар арқылы жаңа сөз тудыру болып саналады. Бұл тәсіл сөз тудырушы негізге жұрнақ жалғануы арқылы жүзеге асады. Жұрнақтар негізі деп саналатын екі қызметті атқарады: мән-мағыналық (немесе модификациялық) және жіктемелік. Жұрнақтар жаңа сөз жасау барысында оларды белгілі бір лексика-грамматикалық топқа енгізуімен сипатталады [173, с. 49].

Қазақ тіліндегі сұлулық индустриясы терминжасамының ең бір өнімді жұрнақтар қатарына мыналар жатқызылады (басым көпшілігінің мағынасы іс-әрекет, үдеріс, қалып-күй т.б. білдіреді):

- қыш/-кіш, -ғыш/-гіш: *шайғыш, бояғыш, нәрлендіргіш, нығайтқыш, ұлғайтқыш, ұштағыш, сергіткіш* және т.б.;

- шы/-ші: *қорғаушы, ылғалдандырушы, тазартушы, жұмсартушы, жаңартушы, тазалаушы, нығайтушы, сергітуші, ұзартушы, сарапшы, бүркелемеуші, ағартушы* т.б.;

- жекелеген жұрнақтар арқылы терминжасам: *таяқша, қылиақ, жабын, шырынды, иогуртты, сығынды, глицеринді, түйіршікті, дәруменді, үгілмелі, майсыздандыру* т.б.

Қазақ тілінің қазіргі жағдайы өзге тілді құрылымдық элементтерді белсенді қабылдауымен ерекшеленеді. Әсіресе, сұлулық индустриясы саласына қатысты кәсіп иелері атауларына тән келеді: *визажист, косметолог, nail-стилист, hair-стилист* т.б. Сондай-ақ бұл құбылыс, олар көрсететін қызметтер атауына да тән келеді: *SPA-педикюр, SPA-маникюр, Minx маникюры, smoky eyes, nudelook, лифтинг-макияж* т.б.

Терминдер жасалымының синтаксистік тәсілі терминологиялық лексика толығының ең бір өнімді тәсілдерінің бірі. Ол арқылы терминологиялық сөз тіркестері қалыптастырылады. Сөз тіркестері синтаксистік тұрғыдан ұйымдасқан, семантика жағынан тұтас екі немесе одан да көп сөздерден тұратын тілдік бірлік. Олар тұтас күрделі мағынаны айқындап, ақиқат болмыс құбылыстарының күрделі атаулары болып табылады. Аталым құралы бола тұрып, терминологиялық сөз тіркестері өз семантикалық қызметтерін жоғалтпайды, өзінің күрделі түрінде де жаңа, бөлшектенген, нақтыланған, бірақ күрделі болса да тұтас мағынаны білдіреді. Күрделендірілу үдерісінде терминологиялық сөз тіркесінің әрбір қосымша компоненті негізгі мүшеге емес, бүкіл терминологиялық сөз тіркесіне қосарланады.

Осыған байланысты терминологиялық сөз тіркестері еркін сөз тіркестері жасалатын грамматикалық үлгілер бойынша туындайды, алайда олардан концептуалдық және құрылымдық-семантикалық тұтастығымен, тұрақтылығымен, сонымен бірге біркелкі қайта айтылымымен ерекшеленеді. Терминологиялық сөз тіркестерінің мән-мағыналық тұтастығы дегеніміз – компоненттерінің (терминологиялық элементтерінің) семантикалық тұрғыдан бір-біріне тәуелсіз екенімен түсініледі. Осының нәтижесінде олардың семантикалық өзегін айқындау өте күрделі мәселе болып саналады.

Ал терминологиялық сөз тіркесінің тұрақтылығы деп оның құрамындағы терминологиялық элементтердің семантикалық жақындық дәрежесі түсініледі. Ол жалпықолданыстық сөздердің семантикалық дифференциациясы дәрежесі бойынша немесе құрамдас термин компоненттерінің түрлі білім саласынан алынуына байланысты ажыратылады. Еркін сөз тіркестеріне семантикалық құрылымы бойынша логикалық туынды терминдер де жақын болып келеді. Олар тектік ұғымды білдіретін терминге түрлік ұғымды жасау мақсатында нақтылаушы белгілерді қосу арқылы жасалады.

Мұндай көп құранды терминдердің мағынасы ондағы терминологиялық элементтер мағынасына тепе тең келеді. Бірақ олар еркін сөз тіркестерінің мағынасына қарағанда тікелей нысанға бағытталған мағына тұтастығымен ерекшеленеді. Аталған терминдер жалпы алғанда жиыстырылған, барынша

ықшамдалған анықтамалар іспеттес болып келеді. Яғни бір қарағанда ұғымның жалпы сипаттамасы секілді, ал бір жағынан оның ерекше белгісіне сілтеме жасалады. Нәтижесінде белгіленуші құбылыстың көптеген қырларын айқындайтын өзгеше терминологиялық ұялар пайда болады.

Терминологиялық сөз тіркестері біз зерттеп отырған терминологиялық жүйе терминдерінің басым көпшілігін құрайды. Бұл, біздің ойымызша, аталған терминологиялық жүйенің толық қалыптаса қоймағандығының белгісі. Терминологиялық сөз тіркестерінің көбі мағыналық қатынастарының сипаты бойынша компоненттері өзара атрибутивтік байланыс негізінде құралады. Терминологиялық сөз тіркестері құрылымы бойынша екі сөзден, үш сөзден және одан да көп сөздерден (төрт және одан да көп сөзден) тұрады. Әрине аталған терминологиялық жүйеде екі компонентті атрибутивтік сөз тіркестері баршылық. Олардың құрылымы зат есімнен тұратын өзек элементтен және анықтаушы атрибутивтік элементтерден тұрады. Өзек элемент ұғымның тектік белгісіне сілтеп, сол ұғымның қандай тақырыптық топқа қатыстылығын көрсетеді.

Терминологиялық сөз тіркестері жаңа сөздер жалғануы арқылы да жасала береді. Олар тектік сөз ұғымының түрлік ерекше белгілерін айқындайды. Мысалы, «*маникюр*» зат есімі төмендегідей екі компонентті терминологиялық сөз тіркестерінің өзек элементі болып қызмет атқарады:

- аппаратты маникюр (*тырнақ көбесі арнайы құрылғының көмегімен алынады. Бұнда қолды қанату қаупі аз. Сол себепті ең қауіпсіз маникюр деп есептеледі*);

- классикалық маникюр (*тырнақ айналасындағы артық тері арнайы қайшымен кесіп алынады*);

- жапондық маникюр (*тек табиғи құрылғылар пайдаланылады. Бірінші теріні жұмсартып, тырнақты пайдалы сұйықтыққа салады, кейін егеп, арнайы опа жағады*);

- гүлді маникюр (*тырнаққа гүл салынады*);

- еуропалық маникюр (*маникюрдің бұл түрінде шебер теріңізді қиып алмайды, тек апельсинді таяшалармен кері итеріп қояды*);

- француз маникюрі (*арулардың арасында сұранысқа иә және бағасы салыстырмалы түре қымбат дизайн. Онда тырнақтың негізгі бөлігі ашық қызғылт және сарғылт түсті лакпен, ал ұшы немесе өскен бөлігі ақ түсті лакпен боялады. Сол себепті де кез келген стильдегі киіммен үйлесе береді. Оны ORLY компаниясының негізін салушы Джеф Пинк 1976 жылы ойлап тапқан*);

- америка маникюрі (*бұл – нағыз сәнқойлардың таңдайтын стилі. Себебі лак пен ерін далабының түсі бірдей болуы керек*);

- испаниялық маникюр (*ерекшелігі – лакты бірнеше қайтара жағу және түс қанықтығы. Тырнаққа әр түсті лактарды кезектестіріп, бірнеше қабат қылып жағады. Сонда пайда болатын түрлі-түсті жолақтар тырнақ пішінін ұзын етіп көрсетеді*);

- емдік маникюр (*тырнаққа бірінші ылғалдандырушы сұйықтық, кейін емдік лак жағылады*);

- экспресс маникюр, жедел маникюр (уақыты тығыз ханымдар үшін маникюрдің осы түрі тиімді. Бірақ қолды суға салып жібітпейді, артық терілер алынбайды. Тек теріні жібітетін май жағып, маникюр таяқшасымен итереді. Тырнақтың пішінін түзейді. Лакпен боямайды. Сол себепті де көп уақыт алмайды);

- ай маникюрі (тырнақтың түбі негізгі лактан өзгеше түспен боялады. Алғашқы болып бұл дизайнды Dior модельдері 2010 жылы қолданды. Сол себепті кейде «Dior маникюрі», немесе «Голливудтық френч» деп те аталады);

- гель маникюрі (маникюрдің ұзақ сақталатын түрі. Онда құрамында гель бар лак қолданылады, арнайы ультракүлгін сәулелі шамы бар құрылғыда кептіріледі. Тырнақтары сынғыш, әлсіз ханымдар маникюрдің осы түрін жиі таңдайды);

- SPA маникюрі (мұнда тек тырнаққа ғана емес, терісіне де мән беріледі. Қолға емдік, ылғалдандыратын, жұмсартатын майлармен массаж жасалады);

- Nude маникюрі (лак түсі тырнақтың, терінің табиғи түсіне жақын болады);

- Nail-art маникюрі (ол – қағазға майлы бояумен сурет салғандай, тырнаққа арнайы қылқаламдар арқылы лакпен сурет салу) және т.б. Бұл атаулардың барлығы да «педикюр» терминіне де тікелей қатысты, яғни оның да осындай түрлері бар деген сөз.

«Маникюр» өзек элементі тырнақ күтіміне қатысты тектік ұғымды білдіреді. Ал классикалық, емдік, аппаратты т.б. атрибутивтік элементтер өзгеше түрлік белгілерді айқындап, маникюр жасаудың түрлі әдіс-тәсілдерін көрсетеді. Мәселен, «ламинаттау» термині «пластиктен жасалған қағаз парағы» дегенді білдіреді. Ал сұлулық индустриясында: «Ламинация шашқа арнайы құралды қолдану болып табылады. Шаштың зиянды әсерінен шашты қорғайтын ең жұқа пленка шашыраудың нәтижесінде пайда болады. Процедурамы қағаз ламинациясымен салыстыруға болады. Құжаттар тұтастығын ұзақ сақтап қалу үшін және оны жыртықаны үшін ламинатталған. Шаштың ламинациясы осындай мақсатқа ие. Шашқа арнайы қоспа қосылады, онда бидай мен соя ақуыздары, сондай-ақ биологиялық белсенді заттар бар. Процедурамының нәтижесінде шаштың табиғи жарқылы мен сау көрінісі жасалады» мағынасында қолданылып, өзек элемент ретінде бірнеше терминологиялық сөз тіркестері қатарында орын алады: шаш ламинациясы, кірпік ламинациясы, ыстық ламинаттау, кератинді ламинаттау, суық ламинаттау, түссіз ламинаттау, spa ламинаттау, эко ламинаттау, корейлық ламинация, итальяндық ламинаттау, жібек ламинациясы т.б.

Сұлулық индустриясы терминологиялық жүйесінде терминологиялық ұялар құраушы біршама өзек терминдерді айқындауға болады. Ең өнімді дегендерін кесте түрінде беруді жөн санадық. Косметика саласына қатысты терминологиялық ұялар:

#### Кесте 5 – Косметика саласының терминологиялық ұялары

Өзек терминдер	Мысалдар
----------------	----------



1	2
қарындаш	көз қарындашы, қас қарындашы, қабақ қарындашы, гельді қарындаш, ерін қарындашы, қарындаш-далап, терінің кемшілігін жасыратын қарындаш, бояу қарындашы т.б.
сүрме	кірпікке арналған сүрме, ұзартатын сүрме, көлем беретін сүрме, түрлі түсті сүрме, суға тұрақты сүрме, қас сүрмесі т.б.
бояу	бояу-қарындаш, сұйық бояу, көз бояуы, қас бояуы, түйіршікті бояу, үгілмелі бояу, крем тәрізді бояу, бояу палеткасы, шағын бояу т.б.
опа	шағын опа, тегістейтін опа, кремді опа, домалақ опа, классикалық ұнтақ опа, сұйық опа т.б.
далап	ерін далабы, далап-қарындаш, сұйық далап, декоративтік далап, гигиеналық далап, құрғақ далап, майлы далап, жартылай майлы далап, тұрақты далап, атласты далап, жылтыр далап, бальзам далап, қатты далап, нәрлендіретін далап, ылғалдандыратын далап, күңгіртті далап т.б.
крем	тоналды крем, крем-мусс, ерінге арналған крем, денеге арналған крем, аяқтың қажалуына қарсы крем, барқытты крем, қолға арналған крем, тегістейтін крем, крем тәрізді еңліктер, күндізгі крем, түнгі крем, базалық кремдер, ылғалдандыратын крем, дәруменді крем, нәрлендіретін крем, тазартатын крем, жасартатын крем, қалыпқа келтіретін крем, қорғаныс кремі, күннен қорғаушы крем, теріні қартаюдан сақтайтын крем, жаңартушы крем, жеңіл крем т.б.
маска	құрғақ теріден қалыпты / сезімтал теріге дейін арналған маска, майлы және сезімтал теріге арналған маска, проблемалы теріге арналған майсыздандырылған ылғалдандырушы маска, биоцеллюлозалы лифтинг-маска, көздің айнала терісіне арналған зәйтүн майы қосылған маска-гелі, терең тазартуға арналған маска, бетке арналған гамамелис және эвкалипт сығындысы қосылған қара маска,
шаш	шашқа арналған маска, шашты нәрлендіретін маска, дәрумендер кешені бар шашқа арналған маскасы т.б.
сусабын	шашқа арналған сусабын, сусабын шайғыш, шашты нәрлендіретін сусабын, боялған шашқа арналған сусабын, жұқа шаштарға арналған сусабын, қайызғаққа қарсы сусабын, шаштың барлық түріне арналған сусабын, майлы шаштарға арналған сусабын, құрғақ шаштарға арналған сусабын, шаштың түсуіне қарсы арналған сусабын т.б.
бальзам	бальзам күтім, бальзам спрейі, бальзам шайғышы, шаштың түсуіне қарсы бальзам-шайғышы, шаштарға арналған бальзам-спрейі, шашқа арналған бальзам-кондиционер, ерінді

5-кестенің жалғасы

1	2
	<i>қарқынды ылғалдандыратын бал ара сүті қосылған бальзам, құрғақ теріге арналған бал ара балауызы қосылған бальзам-күтімі, құрғақ теріге арналған бальзам-күтімі т.б.</i>

Байқағанымыздай, екі компонентті терминологиялық сөз тіркесінен көп құранды терминдер басымырақ. Әсіресе бұл құбылыс косметика атауларынан гөрі, косметикалық құралдар атауларында жиі кездеседі. Мысалы: *макияжға арналған қылшақтар жинағы, маникюрге арналған таяқшалар, бетке арналған қылшақ, макияждың негізін жағуға арналған қылшақ, маникюрға арналған өңдеу блок құралы, макияжға арналған екі жақты қылшақ, макияжға арналған спонж,тональды негізге арналған бояу жаққыш, опаға арналған бояу жаққыш, консилерге арналған бояу жаққыш, опаға арналған желпуіш тәрізді бояу жаққыш, қызғылт опаға арналған қизаишталған бояу жаққыш, ерін алабына арналған бояу жаққыш, сүрмелеуге арналған бояу жаққыш, көз далабына арналған екі жақты бояу жаққыш, қарайтуға арналған бояу жаққыш, қас пен кірпікке арналған тарақ-қылшақ, қизаишталған ұштары бар қасқа арналған қылшақ және т.б.*

Сұлулық салонына қатысты өзек терминдер мен олардың терминологиялық ұяларын төмендегідей етіп көрсетуге болады:

Кесте 6 – Сұлулық салоны өзек терминдері мен терминологиялық ұялары

Өзек термин	Мысалдар
1	2
шашқа қатысты қызметтер	<i>шаш қию, шаш бояу, шашты кератинді түзету, классикалық шаш қию, креативтік шаш қию, шашты жасанды өсіру, шашты химиялық бұйралау, шашты ламинаттау, шашты биоламинаттау, шаш филировкасы, термо шаш қию, шашты өру, шашқа сән үлгісін жасау, жұмсақ шаш үлгісі, боб-каре шаш үлгісі, ұзын биязы бұйра шаш үлгісі, каскад шаш үлгісі, пикси шаш үлгісі, кекілді ұзын шаш үлгісі, қысқы шаш үлгісі, шашқа реңк беру, шашты реңтендіру т.б.</i>
маникюр/педикюр (тырнақ)	<i>тырнақты модельдеу, жасанды тырнақ өсіру, тырнаққа аквариумдық дизайн жүргізу, тырнақ бояу, қысқа тырнақ күтімі, тырнақты қатайту, тырнақты гельмен өсіру, тырнақты акрилмен өсіру, тырнақ әрлеу, тырнақты гель-лакпен қаптау, тырнақты нәрлендіру, тырнаққа көркемдік сурет салу, қоңыр маникюр, қара маникюр, тырнақтардың стильдік дизайні, сәнді тырнақтар, стильді геометриялық маникюр т.б.</i>

6-кестенің жалғасы

1	2
қас	қас жұлу, қас теру, қас бояу, қас сәндеу, қасты қарайту, қасты түзету, қасты үлгілей, қасты ламинаттау, қасты майлау, қасты майлау, қасты қалпына келтіру, қас түктерінің қалыпты қөректенуі, қасты пинцетпен жұлу, қасты жіптің көмегімен жұлу т.б.
кірпік	кірпік ұзарту, жасанды кірпік жапсыру, кірпік өсіру, кірпік жалғау, кірпікті ламинациялау, кірпік тарау,
бет	бет әрлеу, бет терісін күту, бет терісін сақтау, бетке қартаюға қарсы массаж, бетті сергітетін массаж,
макияж	перманентті макияж, базалы макияж, күндізгі макияж, жазғы макияж, кешкі макияж, күнделікті макияж, классикалық күндізгі макияж, түлектердің кешіне арналған макияж, қиялы және мектептің тақырыптық кештеріне арналған макияж, кәсіби макияж т.б.
татуаж	қас татуажы, көз татуажы, ерін татуажы, қасты қынамен биотатуаждау, татуаж реңктері, татуаждың түкті түрі, татуажды тазалау, биотатуаж, перманентті татуаж, микроблейдинг татуажы, қынамен жасалтын татуаж т.б.
КОСМЕТОЛОГИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕР	бетті тазарту, пилинг жасау, бетке үгіту жасау (классикалық, жасанды), ботокс, диспорт, ксеомин, лантокс, лифтинг, эстетикалық косметология, декоративтік косметология, мезотерапия, аппараттық косметология, бетті ультрадыбыстық тазарту, лазерлі косметология, вакуумды пилинг, газды сұйық пилинг, аквапилинг, радиотолқынды пилинг, ультрадыбыстық пилинг, радиотолқынды лифтинг, лазерлі лифтинг, ультрадыбыстық лифтинг, лазерлі эпиляция, фотоэпиляция, электроэпиляция, эпиляция, лимфодренаж, вакуумды лимфодренаж, микротоқтар арқылы лимфодренаж, прессотерапия т.б.

Сонымен көп компонентті терминдер құрылымының жасалуына олардың құрылым ашықтығы себепкер болады, яғни сөз көлемінің сызықтық әлеуеттік кеңейту мүмкіндігі. Күрделі ұғымдар аталымының көп компонентті терминологиялық тіркестер арқылы берілуі ғылым мен техниканың қазіргі даму кезеңімен сипатталады. Сондықтан терминжасамның морфологиялық-синтаксистік тәсілі қазіргі таңда ең бір өнімді амалдардың бірі болып саналады. Әсіресе оның жиілік көрінісі енді қалыптасып жатқан терминологиялық жүйелерге тән келеді.

### 3.4 Жаңа жасалымдардың құрылымдық-семантикалық табиғаты

Қазақ тіліндегі соңғы он жылдықта орын алып жатқан үдерістерге деген зерттеулерге қызығушылық түсінікті құбылыс, себебі тіл мамандары үшін осындай қарқынды тілдік эволюцияны бақылауға алу мүмкіндігі жиі бола бермейтіні сөзсіз. Заманауи тілдер өмірімізге келіп жатқан құбылыстар мен заттарды ғана қабылдап қоймай, сонымен бірге оларды белгілейтін сөздерді де кіріктіреді. Отандық тіл ғылымында осы тақырыпта жүргізілген зерттеу жұмыстары жетерлік (Р.Ғ. Сыздық, Ш.Ш. Сарыбаев, Е.Жанпейісов, Н. Уәли, А.М. Алдашева, З. Бейсенбаева, Ш. Құрманбайұлы, Қ. Қадырқұлов және т.б.).

Соңғы кездері қазақ тіліндегі жаңа сөздердің басым көпшілігі осы кірмелер арқылы пайда болып жатқаны белгілі. Осымен байланысты ғалым Е.Әбдірәсілов: «Қазір терминдерді қалыптастыруда аудару немесе аудармау деген өзекті мәселе, екі бақытқа негізделген пікірлер қалыптасып отыр. Негізі тілдегі терминдерді біржақты аудару немесе аудармау деген көзқарастардың болуы дұрыс емес. Әрине қазақ тілінде қалыптастыруға ұмтылыс жасалуы керек. Бірақ кез келген терминді бірден аударуға мүмкіндік туындай бермейді. Өйткені тіл бүгін жасап, ертең алып тастай салатын ойыншық құбылыс емес немесе термин жасау, оны енгізу ісі өнертапқыштық қабілетпен шектелмейді. Екіншіден, термин – сөз. Сөз – тілдің ойынша маңызды бірлігі. Олар атайды, тілде, негізінен, терминдер де атауыштық қызмет атқарады. Ал ұғымды бір сөзбен атау, ойлап табылған сөздің барлығымен, аударылған әйтеуір бір нұсқасының табылуымен шешіле салмайды. Үшінші фактор – сөздіктердің сапасы», – деп көрсетеді [174, 210-211 бб.].

Әсіресе жаңа лексиканың ауқымды қабатын құрайтын, бірақ түсіндірме сөздіктерде немесе соңғы жылдарда жарық көрген лексикографиялық, терминографиялық еңбектерде тіркеуге алынбаған, алайда біздің қоғамымыз бен ғылымымызда болып жатқан өзгерістерді айқындап, сан алуан тақырыптық кеңістіктерді толықтыратын кірме сөздер ерекше назар аудартады. Бұрын қазақ тілді адамға бейтаныс косметика мен сұлулық салондарында көрсетілетін қызметтер түрінің сан қырлы болуы, қазақ тіліне орыс тілі арқылы көптеген терминдер кірігуіне себепкер болды: *мейк-ап* (бет әрлеу, сәндеу), *консилер* (түзетуші-қарындаш), *пиллинг-крем* (бет терісінің жоғарғы қабатын алып тастаушы крем), *лифтинг-крем* (бет терісін тартатын крем), *ветиш-крем* (капиллярлы тораптарды алып тастаушы крем) т.б.

Жаңа аталымдарға қатысты зерттеу жұмыстарында түрлі терминдер қолданылады: жаңа жасалымдар, неологизация, инновация т.б. Бұл терминдер жаңа құбылыстарды сипаттайтыны белгілі, бірақ бір нәрсенің ғана белгісі еместігі де айқын. Жаңа жасалымдар сол тілге тән өнімді болып саналатын үлгі арқылы сөзжасамдық үдеріс нәтижесінде пайда болатын өнім болса, неологизация негізінде бұрын тілде болмаған лексема пайда болады, оған кірмелер де жатқызылады. Ал инновация үдерісінің нәтижесінде тілде бар бірліктер түрлі өзгерістерге ұшырайды: семантикалық тұрғыдан жаңартылады, жаңа коннотацияға ие болады немесе ол жойылады, актив сөздік қордан пассивке

ығыстырылады, бір сала қолданысынан басқасына өтеді, қолданысы тар разряд сөздерінен жиілігі жоғары разрядқа өтеді т.б.

Сондықтан инновация құбылысы лексемалардың семантикалық және коннотациялық жаңаруымен ғана өлшенбейді. Яғни «бұл ретте кем дегенде тағы да жұмсалым деңгейіндегі екі түрлі инновациялық үдерісті атап көрсетуге болады. Олар лексикалық бірліктердің әлеуметтік лингвистикалық мәртебесін өзгертуімен байланысты: миграция (қайтару мен ауысу) және белсендірілу (қолданыс жиілігі)» [175, с.159]. Бұл үдерістер лексикалық жүйенің динамикасын айқындап, ол сол тіл иесінің өміріндегі қоғамдық-саяси өзгерістер кезеңінде белсенділік таныта бастайды.

Жаңа заманды сипаттайтын тілдік үдерістердің бірі – батыстан келетін ақпарат ағымының бірден ұлғаюын, сондай-ақ халықаралық қатынастардың кеңеюі мен тереңдеуінің үдерістерін айқындайтын қазіргі әлемдік қауымдастық өмірінің түрлі реалийлерін білдіретін *интернационалдық* санатына өткен өзге тілді аталымдардың қазақ тіліне белсенді түрде кірігуі болып саналады. Сыртқы кірмелер ретінде неологизм сөздер біздің өміріміздің бүкіл саларын қамтуымен ерекшеленді, атап айтқанда сұлулық индустриясында: *блефаропластика, ринопластика, куропластика, липосакция, имплантация* т.б. Жоғарыда аталған атаулар косметикалық өнім болмаса да, косметикалық амал-тәсілдер болып саналады. Өйткені олар ағза мен теріге әсер етеді және косметологияның аса қызығушылық танытып жүрген жаңа лексикалық кірмелер болып табылады.

Біздің зерттеуіміз үшін кірмелердің ішінен арнаулы ұғым мен терминдерді белгілейтін атаулардың мәні ерекше, мәселен: *ментол* (ментол - жалбыз. Бірақ дәлірек айтқанда жалбыздың эфир майы синтетикалық түрде алынатын бөлігі болып табылады), *композиция* (құрамдас бөліктері бірлікте ұштастырылған, бір-біріне және жалпы мүддеге бағындырылған мақсатты құрылым), *абсорбция* (газ немесе сұйық құрамындағы заттарды сұйық, сирегірек қатты заттар (абсорбенттер) көмегімен сіңіріп алу үдерісі), *аффинация* (қантты тазарту), *альбумин* (өте бағалы ақуыз), *ализарин* (өсімдіктен я минералдан жасалған бояу), *амарант* (1. солмайтын; 2. амарант ағашы – оңтүстік америка ағашы), *камфен* (майлы камфарлы иіс), *колор* (түс, реңк) т.б.

Енді қалыптасып жатқан терминологиялық жүйелер үшін калькалардың маңызы зор екенін айтқан болатынбыз: *жылтыр* (блеск), *тұрақты* (стойкий), *көлем* (объем), *жартылай кұңгіртті* (полуматовый), *тегістейтін* (матирующий), *ылғалдандыратын* (увлажняющий) т.б. Осы ретте қалыпты ұғымның ерекше сипатқа ие болу қасиетін атап өткен жөн, мәселен: *нәзік* (хош иіс жайында), *жылылық* (хош иіс жайында), *назды* (далап жайында). Бұл құбылысты ғалым В.Н. Прохорова арнауландырылу деп атайды: «...техникалық терминология жасаудың қарапайым амалы жалпы тіл айтылымдары мен сөздеріне белгілі бір мән-мағына беріп таңбалау болып табылады» [176, с. 78].

Сөздің басқа сөздер және формалармен тіркесуі қабілеті, оның тек грамматикалық қасиетіне ғана емес, сонымен бірге лексикалық мағынасы да тікелей байланысты екені белгілі. Тұрақты тіркестерде компоненттердің лексикалық дербестігі не әлсіз не мүлдем жойылған болып келеді. Сөзжасам тұрғысынан құранды зат есімдері композиттерімен (бинонимдер) айқындалатын

арнаулы аталымдарды атап көрсетуге болады: *дезодорант-антиперспирант, лосьон-спрей, гель-пилинг, бальзам-кондиционер, бальзам-спрей* т.б. Мамандарға белгілі парфюмерлі-косметикалық өндіріске қатысты атаулар мен арнаулы саладан жалпықолданыстық сипатқа ие бола бастаған терминдерді ажырата білу қажет: *антиперспирант, тест, коллаген, кондиционер* т.б.

Қазіргі косметикалық-парфюмериялық және сұлулық салондарына қатысты терминдерге мағына кеңеюімен байланысты төмендегідей құбылыстар тән келеді: *бояғыш құралдар* (бояу материалдары, бояғыштар), *өсіру, жалғау* (*наращивание* мағынасында – *шап өсіру, шап жалғау; тырнақ өсіру, тырнақ жалғау; кірпік өсіру, кірпік жалғау*). Кей мысалдарда бір термин бірнеше өнім түріне қатысты қолданылуы мүмкін: *нәрлендіретін маска* (шашқа арналған), *нәрлендіретін сусабын, нәрлендіретін крем* (бетке, қолға, дене терісіне арналған) т.б. Көп жағдайда сұлулық индустрия терминдері аударма жолымен жасалатын болғандықтан, қазақ тілінде дублеттік құбылысы орын алып жататыны белгілі. Өйткені, әрбір компанияның аудармашы-маманы өз бетінше аударып немесе өзі дұрыс деп тапқан баламасын енгізеді. Осы орайда, біз бірнеше осы саладағы озық болып саналатын компаниялардың қолданыстарын салыстырмалы түрде көрсетуді жөн санадық:

Кесте 7 – Терминдер қолданысының салыстырмалы сипаты

<b>Орыс тіліндегі термин</b>	<b>AVON компаниясы</b>	<b>FABERLIK компаниясы</b>	<b>MARY KAY Компаниясы</b>
1	2	3	4
помада/губная помада	ерінге арналған далап	далап/ерін далабы	ерін бояғыш
сыворотка	сарысу	сарысу	сығынды
тушь	сүрме	сүрме	тушь
тени	бояу	көзге арналған бояу/бояу	тени
укрепляющий	қатайтқыш	қатайтқыш	нығайтқыш
жидкая подводка	сұйық бояу	сұйық бояу	сұйық сүрме
восстанавливающий	жайландыратын/жандандыратын	жандандыратын	қалпына келтіретін
маскирующий	кемшіліктерді жасыратын	терінің кемшілігін жасыратын	бүркелемеуші
компактная пудра	шағын опа	шағын опа	нығыздалған опа
очищающий	тазартатын	тазартатын	тазалаушы
тонизирующий	сергітетін	аудармасы жоқ	сергітуші
обновляющий	жаңартатын	жандандыратын	жаңартушы

7-кестенің жалғасы

1	2	3	4
смягчающий	жұмсартатын	жұмсартатын	жұмсартушы
матирующий	әрлендіретін	тегістейтін	аудармасы жоқ
шампунь	сабынсу	сусабын	шампунь
пенка	көпіршік	көріпшік	көбік

Терминдердің басым көпшілігі терминологиялық сөз тіркесі арқылы жасалатынын жоғарыда атап өткен болатынбыз. Көп жағдайда сөз тіркесіндегі анықтаушы сыңары өсімдік шикізатының қай жерден алынғанын немесе косметикалық препараттың шыққан орнын білдіреді: *канадалық бальзам, сицилиялық лимон, дамасценон* (дамаск розасының нотасы бар гүлді-жемісті иіс түрі), *болгар розасы, колумбиялық кофе* (сығындысы бар), *Марокканды арган майы* (қосылған), *Мароккан балшығы және арган майы* (қосылған) т.б.

Сол секілді косметикалық құралдар атауларында белгілі бір өнім, өсімдік, жеміс т.б. сығындысы қосылған тіркестері өте жиі кездеседі: *алоэ және макадамия иісті маскасы, протеиндері бар сарысу, лотос гүлі және базилик хош иісті дәруменді кешен, бетке арналған гамамелис және эвкалипт сығындысы қосылған қара маска, бетке арналған жеңіл ылғалдандыратын А дәрумені бар және бидай сығындысы бар лосьон, бет терісіне әрлендіру және ылғалдандыру сыйлайтын бидай сығындысы және шайағашы сығындысы бар крем, жасыл шай сығындысы қосылған құрал, ақ саз балшығы қосылған тоник, алоэ вера және түймедақ сығындысы бар бетті тазартатын тоник, ерінді қарқынды ылғалдандыратын бал ара сүті қосылған бальзам, құрғақ теріге арналған бал ара балауызы қосылған бальзам-күтімі, көздің айнала терісіне арналған зәйтүн майы қосылған маска-гелі, беттің терісін тазартатын бидай сығындысы және Е дәрумені қосылған оттегі қосындысы бар көпіршік, минералды теңіз тұзы қосылған аяққа арналған скраб, аяққа арналған лаванда сығындысы қосылған май, денеге арналған таңқурай және қара жидек иісті лосьон-спрей, денеге арналған шырынды алмұрт және пион хош иісті лосьоны, денеге арналған орман жидектері және анар қосылған балғындататын йогуртты лосьон және т.б.*

Қазіргі қазақ тілінің айтарлықтай тағы бір ерекшелігі – сөздік қордың аббревиатуралар арқылы толығыуы. Бұл құбылыс зерттеушілер тарапынан «аббревиатуралық жарылыс» деп аталып жүргені белгілі және мұндай құрылымдардың терминология саласына қатысты үлесі мол екені де келтіріледі [177, с. 137]. Алайда біздің зерттеу материалымызда аталған құрылымдардың жиілігі төмен және орыс тілі немесе ағылшын тілі негізінде ғана кіріккен: *ПАВ* (поверхностно-активное вещество – беткі белсенді зат), *СДВ* (синтетическое душистое вещество – синтетикалық хош иісті зат), *БРВ* (биоревитализация), *SPF* (Sun Protection Factor – косметика түрлерінің күн сәулесінен қорғау қасиеті). Мысалы: *түзету әсері бар тоналды крем SPF 20, бетке арналған тоналды құрал SPF 15, тегістейтін шағын опа SPF 30, ерінді қарқынды ылғалдандыратын бал ара сүті қосылған бальзам SPF15, теріні қартаюдан сақтайтын*

ылғалдандырушы крем SPF 30 факторлы, күннен қорғаушы SPF 30 факторлы крем жоғары деңгейлі қорғаныс, күннен қорғаушы SPF 50 факторлы крем жоғары деңгейлі қорғаныс және т.б.

Сонымен бірге мынадай қысқартулар кездеседі: *BB-крем* (Blemish Base, Blemish Balm немесе Beauty Balm Cream дегеннен туындаған), аудармасы бойынша «*кемшіліктерге қарсы арналған крем*» дегенді білдіреді. Алғашқыда ауруханаларда лазерлі хирургиядан өткен науқастарда операциядан кейін тыртық іздерін қалдырмау үшін қолданылған. *УФ-УК* (ультрафиолетовый фильтр – ультракүлгін сүзгі): *баялған шаштарға арналған УК-фильтрмен спрейді*. Қазіргі кометологияда ең бір сәнді атрибуттардың бірі – *SPA* префиксі болып табылады. Ол салон, клиника, орталықтар, косметика тіпті киім атауларында да жиі кездеседі. Алайда, *SPA* терминінің нақты мағынасын көпшілік біле бермейді. Бұл аббревиатура немесе сөздің шығу тегі жайында бірнеше нұсқасы бар.

Бірінші нұсқа бойынша, бұл аббревиатура латынның «Sanus per Aquam» немесе «Sanitas pro Aqua» дегеннен туындаған. Латыннан аударғанда, «су көмегімен денсаулық» немесе «су арқылы денсаулық» деген мағынаны білдіреді. Бұл ұғым Ежелгі Римде пайда болып, физикалық немесе психологиялық аурулар мен сырқаттарды термалды су көмегімен емдеген. Ал екінші нұсқа бойынша, бұл ұғым емдік іс-шаралар дегенді білдіріп, термалды қайнар көздері бар ежелгі Льеж қаласынан 25 шақырым жерде орналасқан өте танымал бельгия курорты атауымен байланысты.

Қазіргі кезде *SPA* термині сумен (минералды, тұщы, теңіз жалбыздары мен тұздар, емдік қасиеті бар балшықтар мен өсімдіктер т.б. қолданылады) байланысты физиотерапиялық процедураларының сауықтыру кешені деп түсініледі: *SPA дене терісін ылғалдандыратын және жарқырау әсері бар крем, SPA денеге арналған колумбиялық кофе сығындысы бар скраб, SPA денеге арналған зәйтүн майы қосылған скраб, SPA денеге арналған колумбиялық кофе сығындысы бар крем, SPA Марокканды арган майы қосылған косметикалық әдістерге арналған май, SPA бетке арналған ақ шәй сығындысы қосылған маска, SPA көздің айнала терісіне арналған зәйтүн майы қосылған маска-гель және т.б.*

Сондай-ақ сұлулық салондары мен косметика атауларында «3D» белгісін өте жиі байқаймыз. Жалпы «Medical COLLAGENE 3D» дегеніміз – тері сұлулығы мен сақталуына арналған ең танымал ресейлік кәсіби косметикасының атауы болып табылады. Ол үш спиральді нативті коллаген негізінде Сеченов атындағы ғылыми-зерттеу институты қызметкерлерінің нұсқауы бойынша жасалған. Алғаш рет «Medical COLLAGENE 3D» косметикасы нарықта 1998 жылы пайда болған. «3D» косметика түрлеріне мыналар жатқызылады:

- аяқ, қол және дененің коллагенді күтімі;
- коллаген негізді гель маскалар;
- көз айналысы күтіміне арналған құралдар;
- коллаген негізді крем-маскалар мен кремдер;
- тазарту құралдары;
- терінің терең тазартылуына арналған құралдар;
- кәсіби косметика.



Нақты мысалдарға келер болсақ: «1-де 4» тазалаушы құрал *TimeWise® Age Minimize 3D®*, күндізгі крем *TimeWise® Age Minimize 3D® аралас/майлы теріге*, күндізгі крем *Age Minimize 3D® TimeWise® құрғақ/қалыпты теріге*, күндізгі крем *Age Minimize 3D® TimeWise® аралас/майлы теріге*, күндізгі крем *Age Minimize 3D® TimeWise® құрғақ/қалыпты теріге*, көз айналасындағы теріге арналған крем *TimeWise® Age Minimize 3D®* және т.б. Сонымен бірге сұлулық салондарында жалғанған кірпік жасау қызметінде «3D көлемі» немесе «2D көлемі» т.б. с.с. терминдер кездеседі. Мәселен, «3D көлемін» жасататын болсаңыз, өзіңіздің әрбір кірпік талшығыңызға үш жасанды кірпікше жалғанады, ал «2D көлемін» таңдайтын болсаңыз, әрбір өз кірпікшеңізге екі жасанды кірпікше жапсырылады.

Сондай-ақ қазақ тіліне соңғы жылдары кіріккен және қолданыс жиілігімен ерекшеленетін терминдердің бірі – тектік ұғымды білдіретін *спрей* тілдік бірлігі. Аталған лексема арқылы жасалған аталымдық сөз тіркестерінің басым көпшілігі, оның парфюмериялық атауларға қатыстылығын дәлелдейді. Алайда *аэрозоль* лексемасымен келетін сөз тіркестерінде *спрей* терминінің мағынасы кеңейіп, ол косметикалық атауларында да кеңінен орын алады. Өйткені соңғы кездері гигиена мақсатында өндірушілер аталған қаптаманы өте жиі қолданысқа енгізіп жатқанын байқауға болады және ауызекі сөйлеу тілінде *спрей аэрозоль* сөзімен тепе тең жұмасалады: *аэрозольді, аэрозольді қаптама, аэрозольді қаптамадағы құрал, аэрозоль-дезодорант-спрей, аэрозольді қаптамадағы парфюмдік өнім, терлеуге қарсы аэрозоль* және т.б.

Сөздіктерде тіркелген косметикалық атаулардың көбі тектік атау – гиперонимдер болып табылады. Мысалы, түсіндірме сөздіктердегі дефинициялары мынадай болып келеді: «*Крем* [франц. *creme*] 1) зат. тамақ. *Торттың бетін әшекейлеп өрнектеу үшін пайдаланылатын қою, тәтті тағам түрі*; 2) *иісмай* (беттің өңін әрлендіру, терісін жұмсарту үшін жағатын иіс май); 3) *аяқмай* (аяқкиімді күту үшін қолданылатын қоңыр, қара, қызғылт түсті, не түссіз май)» [178, 398 б.]; «*Шампунь* [ағыл. *shampoo*] зат. *Сабынсу*» [179, 236 б.].

Аталған материалды біз төмендегідей топтарға бөліп жіктедік:

- 1) шикізат – май, эссенция, су, балауыз т.б.;
- 2) құрам – экстракт, гель, желе, майлы масса, ұнтақ, опа, сүрме, бояу т.б.;
- 3) сенсорлы әсер ету құралдары – иіс, хош иіс, аромат, әтір т.б.;
- 4) абстрактілі ұғымдар – реңк, аккорд, қосынды, белсенділік, қабілет, қасиет, компонент, белсенді зат, белсенділік, база, негіз, композиция т.б.

Мысалы, атап айтқанда: 1) шикізат – жануарлардан шыққан өнімдер, базалық заттар, ұнтақталған өнім т.б. атауларын білдіретін сөз тіркестері: *бояушы зат, минералды шикізат, өсімдік шикізат, жануар шикізаты, ұнтақталған шикізат* т.б. Косметика саласында жануар шикізатынан тек бал арасы мен сүт қышқылының ғана қолданысы аса белсенділікке ие өнімдер. Соңғы кездері әсіресе «өсімдік шикізат» құралдар атауларының қолданыс жиілігі өте жоғары: *эфир майлары, раушан, жалбыз, анелика, дәмдеуіштер, цитрус, эвкалипт, лаванда, гүлшетен, лемонграсс, иланг-иланг, емен қабығы мен шырша қылқаны, сандал ағашы* және т.б.

Сонымен бірге мұнда лексемалардың семантикалық көлемінің кеңеюі байқалады: 1. гүл атауы; иіс; 2. нота; 3. аромат химиялық шикізат (1. лавандин; 2. лавандин иісі немесе нотасы; 3. лавандиннің эфир майы) және т.б. 2) Өндіріс үдерістерінің сипаты. Әрине бұл лексика тек мамандарға ғана белгілі болатын сала: хош иістендіру, айдау, анфлераж, дайын болу, тұндыру т.б. 3) Сөйлеудің бейтарап стиліне өткен өнім атаулары. Негізінен біз осы топ атауларына ерекше назар аударамыз. Әдетте парфюмерияға теріні, шашты, киімді, тіпті үй бөлмелерін хош иістендіру, сондай-ақ гигиеналық сергітуші заттар мен құралдар жатқызылады: әтірлер, одеколондар, туалет және парфюмделген сулар. Ал косметикалық құралдар екі түрлі болып келеді: декоративтік (кемшіліктерді жасыратын немесе беттің белгілі бір тұстарын ерекше етіп көрсетуші құралдар) және күтім құралдары (олардың емдік косметикаға да тікелей қатысы болады).

Қазақ тіліндегі парфюмерия кірмесінің екі негізгі мағынасы бар. Біріншісі, нақты парфюмерияның өзі болса, екіншісі парфюмериялық зат. Аталған лексема мынадай сөз тіркестерінде орын алады: *классикалық парфюмерия, «люкс» парфюмериясы, заманауи парфюмерия, ерлер парфюмериясы, әйелдер парфюмериясы* немесе *ерлер парфюмі, әйелдер парфюмі* т.б. Косметикалық *парфюмерия* тіркесін жалпы косметиканың бір компоненті ретінде қарастыруға болады. Ал парфюмериялық зат ретіндегі парфюмерияны француз тілінің «parfum» (иіс, хош иіс, аромат) лексемасымен қатысты қарастырамыз: «*Парфюмерия [франц. parfum] зат. 1. Гигиеналық және косметикалық мәні бар парфюмериялық бұйымдар жасайтын өнеркәсіптің саласы; 2. Бет пен қолға, шашқа, киімге жағатын хош иісті әтір, иіссу, иісмай сияқты т.б. заттар*» [180, 316-317 бб.].

Парфюмерия үшін ең алдымен *иіс, хош иіс* мәні маңызды: «*Раушан – жазғы хош иістердің басты ресми нотасы. Парфюмерлер раушанның нәзік аккордын жидектермен, тропикалық жемістермен, карамельмен, опамен, ванильмен, ақ жұпар сумен және сүрек ноталарымен толықтырды*»; «*Парфюмерияда гүлдер, әсіресе раушан гүлдер, ешкімді таң қалдыра алмас. Жыл сайын брендтер көктем-жаз маусымының алдында жаңа гүлді хош иістер немесе олардың айналымдағы фланкерлерін шығарады. Алайда соңғы екі жылда басқалары кеңінен танымал болды – құрамында талғампаздарға арналған карамель, шоколад, бал, пралине және кофе қосылған түрлері. Барлығынан да раушанның иісі басымырық сезілмек. Соңғы релиздерге назар аударсақ, «тәтті құмарлар» гүлдердің ішінде біріншілікті пальмага берген. Ішінен раушанның иісі қаттырақ сезілетін болады*» және т.б.

Яғни жоғарыда келтірілген мысалдар бойынша, парфюмерлік өндірісте иістердің көрсетілген сипаттамасы негізгі болып саналады. Сонымен қатар әтір лексемасының жұмсалымында да бірнеше тілдік ерекшеліктерді байқауға болады: «*люкс» әтірлері, заманауи әтірлер, әтір-көшбасшы, беделді әтір, айтулы әтір* т.б. Қазіргі таңда әтірлердің дәстүрлі жіктелімі бойынша оның төмендегідей типтерін атап көрсетеді (әдетте, оның мынадай жеті түрі болады):

1) А – Цитрусты (бұл топқа *апельсин, лимон, мандарин, бергамот және цитрус тұқымдасты өсімдіктердің өнімдерінен жасалған әтірлер жатады*);

2) В – Гүлді (бұл топтағы әтірлер өзіне жасмин, раушан, лалагүл, шегіргүл (фиалка), наркес (нарцисс) және т.б. тірі гүлдердің хош иісін өз бойына сіңірген);

3) С – Папоротникті (келесі топтың осылайша аталуына қарап, міндетті түрде құрамында қырыққұлақтың иісі болу керек деген сөз емес. Мұнда бергамот, кумарин, лаванда секілді гүлдер өзінің басымдығын көрсетеді);

4) D – Шипрлы (бұл топтағы әтірлерді табанды, мойнына көп жауапкершілікті алатын адамдар ұнатады екен. Құрамында ладан, пачула, бергамот сынды гүлдердің хош иісі бар);

5) E – Орман өсімдіктерінен (бұл хош иісті әтірлер құрамына пачула, балқарағай, сандал, ветивер сынды иістермен жабдықталған. Лавандалы және цитрусты иістердің аз ғана қосындысы бар);

6) F – Амбрелалы (кит тұқымдас ірі теңіз жануарларынан алынып, парфюмерия өндірісінде қолданылатын хош иісті, қоңыр түсті зат). Мұнда ваниль, хош иісті шайыр (ладан) және жануарларға тән иіс бар. Нағыз шайырдың классикалық иісі *Shalimar* әтірінде орын алған);

7) G – Қабықты (кожанные) (түтін, ағаш, табак және гүлдердің солғын ғана хош иісі қосылған бұл иіс өте құрғақ) [181].

Осыған байланысты соңғы кездері «унисекс» (әйелдер де, ерлер де қолдана беретін) әтір түрі өзектілігін арттыруда. Ол өткен ғасырдың 90-шы жылдары пайда болған, бірақ қазір де сұранысқа ие парфюмериялық өнімдердің бірі болып табылады.

Сонымен, орыс тіліндегі парфюмерлі-косметикалық өнімдерді талдау арқылы орыс тіліндегі бұл атаулардың типологиясы мен олардың қазақ тілді калькаларының сипатын анықтауға мүмкіндік берді. Жоғарыда келтірілген арнаулы сөздер мен сөз тіркестерінің басым көпшілігі қазақ тіліне терминдер (кең мағынасында) ретінде кіріккен, яғни косметология мен парфюмерияның өзегі мен шеткері аймағын құрайтын аталымдық бірліктер сипатында. Күнделікті өмір мен тұрмыс-тіршіліктің еуропалық деңгейге бағытталғандығы көптеген арнаулы аталымдардың жалпы әдеби тілге өтуіне итермелейді.

Терминдердің, терминологиялық бірліктер мен тіркестердің ауызекі сөйлеу тіліне ену үдерісінде маңызды рөлді БАҚ басылымдары, теледидар, жарнамалар, сауда орталықтарындағы буклеттер, түрлі қазақ тіліндегі каталогтар т.б. атқарады. Қазіргі білімнің басқа салаларына қарағанда – информатика, саясаттану, экономика т.б. сұлулық индустриясының терминологиясына тұтас сөзжасамдық ұя мен тақырыптық топтар қабылдау үрдісі тән келеді. Сұлулық индустриясы терминдерінің айқындайтын семантикалық көлемі күрделі әрі сан алуан.

Терминологиялық бірліктердің басым көпшілігін терминологиялық сөз тіркестері құрайтыны анықталды. Оның ішінде атрибутивтік сөз тіркестері және екі сөзді емес, сондай-ақ үш сөзден құралатындарының өнімділігі өте жоғары. Атрибутивтік сөз тіркестері косметикалық өнімнің құрамы мен белгілеріне, қасиеттеріне, сапасына сілтеме жасайды. Қазақ тіліндегі кірмелер көп жағдайда өзінің өзге тілдік шығу тегін сақтап қалады. Қазіргі сұлулық индустриясы арнаулы жүйесінің қалыптасуына, негізінен француз және ағылшын тілдері

ықпал етіп, аталған сала терминологиялық жүйесі қалыптасуының дереккөз-тілдері болып табылады.

Сұлулық индустриясының кірме терминдері ғылым мен білім, техниканың интеграциясы нәтижесінде ретінде қазақ тіліне енгізілуде. Мұндай атаулар қазіргі әдеби тілімізге неологизм немесе кәсіби сөздер ретінде орын алуда. Дереккөз-тіліндегі сөз бен қабылдаушы тілдің бірліктері түрлі жүйелерге жатқызылады. Сондықтан да олардың бір ұғымдық немесе денотаттық байланысы бір болған жағдайда да тепе-тең бірліктер немесе омонимдер бола алмайды. Себебі, әрбір тілдің өзінің фонемалық құрамы, лексикалық, морфологиялық және синтаксистік валенттілігі болатыны сөзсіз.

Арнаулы лексиканың жұмсалым саласы ретіндегі кішігірім тілдер ұлттық тілмен тікелей тығыз байланысты болып келеді. Олардың фонетикасы мен грамматикасы ортақ. Олардың басты айырмашылықтары, негізінен әрбір кішігірім тіл үшін ерекше болып саналатын лексикасымен айқындалады. Арнаулы лексиканың барлық түрлерінде (терминдер, номендер, онимдер) зат есімдердің үлесі айрықша. Дегенмен сын есімдер де аз емес. Бірақ арнаулы лексиканың тілдік бірліктері терминологиялық жүйелерде өзара біріктіріліп, жалпы лексика сөздерінен оқшауланып басқа заттық-ұғымдық өрістермен сәйкестендіріледі.

Арнаулы лексика сөздері жеке кішігірім тілдерге қатысты болуына орай, олардың барлығы да жалпы лексика сөздеріне қарама-қарсы қойылуы мүмкін. Өйткені олардың мағынасы біршама өзгерістерге ұшырап, арнаулы ұғым атауына айналады және негізгі айырмашылықтары сигнификаттық пен денотаттық байланыс сипатымен анықталады. Сұлулық индустриясының терминологиясы гендерлік сипатқа ие сала болып саналады. Атаулардың қомақты бөлігі аталған сала өнімінің сан алуан түрлі болуымен сипатталады. Оларды жұмсалымы бойынша былайша жіктеуге болады:

- тері күтімі;
- қарсы әсер етуші құралдар;
- шашқа арналған құралдар;
- декоративтік құралдар;
- жуушы құралдар.

Ал, өнім атауларын төмендегідей етіп бөліп көрсетуге болады:

- сұйық құралдар;
- қатты ароматтар;
- аэрозольдар.

Сұлулық индустриясы терминологиялық өрісінің талданымы күрделі сатылы тәуелділікте болатын құрылымды айқындап, оның өзегі және шеткері аумағы, сонымен қатар өріс ішінде кішігірім өрістер болатыны анықталды. Сұлулық индустриясының терминологиялық өрісі қисынды түрде реттелген терминдер жүйесін көрсетіп, өріс элементтерінің өзара семантикалық байланысын қамтамасыз ететін аталған білім саласына қатысты ұғымдардың ғылыми жіктеліміне негізделетіні айқындалды.

Қазіргі таңда ғылым мен білім, техниканың қарқынды даму кезеңінде халықаралық терминология қалыптасуының үрдісі анық байқалды. Ол ең

